



К. Каймулдинова  
С. Әбілмәжінова

# ГЕОГРАФИЯ

# 10

Жалпы білім беретін мектептің  
жаратылыстану-математика  
бағытындағы 10-сыныбына  
арналған оқулық

*Қазақстан Республикасының Білім және  
ғылым министрлігі бекіткен*



Алматы «Мектеп» 2019

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 26.8я72  
К14

*К. Каймулдинова* I, IV—VII бөлімдерді, *С. Әбілмәжінова* II, III бөлімдерді жазған

### Шартты белгілер:

-  — білу, түсіну
-  — қолдану, талдау
-  — жинақтау, бағалау
-  — шығармашылық тапсырма
-  — білімді шыңда
-  — бұл қызық!
-  — өзіндік жұмыс
-  — сен қалай ойлайсың?
-  — қосымша мәтін

**Каймулдинова К., Әбілмәжінова С.**

**К14** География. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. — Алматы: Мектеп, 2019. — 288 б.

ISBN 978—601—07—1136—5

К  $\frac{4306021000-033}{404(05)-19}$  37(1)—19

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 26.8я72

© Каймулдинова К., Әбілмәжінова С., 2019

© «Мектеп» баспасы,  
көркем безендірілуі, 2019

Барлық құқықтары қорғалған

Басылымның мүлкітік құқықтары

«Мектеп» баспасына тиесілі

ISBN 978—601—07—1136—5

## I бөлім. ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ



## II бөлім. КАРТОГРАФИЯ ЖӘНЕ ГЕОИНФОРМАТИКА



## III бөлім. ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ГЕОЭКОЛОГИЯ



## IV бөлім. ГЕОЭКОНОМИКА



## V бөлім. ГЕОСАЯСАТ



## VI бөлім. ЕЛТАНУ



## VII бөлім. АДАМЗАТТЫҢ ҒАЛАМДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ



## КІРІСПЕ

**Географиялық білімнің маңызы.** География — адамзат тарихындағы көне ғылымдардың бірі. Ол ұзақ уақыт жаңа жерлерді зерттеп, ел мен елдің, құрлық пен құрлықтың байланысын кеңейтуге, соның негізінде табиғат пен қоғамның даму заңдылықтарын ашуға, оны жүйелеуге қызмет етті. Бұл тұрғыда ұлы саяхатшылар мен географтардың экспедиция қорытындылары жайлы жазған ғажайып романтикаға толы еңбектері көпке мәлім. Соңғы кезеңдерде географияның міндеті өзгеріп, жаңа бағытқа ие болды.

Қазіргі заманғы географиялық білім — адамзаттың жалпы мәдениетінің негізгі элементтерінің бірі. Ол қазіргі заманғы өркениет құндылықтарының негізін құрайтын дүниетанымды, яғни *географиялық мәдениетті* қалыптастырады. Жан-жақты дамыған тұлғаның географиялық мәдениетінің белгісі ретінде оның Жер шары, өз елі, өзі өмір сүретін аумақ туралы ғылымға негізделген білімінің болуын, бұл білімнің ойша елестетуге болатын карта түріндегі жинақталған бейнесінің қалыптасуын атауға болады. Мектеп географиясы осы біліктіліктерді үйретіп шығуы қажет.

География қоғам мен табиғи нысандардың, құбылыстардың кеңістік ерекшеліктерін зерттейтін біртұтас іргелі ғылым ретінде басқа ғылым салаларымен тығыз байланысты. Географияның негізгі зерттеу әдісі кеңістікті талдау болып табылады. Кеңістік — әлемнің ең басты сипаттамасының бірі. Сол себепті география ғылымы бүкіл даму тарихында кеңістіктің табиғат пен қоғам дамуындағы, адам әрекетін анықтаудағы рөлін танып-білуде және түсіндіруде.

Географияның ғылым ретіндегі ерекшелігі жаратылыстану және қоғамдық ғылымдармен тоғысуы, осы арқылы ол көптеген ғылым салаларымен байланысады. Географияның ақпаратын басқа ғылымдар да пайдалана алады.

**«География» пәні мазмұнының ерекшеліктері.** Ұсынылып отырған оқулық 7–9-сыныптарда оқылған «География» курсының жалғасы болып табылады. Жоғары сыныптардағы география пәнінің мақсаты — оқушылардың қоғам мен географиялық кеңістіктің барлық деңгейлерінде туындаған геоэкологиялық, геоэкономикалық, әлеуметтік, геосаяси және ғаламдық мәселелерді шешуге бағытталған географиялық білімдерін, біліктері мен дағдыларын қолдану үшін жағдай жасау.

Оқу бағдарламасына сәйкес ұсынылып отырған оқулықтың оқу материалдары 7 бөлім бойынша топтастырылған: географиялық зерттеу әдістері; картография және геоинформатика; табиғатты пайдалану және геоэкология; геоэкономика; геосаясат; елтану; адамзаттың ғаламдық мәселелері. Оқу материалдары оқушылардың жас ерекшеліктеріне және қоғам мен ғылымның қазіргі даму деңгейіне сәйкес, теориялық және қолданбалы мәселелерді қамтиды.

Негізгі мәтінмен қатар, оқулықта қосымша мәтіндер де қарастырылған. Олар өз бетімен оқып-үйренуге арналған және негізгі оқу материалын едәуір толықтырады. Оқулықта практикалық жұмыстар мен шығармашылық тапсырмалар жүйесі қамтылған, олар алған теориялық білімдеріңді бекітуге көмектеседі.

**Жас дос! Ұсынылып отырған оқулық қызыққа толы география әлеміне жетелеп, өзіңнің жарқын болашағың үшін қажетті білім мен біліктіліктерге негіз болсын деп тілейміз!**

# ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

## Жалпы географиялық әдістер

### § 1. Географиядан зерттеу тақырыбын таңдау

**География** — қызықты ғылым. География табиғат және қоғам туралы ғылымдар тоғысында дамиды. Сондықтан ол көптеген ғылым салаларымен байланысады. География кез келген нысанның, құбылыстың және үдерістің кеңістіктік таралу ерекшеліктерін танып-біліп, түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеу жүргізу арқылы қоршаған әлемді әртүрлі әдістер көмегімен танып, нысандар мен құбылыстар туралы өзіндік көзқарасыңды қалыптастырып, зерттеушілік дағдыларыңды жетілдіре аласың.

#### Бүгінгі сабақта:

— географиядан зерттеу тақырыбын таңдауды үйренесіңдер.

Зерттеу тақырыбын таңдауда өзара байланысқан бірнеше қадамдар жүзеге асырылады. Алдымен, қоршаған ортадағы өзінді қызықтыратын зерттеу нысанын (географиялық нысан, құбылыс немесе үдеріс) таңдап, оны қай тұрғыда зерттеуге болатынын айқындайсың (1-сурет).

*Зерттеу пәнін анықтау.* Зерттеу нысанын әртүрлі қырынан қарауға болады. Мысалы, сен өзің тұратын жердегі кішігірім көлді зерттеу нысаны ретінде таңдадың. Географиялық бағытта зерттеуде бұл көлдің табиғат немесе экологиялық жағдайын, шаруашылықта



1-сурет. Зерттеу тақырыбын таңдаудың алгоритмі

**Жетекші ұғымдар:**

- ✓ зерттеу пәні
- ✓ үдеріс
- ✓ құбылыс
- ✓ нысан

**Глоссарий:**




- **Зерттеу пәні** — нысанның, құбылыс немесе үдерістің зерттелетін қырлары мен ерекшеліктері.
- **Зерттеу мақсаты** — зерттеушінің жоба бойынша жүргізілетін жұмысының түпкі нәтижесі.
- **Зерттеу міндеттері** — зерттеу мақсатына жету үшін жасалуы тиіс қадамдар.

пайдалану мүмкіндіктерін қарастыруға болады. Қай қырынан зерттейтінің мен қандай ерекшеліктерін зерттегің келетіні бір-бірімен байланысты болады. Осы екі мәселе анықталған соң сенің зерттеу пәнің айқындалады. Мысалы, «зерттеу пәні — N көлінің физикалық-географиялық жағдайлары» деп анықталуы мүмкін.

*Зерттеудің мақсаты мен міндеттерін анықтау.* Зерттеу мақсаты, әдетте, біреу болады, онда нақты нәтиже мен оған жетуге қатысты зерттеушінің әрекеті көрсетіледі. Мысалы, «зерттеу мақсаты — N көлінің табиғат ерекшеліктеріне қатысты әдебиеттерге шолу жасау және жергілікті жерден жинақтаған деректерді талдау негізінде көлдің физикалық-географиялық жағдайларын сипаттау» деп анықталуы мүмкін. Нақты нәтижеге жету үшін қандай міндеттер орындалуы тиіс екендігі реті бойынша көрсетіледі. Зерттеудің міндеттері құрылымдалуы жағынан мақсатқа ұқсас, бірақ оның жеке бөліктері түрінде бірнеше тармақтарға бөлінеді.

*Зерттеу тақырыбын айқындау.* Зерттеу тақырыбы зерттеу пәні мен мақсатына сәйкестендіріледі. Жоғарыда аталған мысалдар негізінде зерттеу жобасының тақырыбын «N көлінің физикалық-географиялық сипаттамасы» деп атауымызға болады. Тақырыпты айқындауда оқушының жас ерекшелігі мен зерттеу мүмкіндіктері, құрал-жабдықтардың болуы және т.б. нақты жағдайға сәйкестілігі ескеріледі. Мысалы, мектеп жағдайында N көлінің палеогеографиялық сипаттамасы тақырыбында зерттеу жүргізу мүмкін емес. Өйткені бұл жоба белгілі бір уақыт аралығында оқушының игеруі қиын арнайы зерттеу әдістерін қолдануды қажет етеді.

Сонымен, зерттеу тақырыбын таңдау — аса жауапкершілікті талап ететін және мұғалімнің жетекшілігімен жүргізілетін кезең. Таңдаған тақырып бойынша зерттеу жүргізу барысында, ең алдымен, *жұмыс жоспарын* жасау керек. Жоспарлау кезеңінде зерттеу кезеңдері мен орындалатын жұмыстар, тақырыпқа сәйкес әдебиеттер мен зерттеу әдістері таңдалып, қолданылатын құрал-жабдық анықталады. Зерттеудің келесі кезеңінде әдебиеттерге шолу жасалып, деректер жинақталады. Одан кейінгі кезең деректерді өңдеу мен талдау, қорытындылар жасауды қамтиды. Мектеп жағдайында орындалатын зерттеу жобасын ресімдеу мен зерттеу нәтижелерін ұсынудың өзіндік жалпы талаптары бар.

-  1-суреттің негізінде зерттеу тақырыбын айқындаудың шарттары туралы айтып бер.
-  1. Өзінді қызықтыратын нысанды, құбылысты немесе үдерісті таңдап алып, мұғалімнің көмегімен зерттеу пәнін, оның мақсаты мен міндеттерін, тақырыбын анықтауға тырысып көр.  
2. Таңдап алған тақырыбың бойынша зерттеу жүргізу үшін жұмыс жоспарын құр және оны мұғаліммен талдап көр.
-  Қалай ойлайсың, зерттеудің мақсаты мен міндеттері неге өзара байланысты болу керек?

## § 2. Географиялық мониторинг әдістері

**Географиялық мониторинг деңгейлері.** Географиялық мониторинг 3 деңгейде жүргізіледі: ғаламдық, аймақтық және жергілікті (2-сурет).

### Бүгінгі сабақта:

— зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық мониторинг әдістерін қолдану мүмкіндігін қарастырамыз.

«Мониторинг» термині ғылымға 1972 жылы БҰҰ қоршаған орта бойынша Стокгольм конференциясынан соң ресми енгізілген болатын. Осыдан екі жыл өткен соң Кения астанасы Найробиде мониторинг жөніндегі алғашқы үкіметаралық кеңес өтті. Осы кеңесте қоршаған ортаның ластануына үш деңгейде (жергілікті, аймақтық және ғаламдық) мониторинг енгізу туралы шешім қабылданды.

Ғаламдық (бүкіл Жер шары)	Мониторинг деңгейлері Аймақтық (дүниежүзі аймақтары)	Жергілікті
Ғаламдық деңгейдегі қоршаған ортаның жағдайы	Геоэкологиялық немесе табиғи-шаруашылық жағдайлар	Санитарлық-эпидемиологиялық, биоэкологиялық жағдай
Атмосфера, озон қабаты, көміртек диоксиді, гидросфера, өсімдік және жануарлар дүниесі	Бақылау нысандары Гео-, агрожүйелер, орман жолақтары, рекреациялық жүйелер, өсімдіктер мен жануарлардың жойылып бара жатқан түрлері	Атмосфераның төменгі қабаты, өзендер, жерасты сулары, топырақ, өнеркәсіптік, тұрмыстық қалдық сулар, түтін, фондық радиация
Радиациялық және жылулық баланс, ылғал балансы, атмосфераның газ құрамы, ластану деңгейі, топырақ, өсімдік, жануарлар дүниесінің жалпы жағдайы, ірі көлдер, өзендер, теңіздер мен мұхиттардың ластануы	Бақылау көрсеткіштері Ландшафтылардың кешенді көрсеткіштері, зат және энергетикалық баланс, геожүйелердің ластану деңгейі, биологиялық өнімділік	Климаттық көрсеткіштер, ластағыштардың шектеулі концентрациялары және биологиялық аллергиялардың көрсеткіштері

2-сурет. Географиялық мониторингтің құрылымдық сызбасы

Географиялық мониторингтің ең жоғары *ғаламдық деңгейінде* атмосфера, озон қабаты, көміртек диоксиді, гидросфера, өсімдік және жануарлар дүниесі бақыланады.

Географиялық мониторингтің *аймақтық деңгейінде қоршаған ортаның* геоэкологиялық немесе табиғи-шаруашылық жағдайларына зерттеу жүргізіледі.

Географиялық мониторингтің *жергілікті деңгейінде* табиғи ортаның санитарлық-эпидемиологиялық және биоэкологиялық жағдайлары бақыланады.

**Географиялық мониторинг әдістері.** Қоршаған ортаның жай-күйін бақылау, оған баға беру және болжау үшін қолданылатын әдістерді бірнеше топқа бөлуге болады (3-сурет).



3-сурет. Географиялық мониторинг әдістері

*Әуе-ғарыштық әдістер* географияда ХХ ғасырдың 60-жылдарынан бастап пайдаланыла бастады. Бұл әдіске Жер шарының алғашқы ғарыштық түсірілімі негіз болды. Қазіргі кезде Жердің жасанды серіктері арқылы өте қысқа мерзім ішінде жер беті туралы нақты, ғаламдық ақпарат алуға болады (4-сурет).

Ғарыштық түсірілімдердің әуе түсірілімдерінен басты айырмашылығы — шолу сипатында үлкен аумақтардағы құбылыстардың таралуын қамту.



4-сурет. Ғарыштық мониторинг түрлері



Әдетте, жер беті ұшақтардан 10–20 км биіктіктен түсірілсе, зымырандардан түсіру 80–250 км биіктіктен жүргізіледі. Ал жасанды серіктерден Жер бетін суретке түсіру үшін ең ұтымды биіктік 200–1500 км болып табылады. Мұның өзі ғаламшардағы географиялық қабық пен оның құрамбөліктерін біртұтас зерттеу арқылы ғаламдық географиялық заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ мониторинг
- ✓ дешифровка
- ✓ биоиндикация

Әртүрлі уақыт кезеңдерінде жасалған ғарыштық түсірілімдер географиялық қабықтың кеңістіктік-уақыттық өзгерістерін зерттейді. Сондықтан ғарыштық түсірілімдерде міндетті түрде қай жылы, қай мерзімде түсірілгені көрсетіледі. Қазіргі кезде қала аумағына дейінгі ғарыштық түсірілімдерді тегін алуға болатын Интернет сайттары бар. Google Maps — жасанды серіктердің түсірілімдерімен танысуға болатын қазіргі заманғы картографиялық қызмет. Мұнда ғарыштық түсірілімдермен қатар «карта» режиміне ауысу мүмкіндігі бар. Әсіресе физикалық-географиялық зерттеулерде ғарыштық әдістерді қолданудың тәжірибесі жинақталған.

*Жер бетілік* географиялық мониторинг зерттеу ауданында мерзімдік немесе тұрақты жұмыс істейтін бақылау стансылары, ғылыми лабораториялар, орталықтарда жүргізіледі. Зерттеу ауданындағы мониторингтің артықшылығы — зерттеу нысаны туралы тұрақты түрде деректер жинау, оларды өңдеу арқылы болжамдар жасау. Әдетте, белгілі зерттеу аумағын түгел қамту үшін желілік мониторинг орталықтары құрылады. «Қазгидромет» мекемесінде Қазақстандағы аса ірі мониторинг желісі қызмет жасайды.

Зерттеу әдістері сипатына қарай географиялық, физикалық-химиялық, биологиялық және деректерді өңдеу болып жіктеледі.

*Географиялық мониторинг әдістері* геологиялық, сейсмикалық, геоморфологиялық, климатологиялық, гидрологиялық, геоботаникалық, ландшафтылық зерттеу әдістерін біріктіреді.

*Физикалық-химиялық әдістер* зерттеу ауданында алынатын сынамаларға физикалық және химиялық өлшеулер мен талдамалар жасауға негізделеді (5-сурет).

Гидрологиялық бақылаулар

Метеорологиялық бақылаулар

Судың химиялық құрамына талдама жасау

Ауаның химиялық құрамына талдама жасау

Топырақтың қышқылдығын, органикалық құрамын анықтау

Ауаның, судың, топырақтың ластану деңгейлерін анықтау

5-сурет. Географиялық мониторингтегі физикалық-химиялық әдістер

**Глоссарий:**

- **Мониторинг** — бақылау, болжау және қорғау мақсатында қоршаған ортаның (атмосфера, гидросфера, топырақ және өсімдік жамылғысы, техногендік жүйелер) жай-күйіне байқау жасау.
- **Биоиндикация** — табиғи ортаның сапасын ондағы тіршілік дүниесінің жай-күйіне қарап анықтау.
- **Дешифровка** — ғарыштық түсірілімдерді бағалау негізінде талдау әдісі.

*Биологиялық әдістер* арқылы қоршаған ортадағы өзгерістерді анықтап, зерттеуге болады. Мысалы, биоиндикация әдісі қоршаған ортадағы өзгерістерді кейбір өсімдік немесе жануар түрінің таралуы арқылы анықтайды. Мысалы, тауларда «қызыл қардың» пайда болуы климаттың ғаламдық жылынуының әсерін көрсетеді. Бұл құбылыс жылыну әсеріне байланысты біржасушалы қызыл түсті балдырлардың (хламидомонада) көбеюінен болады.

*Деректерді өңдеу* әртүрлі әдістермен жинақталған географиялық ақпаратты талдау әдістерін қамтиды. *Дешифровка әдісі* қолданбалы маңызға ие: қазіргі заманғы карталар ғарыштық түсірілімдер негізінде жасалады. Статистикалық әдістер, математикалық

модельдеу деректерді жүйелеуге мүмкіндік береді. Географиялық ақпараттық жүйелерде мониторинг деректері кеңістік объектілеріне «байланады», осылайша сандық деректер арқылы қоршаған ортаның сапалық сипаттамасы жасалады.



Қоршаған ортаның жай-күйіне байқау жасау қандай мақсатта жүргізіледі?



2-суретті талдау негізінде атмосфераның жай-күйіне бақылау жүргізуді қалай ұйымдастыратынын талдап көр.



1. Жер серігі мен жер бетіндегі стансыдан алынған деректердің бір-бірінен айырмашылықтары қандай?
2. Географиялық мониторингтің жергілікті деңгейінде санитарлық-эпидемиологиялық жағдайы қандай әдістер арқылы анықталатынын түсіндіріңдер.
3. Мектеп жанындағы үлескіде ауа райын бақылау үшін мониторингтің қай әдістерін қолдануға болады?



Шығармашылық тапсырма. «Қазгидромет» мекемесінің мәліметтерімен танысу негізінде мынадай тақырыптарда электрондық таныстырылымдар дайындаңдар:

- Қазақстан климатына мониторинг;
- Қазақстанның су объектілеріне мониторинг;
- Қазақстандағы экологиялық жағдайға мониторинг.

## 1-сарамандық жұмыс

### Зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық мониторинг әдістерінің элементтерін қолдану

**Жұмыстың мақсаты** — таңдап алған зерттеу тақырыбы бойынша зерттеу жүргізу барысында географиялық мониторинг әдістерінің элементтерін қолдануды үйрену.

#### Әдістемелік нұсқау

Сарамандық жұмыс 2 сағат көлеміне есептелген: 1-сабақта тапсырмалар мұғалімнің жетекшілігімен орындалады; 2-сабақта орындалған тапсырмалар нәтижесінде жұмыс жүргізіледі.

➤ Google Maps қызметі ақысыз негіздегі бірнеше қосымшалардан тұрады. Бұл қосымшалар арқылы картографиялық, анықтамалық мәлімет алуға және маршрут жасауға болады. Осы қызметті пайдаланып, өз зерттеу ауданының картасын құрастыра аласың.

➤ Географиялық мониторинг мектеп жанындағы алаңда немесе жергілікті жердегі географиялық нысан маңында жүргізілуі мүмкін. Зерттеу барысында тау жыныстары және топырақ түрлерімен, өсімдік жамылғысымен, кәсіпорындағы өндіріс жағдайымен, ауылшаруашылық жұмыстарымен танысып, жыраның өзгерістеріне байқау жүргізе аласың. Тұрақты түрде ауа райы мен өзен режиміне қатысты деректер жинап, өңдей аласың.

#### Тапсырмалар

1. Google Maps қызметін пайдаланып, өзің тұратын елді мекеннің ғарыштық түсірілімі мен карта нұсқаларын жүктеп ал, оларды ұлғайту арқылы зерттейтін нысанның кеңістік орнын анықта.
2. Оқулық мәтінін пайдаланып, зерттеу тақырыбың бойынша орындалатын байқау және бақылау жұмыстарының тізбесін дайында. Осы жұмыстар бойынша мәтінде көрсетілген қандай әдістерді қолдануға болатынын анықта.
3. «Менің зерттеуімде географиялық мониторинг әдістерін қалай қолдануға болады?» деген тақырыпта хабарлама дайында.

### § 3. Географиядағы салыстыру әдістері

#### Бүгінгі сабақта:

- географиядағы салыстыру әдістерімен танысыңдар;
- нақты тапсырмалар негізінде салыстыру әдістерін қолдануды үйренесіңдер.

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ синхронды салыстыру
- ✓ диахронды салыстыру
- ✓ баламалау әдісі

**Географиядағы салыстырудың дамуы және ерекшеліктері.** Салыстыру — географияның барлық саласында ерте кезден бастап қолданылып келе жатқан, ең кең тараған әдістің бірі. Салыстыру әдістерін қолдану арқылы зерттеу нысандарының ұқсастықтары мен айырмашылықтары, кеңістіктік әркелкілігі анықталып, зерттеледі.

Салыстыру әдістері бұрынғы деректерде де кездеседі. Бірақ дәл қазіргі ұғымындағы салыстыру әдістерін география ғылымында алғаш рет XIX ғасырда неміс ғалымы А.Гумбольдт қолданды. А.Гумбольдт салыстыру әдістері арқылы Жер шары қабық-

тарының заңдылықтарын зерттеп, физикалық географияның негізін қалады. Салыстыру әдістерін оның замандасы К.Риттер де қолданды. Ғалымның «Табиғат пен адам тарихына қатысты жертану» немесе «Жалпы салыстырмалы география», «Салыстырмалы жертану туралы идеялар» атты әйгілі еңбектері бар.

Бастапқы кезде нысандар мен құбылыстарды сыртқы көрінісі бойынша салыстыру жүзеге асырылатын. Кейінірек олардың өлшемдері, сыртқы белгілерінің (морфология) ерекшеліктері салыстырылатын болды. XX ғасырда геохимиялық, геофизикалық, әуе-ғарыштық әдістер көмегімен алынған мәліметтер салыстырыла бастады. Қазіргі

кезде салыстырулар орасан зор сандық, сапалық көрсеткіштерді қамтуға мүмкіндік беретін математикалық әдіс пен ГАЖ технологиялар арқылы жүзеге асырылады.

**Географиядағы салыстыру әдістері.** Бүгінде салыстырмалы әдістер географияның барлық саласында қолданылады. Олар Жер шарындағы геожүйелердің күрделі құрылымы мен ерекшеліктерін, өзара байланыстарын танып-білуге көмектеседі. Өйткені салыстыру арқылы ғана географиялық ақпарат легінен нысандардың ерекше және басты белгілерін ажыратып, олардың ұқсастықтарын анықтайды.

Салыстыру әдістерінің бірі — *баламалау әдісі*. Мысалы, ежелгі грек оқымыстысы Платон Жер шарын тірі ағзаға теңеген. Қазіргі

#### Глоссарий:

- **Синхронды салыстыру** — біртекті нысандардың белгілері мен көрсеткіштерін бір уақыт кезеңінде салыстыру.
- **Диахронды салыстыру** — бір немесе бірнеше нысанның белгілері мен көрсеткіштерін әртүрлі уақыт кезеңдері бойынша салыстыру.
- **Баламалау әдісі** — басқа ғылым саласында жақсы зерттелген нәрсемен салыстыру негізінде балама табу арқылы зерттеу.

кезде де ғалымдар Азия экономикасын адамға теңейді: Жапония экономикасы — оның басы, Қытай мен Үндістан — аяқтары, жаңа индустриялық елдер — қолдары, мұнай экспорттайтын елдер — жүрегі және т.б.

*Салыстырмалы-географиялық әдіс* географиядағы қолданбалы зерттеулерде аумақтар мен елдердің көрсеткіштерін салыстыру арқылы ерекшеліктерін анықтау, оларды топтастыру мен жіктеу, болжам жасау мақсатында қолданылады.



Дүниежүзіндегі 5 елдің (өз таңдауың бойынша) демографиялық көрсеткіштерін салыстыру арқылы болашақта олардың халық санының өсуіне болжам жаса.

Салыстыру әдістері негізінде кез келген жіктеулер мен топтастыруларды жасауға болады. Жекелеген аумақтардағы географиялық нысандарды немесе құбылыстарды салыстыру барысында белгілі бір ережелер басшылыққа алынады (6-сурет).



**6-сурет.** Географиядағы салыстыру ережелері

Біртекті нысандар болып табылатын Оңтүстік Америка және Африка материктерінің субэкваторлық белдеулерін өзара салыстыруға болады. Нәтижесінде ұқсастықтар, ерекшеліктер анықталады.

Бір нысанның әртүрлі уақыт кезеңдері бойынша (диахронды) қасиеттері мен көрсеткіштерін салыстыру арқылы нысанның, үдерістің өзгерістері анықталады. Мысалы, бір қаладағы жылдық орташа температуралардың соңғы 100 жылдағы көрсеткіштерін салыстыру нәтижесінде климат өзгерістеріне қатысты қорытынды жасалады.

Зерттелетін нысандардың аса маңызды белгілері мен көрсеткіштерін салыстыру нысандар туралы неғұрлым дәл білім алуға көмектеседі. Мысалы, екі көлдегі судың химиялық құрамын салыстыру және т.б.

Нысандарды салыстыруды синхронды (бір уақыт аралығында) түрде жүргізу арқылы белгілі бір құбылыстың аумақтық ерекшеліктері туралы білім алуға болады. Мысалы, Қазақстан облыстарындағы 2018 жылғы туу коэффициентін салыстыру. ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша 2018 жылы еліміздегі ең жоғары туу коэффициенті Маңғыстау облысында

(29,7‰), ал ең төмен көрсеткіші Солтүстік Қазақстан облысында (12,9‰) тіркелді.

Салыстырмалы-географиялық әдіс зерттелетін нысандардың, құбылыстар мен үдерістердің жалпы және ерекше белгілерін анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, шөлейттену үдерісі дүниежүзінің көптеген аумақтарына тән. Бірақ оның аймақтар бойынша ауқымын, ерекшеліктерін анықтау үшін салыстыру қажет. Мұндай салыстырулар шөлейттенудің Жер шары бойынша ортақ сипатын, жергілікті факторларға байланысты әрбір аумақтағы өзіндік ерекшеліктерін анықтауға септігін тигізеді.



1. Оқулықтағы мәтінді және 5-қосымшаны пайдалану негізінде Еуропа елдерін халық саны бойынша 3 топқа жіктеп көр.
2. Баламалау әдісі бойынша Азия экономикасында Қазақстанның орны қандай деп ойлайсың?



1. Тақырыптық картаны пайдаланып, Корея және Камчатка түбектерінің температуралық көрсеткіштерін салыстыр.
2. Нұр-Сұлтан қаласының халқына қатысты диахронды салыстыруды қалай жүргізер едің?



Салыстырмалы-географиялық әдістің қазіргі қолданылу ерекшеліктерін қалай бағалайсың?



Төмендегі көрсеткіштерге диахронды және синхронды салыстырулар жүргізу арқылы айырмашылықтарын бағала.

**ТМД елдеріндегі халықтың табиғи өсімінің коэффициенті, промилле, ‰**

Жылдар	Өзірбайжан	Армения	Беларусь	Украина	Қазақстан	Қырғыз Республикасы	Ресей	Тәжікстан	Түрікменстан	Өзбекстан
1970	22,52	17,00	8,60	6,35	17,40	23,10	5,93	28,40	28,70	28,10
1980	18,17	17,18	6,12	3,48	15,90	21,20	4,89	29,00	25,90	28,00
1990	19,54	16,33	3,20	0,53	14,30	22,40	2,25	32,60	27,24	27,77
2000	8,70	3,20	-4,10	-7,60	4,90	12,80	-6,60	22,20	18,18	15,90
2010	12,40	5,20	-3,10	-4,40	13,60	20,20	-1,70	27,50	14,30	15,73
2017	11,10	3,50	-1,80	-5,00	16,00	21,00	-0,90	24,00	20,00	18,00

## 2-сарамандық жұмыс

### Зерттеу тақырыбына сәйкес салыстыру әдістерін қолдануды үйренеміз

**Қажетті әдебиет:** географиялық карталар мен атластар, анықтамалықтар.

**Жұмыстың мақсаты** — таңдап алған тақырып бойынша зерттеу жүргізу барысында салыстыру әдістерін қолдануды үйрену.

#### Әдістемелік нұсқау

Сарамандық жұмыс 2 сағат көлеміне есептелген: 1-сабақта тапсырмалар мұғалімнің жетекшілігімен орындалады; 2-сабақта орындалған тапсырмалар нәтижесінде жұмыс жүргізіледі.

Тапсырмаларды орындау барысында зерттеу объектісі ұқсас объектімен салыстырылады: егер сенің зерттеу объектің тау болса, ол басқа таумен географиялық орны, биіктігі, жасы, жер бедері, биіктік белдеулері бойынша салыстырылады.

Салыстыруларды жүргізу үшін карталарды, анықтамалық басылымдарды және қосымша материалдары пайдалануға болады. Климаттық және гидрологиялық көрсеткіштер бойынша графиктер мен диаграммалар құрастыруға болады. Оларды салыстыру өте тиімді және көрнекі түрде жүзеге асады.

#### Тапсырмалар

1. Зерттеу нысанының географиялық орнын осы тектес нысандардың бірінің географиялық орнымен салыстыр. Географиялық орынның қолайлы, қолайсыз жақтарын да анықтауға тырыс.
2. Зерттеу нысанының аса маңызды бір белгісін немесе көрсеткішін осы тектес нысанмен синхронды түрде салыстыр. Мүмкін болса, осы салыстыруды график түрінде көрсет.
3. Зерттеу нысанының әртүрлі уақыт кезеңдеріндегі белгілі бір көрсеткішін (көлемі, биіктігі, тереңдігі немесе т.б.) диахронды түрде салыстыр. Осы арқылы зерттеу нысанының уақыт аралықтарында қандай өзгеріске түскені туралы қорытынды жаса.
4. Салыстыру әдісі арқылы жүргізген нәтижелеріңді және осы арқылы өзің зерттейтін нысан туралы қандай жаңа білімге қол жеткізгеніңді қысқаша хабарлама түрінде рәсімде.

## § 4. Географиядағы сандық әдістер

### Бүгінгі сабақта:

- географиядағы сандық әдістердің маңызымен танысасыздар;
- нақты мысалдар негізінде сандық әдістерді қолдануды үйренесіздер.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ теңгерім әдісі
- ✓ мерзімдік қатар
- ✓ сандық әдіс

Географиядағы сандық әдістердің маңызы. ХХ ғасырдың екінші жартысында география ғылымдарына математикалық зерттеу әдістері қарқынды ене бастады, оны ғалымдар «сандық революция» деп атады. Географияның «математикалануы» компьютерлік техника мен технологиялардың жылдам дамуына да байланысты. Бұл жедел түрде орасан мол сандық деректерді өңдеудің мүмкіндіктерін ашты. Қазіргі заманғы географияның математикалануының бірнеше себептері бар (7-сурет).



7-сурет. Географияның математикалану себептері

Математикалық статистика, математикалық үлгілеу, статистикалық және математикалық талдау географиядағы басқа зерттеу әдістерімен қатар қолданылады. Олар зерттеудің бастапқы деректерін рет бойынша жинақтау, өңдеу және зерттеу нәтижелерін қорытындылау барысында жүйелеуді жеңілдетеді. Сандық әдістер статистикалық деректерді өңдеу арқылы аумақтарды салыстырып, олардың дамуы мен құрылымдық ерекшеліктерін талдауға мүмкіндік береді.

**Географиядағы сандық әдістер.** Географиялық жүйелердің өзгерістерін талдауда математикалық статистика әдістері қолданылады. Әдетте, зерттелетін құбылыс пен нысанның жай-күйі мен өзгерістерін сипаттау үшін *мерзімдік қатар* құрастырылады (1-кесте).

Үдерістер мен құбылыстардың өзгеру заңдылықтарын зерттеуде *трендті*, яғни дамудың жалпы тенденциясын анықтаудың маңызы зор.



## Қазақстандағы халық санының мерзімдік қатары

2011	2012	2013	2014	2015	2018
16 440 124	16 673 077	16 909 776	17 160 774	17 417 673	18 311 700


Өзгерістер қатарын үлгілеудегі басты міндет — зерттелетін құбылыстың даму тенденциясының сипаты мен бағыттарын анықтау. 1-кестедегі тәрізді уақыт бойынша реттелген сандық деректерді график түрінде модельдеуге болады. Қазіргі заманғы компьютерлік технологиялар *тренд* анықтауға мүмкіндік береді.

*Теңгерім әдісі* өзгермелі жүйелердегі кіріс пен шығыс арасындағы тәуелділіктерді есептеу арқылы талдау жасауға, болжауға мүмкіндік береді. Мұндай жүйелерді сипаттау үшін шығыс — кіріс, өндіру — тұтыну сандық көрсеткіштері есептеліп, талданады (8-сурет).

Қазіргі географияда кеңінен қолданылатын математикалық әдістердің бірі — *географиялық жүйелерді математикалық үлгілеу*.

**Глоссарий:**

- **Сандық әдістер** — деректерді талдау үшін қолданылатын математикалық және статистикалық әдістердің жиынтығы.
- **Мерзімдік қатар** — уақыт мерзімі бойынша ретке келтірілген сандық көрсеткіштер жиынтығы.
- **Теңгерім әдісі** — кіріс пен шығыс түріндегі теңгерімдік ағындар тән болатын жүйелердің дамуын талдау, болжау үшін қолданылатын есептеу тәсілдерінің тобы.



8-сурет. Дүниежүзілік су теңгерімінің сандық моделі

Географиялық нысандар мен олардың арасындағы қарым-қатынастарын математикалық модельдеу нақты нысандардың сандық қатынастарын бейнелейді. Нақты деректер негізінде құрастырылатын математикалық модель мінсіз болады. Бұл модельдер бейнелеу тәсілі бойынша *таңбалы* деп аталады. Географияда математикалық таңбалы модельдерді қолдану бұрыннан бері топография мен картографияда қолданылып келеді. Сонымен қатар блок-сызбалар, кестелер мен графиктер де осы тектес болады.

Диаграммалар арқылы экономикалық географияда әлеуметтік және экономикалық үдерістердің кеңістіктік және уақыттық өзгерістерін, ал физикалық географияда белгілі бір табиғи құбылыстың немесе үдерістің өту барысын көрсетуге болады. Графикалық модельдер дәлдікті, көрнекілікті ұштастырады.

Нысандарды сандық деректері бойынша топтастыру үшін *рангтерге жіктеу әдісі* қолданылады. Бұл әдіс дүниежүзі елдерінің әртүрлі көрсеткіштер жиынтығы бойынша жасалатын рейтингтерін құрастыруда қолданылады. Әдетте, рейтинг бойынша топтастыру кезінде *жоғары, орташа және төмен* рангтер анықталады. Мысалы, әлем елдерінің туу коэффициенті бойынша топтарын анықтап көрейік. Ең алдымен, статистикалық көрсеткіштер тізбесі алынады. Осы тізбеден туу коэффициентінің ең жоғары (46%) және ең төмен (8%) көрсеткіштерін табамыз. Ендігі кезекте формула бойынша топтардың айырмасын көрсетіп тұратын интервал анықталады:

$$x = \frac{\max - \min}{3},$$

мұндағы  $\max$  — көрсеткіштің максимум шамасы,  $\min$  — көрсеткіштің минимум шамасы,  $x$  — интервал. Осы формула негізінде анықталған интервал шамамен 12,6-ға тең болады. Енді интервалды қосу арқылы топтардың көрсеткіштерін анықтайық:

- 1) 8 — 20,6 (туу деңгейі төмен);
- 2) 20,7 — 33,3 (туу деңгейі орташа);
- 3) 33,4 — 46 (туу деңгейі жоғары).

Осылайша дүниежүзіндегі 195 елді туу коэффициентінің көрсеткіші бойынша 3 топқа бөлдік. Статистикалық деректерді пайдаланып, қай елдің қай топқа енетінін анықтау қиын емес.



1. Оқулықтағы 3-қосымшаны пайдаланып, ЖІӨ көрсеткіштері бойынша Азия елдерін рангтерге жіктеңдер. Рангтер саны 3 немесе 5 болуы мүмкін.
2. 3-қосымша деректерін пайдаланып, ЖІӨ көрсеткіші бойынша көшбасшы 10 елді бейнелейтін диаграмма құрастырыңдар.



«Географияға сандар не үшін қажет?» тақырыбында эссе дайында.

### **3-сарамандық жұмыс**

#### **Зерттеу тақырыбына сәйкес сандық әдістерді қолдануды үйренеміз**

**Жұмыстың мақсаты** — таңдап алған зерттеу тақырыбы бойынша жинақталған деректерді өңдеу үшін сандық әдістерді қолдануды үйрену.

#### **Әдістемелік нұсқау**

Сарамандық жұмыс 2 сағат көлеміне есептелген: 1-сабақта тапсырмалар мұғалімнің жетекшілігімен орындалады; 2-сабақта орындалған тапсырмалар нәтижесінде жұмыс жүргізіледі.

Сабақ сандық ақпаратты өңдеумен байланысты болғандықтан компьютерлік сыныпта өткізілу ұсынылады.

Облыстардың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің мәліметтерінен алуға болады. Аудандар бойынша деректер облыстың Статистика департаменттерінің материалдарында келтірілген. Графиктерді, диаграммаларды құрастыру үшін Word және Excel бағдарламаларының диаграммалар қосымшасын пайдалану қажет. Нәтижелерді қорытындылау қысқаша хабарлама, таныстырылым түрінде рәсімделеді.

#### **Тапсырма**

1. Зерттеу нысанының белгілі бір көрсеткішінің уақыт кезеңдері аралығындағы өзгерістері бойынша мерзімдік қатар құрастыр. Мысалы, зерттеу нысаны өзің тұратын елді мекеннің әлеуметтік дамуы болса, соңғы 20 жылдағы халықтың табыс мөлшеріне қарай кесте құрастыруға болады.
2. Құрастырылған мерзімдік қатар негізінде график немесе диаграмма сыз және оны талда. Бұл мақсатта компьютерлік технологиялар қолданылады.
3. Сандық әдістерді қолдану нәтижелерін және осы арқылы өзің зерттейтін нысан туралы қандай жаңа білімге қол жеткізгеніңді қысқаша хабарлама, таныстырылым түрінде рәсімде.

## § 5. Географиялық сараптама әдістері

### Бүгінгі сабақта:

- сараптамалық әдістердің негізгі түрлері туралы білетін боласындар;
- зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық сараптама әдістерін қолдануды оқып-үйренесіңдер.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ географиялық сараптама
- ✓ сарапшы

**Географиялық сараптаманың ерекшеліктері.** Географиялық сараптама жүргізу үшін аумақтық мәселелер таңдалып, география ғылымы тұрғысынан негіздеме беріледі. Бұл мәселелер көбінесе аумақтарды игеру, жаңа кәсіпорындар мен жолдар салу, табиғат қорғауға қатысты болады.

Географиялық сараптама жүргізудің бірқатар *шарттары* бар (9-сурет). Географиялық сараптамалар сипатына байланысты *экологиялық-географиялық және экономикалық-географиялық* болып бөлінеді.

Географиялық сараптама арқылы маман географтар қоршаған ортаны өзгертуге немесе оған жанама түрде әсер етуге бағытталған жобаларға кешенді баға береді.



9-сурет. Географиялық сараптаманың шарттары

Белгілі бір аумақта салынуы тиіс көпір немесе су қоймасы, зауыт немесе әкімшілік ғимарат құрылысы, ең алдымен, сараптамадан өтуі қажет. Осындай сараптама жасаудағы әдістерді өздеріңнің зерттеу жобаларыңда қолдануды келесі сабақта үйренетін боласындар.

**Сараптама әдістері.** Сараптамалық әдістер зерттеу нысаны аса күрделі және баға берудің басқа ғылыми әдістері тиімсіз болған жағдайда жүргізіледі. Оларды пайдалану тіпті нақты деректер аз болған кезде де тиімді болады. Сараптама зерттеу нысаны мен мақсатына сәйкес әртүрлі (географиялық, техникалық, экологиялық, медициналық және т.б.) болады. Сараптама нәтижелері қорытынды түрінде рәсімделеді. Сараптама жеке және топтық болып екіге бөлінеді. Жеке сараптама сарапшылардың тәуелсіз көзқарасына негізделеді.

*Дельфи әдісі* — топтық сараптаманың ең кең тараған түрі. Ол белгілі бір оқиғаның ықтималдығын анықтау және бағалау үшін қа-

жет. Дельфи әдісі 1964 жылы америкалық зерттеу орталығы «РЭНД» корпорациясында (ағылшынша «Research and Development» тіркесінен құралған) негізделген болатын. Дельфи әдісінің ерекшеліктері: көп деңгейлілігі, жасырындылығы, сырттай жүргізуге болатындығы, салыстырмалы түрде әділдігі. Алдымен, талқыланатын мәселе бойынша білікті, тәжірибелі сарапшылардан топ құрылады (10-сурет). Келесі кезеңде зерттелетін мәселеге қатысты болжаулар базасын жасау үшін сарапшылардан жазбаша пікір сұралады. Кейіннен осы ақпарат логикалық түрде талданады. Талдау қорытындылары бойынша жаңа көзқарастар жиналады. Жинақталған материалдар талданып, сарапшыларға қайта ұсынылады, нәтижесінде жалпылама сипаттама алынады. Келесі кезеңде шешім қабылдау болады, оның нәтижесі екі түрлі болуы мүмкін: қабылдау және қабылдамау. Шешім бірден қабылданбаған жағдайда қайта талқылауға жіберіледі. Ең соңғы кезеңде шешімдер жарияланады.

*Миға шабуыл әдісі* ұжымдық идеялардың генерациясы (жинақталуы) арқылы жүзеге асырылады. Әдістің атауының өзі осыған байланысты шыққан.



10-сурет. Дельфи әдісімен сараптама жасау кезеңдері

### Глоссарий:

- **Географиялық сараптама** — қоршаған ортаның қазіргі жағдайына кешенді баға беру және оның табиғи факторлар мен адам әрекеті нәтижесінде өзгеру жағдайлары туралы ғылыми негізделген болжам жасау.
- **Сарапшы** — сараптаманы жүргізуші білікті және тәжірибелі маман.
- **Экологиялық-географиялық сараптама** — өндірісті аумақтың табиғи ортасы мен табиғат ресурстарының жай-күйін сандық-сапалық бағалау және өзгерістерін сараптау.
- **Экономикалық-географиялық сараптама** — аудандық жоспарлау және экономикалық нысандарды жобалау негіздемесін жасау мақсатында аумақтық жобаларды сараптау.

Белгілі бір мәселенің шешімін табу мақсатында мамандар тобының ойлау қабілетін арттыру арқылы жаңа идеялар жинақталады. Зерттелетін нысанның дамуы мен оған баға берудің варианттары ұсынылып, талдау жүргізіледі. Миға шабуыл әдісінің ұйымдастырылу сипаты жағынан бірнеше түрі болады (11-сурет).



11-сурет. Миға шабуылды ұйымдастыру түрлері

1. 9-суреттегі географиялық сараптама шарттарымен танысып, өзің аса маңызды деп есептейтін 3 шартты ата. Өз ойыңды дәлелде.
  2. Дельфи әдісімен сараптама жасаудың басты қиындықтары неде деп ойлайсың?
1. Дельфи әдісі арқылы 10-суреттегі сараптама жасаудың кезеңдерімен таныс. Осының негізінде топтағы ең мықты сарапшы немен айналысуы керек деп ойлайсың?
  2. Миға шабуыл әдісін «Балқаш-Алакөл өңірінде туризмді дамыту жолдары» тақырыбында қалай ұйымдастыруға болады? Оған қай салалардың мамандарын сарапшы ретінде шақырар едің?
  3. Өз зерттеу тақырыбың бойынша шешімі қиын мәселелердің тізімін жаса және оларға қатысты мамандардың, жеке адамдардың пікірлерін жинақта.

## **4-сарамандық жұмыс**

### **Зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық сараптама элементтерін қолдану**

**Жұмыстың мақсаты** — зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық сараптама әдістерін қолдану жолдарын үйрену.

#### **Әдістемелік нұсқау**

Сарамандық жұмыс 2 сағатқа есептелген: 1-сабақта тапсырмалар сыныпта орындалады; 2-сабақта орындалған тапсырмалар нәтижесінде жұмыс жүргізіледі.

Бұл тапсырмаларды орындау үшін зерттеу тақырыбы бойынша проблемалық сұрақтар анықталып, олар бойынша географиялық сараптама жүргізіледі. Миға шабуыл әдісі — неғұрлым тиімді әдіс. Оны пайдалану нәтижесінде проблемалық сұрақтарды шешудің өзіндіктың идеяларын алуға болады. Соңынан аталған әдісті қолданудың тиімділігін бағалауға болады.

#### **Тапсырма**

1. Өз зерттеу тақырыбың бойынша жасаған шешімі қиын мәселелердің тізбесін және оларға қатысты мамандардың, жеке адамдардың пікірлерін талда.
2. Сыныпта шағын сарапшылар тобын құрып, олармен бірлесіп зерттеу нысанының мәселелеріне қатысты 10 минуттық миға шабуыл әдісін ұйымдастыр.
3. Зерттеу тақырыбың бойынша жаңа білім алуыңа географиялық сараптама әдістерін қолдану қалай көмектескені туралы шағын таныстырылым дайында.

## § 6. Географиялық аудандастыру әдістері

### Бүгінгі сабақта:

- географиялық аудандастыру әдістерінің ерекшеліктерімен танысыңдар;
- нақты тапсырмаларды орындау арқылы аудандастыру әдістерін қолдануды үйренесіңдер.


### Жетекші ұғымдар:

- ✓ ареал
- ✓ жинақтамалы аудан
- ✓ таңдамалы аудан
- ✓ жетекші фактор әдісі
- ✓ беттестіру әдісі

*Аудандастыру* географиядағы маңызды әдістер қатарына жатады. Аудандастырудың ғылыми негіздері XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында қалыптасты. Аудандастыру арқылы аумақтағы географиялық жағдайлары ұқсас бөліктер жүйеленіп, өзіндік әркелкіліктері бар *аумақтық жүйелер* айқындалады. Аудандастыру негізінде *географиялық кеңістік* жіктеледі.

Географиялық аудандастырудың басты *мақсаты* — өзіндік белгілер жиынтығы бар аумақтық жүйелерді анықтап, кеңістіктегі шегараларын белгілеу, сипаттау. Аудандастыру аумақта белгілі бір құбылыстың, белгінің бар-жоқтығына және олардың сандық көрсеткіштеріне сүйенеді.

Географиялық кеңістік аудандастыруда зерттеу нысанына байланысты *ареалдарға* жіктеледі. Аудандастыруда ареалдардың екі негізгі тобы ажыратылады (12-сурет).



12-сурет. Аудандастырудағы ареалдардың түрлері мен ерекшеліктері

Біртекті ареалдарды анықтауда ұқсас нысандар екі түрлі тәсілмен біріктіріледі: қосу және бөлу. Бір немесе бірнеше белгілері бойынша ұқсас болатын аумақтарды қосу арқылы жинақтамалы аудан анықталады (13-сурет).

Жинақтамалы ауданды анықтау аудандастыру мақсатына сәйкес, белгілерді таңдап алудан басталады. Бұл тәсіл *төменнен бастап аудандастыру* деп аталады. Өйткені ол шағын аумақтарды неғұрлым ірі, күрделі аумақтық кешендерге біріктіру үшін қолданылады.

Талдамалы аудан үлкен аумақты бөлу нәтижесінде анықталады. Сол себепті бұл тәсілді *жоғарыдан бастап аудандастыру* деп атайды.





13-сурет. Аудандарды анықтау реті (В.Н.Холина бойынша)


Ірі аумақты неғұрлым шағын аудандарға бөлу үшін тақырыптық карталар талданады. Мысалы, Жер шары ауқымында аймақтарды ажыратуда немесе ірі аймақтарды жіктеу үшін қолданылады.



Жер шарындағы климаттық белдеулерді ажырату аудандастырудың қай тәсілі арқылы жүргізілген?


Физикалық географияда табиғи жүйелерді аудандастырудың екі негізгі әдісі қолданылады: *жетекші фактор әдісі* және *беттестіру әдісі* (14-сурет).

**Жетекші фактор әдісі**



- Аумақтың табиғат ерекшеліктерін қалыптастыратын жетекші фактор (геологиялық немесе климаттық) айқындалады.
- Жалпы географиялық және тақырыптық карталар негізінде жетекші фактордың ықпал ету аумағы анықталады.
- Аумақтағы осы фактордың әсерінен қалыптасқан біртекті табиғат көрінісі (жер бедері немесе өсімдік жамылғысы) тән ауданның шегаралары бөліп көрсетіледі.

**Беттестіру әдісі**



- Тақырыптық карта бойынша бірінші жетекші фактордың ықпал ету аумағының шегаралары белгіленеді.
- Екінші тақырыптық картадан екінші жетекші фактордың ықпал ету аумағының шегаралары белгіленеді.
- Екі фактордың ықпал ету аумақтары беттескен бөлікте ауданның шегаралары ажыратылады.

14-сурет. Физикалық-географиялық аудандастыру әдістері

*Жетекші фактор әдісі* ірі аймақтарды жіктеуде қолданылады. Мысалы, Қазақстандағы физикалық-географиялық аймақтарды жіктеуде геологиялық және климаттық факторлар жетекші орын алады. Геологиялық фактор негізінде ел аумағы 9 физикалық-географиялық аймаққа бөлінеді: Шығыс Еуропа жазығы, Тұран жазығы, Батыс

**Глоссарий:**

- **Географиялық аудандастыру** — аумақты географиялық жағдайларының біртектілігі бойынша кеңістік жіктеу.
- **Аумақтық жүйе** — белгілі бір аумақтағы қоршаған орта мен қоғамдық элементтердің өзара байланысқан кеңістік үйлесімі.
- **Географиялық кеңістік** — белгілі бір аумақта орналасқан және уақытқа сәйкес дамидын географиялық нысандар арасындағы қатынастардың жиынтығы (Э. Алаев).
- **Ареал** (лат. *area* — облыс, аудан, кеңістік) — жер бетінде белгілі бір құбылыстың, нысандардың немесе ұқсас жағдайлардың ағзалар қауымдастығының таралу аумағы.

Сібір жазығы, Сарыарқа, Мұғалжар, Алтай, Сауыр-Тарбағатай, Жетісу Алатауы, Тянь-Шань. Климаттық фактор негізінде Тұран тақтасы екі аймаққа (Тұран ойпаты және Оңтүстік Қазақстан шөлдері) жіктелген.

*Беттестіру әдісі* арқылы ірі және кішігірім аудандастыру бірліктерін жіктеуге болады. Мысалы, Қазақстанның белгілі бір физикалық-географиялық аймағын таңдап алып, жетекші геологиялық фактордың негізінде басты жер бедері бірліктерін бөлуге болады. Одан кейін екінші жетекші климаттық фактордың ықпал ету аймағын анықтау үшін климаттық аудандастыру картасы талданады. Осы екі шегараның беттескен бөлігінде физикалық-географиялық аудан бөлінеді.

Аумақтың табиғат ерекшеліктерін белгілі бір фактор басым түрде айқындаған жағдайда жетекші фактор әдісі қолданылады. Ал табиғат ерекшеліктерін екі жетекші фактор қалыптастырған жағдайда беттестіру әдісін пайдалану тиімді болады. Физикалық-географиялық аудандастырумен 4-тоқсанда

«Кешенді географиялық аудандастыру» тақырыбын оқып-үйрену барысында неғұрлым толық танысатын боласыздар.

Аудандастыру әдістері арқылы әртүрлі деңгейдегі аумақтық бірліктер (таксондар) анықталады: аудан, провинция, облыс, аймақ және т.б. Экономикалық және әлеуметтік географияда аудандастырудың негізгі екі әдісі қолданылады: *сапалық талдау* және *сандық тәсілдеме*. Сапалық талдау аумақтардың нақты даму мәселелері мен өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес жүргізіледі. Сандық тәсілдеме бойынша аумақтар статистикалық және басқа есептеу көрсеткіштері негізінде маңызды белгілеріне қарай топтастырылады.



Дүниежүзі халқының тығыздығы картасы бойынша біртекті және торапты ареалдарды ажыратып, түсінік бер.



1. N ауданының табиғи ерекшеліктерін қалыптастыруда жазық жер бедері мен теңіздік ауа массалары жетекші факторлар болған. Осы ауданның шегараларын анықтау үшін қандай тақырыптық карталарды беттестіру қажет?
2. Сандық тәсілдеме бойынша Қазақстан аумағын қандай әлеуметтік көрсеткіштер бойынша аудандастыруға болады?



Жеке тапсырма. «Географиялық аудандастырудың маңызы» тақырыбында қысқаша хабарлама дайында.

## **5-сарамандық жұмыс**

### **Зерттеу тақырыбына сәйкес аудандастыру әдістерін қолдануды үйренеміз**

**Жұмыстың мақсаты** — зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық аудандастыру әдістерін қолдану жолдарын үйрену.

#### **Әдістемелік нұсқау**

Сарамандық жұмыс 2 сағат көлеміне есептелген: 1-сабақта тапсырмалар мұғалімнің жетекшілігімен сыныпта орындалады; 2-сабақта орындалған тапсырмалар нәтижесінде жұмыс жүргізіледі.

Тапсырмаларды орындау үшін зерттеу тақырыбы бойынша жинақталған материалдарға талдау жасау қажет. Сонымен қатар аумақта аудандастыру сызбасы жасалады. Сарамандық тапсырмаларды орындау нәтижесі бойынша таныстырылым дайындалады.

#### **Тапсырма**

1. Өз зерттеу тақырыбыңа байланысты қандай көрсеткіштер бойынша аудандастыру жүргізуге болатынын анықта.
2. Зерттеу ауданының қарапайым сызбасына таңдап алған көрсеткіштің бірі бойынша (халық тығыздығы, өсімдік түрлерінің таралуы, жер бедері сипаты және т.б.) таралуына қарай біртекті немесе тораптық ареалдарды анықта.
3. Зерттеу ауданының географиялық тұрғыдан кеңістік әркелкілігін түрлі түсті бояумен белгіле.
4. Зерттеу тақырыбың бойынша жаңа білім алуыңа географиялық аудандастыру әдістерін қолдану қалай көмектескені туралы шағын таныстырылым дайында.

## II бөлім

# КАРТОГРАФИЯ ЖӘНЕ ГЕОИНФОРМАТИКА

## Картография

### § 7. Заманауи картографиялық әдістер

#### Бүгінгі сабақта:

— тақырыпқа сәйкес картографиялық зерттеу әдістерін қолдануды үйренесіңдер.

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ картометриялық әдістер: ұзындық, аудан және көлем өлшемдерін есептеу;
- ✓ картографиялық құралдар: циркуль, транспортир, курвиметр, планиметр;
- ✓ электрондық карталар;
- ✓ картографиялық анимация;
- ✓ картография және Интернет

Күнделікті өмірде және шаруашылық қажеттіліктерін орындауда, картамен жұмыс жасай білуде түрлі сипаттағы білім мен біліктілікті меңгеруге тиіс болады. Бүгінгі таңдағы картографияның алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі — карта мен атластарды қолдана білуді үйрететін картографиялық әдістерді жетілдіру. Картада бейнеленген географиялық нысандардың сандық және сапалық қасиеттерін түсіну мен оны сипаттап, талдаудың ең тиімді жолдарын үйрету қажеттілігі туындайды.

Картамен жұмыс жасаудағы негізгі әдістердің бірі — *картометриялық* әдістер. Бұл әдістің көмегімен карта бетінде *ұзындық, аудан және көлем* өлшемдерін есептеуге болады. Ол өлшемдер арнаулы картографиялық құралдар көмегімен жүргізіледі.

Ондай құралдарға циркуль, транспортир, курвиметр (карта бетіндегі ирек сызықтарды өлшеуге арналған құрал) және планиметр жатады.

Ұзындықты өлшеу барысында түзу сызықтар бойымен сызғыш немесе циркуль қолданылса, теңіздер мен көлдердің жағалық сызығын, шегара ұзындығын есептеу үшін курвиметр механикалық құралын пайдалануға болады. *Курвиметр* — латынның «иілу» деген сөзінен алынған, яғни карта, план және сызба бетіндегі ирек, иілген сызықтар бойымен қашықтықты анықтайтын құрал.

Курвиметрдің тісті айналмалы ролигі және беткі бөлігінде қанша жер жүріп өткенін көрсететін есептегіш құралы болады. Өлшем алу үшін қисық сызықтардың бойымен курвиметр ролигі көмегімен жүріп өту қажет. Құралдың екі жағында екі циферблаты бар. Оның біреуі ролик көмегімен жүріп өткен жолды көрсетсе, екіншісі карта масштабы бойынша жергілікті жер бойынша жүріп өткен жолдың

қашықтығын көрсетеді. Транспортир көмегімен картадағы нысанның азимуты анықталады.

Аудан өлшемін алу *планиметр* көмегімен жүргізіледі. Ол өзара жалғасқан екі тіректен тұрады. Оның біреуінің басы қозғалыссыз болса, екінші басына қажетті нысанды айнала қозғалатын ине орнатылған. Нысанды толықтай айналып өткен кезде, есептегіш құрал бетіне сан көрсеткіші жазылады (15 а, ә-сурет). Өлшем бірлігіне сәйкес, аудан өлшемі гектармен немесе км<sup>2</sup>-мен көрсетіледі.

Карта бойынша аудан өлшемін арудың кең қолданылатын, ең қарапайым жолы — *палетка әдісі*. Ол үшін квадраттық палетка алынады, аудан өлшемі мына формуламен анықталады:  $S = a^2n$ , мұндағы  $a$  — масштабқа сәйкес квадрат

қабырғаларының өлшемі, ал  $n$  квадраттар санына тең болады. Толық емес квадраттар өлшемі көзмөлшерімен анықталады. Мысалы, егер карта бойынша квадрат қабырғасының өлшемі 50 см болса, онда бір квадраттың ауданы 2500 м<sup>2</sup> болады, ал өлшем жүргізілетін квадраттың жиынтығы 15. Сонда формула бойынша  $S = a^2n$ , өлшем жүргізілетін жердің жалпы ауданы:

$$2500 \text{ м}^2 \cdot 15 = 375 \text{ 000 м}^2.$$

Ал қазіргі электронды карталарда бұл өлшемдерді алу үшін қажетті нысан мен ареалды курсормен көрсетсе болғаны, қажетті мәлімет сол мезетте экранға шығады.

Көлем бойынша өлшеу жұмыстарын жүргізуде нысанның ауданын анықтайтын палетка әдісі және оның биіктік немесе тереңдік көрсеткіші қолданылады. Көлем мына формуламен анықталады:  $V = a^2n \cdot ht$ , мұндағы  $ht$  орташа биіктік немесе орташа тереңдік көрсеткішіне тең.



Оқулық мәтініндегі мәліметтерді пайдаланып, карта бойынша бір өзеннің ұзындығын, бір көлдің ауданын, бір теңіз суының орташа көлемін анықта.

Сонымен қатар картадан басқа да морфометриялық көрсеткіштерді:

- жер бедерінің еңкіштігін анықтау;
- жер бедері тілімденуіндегі айырмашылықты анықтау;
- жер бедері тілімденуінің жиілігін анықтау;
- географиялық нысандардың жиілігін (бір аудан бірлігіндегі саны) анықтау;




а)



ә)

15 а, ә-сурет. Картографикалық құралдар: а) *курвиметр*; ә) *планиметр*



16-сурет. Топографиялық картада жер бедерінің бейнеленуі

➤ Географиялық нысандардың бір-біріне орналасу жақындығы мен алыстығын анықтау сияқты жұмыстарды жүргізуге болады.



16-суретте берілген горизонталь сызықтары жер бедері құрылымдарының қандай түріне сәйкес келетінін анықта. Горизонтальдардың орналасу ерекшелігіне қарай жер бедерінің еңкіштігін, тілімдену жиілігін сипатта.

**Электрондық карталармен жұмыс істеу.** *Электрондық карта* — түрлі деңгейдегі бағдарламалар мен техникалық құралдар көмегімен қолданыстағы шартты белгілер жүйесін тиімді пайдалану және осы кезге дейін жинақталған ақпараттарды жетілдіру арқылы жасалатын сандық карта. Қосымша материалдарды қолдана отырып, электрондық карталарда түрлі сипаттағы міндеттерді шешуге мүмкіндік жасалады. Электрондық карталар жүйесі мазмұнында жергілікті жердің картасы (үлгісі), шартты белгілер жүйесі, әуе-ғарыштық түсірілімдер, анықтамалық (мәтіндік) аудио-видеоақпараттар тіркеледі.

Электрондық карталардың қағаз нұсқадан басты айырмашылығы кез келген жергілікті жер туралы жинақталған ақпараттарды нақты уақыт жағдайында түрлі деңгейлік дәрежеде өңдеу, кейбір ақпараттарға жаңа өзгертулер енгізу, олар туралы анықтамалық мәліметтер алу, картографиялық кескіндеме бойынша есептеулер жүргізу сияқты түрліше сипаттағы іс-әрекеттер мен міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.



Қазақстан жеріндегі электрондық карталарға шолу жасап, мұндай карталардан қандай ақпараттар алуға болатынын сипатта.

Барлық карталар тәрізді электрондық карталар да қолданылады және ақпаратты беру тәсілдері мен түрлері бойынша жіктеледі (2-кесте).

*Векторлық бейнелер* математикалық формулалармен сипатталып, түрлі геометриялық бейнелер, яғни нүкте, сызық және көпбұрыштар көмегімен салынатын бейнелер жиынтығынан құралады. Сызықтар пішіні, жуандығы, түсі және типі бойынша тұтас немесе үзек сызықтар болып ажыратылады.

## Электрондық карталардың жіктелуі

Қолданылуы бойынша	Түрі мен масштабы бойынша	Ақпарат берудің тәсілі бойынша	Ақпаратты берудің түрі бойынша
жергілікті жердің жедел ақпараттарын бейнелеу мен үлгілеу үшін	қалалардың электрондық планы, масштабы 1:10 000, 1:25 000;	Екі өлшемді үлгілер ( $x, y$ )	векторлық, растрлық
жергілікті жер жағдайын топтық және жеке-дара экран алдында бейнелеу үшін	электрондық топографиялық карталар, масштабы 1:25 000, 1:50 000, 1:100 000, 1:200 000, 1:500 000, 1:1 000 000; электрондық әуе карталары, масштабы 1:500 000, 1:1 000 000, 1: 2 000 000, 1:4 000 000	Үш өлшемді үлгілер ( $x, y, H$ )  Төрт өлшемді үлгілер ( $x, y, H, t$ )	

Векторлық бейнелер жекелеген элементтері, сызықтары немесе тұтас пішіні бойынша ажыратылатын бейнелер жиынтығынан құралады. Олардың әрбір элементін жекелей түрлендіруге және масштабын өзгертуге мүмкіндік беретін әдістер қолданады.

*Растрлық бейнелер* түрлі түсті жекелеген нүктелердің (пиксельдердің) жиынтығынан тұратын бейнелер болып табылады. Растрлық бейнелер мультимедиялық және графикалық өнімдерді жасап шығару үшін жиі қолданылады.

**Картографиялық анимация.** Картографиялық жүйедегі түрлі өзгерістерді түсінуге қажетті жағдай жасап отырған әдістің бірі — *картографиялық анимация*. Ол белсенді қозғалмалы карта-кадрлардың белгілі бір ретпен айналысқа түсіп, түрлі құбылыстардың ерекше қозғалыстарын сезіне алуға мүмкіндік береді.

Түрлі көріністердің қозғалуын бейнелейтін технология мен әдіс-тәсілдердің көптеген бағдарламалары құрастырылған. Бүгінгі таңда картографиялық анимацияның алуан түрлі варианттары мен комбинацияларын қамтамасыз ететін модульдар жиынтығынан құралған арнаулы компьютерлік бағдарламалар топтамасы жасалынған. Осы бағдарламалар арқылы экран бойымен карталарды қозғалту, мультипликациялық рет бойынша карта-кадрларды немесе үш өлшемді бейнелерді ауыстыру, карта бетімен оның мазмұнындағы жекелеген элементтерді қозғалту сияқты әрекеттерді жүзеге асыруға болады. Анимациялық көрсетілімдерді қалыпты (бір секундта 24 кадр), жылдам немесе баяулатылған сипатта қозғалтамыз.

**Картография және Интернет.** Қазіргі заманғы ГАЖ базасы мен Интернет, теледидар, телекоммуникация негізінде географиялық ақпараттар жүйесінің жаңа түрлері қалыптасуда. ГЛОБ-ГАЖ — (Ғаламдық

ГАЗ). Жоғарыда аталған жүйелер мен Интернет біріге отырып, біртұтас телекоммуникациялық Ғаламдық географиялық ақпараттар жүйесі қалыптасуда, олардың тұтынушыларының саны дүниежүзі бойынша бірнеше ондаған миллионнан асып отыр. ГАЗ-GPS-Интернет/Интранет жүйелерінің мүмкіндіктері тұтаса отырып, жаңа технологиялық сипаттағы өте қуатты ақпараттық кеңістік кешенін қалыптастырып, түрлі каналдар мен олардың қызмет аясын кеңейтеді.

Түрлі сипаттағы және мүмкіндігі шексіз арнаулы ГАЗ құрылымдары біртұтас ғаламдық ГАЗ құрамына еніп, олардың тұтынушыларға мінсіз қызмет атқаруына толық жағдай жасайды.

*Жоғарыда атап көрсетілген барлық озық технологиялар мен тенденцияларды тиімді пайдалану нәтижелері ХХІ ғасырда география мен картографияның біртұтас жүйеге кірігуіне мүмкіндік береді. Сондай-ақ кез келген өте үлкен ауқымдағы кеңістіктік ақпараттарды ең жаңа технология көмегімен жедел әрі шынайы өңдеуге барлық жағдай жасалады.*



1. Картометриялық әдістер көмегімен қандай мәлімет алуға болады?
2. Өлшем жұмыстарын жүргізу үшін қандай картографиялық құралдар қолданылады?
3. Геоақпараттық картографиялау дегеніміз не?
4. Электрондық карталар жүктелген міндеті мен қолданылуы бойынша қалай жіктеледі?



1. Карта бойынша тағы да қандай картометриялық көрсеткіштерді анықтауға болады?
2. Электрондық карталардың дәстүрлі карталардан қандай басты айырмашылығы бар?
3. Картографиялық анимация бізге қандай ақпараттар береді?

## § 8. Геоинформатика негіздері

### Бүгінгі сабақта:

— Microsoft, Excel бағдарламасын қолдану арқылы тақырыпқа сәйкес географиялық деректер базасын құрастыруды үйренесіңдер.

*Геоинформатика* — картография мен географияның теориясы және әдістерінің көмегімен қолданбалы математика, информатика және компьютерлік техника мүмкіндіктерінің өзара байланысуы нәтижесінде қалыптасып жатқан жаңа ғылым саласы.

Геоинформатиканың *негізгі мақсаты* — географиялық ақпараттарды қазіргі заманғы технология көмегімен жинақтап, қайта өңдеп, қолдана білетін мамандарды дайындау.

Бүгінгі таңда ақпараттандыру мен цифрландыру біздің қоғам мен адамның шаруашылық әрекетінің барлық саласына өз ықпалын тигізуде. Ол басқа ғылым салаларының дамуына әсер ете отырып, өзі де қарқынды даму жағдайында.




Қазақстан Республикасы экономиканы цифрлық форматқа көшіру мақсатында «Цифрлық Қазақстан» атты мемлекеттік бағдарлама қабылдады. Оның міндеттері бойынша Интернет желісін пайдаланушылар саны 2021 жылы 81% -ға; ал халықтың цифрлық сауаттылығы 81,5% -ға жетуі тиіс.

Бүгінгі таңда Қазақстан экономиканы цифрлық форматқа көшіру деңгейі бойынша 85 елдің ішінен 50-орынды иеленді.

**Жетекші ұғымдар:**

- ✓ геоинформатика, оның мақсаты
- ✓ географиялық ақпараттық жүйелер
- ✓ Интернет/Интранет

 8-қосымша бойынша Қазақстанның Интернет пайдаланушылар саны көрсеткішін басқа елдермен салыстырыңдар.

Осы мақсатта географиялық ақпараттық жүйелердің (ГАЖ) маңызы арта түседі. Қоғамды ақпараттандыру барлық деңгейдегі мемлекеттік басқару ұйымдарының жұмысын оңтайландыруға негіз болып отыр. Көптеген елдерде ГАЖ-дың дамуын және картографиялық жұмыстарды автоматтандыруды жақсарту мақсатында мемлекеттік тұрғыдағы геоақпараттық бағдарламалар жасалынууда.

**Географиялық ақпараттық жүйе (ГАЖ)** дегеніміз — географиялық мәліметтер мен нысандарды тиімді жағдайда енгізу, сақтау, өңдеу, талдау, жаңарту және визуализация жасауды ұйымдастыратын бағдарламалар мен аппараттардың жиынтығы (17-сурет).

ГАЖ-дың түрлі салаларын дамыту мақсатында жергілікті және салалық құрылымдарды бір орталықтан басқару, әуе-ғарыштық ақпараттарды жинақтау және өңдеу жұмыстары іске асырылады. ГАЖ-дың құрамына ғылыми, ғылыми-өндірістік мәліметтер базасы жинақталған ғылыми институттар, жоғары оқу орындары мен олардың салалық құрылымдары біріктіріліп, ол ақпараттарды қажетті жерлерге жеткізу жұмыстары жолға қойылған.



**17-сурет.** Географиялық ақпараттық жүйенің сызбасы

Геоинформатикада қолданылатын ұғымдар мен терминдер бірнеше ғылым салаларының үнемі қолданыста жүрген ғылыми ұғымдарының күрделі жиынтығынан құралады.

«Геоинформатика» термині үш сөздің жиынтығынан тұрады: география, информатика және автоматика. Ағылшын әдебиеттерінде «informatics», «Computer Science» термині ЭВМ, бағдарлама құрастыру, қолданбалы математика, операциялық жүйелерді қолдану деген мағынаны білдіреді. (Geographical) information system-GIS (geoinformation system) ұғымдары да кеңінен қолданыста. Өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап «Geoinformatics», яғни *геоинформатика* термині қолданысқа енді.

Геоинформатика бұл арнаулы технология (ГАЗ-технология), қажетті ақпараттарды жинақтау, сақтау, өңдеу және тарату сияқты іс-әрекеттерді жүзеге асырады. Сондай-ақ геожүйелердегі инвентаризация, оптимизация, басқару және ұштастыру сияқты іс-шаралар мен міндеттерді де шешуге атсалысады.

Халықаралық қоршаған ортаны жүйелі қорғау институтының (*Environment System Research Institute — ESRI*) өнімдері болып табылатын *ARC/INFO*, *ArcView* сияқты бағдарламалар бүгінде бүкіл әлемге әйгілі.



«Менің өмірімдегі Интернеттің алатын орны» атты тақырыпта эссе жаз, оны сыныптастарыңмен бірге талқыла.

ГАЗ жүйесіндегі мәліметтер кез келген аумақты оқып-үйренудегі басты компонент болып табылады. ГАЗ-дың мәліметтері екі типті болып келеді:

1. Кеңістіктік (географиялық) мәліметтер географиялық нысандардың орны мен пішінін және олардың өзара байланысын сипаттайды.
2. Сипаттамалық (атрибуттық, кестелік) мәліметтер географиялық нысандардың сандар мен мәтіндерден тұратын сипаттамалары.

Бұл екі мәлімет жиынтығы ГАЗ-дың *ARC/INFO* бағдарламасында жинақталады, *ARC*-те географиялық, ал *INFO*-да сипаттамалық мәліметтер беріліп, олардың бір-бірімен байланысы да қарастырылады.

Аппараттық құралдар — ГАЗ жобаларды жүзеге асырушы негіз. Оған, ең алдымен, ГАЗ жүзеге асатын компьютерлер (платформа), олардың көмекші құралдары *ARC/INFO* бағдарламалары мен Интернет торы жатады.

ГАЗ-дың атқаратын төрт негізгі қызметі бар, олар: жинақтау, өңдеу, үлгілеу, талдау және шешім шығару. Ол үдерістің жүзеге асуы мынадай ретпен жүреді:



Геоақпараттық жүйелерді дамытудың бірнеше ұтымды жолдары бар. Бірінші ұтымды жолы — ірі өндіріс орындары мен басқару құрылымдарында жергілікті компьютерлік жүйелерді (Интранет) құру. Бұл жолды дамытуға қаржы құйып отырған құрылымдар олардың даму бағыттарын айқындауда басымдық танытады. Екінші жолы **Интернет жүйесінің** дамуына тікелей қатысты. Бұл дүниежүзіне жылдам тарайды және күніне он мыңдаған жаңа тұтынушылардың қосылып отыруы бұл жүйенің қарқынды дамуына негіз болады. Сондықтан дәстүрлі ГАЖ біртіндеп жаңа сатыға көтеріліп, ғаламдық деңгейдегі өте қуатты **интеграциялық** және **интерактивті** жүйеге айналады.


ГАЖ аясында жаңа типтегі географиялық ақпараттар жүйесі қалыптасып, ол Интернет мүмкіндіктері негізінде телеарналар мен телекоммуникация көмегімен көпшілікке кеңінен танымал бола бастайды. Қазіргі ақпараттық жүйе мен технологияның қарқынды дамуы ГАЖ-дың жаңа белгілерін қалыптастырады.

**ГАЖ<sup>2</sup>** (ГАЖ және ГАРЖ немесе ГАРЖ-дың квадраты). Бұл түрлі бағдарламалық сипаттағы ГАРЖ түрлерін бір мезгілде ұштастыра отырып, пайдалануға негізделген. ГАРЖ<sup>2</sup> Интернет жүйесі көмегімен жүзеге асады.

**ГАЖ II** (ГАЖ-дың екінші сатысы). Екінші сатыдағы ГАРЖ түрлі геоақпараттық жүйелердің модульдік сипаттағы мазмұнының біртіндеп кеңеюі нәтижесінде жаңа сапалық деңгейге өтуімен ерекшеленеді.

**ГЛОБ-ГАЖ** (Ғаламдық ГАРЖ). Жоғарыдағы жүйелердің Интернет торы көмегімен біртұтас телекоммуникациялық ақпарат жүйесіне қосылуымен сипатталады. Ғаламдық географиялық ақпараттық жүйе Жер шары бойынша миллиондаған тұтынушысының болуымен ерекшеленеді.

**ГАЖ — ЖҚЗ** (Жерді қашықтықтан зерделеу) — **GPS — Интернет/Интранет** жүйелері мүмкіндіктерінің өзара кірігуі кеңістіктік ақпараттарға аса қуатты төрт өлшемді жүйені қалыптастырады (18-сурет).



**18-сурет.** Географиялық ақпараттар жүйелерінің өзара байланысы



Өзің тұратын қалада немесе аймақта жоғарыда айтылған ГАЖ-дың жаңа белгілерінің қандай түрлері қолданыста бар екенін сипатта.



ГАЖ, адам, бағдарлама, машина кешенінен құралған ақпаратты қабылдау, өңдеу, сақтау, талдау және кез келген аумаққа тарату бағытындағы жұмыстармен айналысады. ГАЖ өзінің тұтынушыларына жаңа сапалы мүмкіндіктер береді:

- кез келген аймақта туындаған төтенше жағдайларға жедел жауап қайтару және олар жайлы қажетті картографиялық және тақырыптық ақпараттармен қамтамасыз ету;
- кез келген аймақтың кеңістіктік кескініне түрлі ақпараттық жаңа мәліметтерді қондыру;
- аналитикалық және картометриялық зерттеу мен талдау негізінде карта, план, сызбалар түсіру;
- кез келген аймақтағы үдерістер мен құбылыстарды және олардың уақыт аралығындағы өзгерістерін үлгілеу;
- кеңістіктік ақпараттарды және олардың динамикалық режимдегі өзгерістерін визуализациялау мүмкіндіктерін жүзеге асыру.

Жоғарыда аталған бағыттар мен мүмкіндіктер география мен геоинформатиканың ХХІ ғасырда біртұтас кешенді ғылым жүйесі болып, кез келген кеңістіктік ақпаратты тарату мен жеткізудің ең озық заманауи технологиясына айнала алатындығын көрсетеді.



Геоинформатика қандай ғылым саласы?



1. ГАЖ-технология дегеніміз не?
2. Ол қандай ғылым салаларымен байланысады?
3. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының басты мақсаты қандай?
4. ГАЖ мәліметтерінің қандай негізгі түрлері бар?
5. ГАЖ-дың атқаратын қандай негізгі қызметтерін білесіңдер?
6. Жаңа технологияның қарқынды дамуы ГАЖ-дың қандай жаңа белгілерін қалыптастырды?

## § 9. Географиялық деректер базасы

ГАЗ саласындағы ең үлкен сұранысқа ие болған бағдарлама — *Microsoft Excel*. Оны 1979 жылы экономика маманы болуды мақсат еткен Гарвард студенттері Даниэль Бриклин мен Боб Френкстон ойлап тапқан. Олар үй тапсырмасын тез орындауға көмектесетін және уақытты үнемдейтін әдіс ойлап табуды мақсат етіп, тарихта бірінші рет электронды кесте бағдарламасын жасап, оны *VisiCalc* (Көрсеткіш калькулятор) деп атады.

1982 жылы алғаш рет электрондық кесте жасай алатын *Multiplan* процессоры шығарылды. Қазіргі *Excel*-дің алғашқы нұсқасы 1985 жылы, ал бірінші *Windows* 1987 жылдың қараша айында АҚШ-та қолданысқа берілді. Бұл Microsoft корпорациясының графикалық операцияларды басқаратын күрделі құрылымды жүйесі болып саналады. Алғашында ол қарапайым құрылғы түрінде болса, бүгінде дүниежүзіндегі жеке компьютерлердің 89% -ы осы жүйе негізінде жұмыс жасайды.

*Excel*-дің соңғы нұсқаларында график тұрғызу, күрделі әрекеттер көмегімен есептер шығару және бірнеше жұмысты қатар атқару сияқты мүмкіндіктер кеңінен қолданылады. Кестелік құрылымды құжаттармен жұмыс істеуге арналған кең таралған құралдардың бірі — *Microsoft Excel* бағдарламасы. Ол негізінен сандық мәліметтермен жұмыс істеуге арналған.

### Бүгінгі сабақта:

— статистикалық деректерді талдау нәтижелері бойынша *Microsoft Excel* бағдарламасы көмегімен статистикалық мәліметтерді өңдеуге жаттығасындар.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ *Microsoft Excel* бағдарламалары
- ✓ *Windows* операциялық жүйесі

*Excel* бағдарламасындағы диаграмма термині сандық мәліметтердің графиктік түрде бейнеленуінің барлық мүмкіндіктерін қамтиды. Графиктік бейнелеу берілген мәліметтер қатары негізінде құрылады. Берілген мәліметтері бар жеке алынған жол немесе бағаннан тұратын ұяшықтар тобы мәліметтер тобын құрайды.

Бір диаграммада бірнеше мәліметтер қатарын бейнелеуге болады. Диаграмма өзі негізделген мәліметтермен әрқашан тығыз байланысты. Егер мәліметтер жаңартылатын болса, диаграмма да соған сәйкес өзгереді. Диаграмманы құрастыру үшін → Диаграмма шебері (Мастер диаграмм) қолданылады. Ол стандартты аспаптар панелінде орналасқан диаграмма шебері батырмасының көмегімен іске қосылады.

Диаграмма құрастыратын кезде мәліметтер орналасқан аймақты ерекшелеп алып, мәліметтерді диаграмма шеберінің барысында енгіземіз. Диаграмма шеберінің алғашқы сатысында диаграмманың түрін таңдап алуымыз қажет. Стандартты қыстырмасындағы → Түр (Вид) тізімінде диаграмманың қолданыстағы түрлері көрсетілген. Таңдап алынған түр үшін терезенің оң жағында мәліметтерді көрсетудің түрлі нұсқаулары берілген. Соның ішінен ең қолайлысын таңдауымыз қажет. Стандартты емес қыстырмасында толығымен қалыптасқан диаграмма түрлері бейнеленген. Диаграмманың түрін таңдап алғаннан кейін → Ары қарай (Далее) батырмасымен команда беріледі.



Информатикадан алған біліміңе және мәтінге сүйене отырып, Excel бағдарламасы көмегімен диаграмманың бірнеше түрін құрастырып үйрен.

Қорыта айтқанда, геоинформатика, өндіріс ретінде осы міндеттерді шешуге атсалысатын аппараттар мен арнаулы бағдарламаларды дайындап, қордаланған база мәліметтерін басқару, оларды коммерциялық бағытта мақсатты түрде пайдалану шараларын да жүзеге асырады.

География, картография және геоинформатиканың өзара байланысы мынадай бағыттардан айқын көрінеді:

1. Тақырыптық және жалпы географиялық карталар — ақпараттың басты қайнар көзі.

2. Географиялық координата көмегімен картографиялық жіктеу жасауға, барлық ақпараттың географиялық және ГАЖ базасында жинақталуына мүмкіндік береді.

3. Карталар ГАЖ ақпараттарын (статистикалық, аналитикалық және т.б.) географиялық жүйелеу мен ұйымдастыру ісінде қашықтықтан зерделеу мен ГАЖ ақпараттарын тиімді пайдалануға жол ашады.

4. Картографиялық талдау ГАЖ жүйесінде жинақталған ақпараттардағы географиялық заңдылықтарды, олардың өзара байланыстарының қалыптасуы мен дамуын сипаттауда оңтайлы қолдануға болады.

5. Кез келген географиялық нысанға математикалық-картографиялық, картографиялық-географиялық және компьютерлік-картографиялық үлгілеу жүргізу арқылы геожүйенің дамуы мен өзгеруін болжау, оларға талдау жүргізу, ақпараттарды түрлендіру мен өңдеу сияқты шараларды толыққанды жүргізуге жол ашады.

6. Картографиялық кескіндеу алынған ақпараттарды тұтынушыға мақсатты түрде жеткізуге мүмкіндік береді.

*«Ақпарат» сөзі латынның түсіндіру, баяндау, мәлімет деген мағынасын білдіреді. Бүгінгі таңда ақпарат күнделікті тұрмыста, ғылымның барлық саласында кеңінен қолданылады.*



1. Бұл бағдарламаның бастамасын кімдер ойлап тапты?

2. Геоинформатикадағы кең таралған терминдерді атаңдар.



1. Microsoft Excel бағдарламасы география пәнінде қандай қызмет атқарады?

2. Windows жүйесінің басқа жүйелерден қандай айырмашылығы бар?

3. Сен үшін қандай ақпараттар өте маңызды?



Картография мен геоинформатиканың өзара байланысына мысал келтіріңдер.

## § 10. Географиялық деректерді визуализациялау

**Географиялық деректерді визуализациялау** — компьютерлік технология көмегімен цифрлық ақпараттар мен физикалық құбылыстарды байқау, бақылау және талдау үшін қолайлы сипатта берудің ең қажетті және тиімді әдіс-тәсілдерінің жиынтығы.

Визуализациялауды бүгінде көптеген саяхаттар мен табиғаты әсем, назар аударарлық орындарды көріп, тамашалауға уақыт пен қаржы тапшылығы мүмкіндік бермеген жағдайда тиімді пайдалануға болады.

Осы деректерді визуализациялау үшін қандай ресурстарды және қалай қолдану қажет?


Визуализациялау үшін түрлі әдістер — 2D және 3D өлшемді берділі карталар, цифрлық анимация, көлемді бейнелер, диаграммалар жасауда кеңінен қолданылады. Теледидардан ауа райы мәліметтерін берген кезде метеорологиялық көрсеткіштердің көріністерін, ғарыш денелерінің қозғалысын, мұхит беткі ағыстарының қозғалыстарын бейнелі түрде көрсетіп отырады (19-сурет).

### Бүгінгі сабақта:

— ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың графикалық редакторларын қолданумен тақырыптық карта-сызбалар жасауды меңгересіңдер.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ географиялық деректерді визуализациялау
- ✓ картодиаграмма әдісі
- ✓ картограмма әдісі



19-сурет. Қаңтар айындағы радиациялық баланс




Қаңтар айындағы радиациялық баланс сызбасын талдап, не себепті Атлант мұхитының қиыр солтүстігінде радиациялық баланс көрсеткіші дәл оның оңтүстігімен салыстырғанда жоғары болуының себебін түсіндір, қорытынды жаса.

Сондай-ақ «Литосфералық тақталардың қозғалысы» теориясын түсіндіру барысында осындай бейнелі карталар топтамасын немесе анимациялық бейнефильмдерді қолдануға болады.

Карта бетіндегі статистикалық мәліметтерді визуализациялау көмегімен берудің ең маңызды әдістерінің бірі — *картограмма* мен *картодиаграмма* жасау.

*Картодиаграмма әдісі* — абсолюттік статистикалық мәліметтерді әкімшілік бөліну бірліктері бойынша картограмма түрінде көрсету. Диаграммалар әртүрлі геометриялық пішіндер түрінде беріледі: шеңбер, квадрат, үшбұрыш, бесбұрыш. Сондай-ақ бағаналы диаграммалар да кеңінен қолданылады. Ондағы әрбір мм биіктік белгілі бір сандық көрсеткішке сәйкес келеді (20-сурет).



20-сурет. Дүниежүзіндегі халық пен жиынтық ішкі өнімнің арақатынасын көрсететін картодиаграмма

Мысалы, экономикалық карта бетінде бір елдегі шойын өндірудің жылдық мөлшері 1 мм-де 1 тоннамен берілуі мүмкін. Картодиаграмма картограмма әдісімен салыстырғанда нақты әрі көбірек ақпарат бере алады.

*Картограмма әдісі* деп географиялық картада салыстырмалы статистикалық көрсеткіштердің нүкте және түс қанықтығы бір-бірінен ажыратылатын бояумен берілуін атайды. Мысалы, Қазақстанның астықты аймақтарындағы бидай егістігінің үлесі, облыс бойынша халық тығыздығы және т.б. Картограммалар фон құраушы және нүктелік болып бөлінеді.

Фон құраушы картограммадағы штрих немесе бояу түсінің қоюлануы бір әкімшілік бөліну бірліктері бойынша көрсеткіш мәнінің жоғары екенін айқындайды (21-сурет).

Нүктелік картограммада кез келген құбылыс немесе нысанның көрсеткіш деңгейі нүктемен беріледі. Әрбір нүкте немесе нүктелердің






**21-сурет.** Картограмма бойынша берілген сызбалар:  
*a* — түсі бойынша; *ә* — фон құраушы (бояу мен штрих қоюланған сайын, нүктелер саны көбейген сайын көрсеткіші артады)

топтамасы нысанның географиялық картадағы жиілігін немесе кездесу мүмкіндігін бейнелейді.

Бір картада картограмма мен картодиаграмма әдістерін қатар қолдануға да болады. Мұндай жағдайда картограмма картаның жалпы фонына айналып бояумен берілсе, ал диаграммалар әрбір облыс шегінде орналасады. Мысалы, Қазақстан халқының компьютерлік сауаттылығы картограмма ретінде бояумен көрсетіліп, жалпы фон жасайды, ал ірі қалалардағы Интернетке қосылған адамдардың үлесі шеңберлі диаграмма ретінде пайызбен берілсе, қаладағы тіркелген адамдар саны түрлі диаметрдегі шеңбермен көрсетілген (22-сурет).



Берілген мәліметтер негізінде Нұр-Сұлтан қаласы мен Алматы қаласы тұрғындарының Интернетке қосылу көрсеткіштерін салыстыр және оны талдап, қорытынды жаса.



22-сурет. Қазақстан халқының компьютерлік сауаттылығы мен Интернетке тіркелу көрсеткіші

**ГАЖ-дың қолданылу аясы.** Бүгінгі таңда ГАЖ-дың қолданылатын салалары өте көп. Бұл жүйенің қызметін адам әрекетінің барлық саласында кездестіруге болады.

ГАЖ қызметі есеп жүргізу мен басқару ісін қажет ететін барлық аумақтар мен нысандар үшін тиімді.

Оларға әкімшілік басқару ісі жүргізілетін: жер ресурстары мен жылжымайтын мүлік нысандары, көлік, инженерлік коммуникация, бизнесті дамыту, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, төтенше жағдайларды басқару, демография, экология, денсаулық сақтау және т.б. салалар жатады.

Көлік саласында ГАЖ мүмкіндіктерін пайдалану жекелеген қалалар мен елдер аумағында жүк тасымалы мен көлік жүйесі тиімділігін арттыруға зор мүмкіндіктер туғызады.

Коммуналдық және өнеркәсіптік инфрақұрылымды есепке алу мәселелерін шешуде, тіпті төтенше жағдайлар кезіндегі іс-шараларды ұйымдастыруда ГАЖ-дың маңызы өте зор. Геоақпараттық жүйелер өте үлкен аумақтарды да (қала немесе елдің жалпы панорамасы), сонымен қатар шағын ғана кеңістікті де жақсы бағдарлауға мүмкіндік береді. ГАЖ өнімдерін пайдалану дәрежесіне қарай, ақпаратты дайындау барысында аз уақыт пен қаражат жұмсалатындығы жөнінен және ақпараттың нақтылығы жағынан картографияның орны ерекше.

ГАЖ өнімдерін пайдалану түрліше деңгейде жүзеге асады. Ол түрліше геоақпараттық технологиялар көмегімен жүзеге асырылады. Аумақтық пайдаланылу деңгейіне қарай ГАЖ: *ғаламдық, ұлттық, региондық, жергілікті* (облыс, аудан, ұлттық саябақ), *муниципалдық* (қала, қала аудандары, қала маңы) деп жіктеледі.

Жүктелген міндетіне қарай ГАЖ *жер бетілік, экологиялық, геологиялық, теңіздік, оқу-танымдық* деп бөлінеді.

Оқу-танымдық ГАЖ құрамы мынадай бөліктерден:

1. *Топографиялық*, биіктік көрсеткіштері бар карта;
2. *Геоморфологиялық*, сол аумақтағы жер бедері пішіндері мен элементтері сипатталған геоморфологиялық карта;
3. *Гидрологиялық*, сол аумақ немесе жекелеген су нысаны аумағы туралы мәліметтер жинақталған карта;
4. *Геоботаникалық*, өсімдік қауымдастығы құрамындағы әрбір өсімдік туралы ақпарат жинақталған карта;
5. *Шаруашылық*, шаруашылық нысандары мен шаруашылық әрекетінің сипаты туралы мәліметтер енгізілген карта;
6. *Ақпараттық*, табиғи кешендерге түскен антропогендік жүктемелер енгізілген бөлік;
7. *Жалпылаушы*, белгілі бір аумақта жүргізілген ландшафтылық мониторинг туралы мәтіндік ақпарат енгізілген кешенді карталар жиынтығынан тұрады.

*ГАЖ бизнесті дамыту және жергілікті жерге мониторинг жасау мақсатындағы шараларды басқаруда ең тиімді ақпараттық жүйе болып саналады. Сонымен қатар ГАЖ-технология көмегімен кез келген жердің дәл картасы жасалынып, географиялық орта құрамбөліктері арасындағы өзара байланыстар мен өзгерістерді көрсете алады.*



1. Географиялық деректерді визуализациялау дегеніміз не? Мысал келтір.
2. Картограмма әдісі қалай жіктеледі?
3. Аумақтық пайдаланылу деңгейіне қарай ГАЖ қалай бөлінеді?
4. Кеңістікті қамтуына қарай ГАЖ-дың қандай түрлері бар?



1. Картодиаграмма әдісінің қандай артықшылығы бар?
2. Оқу-танымдық ГАЖ құрамына кіретін негізгі компоненттерді анықтаңдар.



- Жүктелетін міндеті мен атқаратын қызметіне қарай ГАЖ қалай жіктеледі?

# III бөлім

# ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ГЕОЭКОЛОГИЯ

## § 11. Табиғатты пайдалану түрлері

### Бүгінгі сабақта:

— табиғатты пайдаланудың қажеттілігін түсінетін боласыздар.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ табиғатты пайдалану
- ✓ табиғат ресурстары
- ✓ экологиялық қауіпсіздік

*Табиғатты пайдалану* дегеніміз — адамзат қоғамы өзінің өмір сүруіне қажетті әлемдегі бүкіл материалдық-энергетикалық, ақпараттық және әртүрлі табиғат байлықтары мен табиғат құбылыстарының жиынтығын өз қажетіне қолдану мүмкіншілігі.

Адам өзінің шаруашылық іс-әрекеті арқылы табиғатқа тікелей де, жанама да әсерін тигізеді. Адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынас — мәңгілік және біртұтас

күрделі мәселе. Табиғат халықтың өмірлік іс-әрекетіне, әсіресе денсаулығы мен өсіп-өнуіне тікелей немесе әлеуметтік-экономикалық жағдай арқылы жанама түрде әсерін тигізеді.

Табиғат арқылы адамзат өзінің көптеген қажеттілігін қамтамасыз етеді. Адам — табиғат пен қоғам күрделі жүйесінің бір бөлігі. Ол қоғамның материалдық, мәдени, тағы да басқа мұқтаждығын қанағаттандыру үшін табиғат ресурстарын үнемі өз қажетіне қолданумен келеді (3-кесте).

3-кесте

### Қоршаған ортаны ластаушылардың жіктелуі

Ластанудың шығу тегі	Нысандары	Ауқымы	Ластану түрлері	Созылу уақыты
Табиғи Антропогендік	Су Атмосфера Топырақ Ландшафт	Локальді (жергілікті) Рационалды Шегаралас аумақтар Ғаламдық	Химиялық Биологиялық Физикалық (жылу көздері, жарық көздері, шамадан тыс қатты шу, радиоактивтік, электромагниттік)	Уақытша Тұрақты

Осыған орай қоршаған табиғи ортаны қорғау мен табиғатты тиімді пайдаланудың негізгі принциптері де өзгеріп, ауқымы кеңейіп отыр (4-кесте).

Қоршаған табиғи ортаны қорғау мен табиғатты тиімді пайдаланудың негізгі принциптері				
Түрлі табиғат жағдайларын және қорықтық табиғатты қорғау	Табиғат ресурстарын қорғау	Табиғат ресурстарын тиімді пайдалану	Адамның тіршілік ортасын қорғау	Бізді қоршаған табиғи ортаны қорғау

Әрбір қоғамның қажеттілігіне орай, табиғатты қорғау қарапайым іс-әрекеттерден біртіндеп мемлекеттік, мемлекетаралық, тіпті ғаламдық сипатқа қарай бағыт алуда. Бүгінде атмосфераны, өсімдік және жануарлар әлемін, топырақты, суды және жерасты қойнауын сақтауға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық негіздегі іс-шаралардың көптеген жиынтығын кездестіруге болады.



Өзің тұратын аймақта қоршаған табиғи ортаны қорғау мен табиғатты тиімді пайдаланудың негізгі принциптеріне негізделген қандай мемлекеттік және қоғамдық іс-шаралар жүргізіледі? Нақты мысал келтір. Оларға өзің қатысасың ба?

Қоршаған табиғи ортаны қорғау — қазіргі кезеңде пайда болған адам мен табиғаттың өзара әрекеттесуіндегі жаңа іс-әрекеттер жиынтығы. Ол қоғам мен табиғаттың өзара үйлесімді әрекеттесуіне, экологиялық бірлестіктер мен табиғатты тиімді сақтауға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық (технологиялық, шаруашылық, экономикалық, әкімшілік-құқықтық, оқу-ағарту, халықаралық) шаралардың жүйесінен құралады.

Табиғатты пайдалану дегеніміз — түрлі табиғат ресурстары мен табиғат жағдайларын пайдалану, сондай-ақ қоғамның материалдық және мәдени қажетін қанағаттандыруға бағытталған қоғамдық-өндірістік іс-әрекеттердің күрделі жиынтығы.

Табиғатты пайдалану жолдары атақты орыс экологы *Н. Ф. Реймерстің* жіктеуі бойынша:

а) табиғат ресурстарын өндіру, оларды бөліп алу және қайта өңдеуден өткізу, оларды қорғау шараларынан;

ә) адамның тіршілік ортасындағы табиғи шарттарды пайдалануы және қорғау шараларынан;

б) табиғи жүйелердің тепе-теңдігін тиімді өзгерту, қайта қалпына келтіру және сақтау шараларынан;

в) адам саны мен адамның табиғи өсімін реттеу шараларынан тұрады.


Табиғатты пайдалану *тиімді* және *тиімсіз* болуы мүмкін. Табиғатты тиімсіз пайдалану табиғат ресурстары әлеуетінің сақталуын қамтамасыз етпейді. Табиғи орта сапасының нашарлауына және тозуына әкеліп соқтырады. Бұл — табиғи жүйелердің ластануымен,

экологиялық тепе-теңдік және экожүйелердің бұзылуымен қатар жүретін құбылыс.



Өзің тұратын аймақтан байқалған табиғатты тиімсіз пайдалану жағдайларына мысал келтір. Оларды болдырмау үшін қандай ұсыныс айтар едің?

Табиғатты тиімді пайдалану табиғат байлықтарын кешенді ғылыми негізбен, оның ресурстық әлеуетіне зиян келтірмейтіндей деңгейде пайдалануды білдіреді (23-сурет).



23-сурет. Табиғатты тиімді пайдалану шаралары

Бұл жағдайда табиғи-ресурстық әлеуеттің сақталу мүмкіндігі жоғарылайды және экожүйелердің өзін-өзі реттеуі артып, өзін-өзі қалпына келтіру қабілетінің бұзылуы азаяды.

Америкалық ғалым *Юджин Одумның* пікірі бойынша, табиғатты тиімді пайдалануды екі жақты мақсатта қарастырады:

— эстетикалық және демалыс сұраныстарының материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын қоршаған ортаның жай-күйімен қамтамасыз ету;

— тұтыну мен қалпына келудің тепе-теңдігін сақтай отырып, пайдалы өсімдіктердің, жануарлар мен түрлі материалдардың үздіксіз өнімін алу мүмкіндігімен қамтамасыз ету.

Қазіргі таңда қоршаған табиғи ортаны қорғау мәселесінің даму сатысында *экологиялық қауіпсіздік* деген жаңа түсінік туындап отыр. Экологиялық қауіпсіздік дегеніміз бұл адамның өмірлік маңызды экологиялық мүддесінің, яғни қолайлы табиғи орта жағдайында өмір сүру құқығының қорғалуы.

Адамдардың экологиялық қауіпсіздігін сақтау және табиғатты тиімді пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында барлық шаралардың ғылыми негізі мен маңызды ұстанымдары экожүйенің тепе-теңдігін сақтауға бағытталады.

Экожүйенің антропогендік әсер кезінде есепке алынатын:

- қолайсыз антропогендік әсерге тұрақтылық шегі, мысалы, құстар мен сүтқоректілер үшін зиянды пестицидтің әсері;

- төтенше жағдайлар мен құбылыстарға қарсы тұрақтылық шегі, мысалы, қатты дауыл соғатын жерлерде қар көшкінінің орман экожүйелеріне әсері;

- өзін-өзі реттеуге қабілеттілік шегі;

- өзін-өзі қалпына келтіру әлеуетінің қабілеттілік шегі сияқты өзіндік шектеулі шегаралары бар.



Осы аталған параметрлер бойынша өзің тұратын аймақтағы экожүйелердегі кейбір компоненттердің антропогендік әсерге төзімділік шегіне байқау жүргізіп, мониторингтік сараптама әзірле.

*Табиғатты тиімсіз пайдалану ең соңында экологиялық дағдарысқа әкеліп соқтырады, ал табиғатты экологиялық мақсатта тиімді пайдалану ондай дағдарыстан шығуға мүмкіндік туғызады.*



Табиғатты пайдалану жолдарын зерттеумен айналысқан ғалымдар туралы ақпараттармен танысыңдар.



Табиғатты тиімді пайдалану шараларын атаңдар.



Сен тұратын аймақта экологиялық қауіпсіздік қалай сақталады?

## § 12. Табиғатты пайдалану түрлерінің қоршаған ортаға әсерін бағалау

Адамзат саны артқан сайын, жер ресурстарына сұраныс арта береді, яғни жарамды жерлерге жүктеме күшейеді. Қазіргі кезде әрбір Жер шары тұрғынына орташа есеппен 0,2 га жыртылатын жер тиесілі болса, 2050 жылы 0,07 га болады деп күтілуде. Қазақстанда бұл көрсеткіш жан басына шаққанда 1,3 га болып табылады.

**Жер ресурстарын пайдаланудағы басты мәселе — жердің деградациясы.** Ол топырақ құнарлылығының төмендеуі, су және жел эрозиясы, топырақтың ластануы, су басу, қайтара тұздану мен батпақтану, жайылымдардың өнімділігінің төмендеуі әсерінен болады. Қазіргі кезде адамзат бұрын пайдаланып келген жер қорының 2 млрд гектардан осы факторлардың салдарынан айырылып қалған. Жыл сайын тек эрозия әсерінен 6-7 млн га жер айналымнан шығып қалады.

**Орман ресурстары** биологиялық ресурстардың маңызды түрі болып табылады. Ормандар мен бұталар 4 млрд га жерді алып

### Бүгінгі сабақта:

- табиғатты пайдалану түрлерінің қоршаған ортаға тигізетін әсерін анықтап, баға беруді;
- табиғатты пайдалану түрлерінің қоршаған ортаға тигізетін кері әсерін азайтудың жолдарын ұсынуды үйренесіңдер.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ жер деградациясы
- ✓ орман ресурстары

жатыр (құрылықтың 31%). Ағаш сүрегінің қоры 330 млрд м<sup>3</sup>. Бұл сан ұдайы өзгеріп тұрады. Орманды кесу қарқыны оны қалпына келтіру қарқынынан асып түседі.

Дүниежүзі аймақтарының орман ресурстарымен қамтамасыз етілуі (га/адам) мынадай көрсеткіштермен анықталады: Еуропа — 0,3, Азия — 0,2, Африка — 1,3, Солтүстік Америка — 2,5, Латын Америкасы — 2,2, Аустралия — 6,4, ТМД елдері — 3,0.

Орман алқаптарының адамның шаруашылық әрекеті әсерінен қысқаруы өте ерте кезеңнен басталған. Орманның ең алғашқы жойылуы Жерорта теңізі жағалауы, Үндістан, Қытайдың шығыс бөлігінде жерді ауылшаруашылық мақсатта пайдаланумен байланысты белең алды.

Орман аумағының екінші рет қысқаруы Еуропада басталды, ол орта ғасырларға сәйкес келеді.

Орманның үшінші жойылу кезеңі еуропалықтардың Жаңа дүниені игеруімен байланысты, онда ормандардың орнын егіс алқаптары, жайылымдар, қалалар мен ондағы түрлі құрылыс орындары алмастырған болатын.

Қазіргі заманғы орманның төртінші қысқару кезеңі ХХ ғасырдың басынан басталды. Бұл жағдай, әсіресе, тропик маңайындағы Филиппин, Малайзия, Индонезия, Бразилия сияқты елдерде ерекше белең алды. Олардағы ағаш сүрегін дайындау ісі бұрынғы көрсеткіштерден 5–7 есеге күрт өсіп кетті. Соның нәтижесінде бұл аталған елдердегі орман алқабының 90%-ға жуығы жойылып кеткен.

Орман экожүйесінің бұзылуы мынадай:

1) жерді есепсіз пайдалану нәтижесінде жылыжайлық газдардың атмосфера құрамына кедергісіз енуі;

2) топырақ деградациясының, су және жел эрозиясының күшеюі, топырақ құнарлылығының төмендеуі;

3) жергілікті және құрлықтық ылғал айналымы жиілігінің қысқаруы;

4) биоалуантүрліліктің азаюы және экологиялық қатар тізбектерінің бұзылуы сияқты ғаламдық өзгерістерге әкеліп соғады.

Табиғатты пайдалану түрлерінің қоршаған ортаға әсерін бағалау кезінде шаруашылық және де басқа әрекеттердің қоршаған орта мен адам денсаулығына тигізетін кері әсері анықталады. Ол әсерлерді бағалау үшін қолайсыз жағдайларды (жойылу, деградация, табиғат ресурстары мен табиғи экожүйелердің зақымдалуы мен жұтаңдануы) болдырмау және алдын алу шаралары қарастырылады (5-кесте).



Өзің тұратын аймақта табиғат ресурстарын пайдаланудың түрлері мен сипаттарына талдау жаса. Оларды кестедегі топтастырумен салыстыр.



## Табиғатты пайдаланудың түрлері мен сипаттары

Табиғатты пайдалану түрлері	Пайдалану сипаттары
Салалық	Табиғат ресурстарын бір шаруашылық саласы шегінде пайдалану (жер қойнауы ресурстарын, жер ресурстарын, су ресурстарын, орман ресурстарын, жан-жануарларды кәсіптік бағытта аулау мақсатында пайдалану)
Ресурстық	Кез келген жекелеген ресурс түрін шаруашылықта пайдалану (өнеркәсіптік, ауылшаруашылық, көлік-тасымалдық, рекреациялық, коммуналды-тұрмыстық бағытта пайдалану)
Аумақтық	Табиғат ресурстарын белгілі бір аумақ деңгейінде пайдалану (ғаламдық, ұлттық, региондық, жергілікті)

Табиғат ресурстарына әсер етуіне байланысты жалпы және арнаулы табиғатты пайдалану түрлері айқындалады.

*Табиғатты жалпы пайдалану* деп табиғат ресурстарын техникалық құралдар мен құрылғылар көмегінсіз, оның жағдайына кері әсерін тигізбестен қолдануды айтамыз. Ол көпшілікке қолжетімді сипат алады. Алайда табиғатты пайдалану қоршаған ортаны қорғаудың заңдастырылған талаптарына сәйкес, қатаң бақылау жағдайында жүзеге асырылады.

*Табиғатты арнаулы пайдалану* осы шараларды жүзеге асыруға рұқсат бере алатын құқығы бар мемлекеттік ұжымның басшылығымен жүргізіледі.

Пайдалану нысандарының түріне қарай жер қойнауы ресурстарын, жер, су, орман, жан-жануарлар ресурстарын пайдалану деп жіктеледі.

Табиғатты пайдалануды түрлері мен сипатына қарай тиімді және тиімді емес деп бөледі. Табиғатты тиімді пайдалану барысында ресурсқа деген сұранысты толықтай қамтамасыз ету және экологиялық тепе-теңдікті сақтау талап етіледі. Сонымен қатар табиғи-ресурстық әлеуетті өз қалпына келтіруді басты бақылауда ұстап отырады. Табиғатты тиімсіз пайдалану жағдайында аумақтың экологиялық жұтаңдануы белең алып, табиғи-ресурстық әлеуетке елеулі нұқсан келеді.



1. Жер ресурстарын пайдаланудағы басты мәселені анықтаңдар.
2. Орман экожүйесінің бұзылуына әсер ететін себептерді түсіндіріңдер.

## 6-сарамандық жұмыс

### Қоршаған ортаға әсерді бағалау жүргізу жөніндегі нұсқаулықпен танысу

Сарамандық жұмыс 2 сағат көлеміне есептелген: 1-сабақта тапсырмалар мұғалімнің көмегімен орындалады; 2-сабақта орындалған тапсырмалар нәтижесінде жұмыс жүргізіледі.

Бүгінгі жұмыста:

— табиғатты пайдалану түрлерінің қоршаған ортаға тигізетін кері әсерін анықтап, баға бересіңдер;

— табиғатты пайдалану түрлерінің қоршаған ортаға тигізетін кері әсерін азайтудың жолдарын ұсынуды үйренесіңдер.

**Қажетті құралдар:**

- табиғатты пайдалану түрлерінің қоршаған ортаға тигізетін әсерін сипаттайтын таныстырылым;

- тақырыптық карталар;

- оқулықтағы кестелер мен оқу мәтіні, статистикалық мәліметтер.

**1-тапсырма.** Оқулық мәтінін, тақырыптық кестелермен қоршаған ортаға кері әсерді бағалау жүргізу жөніндегі нұсқаулықпен танысу:

а) қоршаған ортаға кері әсерді бағалауды сол саладағы жұмыстарды орындау мен қызметтер көрсетуге лицензия алған жеке және заңды тұлғалар жүзеге асырады;

ә) қоршаған ортаға кері әсерді бағалау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыруды тапсырыс берушісі қамтамасыз етеді;

б) қоршаған ортаға кері әсерді бағалау рәсімін орындау кезінде Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы талаптарының сақталуын бақылауды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

Қорытынды жасау: жеке кәсіпкерлікпен айналысып жатқан ата-аналары бар оқушылардың пікірін тыңдау.

**2-тапсырма.** Қоршаған ортаға кері әсерді бағалау үдерісінде есепке алынуға тиіс әсерлердің түрлерімен танысу:

- тікелей әсер — нысандарды орналастыру ауданында жоспарланып отырған негізгі және қосымша қызмет түрлерінің тікелей тигізетін әсері;

- жанама әсер — жобаны іске асыру салдарынан пайда болатын жанама (кейінгі пайда болған) факторлардан туындайтын қоршаған ортаға әсері;

- жинақтаушы әсер — жобаны іске асыру барысында бірге жасалатын үнемі даму, өзгеру салдарынан пайда болатын әсері.

Қоршаған ортаға кері әсерді бағалау үдерісінде табиғаттың мынадай компоненттеріне мониторинг жүргізу ерекше назарға алынады:

- 1) атмосфералық ауа;
- 2) жерүсті және жерасты сулары;
- 3) ландшафт жиынтығы;
- 4) жер ресурстары мен топырақ жамылғысы;
- 5) өсімдіктер дүниесі;
- 6) жануарлар дүниесі;
- 7) экологиялық жүйелердің жай-күйі;
- 8) халық денсаулығының жай-күйі;
- 9) әлеуметтік салаға (халықты жұмыспен қамту, білім беру, көлік инфрақұрылымы) тигізетін әсерлеріне жергілікті жағдайда экологиялық мониторингтік бағалау жүргізіледі.

Қоршаған ортаға тигізетін кері әсерлерге бағалау жүргізу үдерісінде табиғи орта мен адам денсаулығына теріс және оң әсерлер есепке алынып, оларға салыстырмалы сипаттамалар берілуі тиіс.

**Қорытынды.** Жергілікті жер жағдайына бейімделген «Қоршаған ортаға кері әсерді бағалау жүргізу жөніндегі нұсқаулық» тақырыбында оқушылар дайындаған бизнес-жоспар мен ұсыныстарды талқыға салу.

## § 13-14. Табиғатты тиімді пайдаланудың қағидаттары

### Бүгінгі сабақта:

- табиғатты тиімді пайдаланудың қағидаттарын анықтайсыңдар;
- табиғатты пайдалану түрлерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеуді үйренесіңдер.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ экологиялық құқық
- ✓ тұрақты даму тұжырымдамасы

**Табиғатты тиімді пайдаланудың қағидаттары.** Адам әр кезде табиғатпен тығыз байланыста өмір сүреді, оның байлықтарын пайдаланады және өз іс-әрекеті арқылы табиғатқа әсер етеді. Адамның табиғатқа әсері зиянды салдарлар тудыруы мүмкін.

Мемлекет әрқашанда табиғи ортаны осындай зиянды әрекеттерден қорғау үшін белгілі бір құқықтық ережелер шығарады. Табиғи ортаны адамның зиянды әрекеттерінен қорғауға бағытталған ережелердің жиынтығы *экологиялық құқық* деп аталады.

Экологиялық құқық тарихи тұрғыда қазіргі және болашақтағы ұрпақ мүддесі

үшін қоршаған ортаны сақтап қалу мақсатын көздейді. Табиғи экологиялық жүйелерді сақтау, жақсарту, қалпына келтіру, тиімді пайдалану тұрғысында міндетті түрде мемлекеттің қатысуымен, азаматтар мен ұйымдар арасындағы өндірістік қатынастарға тұрақты бақылау жүргізіп отыруды қажет етеді.

Адамның табиғатқа тигізетін кері әрекетінің әсері салдарынан ХХ ғасырдың ортасында әлемдегі экологиялық жағдай күрт төмендеп кеткені баршамызға мәлім. Экологиялық жағдайдың нашарлағаны соншалық, бүгінде ол әлемнің кейбір аймақтарында адамның тұрмыс-тіршілігімен қоса, оның өмірі үшін де үлкен қатер тудырып отыр.

2002 жылы Йоханнесбургте (ОАР) тұрақты даму жөнінде өткізілген Бүкіләлемдік саммитте бүгінгі күні биологиялық әртүрлілік жылдам қарқынмен азайып бара жатқандығы атап айтылды.



Сен тұратын аймақта саны азайып немесе сиреп бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер түрі бар ма? Өзің байқаған жағдайлар болса, сыныптастарыңмен ой бөліс. Оның себебі неде деп ойлайсың?

1992 жылы маусымда Рио-де-Жанейро қаласында өткен қоршаған орта және оны дамыту жөніндегі БҰҰ-ның конференциясында осы мәселе бойынша декларация қабылданды. Аталған декларацияға Қазақстан Республикасы да қосылды.

Белгілі америкалық эколог-ғалым Б.Коммонер *экологияның негізгі заңдарын* былайша түсіндіреді:

- барлығы бір-бірімен байланысты: бұл табиғаттағы біртұтастық заңдылығына негізделеді;

- барлығы әйтеуір бір жаққа кетуі керек: бұл заңдылық биосфераның сақталуы үшін зат айналымының қажеттілігін түсіндіреді;
- табиғат ненің жақсы екенін біледі: бұл заңдылық табиғатқа жақын болуды, алайда табиғаттағы жүйелердің тұтастығын сақтауды талап етеді;
- ешнәрсе тегін берілмейді: әрбір жаңа жетістік бұрынғы құндылықтардың орнын алмастыратындығын ескертеді.

Демек, біздің әрбір іс-әрекетіміз қоршаған ортаға қалайда өзіндік әсерін тигізетіндігі айқын. Сондықтан қоршаған ортаны мейлінше қорғауды үнемі басты назарда ұстауымыз қажет.



Өзің тұратын аймақта табиғаттың тепе-теңдігін бұзбау үшін қандай қағидаттарды сақтау керек? Өз ойыңды нақты мысалдармен дәлелдеп, эссе жаз.

**Қоршаған ортаны қорғаудың негізгі шарттары.** Мемлекет тарапынан барлық қызметтік ұжымдарға қоршаған ортаны қорғау бойынша экономикалық, техникалық, ұйымдық және құқықтық шараларды жүзеге асыруды міндеттейді. Бұл шаралардың барлығы заңдар мен басқа да құқықтық ережелерге негізделуі қажет. Өз кезегінде барлық заңдар құқықтық қағидаттарға сүйеніп жасалады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 31-бабына негізделіп жасалынған ережелер қоршаған ортаны қорғаудың негізгі қағидаттары болып саналады:

- қолайлы қоршаған орта және тұрақты даму жағдайында адам құқығының басымдылығы қағидаты. Адамдардың табиғатпен үйлесімділікте, салауатты және жемісті өмір сүруге құқығы бар;
- мемлекеттің табиғи ресурстарды пайдалануға егемендік қағидаты. Мемлекет қоршаған ортаны қорғау саласында тиімді деп саналатын заңдық актілерді қабылдайды;
- әрбір адамның қоршаған ортаны қорғау ісіне қатысу қағидаты. Табиғаттың жағдайы әрбір адамның іс-әрекетіне тікелей байланысты болады, барлығымыз табиғат үшін жауаптымыз және болашақ ұрпақ үшін табиғат байлығын сақтауға бар күшімізді жұмсауға тиістіміз;
- қоршаған ортаны қорғаудағы жауапкершілік қағидаты. Ол жер бетінің барлық бөліктеріне: құрлыққа да, теңізге де қатысты қолданылады. Табиғаттың ерекше аудандары арнаулы жағдайда қорғалуы тиіс. Қазақстанда осындай ерекше бақылауға алынған, табиғаты өзгеріссіз күйінде сақталған түрлі қорықтар мен қорықшалар бар.
- табиғи ортаны пайдаланудағы басымдылық қағидаты. Ол табиғат байлықтарын ысырап қылмай, ұқыпты пайдалану қажеттілігінен туындайды. Қазақстанда мемлекет тарапынан ерекше қорғауға алынған өсімдіктер мен жануарлар тізімі жазылған Қызыл

кітап бар. Мысалы, сексеуіл жойылып кету жағдайында тұр, сондықтан да оны кесуге де, пайдалануға да тыйым салынған;

- қоршаған ортаны ластаудың және табиғатқа өзге де зиянды әсер етудің алдын алу қағидаты. Бұл бағыттағы шаралар мемлекет тарапынан ұйымдастырылады және оның орындалуы қатаң бақылауға алынады.

- қоршаған ортаны қорғау саласындағы тығыз халықаралық ынтымақтастық қағидаты. Бұл бағыттағы шаралар да мемлекет құзырында, халықаралық ұйымдар аясындағы жұмыстармен тығыз байланысты жүргізіледі.

- қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша халықтың хабардар болу қағидаты. Әрбір адам экологиялық сауатсыздық, тек оның жеке басына ғана емес, сондай-ақ оның айналасына да зардабын тигізетінін білуі керек. Мысалы, орманда от жағуға, полиэтилен, резина, пластик материалдарын өртеуге болмайтыны, улы заттарға ұқыпты болу керектігі ескертіледі.



Қоршаған ортаны қорғаудың жоғарыда аталған негізгі шарттары сен тұратын аймақта қаншалықты сақталады? Оның сақталуына өзің қандай үлесіңді қосудасың?

Қазақстан Республикасы Конституциясының 31-бабында былай делінген: «Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаны қорғауды мақсат етіп қояды. Адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін деректер мен жағдаяттарды лауазымды адамдардың жасыруы заңға сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады».

Бүгінгі күні әрбір адамның салауатты табиғи ортаға құқығы мынадай мәселелерді қамтиды:

- халықаралық және ұлттық стандарттарға сай келетін салауатты табиғи ортада өмір сүрудің шынайы мүмкіндіктеріне қол жеткізуге;

- экологиялық қауіпсіздікке байланысты шешімді дайындауға, талқылауға және қабылдауға қатысу, қоршаған табиғи ортаның жай-күйі туралы тиісті ақпараттар алуға;

- қоршаған ортаның ластануы нәтижесінен адам денсаулығына келтірілген зиянды мемлекеттің өтеу құқығына ие бола алады.



Сен өз құқығыңды білесің бе? Сен тұратын аймақта жоғарыда аталған салауатты табиғи ортаны қорғау құқығы қаншалықты сақталады? Сыныптастарыңмен ой бөліс, пікірлес!

Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) қоршаған ортаға және болашақ ұрпаққа зиян келтірмейтіндей, қазіргі адамның өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ететін *тұрақты даму тұжырымдамасын* әзірледі. Бұл тұжырымдама — қоғам мен

табиғаттың өзара әрекетін көрсететін, қазіргі заманға сай, неғұрлым кең тараған және қолдау тапқан тұжырымдамалардың бірі.

1996 жылы алғаш рет Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі тұжырымдамасы қабылданды. Кейіннен бұл құжат бірнеше рет түзетулер негізінде Қазақстан Республикасының 2007–2024 жылдарға арналған орнықты дамуға көшу тұжырымдамасына негіз болды.

1997 жылы 15 шілдеде қабылданып, 2004 жылы 9 қыркүйекте №8 Заңымен өзгеріс енгізілген «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы табиғатты қорғау саласындағы басты заң болып табылады. Бұл заң қазіргі және болашақ ұрпақтың мүддесі үшін қоршаған ортаны қорғаудың құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін анықтайды. Сонымен қатар ол экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, адамның шаруашылық және өзге қызметінің табиғи экологиялық жүйеге зиянды әсерін алдын алуға, биологиялық әртүрлілікті сақтау мен табиғатты тиімді пайдалануды ұйымдастыруға бағытталған.

Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі №175 бұйрығымен «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңы қабылданды. Қазақстандағы қорғауға алынған аумақтар табиғатын сақтау бұл заңды қабылдаудың басты мақсаты болып табылады.

1997 жылы 18 наурызда қабылданып, 2004 жылдың 20 желтоқсанында №13 Заңымен өзгертілген «Экологиялық сараптама туралы» ҚР Заңы бойынша экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болмайынша қандай да бір шаруашылықтың өз қызметін жүзеге асыруына рұқсат етілмейді.



Жоғарыда айтылған заңдар мен тұжырымдамалар негізінде, табиғатты пайдалану түрлерінің тиімділігін арттыру және жергілікті компоненттерді қамту жөнінде өзіндік ұсыныстарың мен шарттарыңды әзірле. Оларды сыныпта талқыла.

1992 жылы БҰҰ-ның конференциясында Қоршаған орта және оны дамыту жөнінде Рио-де-Жанейро Декларациясы 27 ұстаныммен қабылданды. Қазақстан да осы декларацияға қосылды. Декларация аясында Қазақстанда қоршаған ортаны қорғауға байланысты бірнеше заң қабылданды. Олардың мақсаты — еліміздің табиғат байлықтарын болашақ ұрпақ үшін сақтау. 2012 жылы 20–22 маусым аралығында, 20 жыл өткен соң БҰҰ-ның «Рио+20» атты конференциясы өтті. Конференция жұмысына Қазақстан делегациясы да қатысты. Олар Қазақстан Республикасының Жаһандық энергия-экологиялық стратегиясы мен «Жасыл көпір» бағдарламасын таныстырды.

Сонымен, қоршаған ортаны қорғау мен адамның өмір сүруі үшін қолайлы жағдай туғызу — демократиялық мемлекеттің басты мақсаты. Осыған байланысты мемлекет өз органдарын кешенді экономикалық, техникалық, ұйымдастырушылық және құқықтық шараларды жүзеге асыруға міндеттейді.

*Әрбір адамның табиғаты қолайлы қоршаған ортада салауатты өмір сүруге қызығы бар, сонымен бірге әрбір адам табиғатты аялауы керектігін, қоршаған ортаны ластамауы қажеттігін де естен шығармауы тиіс.*



Қосымша материалдарды қолдана отырып, Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғаудың негізгі шарттарымен танысыңдар.



Табиғатты тиімді пайдаланудың қаридаттары өз өлкеңде сақталып жатыр ма? Сыныптастарыңмен ой бөліс.



Қосымша материалдарды пайдалана отырып «РиО + 20». «Біз күтетін болашақ қандай болуы керек?» деген тақырыпта реферат дайындау.

## § 15-16. Экологиялық таза өндірістерді жобалау

### Бүгінгі сабақта:

— экологиялық таза өндірістік жобаларды ұсынды білесіңдер.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ қалдықсыз технология
- ✓ биотехнологиялық әдіс
- ✓ қайта өңдеу биотехнологиясы
- ✓ анаэробтық ферментация

Қазіргі таңда дүниежүзіндегі әрбір тұрғынның жан басына шаққанда, орташа есеппен жылына 20 тоннаға жуық шикізат өндіріледі. Сондай-ақ 800 тонна су мен 2,5 кВт энергияны пайдаланып, азық-түлік өнімдері өңделеді. Алайда олардың шамамен 90–98% -ы қалдық ретінде қайта шығарылады.

Дамыған елдердің өзінде ауылшаруашылығы қалдықтарының 90% -ы, автокөлік қораптарының 98% -ы, техникалық майлардың 90% -ы пайдаға асырылады. Бірақ өнеркәсіп пен құрылыс қалдықтарының, кен өндіру

және металлургия өндірісі қалдықтарының маңызды бөлігі мүлдем пайдаға асырылмай қалады.

Соның нәтижесінде, қайта өңделген және өңделмеген өнеркәсіптік қалдықтар көлемі жыл сайын өсіп, әлемде шамамен жүз миллиард тоннаға жететін қалдық заттар жинақталуда.

Егер қалдықтарды (бірінші кезекте ерекше қауіпті) жоспарлы түрде қайта өңдеуді ескере отырып, қоршаған ортаны қалпына келтіру туралы айтатын болсақ, онда алдағы онжылдық бойы әлем елдеріне аса көп шығын жұмсау қажеттілігі туындайды.

Сондықтан да бүгінгі адамзат қоғамы алдында тұрған басты міндет — қалдықсыз технология өндірісін, экологиялық таза өндірісті барлық шаруашылық салаларында оңтайлы қолдану үдерісін жетілдіру болып табылады (6-кесте).

Қоршаған ортаны қорғау саласы бойынша Жалпы Еуропалық кеңестің (Женева, 1979) Декларациясында мынадай анықтама берілген: «Қалдықсыз технология адам қажеттіліктерінің шеңберінде табиғи ресурстар мен энергияны дұрыс пайдалануды қамтамасыз ету және қоршаған ортаны қорғау үшін білімдерді, әдістер мен құралдарды тәжірибеде қолдану».

Қалдықсыз технологияның негізгі міндетіне басқа өндірістер үшін шикізат болып табылатын өнімдер мен таза табиғи заттарды (ауа, су,



## Экологиялық таза өндірістің негізгі ұстанымдары

Алдын алу ұстанымы	Демократиялық ұстаным	Жүйелілік ұстанымы
Бұл ұстаным бойынша табиғатқа тигізетін кері әсерлер, оны қалпына келтіру жағдайына дейін жеткізбейтіндей, неғұрлым аз болуы тиіс. Ол шикізатты тиімді пайдалану мен оның қалдықтарын жоюға, яғни бәсекеге қабілетті, таза өнім өндіруге дейінгі үдерісті терең де тиянақты алдын ала зерттеуді талап етеді.	Экологиялық таза өндіріс бүкіл өндіріс циклінің өнімге қатысты ақпараттарының жұмысшыдан тұтынушыға дейін қолжетімді болуына мүдделі. Егер өндіріс орындары қатар орналасқан жағдайда, бір өндіріс орнының қалдығы екіншісіне шикізат болуы мүмкіндігін ескеру қажет. Бұл жағдай өз тарапынан энергия мен шикізатты пайдалануды үнемдеуге негіз болады.	Табиғат ресурстарын пайдалану барысында өнім өндіруге қажетті ресурсты игеруде неғұрлым тиімді жолдарды таңдауға, яғни өнімді ұзақ пайдалану мен қайта өңдеу мүмкіндігін ескеруді көздейді. Сонымен қатар өнімді өндіруге жұмсалатын шикізат, энергия, су шығынының аз болуын және өнімдер мен қалдықтардың құрамында зиянды қоспалардың болмауын талап етеді.

минералды заттар), белгілі бір өндіріс саласы үшін шикізат болып саналатын өнімдерді кешенді қайта өңдеу қызметтері кіреді.

Қалдықсыз технология өндірістерін құру барысында негізгі ұстаным өндірісті құру, жобалау және қолдануды дұрыс деп таныған әдістерді таңдау. Шикізат пен энергиялық ресурстарды толық пайдалануға, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғауға бағытталған нақты шаралар үш топқа бөлінеді (24-сурет).

Табиғатты қорғау шараларының тиімді түрлеріне, ең алдымен, жоғары *технологиялық* үдерістерді:

— тазарту құрылғылары мен қондырғыларының жұмысын жетілдіру;

— атмосфера құрамын қорғау жұмыстарын күшейту;

— жер ресурстарын тиімді пайдалану және қорғау;

— өсімдік жамылғысы мен жануарлар дүниесін қалпына келтіру және тиімді пайдалану сияқты шараларды жүзеге асыру жатады.

Халық шаруашылығын қарқынды индустриализациялау жағдайында қоршаған ортаны қорғау мәселесіне ерекше мән беріледі. *Химиялық* шараларда әсіресе құбырлар мен құрал-жабдықтарды коррозиядан қорғау жұмыстары аса маңызды болып саналады.



24-сурет. Қоршаған ортаны қорғауға бағытталған шаралар

*Ұйымдастырушы-басқарушылық* шараларды күшейту басшы қызметтегілер мен кәсіби мамандар үшін аса қажет, әсіресе олардың кәсіби экологиялық дайындығы қоршаған ортаны қорғау шараларын дәл әрі тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан да қоршаған ортаға кері әсері болуы мүмкін салада жұмыс жасайтын басшылар мен мамандардың қажетті деңгейдегі экологиялық білімі болуы және қоршаған ортаны қорғау заңдарын білуі шарт.

Қалдықтар көбінесе күрделі гомогенді және гетерогенді жүйелер түрінде кездеседі. Оларды ең соңғы фазалары мен құрамбөліктерінен кейін пайдаланып, содан кейін ғана жою жолын таңдап алу қажет.

Қоршаған ортаны қорғауға қатысты *биотехнологиялық әдістерге* биологиялық нысандардың тіршілік әрекеті өнімдеріне, бактерияларды көбейтуге, олардың метоболизмдеріне, энергия мен заттардың табиғи алмасу жолына негізделген технологиялық үдерістерді құру жатады. Биотехнологияны пайдаланудың мысалы ретінде су ерітінділерін қолдануға негізделген кен қазбаларынан металдарды алудың гидро-металлургиялық әдісін қолдануды көрсетуге болады, оның бір түрі металдарды *бактериялы-химиялық сілтісіздендіру* болып табылады.


Мұнаймен бірге шығатын ілеспе газдар және көмір өндіру кезінде түзілетін метанды биотехнологиялық жолмен залалсыздандыру әдісі арнаулы резервуарға жинақталған газды қышқылды бактериялармен араластыру арқылы жүзеге асырылады.

Қатты қалдықтарды *қайта өңдеу биотехнологиясы* бойынша биогазды пайдаға асыру энергия тапшылығын төмендетуге, сондай-ақ қоршаған ортаға түсетін антропогендік жүктемені азайтуға мүмкіндік береді (25-сурет). Энергетикалық мақсаттармен қатты қалдықтарды өңдеу биотехнологиясында *анаэробтық ферментация* әдісі қолданылады. Анаэробтық ферментация оттегінсіз ортада әртүрлі микроорганизмдер тобының көмегімен іске асырылады.

Бүгінгі таңда көлік түрлерін металл ұнтақтарынан дайындау технологиясы жолға қойылған, ол металдарды пайдалану тиімділігінің коэффициентін 95%-ға көтеріп отыр.

Машина жасау саласында жасыл энергетика өнімдерін, яғни жел генераторлары, күн батареялары, геометриялық құралдарды пайдалану осы жүйелер үшін қажетті жаңа бөлшектерді жасайтын өндіріс орындарын құруға негіз болады. Зерттеушілердің дәлелдеуі бойынша таза өнім технологиялары осы өндіріс орындарын өзара байланыстырып, 2,5 миллионнан астам адамды жұмыспен қамтуға көмектеседі.

Экологиялық тұрғыдан таза өнімдердің шығарылуы қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша халықтың ақпараттануына, таза



25-сурет. Қатты қалдықтарды қайта өңдеу биотехнологиясы

өнімдерді сатып алуға деген сұранысының артуына да негіз болып отыр.

Қазақстандағы өнімдерді сертификаттау жұмысы дайындаушыдан тұтынушыға жеткенге дейінгі кезеңде жүргізіледі. Өнім сапасын тәуелсіз сарапшылар 2004 жылғы 8 сәуірдегі № 543-II «Азық-түлік өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі туралы» ҚР Заңына сәйкес анықтайды. Қазақстанда жақын уақыттарда органикалық өнімдерді сертификаттау халықаралық стандарт бойынша анықталатын болады. Әрбір тұтынушы өзі таңдаған тауарларының құрамы мен сапасы туралы нақты мәлімет алуға құқылы. Қазақстанда өзінің органикалық өнімін өндіретін кәсіпорындар жоқ. ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес, экологиялық таза өнім болу үшін оларды өндіру кезінде адам денсаулығына зиян келтіретін заттар мен пестицидтер болмауы керек. «Азық-түлік өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі туралы» ҚР Заңына сәйкес ГМО өнімдері мен шикізаттарын балалар тағамы, қант диабеті мен емдік сауықтыру мақсатындағы тағамдар құрамына қосуға қатаң тыйым салынған. Біздің елімізде стандарттаудың көп жылдық тәжірибесі жасалынған. Стандарттау саласындағы заңнамалар екі рет қайта жаңартылып, ұлттық стандарттау жүйесінің үш бағдарламасы жүзеге асырылды.

Химия өнеркәсібі де экологиялық таза өнімдер шығаруға ден қоюда. Әсіресе адам денсаулығы үшін қауіпті қосылыстарды пайдаланбау, мысалы, хлорға шектеу қою ісі қолға алынуда.

Экологиялық тұрғыдан таза ауылшаруашылық өнімдерін өндіру біртіндеп белең алып келеді. Оған біздің еліміздің бренд өнімдерін алуға мүдделі елдер санының артуы дәлел болады.



Сен тұратын аймақта экологиялық таза өнім шығаруға бағытталған кәсіпорындар бар болса, мысал келтір. Олар қандай өнімдер шығарады және оны кімдер тұтынады?

Экодизайн кейіннен айтыла бастағанмен, қазақ халқы экодизайнды ежелден қолданып келеді. Киіз үй, ондағы жиһаз, ыдыс, адамға қажетті тұрмыстық заттардың барлығы табиғи материалдардан жасалған. Заманауи экодизайн минимализмді талап етсе, дәстүрлі нақыштағы қазақ халқының киіз үйі, қолданған тұрмыстық заттары тек қажеттіліктен туындаған, бастысы артық зат болмаған. Әдемі нақышталған үйдің ішкі көрінісі ғана емес, ондағы өмір сүру жағдайы табиғатпен, жалпы тіршілік атаулымен үйлесімді жасалынған.

Қазақстан өткізген ЭКСПО-2017 көрмесінің символы — диаметрі 150 метрлік сфера типтес ғимарат және оның негізгі тақырыбын айқындайтын «Энергия әлемі», «Өмірге арналған энергия», «Барлығына арналған энергия», «Менің болашақтағы энергиям» сияқты павилиондар еліміздің таза экологиялық өндіріс пен жаңа технологияларға ұмтылатындығының айқын дәлелі іспетті.

Аз қалдықты, одан әрі қалдықсыз өндірістің жаңа технологияларын тұйық цикл бойынша жүзеге асыру экологиялық тепе-теңдікті сақтауға, өмір сүрудің жеткілікті жоғары деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Біздің еліміз осы биіктерді бағындыруды алдына мақсат етіп қойып отыр.



Әлемдік тәжірибеде қоқысты сұрыптау мен қайта өңдеу белгілі бір жүйеге келгелі қашан. Мысалы, Швецияда қоқыс қалдықтары электр қуаты ретінде пайдаланылса, әлемнің ең таза елінің бірі саналатын Сингапурда қоқыстардың 90%-ы қайта өңделеді. Дамыған елдердің бірқатарында қоқыс қалдықтарын қайта іске жарату экономика дамуының қозғаушы күшіне айналып, қаншама адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Германияда күл-қоқыстың 30%-ы, Жапонияда 30%-ы, АҚШ-та 27%-ы, ал Швейцарияда 25%-ы қайта өңделіп, іске жаратылады.

Германияның ірі өндірістік концерні Adidas компаниясы мұхиттағы қоқыстардан спорттық аяқкиім тігуді қолға алған. Adidas компаниясының жаңа спорттық аяқкиімі теңізшілердің балық аулауға арналған торларынан жасалады екен. Мұхитқа лақтырылған, бір-біріне оралып қалған торлар мұхиттың экологиясын бұзып қана қоймай, астынан жүзіп өткен балықтардың жойылуына да себеп болып отыр. Мұхитта қалып қойған торлар ағыспен келетін әртүрлі пластикалық қалдықтарды да жинайды. Мұхит бетінен алынған пластиктер дәстүрлі жолмен қайта өңделеді. Сонымен қатар Adidas компаниясы пластиктен спорттық күртелер шығаруды жоспарлап отырғанын хабарлады.

Алайда әлі ол мақсаттың биігінен көріну үшін өте көп жұмыстар атқарылуы тиіс. Тек қана қатты қалдықтарды жоюдың өзі бұл мақсатқа жетудің қаншалықты қиын екенін көрсетеді.

Қазақстанда жыл сайын 5 млн тоннадан астам қалдық шығарылады. Бір ғана Алматының өзінде қоқыстың жылдық көлемі 1 миллион тоннаға жуық. Ал Нұр-Сұлтан қаласында өндірістік және тұрмыстық қалдықтардың жылдық көлемі 300 мың тонна болса, тәуліктік шығарылымы 800 тоннаны құрайды. Қалдықтар барар жеріне жеткенімен, бірден жойылып кетпейді.

Заңнамаға сүйенсек, қауіпсіз жағдайда сақтауға арналған орындарда тұрмыстық қалдықтар үш жыл ғана сақталуы тиіс деп көрсетілген. Осы мерзім ішінде қайта өңдеуден өткізілуі немесе жерге көмілуі қажет. Кейбір полигондардың жалпы пайдалану мерзімі 18 жылды құрап отыр.

Бүгінгі күнгі статистикалық мәлімет бойынша Алматы облысы аумағында 8,7 миллион тоннадан артық қалдық жиналып қалған. Бұл мәселені шешудің жалғыз жолы — тұрмыстық қатты қалдықты өңдейтін зауытты тез арада іске қосу.

Жылына 185 мың тоннадай тұрмыстық және өндірісті қалдық шығаратын Шымкент қаласында қоқыс өңдеу зауыты пайдалануға берілді. Жылына 200 мың тонна қоқыс қайта өңделеді. Өңделген қалдықтарға сұраныс өте көп.

Күнделікті өмірде қолданып жүрген бір реттік қағаз ыдыс бес жыл, қаңылтыр қалбырлар жүз жыл, пластик шөлмек бес жүз жылдай сақталады. Осы деректердің өзі қоқыс өңдейтін зауыттың қаншалықты керек екендігін айқын ұғындырады.



Қазақстанда өнімдерді сертификаттау қандай нормативті құжаттарға негізделеді?



1. Қазақстанда экологиялық қауіпсіз өнімдер нормативі қалай сақталады? Нақты мысалдар келтіріңдер.
2. Өздерің тұратын жердегі шаруашылықта биотехнологияның қандай тиімді жолдары қолданылады?

## Геоэкологиялық зерттеу негіздері

### § 17. Геоэкологияның зерттеу пәні мен өзектілігі

*Геоэкология* — экологиялық жағынан таза ортаны сақтау және табиғат ресурстарын қалыпты пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында жоғары иерархиялық деңгейдегі (физикалық-географиялық зона, провинция, ландшафт) географиялық жүйелердің экологиялық ерекшеліктерін зерттейді. Геоэкология жеке ғылыми бағыт ретінде ХХ ғасырдың 30–40-жылдары белгілі бір геожүйе шегінде өмір сүріп, адамдардың экологиялық айналасын сипаттау негізінде пайда болды. Геоэкология Германияда аса қарқынды түрде дамыды және 1939 жылы неміс ғалымы К.Тролл «геоэкология» тер-

#### Бүгінгі сабақта:

— геоэкологиялық зерттеулердің мәнін, мазмұнын, бағыттарын графикалық түрде ұсынасыңдар;  
— геоэкологияның негізгі категорияларын оқып-үйренесіңдер.

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ геоэкология
- ✓ геоэкологиялық болжаулар
- ✓ геоэкологиялық жоспарлау

минін алғаш ұсынған. Жалпы геоэкология ландшафт және одан да ірі аймақ, провинция, облыс сияқты физикалық-географиялық аудандастырудың таксономиялық бірліктерінің экологиялық қасиеттерін зерттеумен айналысады.

Экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған шараларды жүзеге асыру табиғатты пайдалануға жаңа көзқарасты қажетсінеді. Қазіргі кезеңде табиғатты қорғау мен тиімді пайдалану, табиғи ресурстарды қорғау мен сақтау, қоршаған ортаның тұрақты дамуына қатысты мәселелер географияның экологиямен ұштасуы негізінде қалыптасқан геоэкология ғылымының үлесіне тиеді. Жаһандандудың қарқынды сипаты бұл саладағы зерттеулер мен бірлескен әрекеттерді талап етіп отыр.

**Геоэкологиялық зерттеулер негіздері.** Геоэкологияның қолданбалы маңызы оның табиғат пен қоғам арасындағы өзара әрекеттесу мәселелерін шешумен анықталады. Табиғат пен қоғамның өзара әрекеттесуінің ғаламдық мәселелері халықаралық ынтымақтастықты қажет етеді. Географиялық қабықтың жай-күйін бағалау мониторинг деректерін талдау арқылы жүзеге асырылады. Геоэкологияның конструктивті рөлі зерттеулердің сан-салалы болуынан көрінеді (26-сурет).



26-сурет. Геоэкологиялық зерттеулер

*Аумақты шаруашылық пайдалануға қатысты зерттеу* табиғат ресурстарын пайдаланумен байланысты. Олар маңызды қорлардың едәуір азаюымен, ежелгі өнеркәсіпті аудандарда табиғат ресурстарының сапасының нашарлауымен және көпшілігінің қалпына келмеуімен байланысты анықталады. Бұл болжамдар аумақтың табиғи-ресурстық әлеуетіне сапалық және сандық баға беруге негізделеді, сондай-ақ игеру кезеңдерін, типтерін, жолдарын және базаларын, игерілетін аумақтың болашақ әлеуметтік-экономикалық даму варианттарын ескереді.

*Рекреациялық әлеуетті бағалауға қатысты зерттеулер* туризм мен демалыс аудандарын орналастыру мен дамытуды негіздеуге бағытталады. Рекреациялық болжамдардың күрделілігі рекреациялық нысандардың табиғи, экономикалық, әлеуметтік элементтерін қамтитын көп құрамды құрылымын кешенді түрде ескеру қажеттілігіне

негізделеді. Бұл нысандардың дамуын болжауда табиғи ортаның антропогендік өзгерістерінің динамикасын, аумақтың рекреациялық сыйымдылығын, нысандардың қолжетімділігін және демалысқа қолайлылығын ескеру қажет.

*Геоэкологиялық болжамдар* шаруашылықтың жекелеген салаларының және табиғат кешендерінің дамуына, халықтың орналасуына, болжам жасаудың нәтижелеріне сүйенеді. Аталған болжамды жасау бірнеше кезеңдерден тұрады (27-сурет).

*Геоэкологиялық жоспарлау (жобалау)* деп табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды негіздеу, оларды орындау көлемін уақыт интервалы мен аумақтар бойынша бөлуді айтады. Зерттеудің алғашқы кезеңінде табиғат ресурстарына экономикалық баға беру жүзеге асырылады. Екінші кезеңде белгілі бір аумақтағы табиғатты пайдалану бағаланады. Табиғат ресурстарына экономикалық баға берудің басты көрсеткіштері — бағаланатын ресурстарды пайдалану нәтижесінде алынатын бастапқы өнімдердің экономикалық көрсеткіштері. Келесі кезеңде әртүрлі табиғат ресурстарын пайдаланудың динамикасы талданады. Табиғат ресурстарын пайдаланудың қазіргі кездегі және болашақтағы жағдайы, шаруашылықтың жекелеген салаларының нақты ресурстарға (жер, отын, шикізат, су және т.б.) сұраныстары анықталады. Бұл үшін баланс әдісі қолданылады, ол ресурстардың мүмкіндіктері мен оларды пайдалану жағдайын салыстырады.



27-сурет. Геоэкологиялық болжам жасау кезеңдері



Геоэкологияның негізгі зерттеу нысандарына мысал келтір.



Геоэкологиялық болжам жасаудың кезеңдерін ата.



Қосымша материалдарды оқып, геоэкологияның даму тарихымен танысыңдар.

## § 18. Геосфералардың ластануы

### Бүгінгі сабақта:

— геосфералардың ластану деңгейін анықтап, себеп-салдарын зерттейсіңдер.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ геосфераның ластануы
- ✓ атмосфераның ластану индексі (АЛИ)
- ✓ шекті мөлшердегі концентрация

Экологиялық жағдай екі басты фактордың (қоршаған ортаның ластануы және оның өздігінен тазаруы) ықпалымен қалыптасады. Бұл екі фактор да жыл мерзіміне және кеңістікке байланысты құбылмалы болып келеді.

Ластану өндірістік-экономикалық жағдайларға (шаруашылықтың салалық құрылымы, өндіріс көлемі, көлік инфрақұрылымы, елді мекендердің орналасуы, тазартқыш құрылыстар және т.б.) байланысты болады.

*Өздігінен тазару* қоршаған ортадағы физикалық-географиялық жағдайларға (гео-

графиялық орны, атмосфералық циркуляция, климаттық жағдайлар, жер бедері, топырақ және өсімдік жамылғысы) байланысты болады. Табиғи ортадағы ластану құрлық пен дүниежүзілік мұхит суларын, атмосфераның төменгі қабатын қамтиды. Ластануды бірнеше топқа бөледі (28-сурет).



28-сурет. Ластану түрлерін топтастыру

Ластаушы көздер *орналасуына* байланысты тұрақты (өндіріс орындары) және мобильдік (көлік құралдары) болуы мүмкін. *Кеңістік қамтуына* байланысты ластанулар 3 топқа бөлінеді: нүктелік (зауыт), алаңдық (көмір карьері), сызықтық (транспорт магистральдары).

Ластану *мерзіміне* қарай бастапқы (қоршаған ортаға тікелей түсуі) немесе екінші қайтара (қоршаған ортадағы ластағыштардың өзара әрекеттесуі нәтижесінде) болуы мүмкін. Мысалы, су қоймаларына тыңайтқыштардың шамадан тыс түсуі нәтижесінде азот пен фосфор мөлшері артса, балдырлардың қаулап өсуі салдарынан биологиялық ластану болады.



Ластануды жаратылысы жағынан 4 негізгі топқа бөледі: химиялық (газ, химиялық элементтер, түтін және т.б.), физикалық (радиоактивті, электромагниттік, шу, жылу), биологиялық (бактериологиялық, вирустық, арамшөптер және т.б.), эстетикалық немесе визуалдық (табиғи ландшафтың күрт өзгеруі, қайталанбас табиғат көрінісінің бұзылуы, құрылыс және т.б.)

Кез келген аумақтың ластану деңгейін талдау үшін қоршаған ортадағы (су, ауа, топырақ) ластаушы заттардың *шекті мөлшердегі концентрациясы* деген ұғымды пайдаланады. Табиғи ортаның ластану көрсеткіші ретінде *атмосфераның ластану индексі* (АЛИ) алынады. Ол ластаушы заттардың шекті мөлшердегі концентрациясымен салыстырғанда белгілі бір аумақтағы жыл ішінде байқалған ең жоғары 5 көрсеткіштің жиынтығымен анықталады.

Табиғи ортаның ластануына қарай, көршілес Қазақстан мен Қытайдың экологиялық жағдайын сипаттайтын мәліметтерді келтіріп отырмыз.

Қазақстанда мынадай экологиялық мәселелер анықталып отыр:

- бұрынғы қорғаныс бағытындағы өндіріс орындары мен сынақ полигондарының, радиоактивті және улы химиялық заттардың қалдықтарымен ластанған аумақтардың, ел бойынша таралған жер бөліктерінің адам денсаулығы мен жануарларға тигізетін кері әсерінің болуы;

- кейбір қалалардың өндірістік қалдықтармен қатты ластануы;
- Арал теңізінің тартылуы әсерінен айналадағы жерлердің химиялық пестицидтер және табиғи тұздармен ластануы, оның жел әрекетімен ұшырылып, улы шаңды дауылдарға айналуы;

- Каспий теңізінің ластануы;
- шөлейттену;
- топырақтың ауылшаруашылығында қолданылған химиялық заттармен ластануы және есепсіз суару барысында тұздануы.

Ал Қытайда шешімін таппаған бірнеше экологиялық мәселелер бар:

- елдің дүниежүзілік деңгейде қатты отын түрлерін жағу нәтижесінде ауаға көмірқышқыл газын мөлшерден тыс өте көп шығаруы;

- көмірді жағу кезінде бөлінген зиянды газдардың қышқыл жаңбырдың жаууына себепші болуы;

- әсіресе солтүстік өңірлерде судың жетіспеуі, тазартылмаған қалдықтармен судың ластануы;

- мелиорациялық жұмыстар нәтижесінде іргелес жатқан аумақтардағы жер бедерінің бұзылуы, өндірістің және аквакультураның қарқынды дамуы;

- ормандардың жаппай кесілуі, жануарлар тіршілік ортасы аумағының тарылуы және бұзылуы;

• жер ресурстарын тиімді басқармау салдарынан топырақ эрозиясының, су тасқындарының, құрғақшылықтың, шаңды дауылдар мен шөлейттенудің белең алуы күшеюде.

Дүниежүзілік мұхиттың барлық ресурстарын пайдалану барысында оның ластануы жүреді. Әсіресе танкерлердің апаттары нәтижесінде, мұнайды тиеу мен қабылдап алу барысында теңіздің мұнаймен ластану қаупі артады. Жыл сайын мұхитқа 5–10 млн т мұнай түседі. Сонымен қатар Дүниежүзілік мұхиттың ластануы улы және радиоактивті қалдықтарды көму, әртүрлі қару-жарақты пайдаланып, сынақтар өткізу нәтижесінде де болады. Өзен суларымен келіп қосылатын ластанғыштардың да көлемі үлкен. Дүниежүзілік мұхитты қорғау мен тиімді пайдалану халықаралық деңгейдегі ынтымақтастықты қажет етеді.

Табиғи жағдайлар қоршаған ортаның ластануын азайтып немесе керісінше ұлғайтуы мүмкін. Сол себепті қалаларды, соның ішінде өнеркәсіпті қалаларды жоспарлағанда, өндіріс орындарын орналастыруда географиялық факторларды ескеру қажет.



Ластануды қандай категориялар бойынша топтастыруға болады?



1. Қазақстан мен Қытай мемлекеттеріндегі экологиялық мәселелерді шешу үшін қандай бағыттағы жұмыстар жүргізу қажет деп ойлайсың?
2. Дүниежүзілік мұхиттың ластануына әсер ететін факторларды анықтаңдар.

## § 19. Геоэкологиялық аудандастыру

### Бүгінгі сабақта:

— дүниежүзі аумағын ластану және табиғи ортаның бұзылу деңгейі бойынша аудандастыру жайлы білетін боласыңдар.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ геоэкологиялық аудандастыру
- ✓ тұрақтылық
- ✓ Қазақстанның геоэкологиялық аудандастырылуы

**Геоэкологиялық аудандастыру.** *Геоэкологиялық аудандастыру* дегеніміз — адам әрекеті әсерінен өзгеріске ұшырау дәрежесін бағалау нәтижесінде адам тіршілігі тұрғысынан алғанда қолайсыз деп саналатын қазіргі табиғи-антропогендік ландшафтылардың немесе геожүйелердің кешенді аудандастырылуы.

Бұл аудандастыру әкімшілік шегараларға бағынбайды, әрбір табиғи-шаруашылық шегіндегі экологиялық жағдайды сипаттау барысында сол аудандағы табиғи-ландшафтылық әркелкілік негізге алынады.

Геоэкологиялық аудандастыру нақты бір регион немесе геожүйедегі экологиялық жағдайдың қаншалықты шиеленісті екенін көрсетеді. Бұл түсінік жалпы алғанда қоршаған ортадағы адамның өмір сүруі мен денсаулығы үшін қалыпты жағдайдың өзгеруін, табиғат

ресурстарының жұтаңдануы немесе жойылуын, геожүйелердің негізін құрайтын компоненттердің түрлі өзгерістерін қамтиды.

Геоэкологиялық шиеленістер геожүйе шегіндегі ішкі құрылымдардың бұзылуынан, сонымен қатар антропогендік өзгерістер әсерінен де пайда болуы мүмкін.

Қазақстан жеріндегі экологиялық жағдайдың белең алуы қоршаған ортаның сапалық көрсеткіштерін геоэкологиялық тұрғыда түбегейлі қайта құру қажеттілігін анықтайды.

Қазақстанның түрлі аймақтарындағы адамның шаруашылық әрекеті әсерінен кері өзгерістер пайда болған аумақтардың орнында экологиялық тұрақтылықты сақтау үшін, экологиялық тұрғыда тиімді болып саналатын табиғи-антропогендік ландшафт құрылымдарын қалпына келтіру міндеті тұр.

Қазақстан аумағындағы мүмкіндігінше шектелген экологиялық жүктеме (МШЭЖ) көрсеткіштеріне негізделе отырып, экологиялық шиеленістің бес деңгейін көрсетуге болады (29-сурет).

Қазіргі экологиялық жағдайдың шиеленісу сипатына әрбір деңгей факторларының ортақ белгісіне қарай қосымша провинцияларға жіктеледі. Мысалы, бір топқа ірі өнеркәсіпті қалалар су ортасы мен топырақты мелиорациялау шаралары, ал екінші жағдайда тау-кен өнеркәсібінің өндірістері шоғырланған геоэкологиялық аймақтар жерді рекультивациядан өткізу және ауа ортасын жақсарту шараларын жүргізу бойынша біріктіріледі (7-кесте).



29-сурет. Қазақстанның геоэкологиялық аудандастырылуы

## Қазақстанның табиғи ортасындағы экологиялық шиеленіс деңгейі

Экологиялық шиеленіс деңгейі	Табиғи ортадағы экологиялық шиеленістің критерийлері	Геожүйенің бұзылуы, % есебімен	Кіретін аймақтар
Апатты деңгей (1)	Көптеген табиғат компоненттерінің түбегейлі, қайтымсыз өзгерістері тән аумақтар	81–100	Арал теңізінің қазіргі, бұрынғы акваториясы; Кенді Алтайдың өндірістік ареалы; Семей ядролық полигоны; Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауы
Қауіпті деңгей (2)	Көптеген табиғат компоненттерінің үлкен, алайда қайтып қалпына келтіруге болатын өзгерістері тән аумақтар	61–80	Балқаш, Жамбыл, Жезқазған, Қызылорда, Теміртау, Шымкент өндірістік ареалдары, Алматы, Қарағанды қалалары; Соколов-Сарыбай, Павлодар, Екібастұз өндірістік кешендері; Жетібай-Өзен, Теңіз мұнай өндіру және мұнай химия кешендері; Байқоңыр ғарыш полигоны, Арал теңізіндегі Возрождение полигоны; Ертіс, Сырдария, Нұра, Арыс өзендері; Балқаш көлі
Шиеленіскен деңгей (3)	Жекелеген табиғат компоненттері едәуір қолайсыз өзгерістерге ұшыраған, алайда қалпына келтіруге болатын аумақтар тән	41–60	Ембі, Ақтөбе мұнай өнеркәсібі алабы; Қарашығанақ газ-конденсат кен орны; Ақшатау, Атасу-Қаражал, Жаңатас-Қаратау, Қашар, Саяқ, Текелі, Жетіқара өндірістік-аймақтық кешендері; Ақтау, Ақтөбе, Атырау, Семей қалаларының урбо-өндірістік кешендері; Қапшағай және Шардара су бөгендерінің аквальды кешендері; Іле, Шу өзендері
Қанағаттанарлық деңгей (4)	Табиғат компоненттерінің айқын, алайда тез арада қалпына келтіруге болатын өзгерістер тән аумақтар	21–40	Нұр-Сұлтан, Көкшетау, Талдықорған, Петропавл, Орал қалаларының урбо-өндірістік кешендері; Есіл, Талас, Тобыл, Сарысу, Жайық өзендерінің аквальды кешендері
Қолайлы деңгей (5)	Қолайсыз экологиялық өзгерістер байқалмайтын аумақтар	0–20	Қазақстанның адам аз қоныстанған аймақтары: шөлейттер, шөлдер, таулы аймақтар және т.б.

Қазақстанның экологиялық қауіпті аймақтарының айқындалуы осы аумақтардағы геожүйелердегі ғылыми-қолданбалы мәселелерді тиімді шешуге, табиғи ортаның табиғи-антропогендік геожүйелерін қалпына келтіруді оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан аумағы экологиялық шиеленіс деңгейі бойынша қазақстандық геоэколог А.В.Чигаркиннің ұсынуымен экологиялық тұрғыда 5 деңгей мен 47 провинцияға бөлінеді.

*Аумақтың геоэкологиялық аудандастырылуы — белгілі бір аумақты кеңістіктегі орнына сәйкес мақсатты түрде экологиялық мазмұндағы ортақ және өзіндік сипаттарына сүйене отырып даралайды. Ондағы нақты табиғат компоненттерін айқындайтын критерийлер негізінде экологиялық тұрғыдан жіктеп, оларды картаға түсіреді және кешенге сипаттама береді.*



Геоэкологиялық аудандастыру қандай факторларға негізделеді?



Геоэкологиялық аудандастыру бізге қандай ақпараттар береді?



Өзің тұратын аймақтағы экологиялық шиеленіс деңгейін анықтап, оған себеп болған факторларды сипатта.

## § 20. Геоэкологиядағы антропогендік факторлар

Адамзат табиғи жүйелерге әсер еткенде, ең алдымен, табиғи үдерістердің сыйымдылығына, бағыттарына және жылдамдықтарына, зат және энергия ағындарының циклеріне ықпал етеді. Ол бір немесе бірнеше параметрдің өзгеруінен болады. Табиғи орта параметрлері бір-бірімен байланысты болғандықтан, олардың бірінің өзгерісі екіншілеріне әсер етеді.

### Бүгінгі сабақта:

— табиғатқа әсер ететін антропогендік факторларды топтастыруды оқып-үйренесіңдер.

**Табиғатқа әсер ететін антропогендік факторларды топтастыру.** Табиғи ортаны сипаттайтын көрсеткіштер: тұрақтылық, икемділік, инерция, сыйымдылық және ортаның өзгеру шектері. Табиғи ортаны өзгертетін антропогендік факторлардың ықпалы мынадай (30-сурет).



30-сурет. Табиғатқа антропогендік факторлардың ықпалы

**Жетекші ұғымдар:**

- ✓ ормандардың жойылуы
- ✓ топырақтың антропогендік бұзылуы
- ✓ жылыжай эффектісі

**Ормандардың жойылуы.** *Орман ресурстары* биологиялық ресурстардың маңызды түрі болып табылады. Ормандар мен бұталар 4 млрд га жерді алып жатыр, яғни құрлықтың 26,8%-ын ормандар алып жатыр. Ағаш сүрегінің қоры 330 млрд м<sup>3</sup>. Бұл сан

ұдайы өзгеріп тұрады. Орманды кесу қарқыны оны қалпына келтіру қарқынынан асып түседі.

ФАО ұйымының деректері бойынша қазіргі кезде жыл сайын кемінде 6 млн га орман жойылады. Әсіресе Амазония мен Индонезиядағы тропиктік ормандардың жойылу салдары төтенше сипат алады. Ылғалды тропиктік ормандар ғаламшардағы ең бай экожүйелер болып табылады. Мұнда ғылымға белгілі жануар және өсімдік түрлерінің 80%-ына жуығы кездеседі. Сол себепті ормандардың жойылуы биологиялық алуан түрліліктің азаюына, қайталанбас орман ландшафтыларының жойылуына алып келеді. Ғалымдардың пікірінше, фотосинтез көлемінің қысқаруы жылыжай эффектісін ұлғайтады.

**Топырақтың антропогендік бұзылуы және шөлейттену.** Адамзат саны артқан сайын, жер ресурстарына сұраныс арта береді, яғни жарамды жерлерге жүктеме күшейеді.

Жер ресурстарын пайдаланудағы басты мәселе — *топырақтың антропогендік бұзылуы* (деградациясы). Ол топырақ құнарлылығының төмендеуі, су және жел эрозиясы, топырақтың ластануы, су басу, қайтара тұздану мен батпақтану, жайылымдар өнімділігінің төмендеуі әсерінен болады. Қазіргі кезде адамзат бұрын пайдаланып келген жер қорының 2 млрд гектарынан осы факторлар салдарынан айырылып қалған. Жыл сайын тек эрозия әсерінен 6-7 млн га жер айналымнан шығып қалады.

Екінші бір мәселе — *шөлейттену*. Бұл мәселенің тікелей және жанама салдарлары бар. Антропогендік шөлейттену көлемі қазіргі кезде 10 млн км<sup>2</sup> аумақты қамтыған, бұл әлемдік жер қорының 8%-ға жуығын құрайды.

XX ғасырда шөлейттену үдерісі экологиялық және әлеуметтік-экономикалық ғаламдық мәселеге айналып отыр. Жер шары халқының санының күрт өсуі, ауылшаруашылық өнімділігі жоғары шұрайлы жерлер толық игерілуі, табиғи ортаға техногендік әсер салмағының артуы бұл үдерісті одан әрі күшейтуде.

Ғалымдардың соңғы есептеулері бойынша Жер шарында жылына 50-ден 70 мың км<sup>2</sup> құнарлы жер жарамсыз болып табылуда.

Шөлейттену үдерісі жұтаң топырақ өсімдік жамылғысының маусымдық кезеңдердегі жиі қайталанатын құрғақшылықтар әсерінен болады.



31-сурет. Жылыжай эффектісі (Climate Vitae Graphics бойынша)

**Жылыжай эффектісінің пайда болуы.** Жылыжай эффектісі атмосфераның төменгі қабаттарының жылынуынан болады. Ол атмосфераның күн радиациясын өткізіп, жер бетінің жылулық сәулеленуін ұстап қалу қабілетімен тығыз байланысты. Атмосферада жылыжай газдарының (көміртек қос тотығы, метан, фреон, азот тотықтары және т.б.) болуы жер бетінен кері көтерілетін жылуды едәуір дәрежеде ұстап қалады. Жылыжай газдары ғаламшар үстінде жылыжайдың алып шатырын түзеді, сол себепті жер бетінен көтерілген жылу кері қайтады (31-сурет).

Атмосферадағы жылыжай газдарының мөлшері көп болған сайын ауа температурасы артады. Ғалымдар жылыжай эффектісінің кері салдары ретінде мұздардың жаппай еруін, осының әсерінен Дүниежүзілік мұхит деңгейінің көтерілуін, жауын-шашын мөлшерінің артуын, желдер мен мұхит ағыстары бағыттарының өзгеруін, жалпы климаттың жылынуын және т.б. атайды.

**Қоршаған ортада табиғи айналымдардың бұзылуы.** Қоршаған табиғи ортада зат пен энергия, су, биологиялық айналымдар үздіксіз жүреді. Айналымдардың табиғаттағы маңызы өте зор, өйткені айналымдар нәтижесінде үдерістер мен құбылыстардың көп рет қайталануы жүзеге асады. Антропогендік факторлар осы айналымдарға кері ықпал етуде.

Шаруашылық мақсатта пайдаланылатын су мөлшерінің күрт артуы Жер шарындағы гидрологиялық, яғни сумен байланысты үдерістердің барысын өзгертуде. Өйткені су айналымын үздіксіз тізбек түрінде

елестетсек, сол тізбектің бір буынындағы өзгеріс бүкіл тізбектегі өзгерістерге себепші болады.

Адамның шаруашылық әрекеті нәтижесінде өзен суларының жылдық ағыны өзгерген. Өндірісте пайдаланылатын сулар өндірілген өнім құрамына еніп немесе қалдық су күйінде жердің терең қойнауына кетіп, айналымға түсуі қиындайды. Өндірісте және тұрмыстық қалдықтармен ластанған сулар табиғаттағы су айналымының нәтижесінде гидросфераның барлық дерлік бөлігіне таралуда. Ғалымдар қазіргі кезде адамзат үшін судың тапшылығы емес, ластануы басты мәселе деген пікір айтуда.



Табиғатқа әсер ететін антропогендік факторларды азайту үшін қандай ұсыныс беруге болады?



Жылыжай эффектісінің климаттың өзгеруіне әсері туралы шағын эссе жазыңдар.



## **7-сарамандық жұмыс**

### **Табиғатқа әсер ететін антропогендік факторлардың кері әсерін азайту жолдарын ұсыну**

(Қазақстандағы өндіруші өнеркәсіптің мысалында)

**Жұмыстың мақсаты** — таңдап алынған өнеркәсіп саласы бойынша қоршаған ортаға әсерін талдау.

### **Әдістемелік нұсқау**

Сарамандық жұмыс 2 сағат көлеміне есептелген: 1-сабақта тапсырмалар мұғалімнің көмегімен орындалады; 2-сабақта орындалған тапсырмалар нәтижесінде жұмыс жүргізіледі. Бұл тапсырманы орындау үшін таңдап алған тақырып бойынша Қазақстан Республикасының экономикалық картасына талдау жасап, әрбір өндіруші өнеркәсіп саласының негізгі ерекшеліктерін анықтайды.

Қорытынды ретінде антропогендік фактор әсерін азайту жөнінде жоба ұсынуға болады.

### **Тапсырмалар**

1. Таңдап алынған өндіруші өнеркәсіп саласының (мұнай, газ, темір кені, түсті металл өндіру, химиялық шикізат түрлерін және құрылыс материалдарын т.б. өндіру) Қазақстан экономикасындағы маңызын анықтау.
2. Өндіруші саланың кен орындарының орналасуы, өндіру жағдайын талдау.
3. Саланың қоршаған ортаға ықпал етуін үлгі-сызба түрінде көрсету.
4. Саланың қоршаған ортаға ықпалын жалпы бағалап, қоршаған ортаға әсерінің болашақтағы өзгерісіне болжау жасау.
5. Қорытынды. Табиғатқа әсер ететін антропогендік факторларды азайту жолдары бойынша өзіндік жоба ұсыну.

## § 21. Ғаламдық экологиялық мәселелер

### Бүгінгі сабақта:

— ғаламдық экологиялық мәселелердің түрлері мен пайда болу механизмін білесіңдер.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ табиғи ортаның ластануы
- ✓ озон қабатының жұқаруы
- ✓ шөлейттену

### Глоссарий:

- **Шөлейттену** — аумақтардың тиімсіз пайдаланылуы әсерінен тұтас өсімдік жамылғысынан айрылуы.

Қазіргі заманғы экологиялық мәселелер, негізінен адамның экономикалық, рекреациялық, әскери, мәдени және т.б. әрекеттерімен байланысты туындайды. Олар ауқымына байланысты ғаламдық, аймақтық және жергілікті болып келеді. Адамзат болашағы үшін ғаламдық мәселелерді шешуге бағытталған қадамдар аса маңызды болып табылады. Ғаламдық экологиялық мәселелер қатарына қоршаған ортаның ластануы, табиғат ресурстарының азаюы, жылыжай эффектісі, озон қабатының жұқаруы, қышқыл жаңбырлар, фото-химиялық түтін, климаттың өзгерістері, шөлейттену, топырақ жамылғысының деградациясы мен эрозиясы, орман алқаптарының қысқаруы, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің жұтануы және т.б. жатады.

Дүниежүзіндегі қазіргі заманғы экологиялық жағдайдың нашарлауын адамзаттың тұтыну ауқымы мен биосфераның ресурстық-экологиялық мүмкіндіктерінің сәйкес келмеуімен түсіндіруге болады. Ноосфера туралы ілімнің негізін қалаған академик В.И.Вернадский ХХ ғасырдың ортасында-ақ адамзаттың шаруашылық әрекеті географиялық ортаға табиғаттың өзінде жүріп жатқан геологиялық үдерістерден кем әсер етпейтіндігі туралы жазған. Одан бергі өткен уақытта адамның табиғатқа әсері одан сайын арта түсті, экологиялық мәселелер ауқымы жөнінен *ғаламдық* сипат алды. Ғаламдық экологиялық мәселелер түрліше сипатта болады. Олардың аса маңыздыларына *табиғи ортаның ластануы* мен *жай-күйінің нашарлауы* жатады.

**Табиғи ортаның ластануы.** Адамның шаруашылық әрекеті қоршаған ортаның шамадан тыс ластануына алып келді. Атмосфера мен гидросфераның өнеркәсіп пен ауылшаруашылығы қалдықтарымен, ал Дүниежүзілік мұхиттың мұнаймен ластануы, топырақ қабатында ауыр металдар мен улы заттардың шоғырлануы, тұрмыстық қалдықтар көлемінің артуы ақыр соңында адамның денсаулығына қауіп төндіреді.

Ең «лас» өнеркәсіп салаларына тау-кен және құрылыс материалдарын өндіру, энергетика (әсіресе ЖЭС), қара және түсті металлургия, мұнай өндіру мен өңдеу, химия өнеркәсібі, целлюлоза-қағаз өндірісі, тамақ өнеркәсібі жатады. Мәселен, 1 т шойын өндіру барысында

атмосфераға 4,5 кг қатты заттар, 2,7 кг күкіртті газ, сондай-ақ қорғасын, сынап буы бөлініп шығады. 1 т алюминий алу үшін 38–47 кг фтор пайдаланылады, кейіннен оның 65%-ы атмосфераға шығарылады. Кен байыту фабрикаларының үстінде мұржалардан шыққан улы түтін будақтап жатады. Химия өнеркәсібі ауаға стирол, фенол, ацетон, күкірттің қос тотығы, күкірт ангидридін тәрізді улы қосылыстарды бөледі. Ал жылдан-жылға саны артып отырған автокөлік ауаны өнеркәсіптен кем ластамайды, қазіргі кезде оның үлесіне атмосфера ластануының 60%-ы тиесілі. Қара қошқыл фотохимиялық тұман тұмшаның түзілуіне автокөліктер бөліп шығаратын газдар тікелей әсер етеді.


БҰҰ-ның ғаламдық экологиялық мониторинг жүйесінің мәліметтеріне қарағанда өзендердің нитраттармен, фосфаттармен және пестицидтермен, қалдық сулармен ластануы артуда.

Ядролық энергияны бейбіт мақсатта пайдалану мүмкіндігі де қоршаған ортаға өзіндік қауіп-қатер төндіреді. 1986 жылы сәуір айында Чернобыль АЭС-де (Украина) болған жойқын апаттың зардаптары осы кезге дейін сақталып отыр. Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің (АЭХА) қызметі атом энергиясы өндірісін экологиялық қауіпсіздігі мен экономикалық тиімділігі жоғары салаға айналдыруға бағытталған.

Атмосферада көмірқышқыл газы үлесінің артуы дүниежүзі ғалымдары *жылыжай эффектiсi* деп атаған қауіпті жағдайға апарып соғуы мүмкін. Оның мәнісі көмірқышқыл газы күн сәулесін әйнек тәрізді өткізіп отырғанымен, жер бетінен бөлінетін жылуды өткізбейді, соның салдарынан климат жылынады. ХХ ғасырдың 80-жылдарынан бастап Жер шарындағы климаттың ғаламдық жылынуы туралы жиі айтылып жүр. Ғалымдардың болжамы бойынша Жер ғаламшарында 2020 жылға қарай ауа температурасы қазіргімен салыстырғанда 2,5°C-қа, ал 2050 жылға қарай 4°C-қа көтеріледі. Бұл өз кезегінде мұздықтар көлемінің азаюына, жауын-шашын мөлшерінің, желдер мен мұхит ағыстары бағыттарының өзгеруіне алып келеді. Соның нәтижесінде Дүниежүзілік мұхиттың деңгейі көтеріліп, кейбір аралдар мен жағалауларды су басуы мүмкін. Кейбір ғалымдар керісінше ауа температурасының жоғарылауынан оң нәтижелер күтеді: жоғары ендіктер есебінен ауылшаруашылығына жарамды жерлердің ауданы ұлғаяды, Солтүстік теңіз жолын жыл бойы пайдалануға болады, жағалау сулары ірі кемелерді қабылдау мүмкіндігіне ие болады. Дегенмен климаттың ғаламдық жылынуы ғаламшар тіршілігіне қалай әсер ететіні әлі де айқын емес.

**Озон қабатының жұқаруы мәселесі.** Озон қабатының Жер ғаламшарын ғарыштан келетін ультракүлгін сәулелерден қорғайтынын

білесіңдер. 1984 жылы британдық ғалымдар Халли-Бей<sup>1</sup> стансысында соңғы 10 жыл ішінде атмосфера құрамындағы озонның 40%-ға азайғанын анықтады. Бірнеше рет зерттеу сынақтарын жүргізгеннен соң 1985 жылы озон қабығының жұқаруы туралы әйгілі мақала жарық көрді. Ал америкалық ғалымдар 1978 жылдан бері жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Антарктида үстінде әсіресе көктемге қарай озон мөлшерінің күрт азаятындығын анықтап, озон қабығының жұқару картасын құрастырған (32-сурет). Озон қабығы жұқарған бөлік ауданы жағынан АҚШ жерімен шамалас болып шыққан. Ғалымдар арасында күтпеген тосын жаңалық болған бұл құбылыс атмосфера құрамында хлорфторсутекті қосылыстар фреонның көбею салдарынан болатындығы дәлелденді.



32-сурет. Озон қабатының жұқаруы және аумағының ұлғаюы



Фреондар әсерінен озон қабатының жұқаруы мынадай жолмен жүреді: қыс кезінде Антарктида үстіндегі атмосфера қабатында полюс маңы құйыны пайда болады. Ол материк үстіндегі ауа қабатын өзімен бірге қозғалысқа келтіріп, жоғары тартып әкетеді. Осы ауамен бірге көтерілген фреон ғарыштық сәулелер әсерінен ыдырап, оның құрамынан хлор бөлініп шығады. Хлор озон молекуласымен әрекеттесіп, пайда болған қосылыс төмен температура ( $-90^{\circ}\text{C}$ ) әсерінен қатады. Көктемге қарай күн сәулесі әсерінен бұл қосылыстар қайта ыдырап, енді озон мен хлор орнына оттегі мен хлор түзіледі. Босап шыққан хлор қайтадан озон молекуласымен қосылып, озонды қайтадан оттегіге айналдырады. Хлордың озон молекуласын ыдырату әрекеті тоқтаусыз жалғаса береді. Мәселен, 1 хлор атомы 100 мың озон молекуласын ыдыратады. Сөйтіп, көктемнің бірнеше аптасы ішінде Антарктида атмосферасының құрамындағы озон мөлшері 97%-ға дейін азаяды. Жазда полюс маңындағы құйын әрекеті бәсеңдеп, озонды азайған ауа Жер шарының басқа аймақтарына ауысады. Антарктида үстіне басқа аймақтардан келген құрамында озон мөлшері жеткілікті ауа есебінен озон қабаты келесі көктемге дейін қалпына келгендей болады. Қорыта айтқанда, Антарктида үстінде фреондар әрекетінен Жер шарындағы озон қабатының жұқаруы жылма-жыл қайталануда. Сондай-ақ озон қабатының жұқаруы Арктика үстінде де байқалуда, бұл құбылыс қоңыржай белдеудің кейбір бөліктерінде де тіркелген. Соңғы кезде ғалымдар озон қабатының жұқаруына дыбыстан жылдам ұшатын реактивті ұшақтар мен ғарыштық зымырандарды жиі ұшырудың да әсері болуы мүмкін екендігін жоққа шығармайды.

Ауадағы ультракүлгін сәулелердің көбеюі адамдарда көз аурулары мен тері рагының жаппай белең алуына себепші болады.

<sup>1</sup> Халли-Бей — Антарктидада орналасқан британдық полярлық ғылыми стансы Жер шарындағы климатты зерттеумен айналысады.

Сондай-ақ ДНК молекулаларын бұзу арқылы қайтымсыз өзгерістерге алып келуде. Озон қабатының жұқаруы Жер шарындағы тіршілік дүниесіне, адамзат өркениетіне зор қауіп төндіруде. Осы себепті бұл апатты құбылыс адамзаттың ғаламдық мәселесіне айналып отыр. Озон қабатының жұқаруын мейлінше тежеу мақсатында 1985 жылы Вена конвенциясы, 1989 жылғы Монреаль хаттамасы бойынша озонды ыдырататын қосылыстарды шығаруды шектеуге қол қойылды. Қазіргі кезде дүниежүзі қауымдастығы бұл шарттарды орындауға басты назар аударуда.

**Ормандар аумағының қысқаруы.** Қазіргі кезде дүниежүзінде ормандар құрлықтың 31%-ын, яғни жалпы ауданы 4 млрд га аумақты алып жатыр.

Соңғы 200 жыл ішінде ормандардың ауданы екі есеге жуық қысқарған. Жыл сайын жер бетінен жойылатын ормандардың шамамен 10 млн га тропиктік ормандар құрайды. Олардың тек 10%-ы ғана қалпына келтіріледі. Орман алқаптарының жойылуына әсіресе апатты өрттер, қышқыл жаңбырлар, ағаштарды есепсіз кесу себепші болуда. Дамушы елдерде орман алқаптары жайылымдар мен егістік жерлердің көлемін ұлғайту мақсатында кесіліп, бағалы ағаш сүректері жоғары дамыған елдерге сатылады. Дамушы елдердің көпшілігінде кесілген ағаштар отын ретінде пайдаланылады. Ормандар ауа мен топырақ қабатының ластануынан да зардап шегуде. Мұның барлығы орман алқаптарының күрт азаюына, түр құрамының жұтаңдануына әкеп соғуда. Атмосфераны ұдайы оттегімен байытып отыратын ормандардың жойылуы топырақтың құнарлы қабатының тез шайылуына, су режимінің өзгеруіне кері әсерін тигізеді.

**Шөлейттену.** Жер шарының көптеген аудандарында жүріп жатқан шөлейттену көбінесе адам әрекетінен болатыны белгілі. Шөлейттенудің апатты сипат алуына табиғи және антропогендік факторлардың ықпал етуі себепші болады. Антропогендік факторлар қатарына жайылымдық малшаруашылығы әсерінен онсыз да сирек өсімдік жамылғысының жұтаңданып, топырақтың тозуы, жерді есепсіз жырту мен ормандар мен бұталардың оталып, өртелуі, жолдар мен құрылыс салу нәтижесінде топырақ жамылғысының бұзылуы жатады. Шөлейттенуге әсер етуші табиғи факторлар ретінде жел эрозиясы мен топырақтың беткі қабатының кебуі, қуаңшылықты атауға болады. Дүниежүзінде шөлейттенуге ұшыраған аумақтар ауданы жыл сайын ұлғайып келеді.

Соңғы деректерге қарағанда, XX ғасырдың екінші жартысындағы адамның шаруашылық әрекеті әсерінен мұндай жерлердің ауданы 9 млн км<sup>2</sup>-ге артты. Ал 30 млн км<sup>2</sup> аумақ жұтаңдану алдында тұр. Шөлейттену құбылысы дүниежүзінің 100-ден астам елін қамтуда,

ол әсіресе дамушы елдерді тұралатуда. Халық саны жедел өсіп келе жатқан бұл елдерде жылына 6-7 млн га құнарлы жердің шөлейттенуге ұшырауы тұрғын халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуді қиындатады. Мәселен, Үндістандағы халық тығыз қоныстанған (орташа 1 км<sup>2</sup>-ге 100 адамнан астам) құрғақ аудандардың бірі — Тар шөлі. Үндістан жерінің 80% -ға жуығы қайта-қайта қуаңшылыққа ұшырауда. Сондай-ақ Африканың Сахель зонасында да шөлейттенудің барлық түрлері байқалуда. Бұл аймақта ХХ ғасырдың 60-жылдарында басталып, ұзаққа созылған қуаңшылық 1973 жылы шырқау шегіне жетті. Соның нәтижесінде мал басы жаппай қырылып, Африканың көптеген елдерін аштық жайлады. Қуаңшылық жылдарында аймақтағы ірі өзендер қатарына жататын Нигер мен Сенегал өзендерінің де ағысы уақытша тоқтап, құдықтар мүлде кеуіп қалды. 80-жылдары қуаңшылық пен шөлейттену Африканы түгелге жуық қамтыды. Соның нәтижесінде 1985 жылы 1 млн-нан астам адам қазаға ұшырап, 10 млн адам экологиялық босқындарға айналды. Материктің жекелеген бөліктерінде шөлейттенген жерлер жылына 10 км-ге дейін ілгері жылжуда.

Мұндағы апатты қуаңшылық халықаралық қауымдастықтың назарын аударуда. БҰҰ мен Халықаралық ғылыми және қайырымдылық ұйымдары тарапынан апаттың алдын алу шаралары жүргізіліп, жергілікті халыққа жан-жақты көмек көрсетілуде.



Ғаламдық экологиялық мәселелер дегеніміз не? Неге олар ғаламдық сипат алуда?



1. Қоршаған ортаның ластануы қандай экологиялық апаттарға әкеліп соғуы мүмкін? Жауаптарыңды нақты мысалдармен түсіндіріңдер.
2. Озон қабатының жұқаруы әсерінен адам денсаулығына қандай зиян келуі мүмкін?
3. Экономикалық деңгейі төмен елдерде қандай экологиялық мәселелер белең алуы мүмкін?



1. Жоғары дамыған елдердегі экологиялық мәселелердің басты белгілері қандай? Қалай ойлайсыңдар, неге олар бұл мәселелерді дер кезінде шеше алмайды?
2. Қазақстан жерінде шешімін таппаған қандай экологиялық мәселелер бар? Нақты мысалдар келтіріңдер.



Қосымша материалдарды пайдаланып, төмендегі тақырыптарға рефераттар дайындаңдар:

1. Африка елдеріндегі шөлейттену мәселесі;
2. Ірі қалалардағы атмосфераның ластануы және оның зардаптары;
3. Қазақстандағы басты экологиялық мәселелер.

## § 22. Геоэкологиялық үдерістерде географиялық қабық заңдылықтарының рөлін анықтау

Геоэкологиялық үдерістерде географиялық қабық заңдылықтарының маңызы зор. Олар антропогендік ықпалмен қатар әрекет етіп, өзгеріске түсуі мүмкін.

**Географиялық қабықтағы ырғақтылық.** Географиялық қабықта ырғақтылық *мезгілдік және циклдік* сипат алады. Мезгілдік ырғақтылық белгілі бір уақыт аралығында (тәулік, жыл мезгілі) тұрақты қайталанатын табиғи құбылыстарды қамтиды. Оларға күн мен түннің алмасуы, мұхит суларының толысуы мен қайтуы, жергілікті желдер бағытының өзгеруі, жыл мезгілдерінің ауысуы және т.б. жатады.

Циклдік ырғақтылық қайталану мерзімі өзгеріп тұратын құбылыстарды біріктіреді. Мәселен, Күн бетіндегі дақтар 9–14 жылда аумағын ұлғайтады, ал Жерде магнит дауылдарын туғызатын Күн қарқындылығының артуы әрбір 11 жыл сайын қайталанады. Апатты жер сілкінулері мен жанартау атқылаулары, климаттың суынуы мен жылынуы, қуаңшылық, су тасқындары ырғақты түрде ұзақ уақыт (11, 22-23, 80–90 жылдық және т.б.) аралығында қайталанып отырады. Ал геологиялық циклдердің қайталануы бірнеше жүз жылдан миллиондаған жылдарға дейінгі уақыт аралығын қамтиды, онымен тіршіліктің дамуы және өзгерісі де тығыз байланысты.

*Тәуліктік циклдер* (Жер шарының өз осінен айналуы) — күн мен түннің ауысуы, температураның, абсолютті және салыстырмалы ауа ылғалдылығының тәулік ішіндегі өзгерістері, фотосинтез, түнгі және күндіз белсенді тіршілік ететін жануарлар, түнгі және күндізгі бриздер, суық судың түнде газдарды сіңіріп, күндіз бөліп шығаруы.

*Маусымдық циклдер* Жердің Күнді айналуына байланысты болады. Бұлар — ландшафтылардың алмасуы, мұз жүруі, су толысуы, жануарлардың ұйқыға кетуі, балықтардың, құстардың, сүт қоректілердің миграциялары.

*Ғасыршілік циклдер* (Жердің Күн жүйесінде қозғалуы) — 35–40 жыл сайын ылғалды және салқын жылдардың жылы және құрғақ жылдармен алмасуы, көлдердің сулылығының, күн қарқындылығының 11, 35–40, 90–100 жыл сайынғы тербелістері.

*Ғасырлық тербелістер* күн белсенділігінің күшеюіне байланысты болады. Ол вулканизм, апатты сел құбылыстарымен сипатталады. Ғасыр ішінде ұзақтығы 35–40 жыл болатын ғасыршілік тербелістер

### Бүгінгі сабақта:

— геоэкологиялық үдерістерде географиялық қабық заңдылықтарының рөлін анықтайсыңдар.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ географиялық қабық
- ✓ ырғақтылық заңдылығы
- ✓ мезгілдік ырғақтылық
- ✓ циклдік ырғақтылық

орын алады. Ол көлдер деңгейінің өзгерістері, құрғақшылық және т.б. көрінеді. Бұдан әрі 11 жылдық, 3,5 жылдық және 1 жылдық циклдер жіктеледі. Бұлардың барлығына да ғарыштың әсері бар.

Ырғақты құбылыстар да зат айналымдары сияқты тұйық емес: жапырағын тастаған ағаштар одан әрі өсе береді, мұздан босаған жазық одан әрі дами береді.

**Даму.** Тербелмелі ырғақтылық фонында табиғи ортаға бағытталған өзгерістер түрінде болатын даму жүреді:

а) жыраның сайға айналуы;

ә) көл геожүйесінің қалыптасуы және біртіндеп көл қазаншұңқырының борпылдақ жыныстармен және органикалық қалдықтармен толып, көл геожүйесінің біртіндеп жойылуы;

б) аумақтың ландшафтылық құрылымындағы ярустылықта көрінетін жер бедерінің эрозиялық циклдері мен сатылары және жер бедерінің денудация әсерінен тегістелуі.

Дамуға мынадай өзіндік кезеңдер тән: пайда болу, жастық, кемелдену, қартаю және толығымен жойылу. Бұларды геожүйенің толық «өмір циклі» деуге болады. Геожүйелердің дамуы белгілі бір заңдылықтарға бағынады, оларды ландшафтылық баламалау әдісінің көмегімен жергілікті жерде анықтайды, сол себепті оны болжау да оңай.



Геоэкологиялық үдерістердегі ырғақтылық заңдылығының рөлі қандай?



Ғасырлық тербелістердің географиялық қабықтың дамуына ықпалы қандай?

## § 23. Ғаламдық экологиялық мәселелерді шешудегі әлемдік тәжірибе

### Бүгінгі сабақта:

— ғаламдық экологиялық мәселелерді шешудегі әлемдік тәжірибені зерттеу жолдарын білетін боласыздар.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ жаңа экологиялық стратегия
- ✓ тұрақты даму концепциясы

**Жаңа экологиялық стратегия.** Шаруашылықтың қоршаған ортаға зиянды әсерін азайту мақсатында өндірістің аумақтық-салалық құрылымын өзгерту, жаңа технологияларды енгізу, қалдықтарды өңдеу мен залалсыздандыру шаралары жүргізілуі қажет. Экономикалық даму деңгейінің әртүрлі болуы елдердің экологиялық мәселелерді шешу мүмкіндігін де түрліше етеді. Іс жүзінде елдің экологиялық саясатының нақты экономикалық жағдайға тәуелді болатыны белгілі.

Жалпы алғанда, дүниежүзілік шаруашылықтың қоршаған ортаға тікелей әсер етуінен болатын шығын әлемдік ЖІӨ-нің 5–8%-ын,



ал табиғатты қорғау мен қалпына келтіруге бөлінетін қаржы бар болғаны 1%-ын ғана құрайды. Әрине, бұл көрсеткіш елдер бойынша алшақтық жасайды (11-қосымша).

Экологиялық апаттың алдын алуға бағытталған шараларды жүзеге асыру табиғатты пайдалану үдерісіне жаңа көзқарасты талап етеді. Жоғары дамыған елдердің ХХ ғасырдың 70-жылдарынан бастап *ресурс сақтаушы технологияларға* көшуі шикізат бағасының артуына және экологиялық талаптардың күшейтілуіне алып келді. Көптеген ғалымдар дамушы елдер жағдайында «батыстық үлгіні» қаз-қалпында енгізу мүмкін еместігін айтады. Бұл елдердің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлерінің әртүрлі болуымен және тұрғын халықтың өзіндік ерекшеліктерімен (әдет-ғұрпы, діни нанымдар мен өмір салты) түсіндіріледі. Сондықтан дамушы елдердің өзіндік *балама (альтернативтік)* даму жолы болатыны сөзсіз.

Ресурс сақтаушы және қалдықсыз технологияларды дамушы елдерде жаппай енгізу шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымын түбегейлі өзгертпейінше мүмкін емес. Бұл ақыр соңында еңбек өнімділігінің артуына, өндірістің экологиялық қауіптілігін азайтуға себепші болар еді.

Шаруашылық құрылымын қайта құру байырғы өнеркәсіптік аудандардың мамандану бағыты мен жаңа аудандардың игерілу сипатын өзгертіп, еркін экономикалық аудандардың қалыптасуына, технополистер мен басқа да ғылыми-өндірістік бірлестіктердің пайда болуына әкеп соқты. Индустриялық кезеңде басым болған жаппай (сериялық) өндірістің орнын ендігі жерде әртүрлі және сапалы өнімдер жасауға бағдарланған өндіріс алмастыра бастады. Бұл өз кезегінде, алдыңғы қатарлы құрал-жабдық пен өндірісті ұйымдастырудың жаңа үлгілерін (компьютерлік дизайн, робот техникасы) пайдалануды қажет етті. Соның нәтижесінде жаңа индустриялық елдер мен жетекші дамушы елдерде экспорттық өндіріс зоналары қалыптасып дамуда.

Шаруашылық құрылымының түбегейлі өзгеруі (шикізатты көп қажет ететін салалардың қысқаруы, өндірістің жаңа сипатқа көшуі) қызмет көрсету саласы үлесінің күрт артуына жағдай жасады. Бұл салада жұмыс істейтіндер саны жылдан-жылға өндірістен қысқарған жұмыс күші есебінен де өсуде. Әсіресе халықаралық туризмнің бірқатар елдерде жедел қарқынмен дамуы халықтың әл-ауқатының жақсаруына, жергілікті жердегі көлік қатынасы мен туристерге қызмет көрсету сапасының артуына алып келді.

**Тұрақты даму концепциясы.** Адамзат өркениеті дамуының материалдық негізі болып табылатын дүниежүзілік шаруашылық қоршаған ортаға барған сайын күшті әсер етуде. Жекелеген елдердің қоршаған ортаға зиянды ықпалының ауқымы, ең алдымен, экономикасының

даму деңгейімен анықталады. Соңғы онжылдықтарда дамушы елдердің басым көпшілігі қарқынды даму үстінде, бұл өз кезегінде адамзаттың табиғи ортаға әсерін күшейте түсуде. Қазіргі таңда дүниежүзі қауымдастығы қоршаған ортаны қорғау мәселелерін бірлесе шешу қажеттілігін түйсінді деуге болады.

БҰҰ-ның 1992 жылы Рио-де-Жанейро қаласында өткен Қоршаған орта және даму жөніндегі Дүниежүзілік конференциясында *тұрақты даму концепциясы* қабылданған болатын. Бұл тұжырымдама табиғат пен қоғамның өзара үйлесім негізінде дамуын көздейді, мұндай жағдайда адамзаттың қазіргі сұраныстарын өтеу болашақ ұрпақтың мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін шектемейтіндей болуы қажет. Тұрақты даму концепциясының негізгі тұжырымдары мынадай:

- 1) адамдар табиғатпен үйлесімді түрде, салауатты және жемісті өмір сүру құқығына ие болуы керек;
- 2) қоршаған ортаны қорғау қоғамның даму үдерісінің ажырамас бөлігіне айналуы қажет, сондықтан оны жеке-дара қарастыру мүмкін емес;
- 3) қоршаған ортаны жақсарту мен сақтау қажеттілігін қазіргі ғана емес, болашақ ұрпақ та қамтамасыз етуі керек;
- 4) елдердің даму деңгейлері арасындағы алшақтықты азайту және кедейлік пен қайыршылықты жою;
- 5) елдер тұрақты дамуға қол жеткізу үшін өндіріс пен тұтынудың осы мақсатқа келергі келтіретін үлгілерін мүлде пайдаланбауы немесе шектеуі қажет.

Сонымен, тұрақты даму концепциясы өзара тығыз байланысқан үш құрамдас бөліктің *экожүйелерді пайдалану, тиімді экономика, әділетті қоғамның* басын біріктіреді. Ал тұрақтылық принциптері табиғат, экономика және әлеуметтік элементтерді біртұтас жүйе ретінде қарастырады. Географияның тұрақты даму концепциясына қатысты аталған бөліктердің кеңістіктік таралу заңдылықтарын зерттеуімен анықталады. Олардың кеңістіктік ұйымдасу сипаты өзіндік заңдылықтары мен аумақтық айырмашылықтары бар табиғи-аумақтық кешендер түрінде болады. Сондықтан тұрақты даму концепциясын елдердің экология саласында ғана емес, халықаралық қарым-қатынастар жүйесіндегі бағыт-бағдарын да анықтайтын құжат деуге болады.



1. Шаруашылықтың аумақтық және салалық құрылымына экологияландыру қалай ықпал етеді? Нақты мысалдар келтіріңдер.
2. Дүниежүзі елдерін қандай экологиялық-экономикалық топтарға бөледі, топтастыруда қандай көрсеткіш негізге алынған?
3. Қазақстан қай экологиялық-экономикалық топқа жатады деп ойлайсыңдар? Жауаптарыңды нақты мысалмен дәлелдеңдер.



1. Қазақстанда экологиялық зиянды өндірістер қатарына қандай салалардың кәсіпорындарын жатқызуға болады? Олардың зиянды әсерін азайту үшін қандай шаралар жүзеге асырылуда?
2. Жаңа геоэкологиялық стратегияның мәнісін түсіндіріңдер. Біздің ел жағдайында бұл мүмкін бе?
3. Тұрақты даму концепциясының мәнісі неде? Адамзат қоғамының қазіргі даму кезеңінде оны жүзеге асыру мүмкін бе?

## § 24. Экологиялық мәселелерді шешудегі инновациялық технологиялар

*Экологиялық саясат* дегеніміз — мемлекеттегі табиғат қорғау заңнамасы мен оған негізделген мақсатты әрекеттер жиынтығы. Экологиялық саясат қазіргі кезде кез келген мемлекеттің сыртқы және ішкі саясатына қатысты мәселеге айналды, оның мынадай басты бағыттары бар:

- табиғат ресурстарын қоғамдық өндіріс барысында тиімді пайдалану;
- табиғатты адам әрекетінің зиянды зардаптарынан қорғау;
- халықтың экологиялық қауіпсіздігі.

### Бүгінгі сабақта:

— экологиялық мәселелерді шешудегі инновациялық технологиялардың рөлін анықтай алатын боласыздар.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ инновациялық технологиялар
- ✓ экологиялық саясат

Қазіргі дүниеде экологиялық саясат аумақтық сипаты бойынша ғаламдық, ұлттық және аймақтық болып сипатталған. Ғаламдық экологиялық саясаттың негізі 1972 жылы Стокгольм қаласында өткен БҰҰ қоршаған орта мәселелеріне арналған конференцияның Декларациясында қаланған болатын. Мұнда адамның өмір сүру ортасының сапасы оның өмірін тұрақты және жайлы ететіндей болу қажеттілігі атап көрсетілді. Жалпы Декларацияда 26 принцип көрініс тапты.

Қазіргі кезде ғаламдық экологиялық саясатты үйлестіру үшін бірқатар Халықаралық және қоғамдық ұйымдар қызмет етеді. Олардың арасында БҰҰ-ның Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы (ЮНЕП), Халықаралық табиғатты қорғау одағы, Бүкіләлемдік тұмса табиғат қоры, Халықаралық қоғамдық «Гринпис экологиялық ұйымы», Дүниежүзілік банкінің табиғат қорғау мекемесі, Ғаламдық экологиялық қор жұмыс жасайды.

*Экологиялық инновациялық технологиялар* деп қоршаған ортаға тигізетін кері әсерді мейлінше азайтуға бағытталған іс-шаралар жиынтығын айтуға болады. Бұл шаралар табиғат ресурстарын барынша тиімді пайдалана отырып, қоршаған ортаға шығарылатын зиянды заттардың үлесін неғұрлым азайтуға бағытталған жаңа тауарлар, жүйелер, үдерістер мен бағдарламалар қолдануға негізделген.

Экологиялық инновация түрлерін белсенді пайдалана алатын таза технологиялар секторына:

- құрылысқа баламалы материалдарды пайдалану;
- қалпына қайта келе алатын энергетика;
- баламалы көлік түрлері;
- су ресурстары мен қалдықтарды қайта өңдеуді басқару сияқты салаларды жатқызуға болады.

«Жасыл» экономика тұжырымдарын, сондай-ақ экологиялық инновацияларды жаппай қолданысқа енгізуде БҰҰ-ның тұрақты даму мәселесі бойынша конференциясын өткізушісі ретінде Бразилия көшбасшы ел болып отыр. Бразилияда қалдықтарды қайта өңдеу шара-

лары да жақсы жолға қойылған. Қалдықтарды екінші рет пайдалану барысында жылына 2 млрд. АҚШ доллары көлеміндегі бағалы өнімдер жасалынып, атмосфераға шығарылатын 10 млн т дейінгі зиянды газдарға шектеу қойылып отыр.

«Жасыл» экономика ұстанымдарына көшудегі тағы бір озық ел — *Жапония*. Жапонияның жасыл өнеркәсібі — құрал-жабдықтар мен экологиялық таза өнімдер шығарудан әлемдегі көшбасшы ел. Оның ішінде атом, жылу және баламалы энергетика, теміржол көліктері, автокөлік, құрылыс материалдарын өндіруден ерекше орынды иеленеді. Сондай-ақ тұрғын үй коммуналдық жүйелерінен шыққан қалдық сулар мен тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу және екінші рет пайдалану Жапония экономикасының ең маманданған бағыттарының бірі саналады. Осы бағыттағы жұмыстардың нәтижесінде 2017 жылы елдегі барлық қалдықтардың 50%-ынан астамы өте мұқият қайта өңдеуден өткізіліп, шикізатқа деген сұраныстарды белгілі дәрежеде қанағаттандыра алған.

Экологиялық инновациялық технологияны кеңінен қолдануда Швеция мемлекетінің тәжірибесі өте мол. Мемлекет ел экономикасының барлық саласында осы ұстанымды тұрақты енгізумен ерекшеленеді. Қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдеу, одан электр және жылу энергиясын алу, шикізатты үнемдеу мен оны тиімді пайдалану елдің экономикалық саясатының басымдық белгісі болып саналады. Оған қалдықсыз технология негізінде тұрмыстық қалдықтардың 96%-ға дейінгі бөлігінің қайта өңделуден өтуі дәлел болады, бұл әлемдегі ең жоғары көрсеткіш.



**33-сурет.** ЭКСПО-2017 көрмесіндегі өз дене қозғалысының көмегімен энергия жасап шығаруға мүмкіндік беретін интерактивті қондырғылар

Қазақстандағы «Болашақтың энергиясы» атты тақырыппен өткен ЭКСПО-2017 көрмесі қайта қалпына келетін энергетиканы дамыту болашағына арналған. Осы экологиялық инновацияларды біздің еліміздің экономикасына да енгізу және оны әрі қарай жетілдіру мақсатын көздейді. Көрмеде қайта қалпына келетін энергия көздерін пайдаланудың жетістіктері мен болашақта оны өркендетудің жолдары, сонымен қатар қоршаған орта үшін қауіпсіз, тұтыну құнының төмен, экологиялық тұрғыдан таза өнім болуы сияқты басым жақтары да таныстырылды. Қазақстан үшін ЭКСПО-2017 көрмесін өткізу өте маңызды, ерекше оқиға болып табылады (33-сурет).

Экологиялық инновациялық технологияларды шаруашылық салаларына енгізу табиғат ресурстарын жаппай игерумен ғана шектелмеуі керек. Керісінше, көлік, су ресурстары, қалдықтарды өңдеу, орман және ауылшаруашылығы, балық аулау, құрылыс салаларын инновациялық әдіс-тәсілдер көмегімен оңтайландырып, өндіріс тиімділігін арттыруға бағытталуы тиіс. Бұл бағыттағы жұмыстарды жетілдіруге Қазақстанның әлеуеті жетерлік, өйткені оның кең-байтақ жері мен табиғат байлықтарының мол қоры бар.



ЭКСПО көрмесінде ұсынылған қандай экологиялық жағынан таза энергия үнемдеуші технологиялармен таныстыңдар?



Экологиялық саясаттың қандай басты бағыттары біздің елде жеткілікті дәрежеде сақталмай келеді? Себебі неде деп ойлайсың?

## § 25. Қазақстанның экологиялық мәселелері

**Қазақстанды геоэкологиялық аудандастыру.** Қазақстанның табиғат жағдайларының басқаға ұқсамайтын күрделілігі мен алуан түрлілігі осы аумақты табиғи аудандастырумен айналысқан ғалымдар үшін түрлі ғылыми тұжырымдарға жол ашты. Қазақстанды геоэкологиялық аудандастыру негізіне Б.А.Федорович, Н.А.Гвоздецкий мен А.В.Николаев ұсынып, А.В.Чигаркин толықтырған табиғи аудандардың сызбасы алынды.

Авторлар аймақтардың ерекшеліктеріне мән бере отырып, шегарасына, табиғаты мен экономикасы туралы деректерге анықтамалар енгізді. Қоршаған ортаның экологиялық жағдайы мен табиғатты қорғауға байланысты материалдар бірінші рет берілді. Геоэкологиялық аудандастыру сызбасының

### Бүгінгі сабақта:

- Қазақстан аумағын экологиялық тұрғыдан аудандастыру жайлы білетін боласыңдар;
- Қазақстандағы экологиялық мәселелерін шешу жолдарын ұсына аласыңдар.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ геоэкологиялық аудандастыру
- ✓ аумаққа геоэкологиялық баға беру

арнайы мазмұны негізінде Қазақстанның белгілі табиғи шаруашылық аймақтарындағы экологиялық жағдайдың шиеленісу белгілері көрсетілді. Экологиялық жағдай алдымен 1994 жылы А.В.Чигаркин жасаған Қазақстанның геоэкологиялық картасы негізінде жасалды. Экологиялық бұзылуды бағалау критерийлері бойынша Қазақстандағы қазіргі экологиялық жағдайды сипаттайтын 5 деңгей белгіленген (29-сурет, 7-кесте).

**Қазақстанның экологиялық мәселелері мен оны шешудің жолдары.**

1. Атмосфераны тазарту, ең алдымен, өнеркәсіп өндірісінің ауаға шығаратын зиянды заттарын азайтудан басталады. Ол үшін түрлі газдарды тазартудан өткізетін өте қуатты қондырғылар орнату қажет. Бүгінгі таңда жаңадан іске қосылатын өндіріс орындары осындай қондырғыларсыз пайдаланылуға жіберілмейді. Ірі қалалардың ауасын тазарту ескі көлік түрлерін таза экологиялық көліктермен алмастыру жағдайында оңтайландырылуда.

2. Су ресурстарын тазарту және тиімді пайдалану.

3. Жер ресурстарын жаңғырту және тиімді пайдалану.

Қазақстанның экологиялық мәселелері ұзақ жылдар ішінде шиеленісті жағдайға дейін жетті. Осы мәселелерді түбегейлі шешу үшін Қазақстан көптеген экологиялық бағыттағы аймақтық және халықаралық ұйымдарға мүше болып, түрлі табиғат қорғау шараларына белсенді атсалысуда. Осындай басым бағыттардың бірі — жасыл экономика.

Қазақстан болашақта өзінің экономикасына осы инновациялық технологияларды жаппай енгізуді мақсат етіп отыр. «Жасыл» экономика тұжырымдамасын үш кезең бойынша жүргізу жоспарланып отыр:

2020 жылға дейінгі кезең — табиғи энергия көздеріне негізделген энергияны тиімді қолданатын инфрақұрылымды барынша оңтайландыру мақсатын көздейді.

2030 жылға дейінгі кезең — жасалынған инфрақұрылымды негізге ала отырып, Қазақстан ұлттық экономикасын қайта құруға бағытталады.

2050 жылға дейінгі кезеңде ұлттық экономикалық модель тұтастай ғаламдық индустриализация ұстанымдарына сәйкес қайта құрылудан өткізіледі. Бұл талапқа сәйкес табиғат ресурстарын оларды қайта қалпына келтіру жағдайында ғана пайдалануға болады.

«Жасыл» экономика тұжырымдамасын жүзеге асыру барысында Қазақстан өзі шығаратын өнімдерін арзан әрі бәсекеге қабілетті етуді басты назарда ұстайды. Ол шаралар энергияны үнемді пайдалану мен қалдықтарды екінші рет өңдеуден өткізу есебінен жүзеге асады. Сонымен қатар бұл тұжырымдама халықтың өмір сүру жағдайын

жақсарту және оның деңгейін көтеруді де басты мақсат етіп отыр. Жоғарыда айтылған іс-шаралар еліміздегі экологиялық ахуалды жақсартып, табиғат ресурстарын тиімді әрі үнемді пайдалануға мүмкіндік береді.

**Аумаққа геоэкологиялық баға беру.** Кез келген аумақтың экологиялық жағдайын анықтау мен деңгейін ажырату бағалау критерийлері негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

Алайда әлі күнге дейін экожүйелердің жағдайын анықтаудың бірыңғай көрсеткіші нақтыланған жоқ.

Жер қабықтары мен экожүйелерді жіктеу және олардың жағдайын бағалаудың бірнеше бағыттары қолданылады. Экожүйедегі биотикалық құрамды бағалаудың үш салалы критерийі: *тақырыптық, кеңістіктік және динамикалық* түрлері енгізілген (8-кесте).

8-кесте

Геоэкологиялық аудандастырудың бағалау критерийлері	Критерийлер құрамы
Тақырыптық	Су, топырақ, ботаникалық, зоологиялық және т.б.
Кеңістіктік	Салыстырмалы түрде шағын, шағын, өте ауқымды аумақтар
Динамикалық	Қалыпты, динамикалық, орташа динамикалық, күшті динамикалық

Геосфера құрамы мен экожүйелердің қазіргі жағдайын бағалау кезінде *тікелей, жанама және индикаторлық* критерийлер де қолданылады. *Тікелей әсері бар* критерийлер топтамасы геохимиялық, геодинамикалық, медициналық-санитарлық және ресурстық критерийлерден құралады. Геохимиялық топтама геосфераның химиялық, ал медициналық-санитарлық топтама бактериологиялық ластану дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді. Геодинамикалық топтама геосфераның табиғи және антропогендік геологиялық үдерістер әсерінен ластануы мүмкін ауданның аумағын анықтауға, ал ресурстық критерийлер топтамасы адам қоғамы мен тіршілік дүниесінің қалыпты өмір сүруіне қолайлы ортаның болуын анықтауға көмектеседі.

*Жанама* критерийлер геосфераның қазіргі жағдайын оны құрайтын қосымша компоненттердің өзара әрекетін бағалау негізінде қарастырады. Топырақ қабаты оған жанасып жатқан ауа құрамындағы заттармен ластанса, ол заттар ауаның құрамына емін-еркін өте алады. Осындай байланысты су мен оның түбіндегі шөгінді жыныстардың арасынан да байқауға болады.

*Индикаторлық бағалау критерийі геосфераның және оны құрайтын табиғат компоненттері туралы қосымша ақпараттар алуға, олардың жай-күйін анықтауға мүмкіндік береді.*



1. Геоэкологиялық жағдайды бағалау үшін жергілікті жерде қандай критерийлер басшылыққа алынады?
2. Экожүйенің бұзылу дәрежесін қандай көрсеткіштермен анықтауға болады?



1. Геосфера қабықтарының қазіргі жағдайын бағалау үшін қандай критерийлер қолданылады?
2. Қосымша материалдардан Қазақстанның экологиялық мәселелерімен танысып, оларды шешу жолдарын ұсыныңдар.



Қазақстанның геоэкологиялық аудандастыру сызбасы бойынша экологиялық апатты аудандарды анықта, сол аймақ немесе аудандағы экологиялық жағдайды қысқаша сипатта.



1. «Біздің болашағымыз қандай болуы мүмкін?» деген тақырыпта эссе жаз.
2. «Өндіріс орындарының қоршаған ортаға әсері» тақырыбында шағын эссе жаз.



## **8-сарамандық жұмыс**

### **Қазақстанның экологиялық мәселелерін шешу жолдарын ұсыну**

(Қазақстанның экологиялық мәселелері мысалында)

Сарамандық жұмыс 2 сағат көлеміне есептелген: 1-сабақта тапсырмалар мұғалімнің көмегімен орындалады; 2-сабақта орындалған тапсырмалар нәтижесінде жұмыс жүргізіледі.

**Жұмыстың мақсаты** — кешенді географиялық, геоэкологиялық, статистикалық деректер негізінде Қазақстанның жекелеген аймақтарындағы экологиялық мәселелер туралы талдамалық хабарлама дайындау.

#### **Әдістемелік нұсқау**

Зерттеу тақырыбы бойынша таңдап алынған облыстағы табиғи орта өзгерістерін сипаттайтын мәліметтерді жинақтап, табиғи орта өзгерістерінің алдын алу жолдарын ұсынады.

#### **Тапсырмалар**

1. Таңдалған облыс бойынша тақырыпқа сәйкес деректерді жинақтау.
2. Деректерді өңдеу (кестелер немесе диаграммалар, үлгілер құрастыру), талдау.
3. Аумақтағы табиғи ортаның жағдайы туралы талдамалық қорытындылар жасау.
4. Табиғи орта өзгерістерін алдын алудың жолдарын ұсыну, негіздеу.

# IV бөлім

## ГЕОЭКОНОМИКА

### Геоэкономика негіздері Геоэкономиканың зерттеу пәні мен өзектілігі

#### § 26. Геоэкономика бағытының мақсаты мен міндеттері, негізгі түсініктері

##### Бүгінгі сабақта:

— геоэкономика бағытының мақсаты және міндеттерімен танысасыздар.

##### Жетекші ұғымдар:

- ✓ геоэкономика
- ✓ геоэкономикалық стратегия

Геоэкономиканың мақсаты мен міндеттері. Геоэкономика экономика, экономикалық география және геосаясаттың тоғысында дамып, ғаламдық деңгейдегі экономикалық даму мәселелерін зерттейді. Геоэкономиканың *мақсаты* — біртұтас жүйе ретіндегі ғаламдық экономикалық кеңістіктегі үдерістер мен құбылыстарды, даму тенденцияларын талдап, болжамдар жасау. Геоэкономиканың негізгі зерттеу *міндеттері* оның сан қырлы

сипатына қатысты анықталады (34-сурет). Әлемдік экономикалық кеңістіктегі экономикалық көрсеткіштер өте ала-құлалығымен сипатталады.

Экономикалық көрсеткіштер арқылы ғаламдық әлемді танып-білу

Ғаламдық экономикалық кеңістіктегі экономикалық қатынастар жүйесін талдау

Ұлттық экономикалар мен халықаралық экономикалық құрылымдардың өзара байланыстарын зерттеу

Экономикалық факторлардың мемлекеттер саясатына алғышарт болатындығы жөнінде негіздеме жасау

Мемлекеттердің әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында экономикалық стратегиясын негіздеу

34-сурет. Геоэкономиканың зерттеу міндеттері

Геоэкономика экономикалық көрсеткіштер арқылы ғаламдық әлемді танып-біледі. Осы міндетті орындау үшін геоэкономикалық зерттеулерде экономикалық көрсеткіштер талданады (9-кесте).

9-кесте

**Геоэкономиканың міндеттерінің жүзеге асуы**

	Міндеттер	Қалай жүзеге асыруға болады?
1	Экономикалық көрсеткіштер арқылы ғаламдық әлемді танып-білу	Елдер мен аумақтардың экономикалық көрсеткіштерін (ЖІӨ-нің жалпы және жан басына шаққандағы көлемі, шетелдік тікелей инвестициялар және т.б.) сандық және сапалық тұрғыда талдау арқылы ғаламдық үдерістер, белгілі бір индикаторлар бойынша әлемдік экономикадағы күшті және әлсіз «ойыншылар» анықталады.
2	Ғаламдық экономикалық кеңістіктегі экономикалық қатынастар жүйесін талдау	Елдер мен аумақтардың өзара экономикалық қатынастарының түрлері, олардың ерекшеліктері сандық және сапалық тұрғыда талданады.
3	Ұлттық экономикалар мен халықаралық экономикалық құрылымдардың байланыстарын зерттеу	Ұлттық экономикалардың ғаламдық деңгейдегі экономикалық ұйымдармен байланыстарының сипаты, ауқымы, келешегі талданады.
4	Экономикалық факторлардың мемлекет саясатына ықпалын талдау	Мемлекет саясатына ықпал ететін нақты экономикалық факторларды талдау негізінде геосаяси басымдылыққа қол жеткізудің мүмкіндіктері анықталады.
5	Мемлекеттің экономикалық стратегиясын негіздеу	Мемлекеттің әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігіне ықпал ететін экономикалық факторларды талдау, басымдылықтарды анықтау арқылы экономикалық стратегиясы негізделеді.



Қазақстан экономикасының қарқынды дамуы мен оның әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін қандай геоэкономикалық зерттеулер жүргізу қажет?

Геоэкономика елдер мен аймақтардың экономикалық даму үдерістерін халықаралық құрылымдар мен экономикалық қатынастарды, геосаяси жағдайдың экономикаға ықпалын зерттейді. Геоэкономиканың зерттеу пәні мынадай басты блоктарды қамтиды (35-сурет).

Өздерің көріп отырғандай, бұл салалардың қайсылары болса да, қазіргі дүниенің экономикалық дамуы үшін аса маңызды. Мұның өзі геоэкономиканың көптеген ғылым салаларымен байланысы бар екендігін көрсетеді: мысалы географиялық жағдайды зерттеуде геоэкономика физикалық және экономикалық географияның байланысына сүйенеді. Экономикалық қуаттылықты зерттеу ғаламдық экономикалық күштердің арасалмағын талдауды қажет етеді.



35-сурет. Геоэкономиканың зерттеу салалары (А.Неклесса бойынша)

Мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігінің мүмкіндіктерін зерттеуде экономика ғана емес, глобалистика, әлеуметтік және саяси география саласындағы білім де ұштастырылады. Саясат пен экономиканың өзара байланыстарын кешенді зерттеу ғаламдық басқару мен стратегияларды негіздеуге мүмкіндік береді.



Геоэкономика қандай ғылымдардың тоғысында пайда болған?



1. 34-суретте берілген геоэкономиканың негізгі зерттеу міндеттерінің бір-бірімен байланысы қандай?
2. Геоэкономика неліктен бәсекеге қабілеттілік мәселесін зерттейді?
3. «Экономикалық факторлар мемлекеттер саясатына алғышарт болады» дегенді қалай түсінесің? Өз жауабыңды нақты мысалдармен толықтыр.



Саясат пен экономиканың байланысына нақты мысалдар келтіріп, саясатқа экономика қалай ықпал ететінін талда.



1. Белгілі бір елді таңдап алып, «Географиялық жағдайлардың ел шаруашылығының қалыптасуына ықпалы» деген тақырыпта эссе дайындаңдар.
2. Статистика комитетінің «Талдау» ақпараттық-талдамалық жүйесіндегі деректер базасын, диаграммалар мен кестелер конструкторын пайдаланып, «Қазақстанның 2014–2016 жылдардағы шетелдік валютада тауар айналымы» атты анықтамалық кесте мен диаграмма құрастыр. Ақпараттық-талдамалық жүйемен жұмыс істеу әдістемесі 1-қосымшада берілді.

### Глоссарий:

- **Геоэкономика** — ғаламдық деңгейдегі экономикалық дамудың заңдылықтарын және мемлекеттердің халықаралық деңгейдегі экономикалық стратегиялары мен тактикаларын зерттейтін ғылым.
- **Геоэкономикалық стратегия** — геоэкономикалық технологиялар көмегімен әлемдік нарықта экономикалық мақсаттарға қол жеткізу және болуы мүмкін жанжалдардың алдын алу жоспары.

## § 27. Геоэкономиканың негізгі категориялары.

### Геоэкономика мен экономикалық география арасындағы айырмашылықтар

**Геоэкономиканың негізгі категориялары.** Кез келген ғылым саласы сияқты, геоэкономиканың да өзіндік түсініктер жүйесі (категориялары) қалыптасқан. Оларды сипатына қарай нысандық, кеңістіктік, көрсеткіштік, үдерістік категориялар деп топтастыруға болады (36-сурет).

#### Бүгінгі сабақта:

— геоэкономиканың негізгі категорияларымен танысасыздар;  
— геоэкономика мен экономикалық география арасындағы айырмашылықтарды анықтауды оқып-үйренесіздер.

Нысандық	Кеңістіктік	Көрсеткіштік	Үдерістік
<ul style="list-style-type: none"> <li>• әлемдік нарық</li> <li>• әлемдік экономика</li> <li>• ұлттық экономика</li> <li>• экономикалық стратегия</li> <li>• инфрақұрылым</li> <li>• халықаралық ұйымдар</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• геоэкономикалық кеңістік</li> <li>• аймақ</li> <li>• өсу полюстері</li> <li>• ғаламдық орталықтар</li> <li>• жартылай периферия</li> <li>• периферия</li> <li>• еркін сауда аймағы</li> <li>• экономикалық шеғаралар</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• нарық көрсеткіштері</li> <li>• бәсекеге қабілеттілік</li> <li>• жиынтық ішкі өнім</li> <li>• жиынтық ұлттық өнім</li> <li>• сыртқы сауда көлемі</li> <li>• сыртқы қарыз</li> <li>• инвестиция</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• жаһандану</li> <li>• ынтымақтастық</li> <li>• бәсекелестік</li> <li>• инфляция</li> <li>• геоэкономикалық шиеленіс</li> <li>• демпинг</li> <li>• халықаралық еңбек бөлінісі</li> <li>• экономиканың либералдануы</li> </ul>

36-сурет. Геоэкономиканың түсініктер жүйесі

Геоэкономиканың түсініктері бір-бірімен тығыз байланысты. Мысалы, *нарық көрсеткіштері* түсінігін талдайық. Нарықтың аса маңызды көрсеткіштері қатарына *нарықтың сыйымдылығы, нарықтың жағдаяты, нарықтың тауарлық құрылымы, нарықтың географиялық құрылымы* жатады.

*Нарық сыйымдылығы* деп нақты әрбір сәтте нарықта бар немесе өндіріліп, нарыққа жеткізілетін тауар мөлшерін атайды. Сандық тұрғыда бұл әлемдік экспорт көлеміне тең болады. Нарықта қанағаттандырылған сұраныс сандық тұрғыдан алғанда импорт көлеміне тең болады.

*Нарық жағдаяты* дегеніміз — сұраныс пен ұсыныстың арақатынасы. Ол сұраныс ұсыныстан артып кеткен жағдайда *жоғары*, сұраныс ұсыныстан аз болса *төмен*, ал сұраныс пен ұсыныс теңдескенде *тепе-тең* болады.

Нарықтың тауарлық құрылымы ондағы сатылатын тауарлар түрімен анықталады. Осыған сәйкес мұнай, алтын, автокөлік, бидай және

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ геоэкономикалық кеңістік
- ✓ әлемдік нарық

т.б. тауарлардың нарықтары жіктеледі. Ал нарықтың географиялық құрылымы сатушылар мен сатып алушылардың дүниежүзі бойынша таралып орналасуын көрсетеді.

«Бәсекеге қабілеттілік» ұғымы сан қырлы болады. Тар мағынасында бәсекеге қабілеттілік — тауардың, қызметтің, нарықтық қатынастар субъектісінің нарықта балама тауар, қызмет немесе субъектілермен тең дәрежеде болуы. Әдетте, бәсекеге қабілеттілікті белгілі бір тауар, тауарлар тобы деңгейінде, өндіруші фирмалар мен салалар, аудан немесе ел тұрғысында айқындайды. Жоғары деңгейінде бұл ұғым елдің ұлттық экономикасының халықаралық еңбек бөлінісіндегі орнын көрсетеді. Ресей ғалымы Н.С.Мироненконың анықтауынша, экономикалық өрлеудің қарқынын, халықтың еңбекпен қамтылуы мен нақты табыс мөлшерін арттыруға қабілетті елді *бәсекеге қабілетті ел* деп атауға болады.

**Геоэкономика мен экономикалық география арасындағы айырмашылықтар.** Геоэкономика мемлекеттер мен аймақтардың экономикалық даму үдерістерін, халықаралық құрылымдар мен экономикалық қатынастарды, жаһандану жағдайындағы геосаяси жағдайдың экономикаға ықпалын зерттейді. Осының негізінде экономикалық география мен геоэкономиканың басты айырмашылығы анықталады (10-кесте).

10-кесте

**Геоэкономика мен экономикалық географияның айырмашылықтары**

	Айырмашылықтар	Экономикалық география	Геоэкономика
1	Зерттеу пәні	Табиғи, әлеуметтік және экономикалық нысандар мен олардың өзара байланыстары, кеңістік арақатынасы	Экономикалық субъектілер мен үдерістер, бәсекеге қабілеттілік, ғаламдық басқару және стратегиялар
2	Зерттеу кеңістігі	Географиялық кеңістік	Экономикалық кеңістік
3	Зерттеу сұрақтары	Не? Қайда? Қашан? Неліктен? Қалай? Қалайша өзгертуге болады?	Не? Қандай? Қалай байланысқан? Қалай өзгеруде? Қалай басқаруға болады?
4	Басты байланыстары	Физикалық география, әлеуметтану	Геосаясат, экономика
5	Қолданбалы маңызы	Өндіргіш күштерді тиімді орналастыру	Экономикалық субъектілердің даму стратегияларын анықтау

Геоэкономика көпдеңгейлі және кеңістік ұйымдасуы күрделі ғаламдық экономиканы зерттейтін кешенді ғылымға айналып барады. Ал экономикалық географияның зерттеу пәні де кешенді сипат алған. Мұнда табиғи, әлеуметтік және экономикалық нысандар мен олар-

дың өзара байланыстары, кеңістік таралуы қарастырылады. Дегенмен экономикалық географияда экономикалық үдерістердің ішкі заңдылықтарынан гөрі, кеңістік таралуы басым орын алады.

Экономикалық географияның зерттеу кеңістігі — қоршаған ортаның адамның шаруашылық әрекетіне ықпал ететін алуан түрлі факторлары мен нысандарын қамтитын географиялық кеңістік. Ал геоэкономикалық зерттеулер экономикалық кеңістікте болып жатқан үдерістер мен нысандарды ғана қамтиды.

Экономикалық география зерттеу пәні мен мақсаттарына сәйкес, физикалық географиямен, экономикамен, әлеуметтанумен тығыз байланысты болады. Геоэкономиканың негізгі байланыстары геосаясат және экономикаға қатысты анықталады.

Геоэкономиканың құрамында *теориялық және қолданбалы бағыттар* бөлінеді. Бірінші бағыт географиялық факторларды ескере отырып, мемлекеттің сыртқы экономикалық әрекетіне теориялық негіздеме жасайды. Мысалы, мемлекеттің геоэкономикалық қуатын зерттеуде табиғи-ресурстық әлеуетіне, географиялық орнына, әлемдік геоэкономикалық орталықтар тұрғысында баға беріледі. Ал қолданбалы геоэкономика мемлекеттің сыртқы экономикалық әрекетін жүзеге асыруда туындайтын нақты мәселелерді шешуге бағытталады. Мысалы, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында транзиттік әлеуетті пайдалану жолдары, қызмет көрсету саласын дамыту және т.б. қолданылуы мүмкін. Экономикалық географияның қолданбалы маңызы өндіргіш күштерді тиімді орналастыру міндеттерімен анықталады.

Геоэкономика қазіргі кезде географиялық және экономикалық, саясаттану ілімдері негізінде дамиды. Ол бастапқыда экономикалық географияның бір саласы ретінде дамып, кейіннен экономикалық кеңістіктің ішкі заңдылықтарын саяси факторлармен байланыстыру арқылы жаңа деңгейге көтерілген. Соған қарамастан, геоэкономика мен экономикалық географияның ажырамас бірлігі олардың зерттеу пәнін неғұрлым кешенді сипатта қамтуына мүмкіндік береді.

#### Глоссарий:

- **Геоэкономикалық кеңістік** — дүниежүзілік экономикалық жүйенің заңдылықтары жүзеге асатын ғаламдық кеңістік.
- **Әлемдік нарық** — әлемдік экономика субъектілерінің арасындағы тауарлар мен қызметтерді сатып алу, сату әрекеттерінің ғаламдық жүйесі.
- **Арнайы экономикалық зоналар** — отандық және шетелдік инвесторлардың қаржылық-экономикалық қызметіне неғұрлым қолайлы жағдай жасалған аумақтар.
- **Экономикалық география** — экономикалық субъектілер мен үдерістердің кеңістік заңдылықтарын зерттейтін географиялық ғылым саласы.



1. 36-суреттегі геоэкономиканың категориялары арасынан өзің таңдап алған бір топтағы категорияларға нақты мысалдар келтір. Олардың өзара байланыстарын анықта.
2. Әлемдік мұнай нарығы мысалында «халықаралық ұйымдар», «жиынтық ішкі өнім», «халықаралық еңбек бөлінісі» түсініктерін талдаңдар.
3. Сенің ойыңша саясат геоэкономикалық кеңістікке қалай ықпал ете алады?



1. «Дүниежүзі» және «геоэкономикалық кеңістік» ұғымдарының айырмашылықтары қандай?
2. «Бәсекеге қабілеттілік» ұғымының геоэкономикадан басқа қандай салаларға қатынасы бар?



1. 10-кестенің мәліметтері негізінде геоэкономика мен экономикалық географияның басты айырмашылықтарын анықтаңдар.
2. Геоэкономика мен экономикалық географияның зерттеу пәндерінің ұқсастықтары қандай деп ойлайсың?

## § 28. Елдер мен аймақтардың экономикалық дамуындағы географиялық кеңістіктің рөлі

### Бүгінгі сабақта:

— елдер мен аймақтардың экономикалық дамуындағы географиялық кеңістіктің рөлін анықтауды оқып-үйренесіңдер.

**Географиялық кеңістік пен уақыт арасында тығыз байланыс бар.** Географиялық кеңістіктегі әрбір нысанның өзіндік орны бар, ол уақыт ішінде өзгеріске түседі және өзі де қоршаған ортаны қалыптастыруға қатысып, басқа нысандарға ықпал етеді.

*Географиялық кеңістік табиғи және қоғамдық үдерістер жүретін аумақ қана емес, барлық нысандар мен үдерістерге ықпал ететін фактор болып табылады. Ол табиғи ортадағы қоғамдық нысандар мен құбылыстардың, үдерістердің жиынтығы ретінде ұдайы өзгеріске түседі.*

Елдер мен аймақтардың экономикалық дамуында географиялық кеңістік маңызды рөл атқарады. Бұл, ең алдымен, елдер мен аймақтардың әлемдік экономикалық кеңістіктегі орнымен анықталады.

Қазіргі әлемнің экономикалық кеңістік моделін әйгілі америкалық экономист және геосаясаткер Иммануил Валлерстайн жасаған (37-сурет).



37-сурет. Валлерстайнның экономикалық кеңістік моделі



Ол әлемдік экономикалық жүйелерді геосаясат тұрғысында түсіндірген. Қазіргі дүниенің қарқынды өзгеруін ескеріп, ғалым әлемдік экономикалық кеңістікті 3 бөлікке бөледі:

- ғаламдық орталықтар (әлемдік ядролар);
- жапсарлас өтпелі аймақтар (жартылай периферия)
- шет аймақтар (периферия).

Қазіргі дүниенің *ғаламдық орталықтары* — АҚШ, Еуропалық Одақ және Жапония. Олар әлемнің экономикалық даму қарқынын анықтайтын интеллектуалды және ғылыми-техникалық орталықтар қызметін атқарады. Дәл осы орталықтар әлемдік экономикаға жаңа технологиялар мен жаңа білім беріп, перифериямен (шет аймақтар) тең емес айырбас барысында ақыл-ой рентасын (табысын) алуға мүмкіндік береді.

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ географиялық кеңістік
- ✓ эмиссия
- ✓ ғаламдық орталықтар
- ✓ шет аймақтар

Барлық эмиссиялық табыс әлемдік экономиканың орталықтарына құйылады және перифериялық елдердің валюталары орталық валютаға байластырылады. Орталық өзінің экономикалық қана емес, мәдени-идеологиялық басымдығын жүзеге асырды. Осылайша ғаламдық орталықтар қалған елдерге өзінің даму үлгісін, болып жатқан құбылыстарға өз көзқарасын ұсынады. Осы арқылы орталық өзіне қажетті әрі қолайлы мәдени матрицаны бүкіл әлемде қалыптастыра бастайды.

АҚШ-тың федералдық қор жүйесі долларды америкалық қазына арқылы эмиссия жасайды. Сонымен қатар доллармен сәйкестендірілген құнды қағаздарды шығарады. Ал Жапония иенасы Оңтүстік-Шығыс Азия елдері үшін басты эмиссиялық валюта болып табылады. Еуро қазіргі кезде аймақтық валюта деңгейінен әлемдік валюта деңгейіне шығып, көптеген елдер үшін дәл осы рөлді атқаруда.

Валлерстайн моделі бойынша *жартылай периферия* немесе *өтпелі аймақтарға* Балкан түбегі елдері, Португалия, Ирландия, Оңтүстік-Шығыс Азия, ТМД мемлекеттері енеді. Бұл елдер орталықтармен салыстырғанда, технологиялық деңгейі төмен өнім өндіреді және орталықтардың жоғары технологияларын сатып алуға мәжбүр. Бірақ бұл елдер периферия елдерімен саудада өздерінің басымдылықтарын көрсетеді. Ал периферияны әлемдік орталықтарға экономикалық, саяси тәуелділіктері басым болатын Азия, Латын Америкасы мен Африканың, Мұхит аралдарының артта қалған елдері құрайды.

#### Глоссарий:

- **Географиялық кеңістік** — белгілі бір аумақта орналасқан және уақыт ішінде дамитын географиялық нысандардың қарым-қатынастарының жиынтығы (Э. Алаев).
- **Эмиссия** (франц. *émission* — шығарылым) — айналымға жаңа ақшаларды шығару арқылы ақша массасын ұлғайту.

Қазақстанның экономикалық дамуында да географиялық кеңістіктің маңызы зор. Қазақстан Жер шарындағы ең алып құрлық Еуразияның орталығында, Еуропа, Ресей мен Қытай аралығында орналасқан. Қазақстан аумағының үлкендігі, табиғат жағдайларының алуан түрлілігі, аса маңызды шикізат түрлеріне бай болуы, әлемдегі ықпалды саяси күштердің әрекет ету аймағында жатуы ел экономикасының құрылымына ықпал етті.

Қазақстанның экономикалық және географиялық ерекшеліктері оның экономикасын жүкті көп таситын салаға айналдырады. Аумағының үлкен болуы елдің дамуын көлік жүйесіне тәуелді етеді. Сол себепті елде көлік қатынасын қайта құру бағыты бойынша ауқымды жобалар жүзеге асырылуда.



Валлерстайнның экономикалық кеңістік моделі негізінде қазіргі дүниежүзі елдерін қанша топқа жіктеуге болады?



1. Елдің қазіргі ғаламдық орталықтарға жақын орналасуы оның экономикалық дамуына қалай ықпал етеді?
2. Өтпелі аймақтар қатарына қандай елдерді жатқызуға болады және олардың артықшылықтары бар ма?



1. Кеңістік тұрғыдан алғанда Қазақстанның халықаралық көлік қатынасын дамыту мүмкіндіктері қандай?
2. Орталық Азия мемлекеттерінің экономикалық дамуына географиялық кеңістік қалай ықпал ететініне баға беріңдер.



Оқулық мәтіні негізінде елдің (өз таңдауың бойынша) экономикалық дамуына географиялық кеңістік қалай ықпал ететіні туралы хабарлама дайында.

## Шаруашылықты ұйымдастырудың аумақтық факторлары

### § 29-30. Шаруашылық салаларын орналастырудағы аумақтық факторлар

#### Бүгінгі сабақта:

— шаруашылық салаларын орналастыруда кеңістіктік (аумақтық) факторларды талдауды үйренесіңдер.

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ экономикалық географиялық жағдай
- ✓ тұтынушы факторы
- ✓ еңбек ресурстары факторы

Дүниежүзілік шаруашылық салаларын орналастыру факторлары. Шаруашылық салаларын орналастыруға әртүрлі факторлар ықпал етеді. Оларды шартты түрде *байырғы* және *заманауи* деп екіге бөлуге болады. Байырғы факторлар қатарына аумақ, экономикалық-географиялық жағдай, табиғи-ресурстық, көлік, еңбек ресурстары мен аумақтық шоғырлану факторларын жатқызуға болады (38-сурет).



38-сурет. Шаруашылықты орналастыру факторлары

*Көлік факторы* бұрынырақта өндірістің орналасуына шешуші ықпал ететін. ҒТР заманындағы көлік революциясы қатынас жолдары мен көлік құралдарын жетілдіруге алып келді. Дегенмен оның ықпалы аумағы үлкен елдерде әлі де сақталып отыр.

*Еңбек ресурстары факторы* өзінің маңызын ҒТР заманында да жойған жоқ. Еңбек ресурстары факторының ықпалы екіжақты көрініс табады: бір жағынан, өнеркәсіпке, өндірістік емес салаға басқа елдерден қосымша жұмыс күші тартылады; екінші жағынан, өндірісті арзан жұмыс күші бар жерлерге ығыстыруға болады. Бірақ жаңа жағдайларда еңбек ресурстары тек сандық жағынан ғана емес, сапалық (кәсіби) тұрғыдан да бағаланады.

Халық саны көп, урбандалған аумақтар *тұтынушы фактор* тұрғысында да ықпал етеді. Қала тұрғындарының сұраныстарын қамтамасыз ету мақсатында тез бұзылатын және тасымалдауға онша жарамсыз өнімдер (нан, кондитер және сүт өнімдері т.б.) шығаратын өндірістер дамиды.

**Аумақтық факторлар.** Аумақ — қоғамның географиялық ортасының аса маңызды элементтерінің бірі. *Біріншіден*, елдің жер көлемі үлкен болған сайын алуан түрлі табиғат ресурстарына да бай келеді. Яғни өндірісті орналастыру үшін мүмкіндіктер де соғұрлым көп болады. Мұның Қазақстанға да қатысы бар. *Екінші жағынан алғанда*, үлкен елдерде алысқа тасымалдау, аумақтың әркелкі игерілуі, қажетті инфрақұрылымды жасаудағы қиындықтар да бар. Мысалы, әлемдегі жер көлемі ең үлкен ел — Ресейдің аумағы біркелкі игерілмеген. Алуан түрлі табиғат, соның ішінде экстремалды жағдайлары тармақталған көлік инфрақұрылымын құруға кедергі келтіреді. Ал шағын елдерде аумақты инфрақұрылымдық мәселелер аса өзекті емес. Бірақ мұндай елдерде шаруашылықтың аумақтық құрылымы жылдам қалыптасады. Сонымен қатар бұл елдерде шаруашылық салаларын орналастыру мүмкіндіктері аса шектеулі болады. Өйткені олардың көпшілігі қазірдің өзінде ең басты ресурс, яғни жер тапшылығын сезінуде. Мұндай елдердің бірі — Сингапур.

*Табиғи-ресурстық фактор.* Индустрияландырудың бастапқы кезеңдерінде бұл фактор шаруашылықтың көптеген салаларының ор-

наласуын анықтайтын. FTP заманында бұл тәуелділік едәуір азайып кетті. Табиғи-ресурстық фактор әлі де болса ауылшаруашылығының, тау-кен өнеркәсібінің, рекреациялық шаруашылықтың мамандануы мен орналасуын анықтайды. Әсіресе бұл фактор шикізатты көп қажет ететін өнеркәсіп өндірісінің (жылу энергетикасы, су энергетикасы, металлургия, химия және орман өнеркәсібі) орналасуында елеулі рөл атқарады.



Орталық Қазақстанда тауарлы бау-бақша шаруашылығын дамытуға бола ма? Оған қандай факторлар оң және теріс ықпал етуі мүмкін?

*Экономикалық-географиялық жағдай (ЭГЖ) факторы.* ЭГЖ қолайлы немесе қолайсыз болуы мүмкін, соған сәйкес ол өндірістің дамуына жағдай жасап немесе оны тежеуі мүмкін. Әйгілі географ Н.Н.Баранский аумақтық ЭГЖ-ның басты төрт түрін бөліп көрсеткен, олар аумақ экономикасының дамуына түрліше әсер етеді (39-сурет).



39-сурет. Экономикалық-географиялық жағдайдың дамуға ықпалы

#### Глоссарий:

- **Шаруашылық саласын орналастыру факторлары** — шаруашылық саласын орналастыруға неғұрлым тиімді орынды таңдау үшін қажетті жағдайлардың жиынтығы.
- **Аумақтық факторлар** — аумақтағы шаруашылық саласын орналастыруға ықпал ететін мүмкіндіктер мен шектеулердің жиынтығы.

Тарихи тұрғыдан алғанда өндірісті орналастыруда экономикалық-географиялық жағдайдың үш элементі айрықша рөл атқарды. Олар: «орталық», «көршілік» және «теңізге шыға алу» мүмкіндігі. *Орталық* деп жақсы игерілген, экономикалық даму деңгейі салыстырмалы түрде жоғары аумақта орналасуын айтады. Орталық ылғи да ауданның ел орталығындағы орнын білдірмейді. Нақты аумаққа қатысты «шеткі» ұғымының мағынасы да осындай. Мысалы, АҚШ үшін Солтүстік-Шығыс, Қытай үшін Шығыс, ал Аустралия үшін Оңтүстік-Шығыс орталық болып табылады.

*Көршілік жағдайдың* қолайлы ықпалын Канаданың оңтүстік-шығыс аудандарының мысалынан көруге болады. Мұндағы өндірістер америкалық кәсіпорындармен біртұтас технологиялық тізбек құрап, тығыз байланысқан. Мексиканың солтүстік аудандарында да осыны көруге болады, мұнда өндіріс (жеңіл өнеркәсіп, электроника және т.б.) өз өнімдерін АҚШ-қа жөнелтуге бағдарланған.

*Теңіз* ежелден бері дүниежүзі аймақтарын бір-бірімен жалғастырушы қызметін атқаратын. Теңіз маңындағы орын арктикалық теңіздерді есептемегенде, барлық уақытта да елдің ЭГЖ-ның қолайлы белгісі болып табылады. ҒТР заманында оның рөлі одан әрі артты. ХХ ғасырдың ортасынан бастап көптеген елдерде шаруашылық салалары теңізге қарай ығысты. Дүниежүзіндегі халық саны 1,5 млн адамнан асатын ірі қалалардың 2/3-сі теңіз жағалауында орналасқан. Өзінің теңіз жағалауындағы орнын Қытай, Сингапур, Корея Республикасы, Нидерланд және т.б. елдер тиімді пайдалануда.



Шығыс Қазақстан өнеркәсібінің дамуына қандай аумақтық факторлар ықпал еткен?

*Аумақтық шоғырлану факторы.* Онымен өндірістік шоғырлану (кәсіпорындар көлемінің артуы) және шаруашылық пен халықтың аумақтық шоғырлануы байланысты болады. Әсіресе астаналық қалалар мен көмір алаптары маңында қалыптасқан байырғы (ескі) өнеркәсіптік аудандар көзге түседі. Оларға өндірісті шоғырландырудың кері салдарлары тән. Бұл, ең алдымен, қоршаған ортаға жүктеменің артуынан көрінеді. ҒТР заманында бұл фактор өзінің бастапқы маңызын жоғалтуда: шағын және орташа кәсіпорындар салу арқылы өндірісті аумаққа шашыратып орналастыру жүріп жатыр.



1. Еңбек ресурстары факторы неліктен өз маңызын қазірге дейін сақтап қалған?
2. Табиғи-ресурстық фактордың маңызы қай салаларда сақталған?
3. Қазақстанның экономикалық-географиялық жағдайын қай тұрғыдан бағалар едің? Оның басымдылықтары қандай?
4. Испанияның теңіз маңында орналасуы оның дамуына қалай ықпал етеді?



1. Экономикалық карталарды пайдаланып, Аустралия мен Қазақстандағы шаруашылық орналасуының кеңістіктік сипатын салыстырындар. Олардың қалыптасуындағы аумақ факторының рөлін сипаттаңдар.

### Глоссарий:

- **Экономикалық-географиялық жағдай факторы** — аумақтың экономикалық-географиялық орнының шаруашылық саласын орналастыруға ықпалы.
- **Табиғи-ресурстық фактор** — аумақтағы табиғи жағдайлар мен табиғи ресурстардың шаруашылық саласын орналастыруға ықпалы.
- **Көлік факторы** — аумақтағы көлік жүйесі дамуының шаруашылық саласын орналастыруға ықпалы.
- **Еңбек ресурстары факторы** — аумақтағы еңбек ресурстары көрсеткіштерінің шаруашылық саласын орналастыруға ықпалы.
- **Тұтынушы факторы** — шаруашылық саласын орналастыруға өнімді тұтынатын орталықтардың ықпал етуі.

2. Дания мен Чехияның экономикалық-географиялық жағдайын салыстырып, әр елдің дамуына оң және теріс ықпал ететін факторларды анықтаңдар.



Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің экономикалық-географиялық жағдайына баға беріңдер.



Өртүрлі материалдарды пайдаланып, өзің таңдап алған елдегі бір өнеркәсіпті аудан туралы берілген жоспар бойынша деректер жинақтап, таныстырылым жаса:

- экономикалық-географиялық жағдайының ерекшеліктері;
- табиғи-ресурстық мүмкіндіктері;
- шаруашылығының мамандануы;
- шаруашылығының орналасу ерекшеліктері.

## § 31. Дүниежүзілік шаруашылықтың салаларын заманауи орналастыру факторлары

### Бүгінгі сабақта:

— дүниежүзілік шаруашылық салаларын орналастырудың заманауи орналастыру факторларын талдауды үйренесіңдер.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ кибернетика
- ✓ экологиялық фактор

Орналастырудың заманауи факторларына ғылымға негізделу және экологиялық факторлар жатады.

*Ғылымға негізделу факторы* өндірісті орналастырудың аса маңызды факторына айналуда. Ғылымға негізделген жаңа салалар ғылым орталықтары болып саналатын ірі қалаларда немесе мамандандырылған «ғылым қалаларына» орналастырылады.

Мұнда ғылыми зерттеулерден бастап ғылымға негізделген дайын өнімдерді сатуға дейінгі бүкіл технологиялық тізбек жүзеге асырылады.

ҒТР дамуының жаңа кезеңінде басқару ісіне жаңа талаптар қойылуда. Осы сұранысқа кибернетика ғылымы сәйкес келеді. *Кибернетика* терминін ғылымға 1830 жылы француз физигі Ампер енгізген болатын. Ол кибернетикаға азаматтарды алуан түрлі игіліктермен қамтамасыз ететін мемлекетті басқару туралы ғылым ретінде анықтама берді.

Кибернетиканың негізгі қағидаларын 1948 жылы америкалық ғалым Норберт Винер тұжырымдады. Оны «кибернетиканың негізін салушы» деп есептейді. Ол басқару жүйелері мен ақыл-ой еңбегін автоматтандыру жүйелерін жасаудың жалпы принциптерін негіздейді. Бұл ғылым өндіріс пен ғылымның интеграциясына, технологиялық үдерістердің күрделенуіне, ақпараттың орасан зор ағындарының пайда болуына байланысты қалыптасты.

Кибернетика экономиканы реттеу мен басқару үдерістері жүретін күрделі жүйе түрінде қарастырылады. Ол экономиканы басқаруды жетілдіру міндеттерін шешеді. Кибернетика экономикалық үдерістерді үлгілеу және экономикалық-математикалық әдістерді қолдану арқылы басқару тиімділігін арттырады. Кибернетика шаруашылықты

басқару тәжірибесін шешімдер теориясы арқылы байытты, бұл теория әртүрлі жағдайларда шешімдерді негіздеу жүйесін жасайды. Оның функциялары: жоспарлау және болжам жасау, шешімдерді қабылдау, жұмысты ұйымдастыру, үйлестіру және реттеу. Бұл функциялардың жекелеген кәсіпорындарды басқаруға да, экономиканың тұтас бір салаларын басқаруға да қатысы бар.

Кибернетика басқарудың ұйымдық құрылымдарын жасауда кеңінен қолданылады. Кибернетиканың негізгі қағидалары өндірісті басқару аясында механикаландыру мен автоматтандыруға негіз болады, сондай-ақ автоматтандырылған жұмыс орындарын және басқарудың ақпараттық жүйелерін жасауға көмектеседі.

Қазіргі заманғы ғылымды көп қажет ететін өндіріс (мысалы, электроника) жұмыс күшінің кәсіби шеберлігіне жоғары талап қояды. Осыған байланысты көптеген дамушы елдерде тоқыма өнеркәсібі бар, ал электроника кейбірінде ғана бар. Ірі қалалар мен агломерацияларға еңбек ресурстарының шамадан тыс шоғырлануы және олардың кәсіби деңгейінің жоғары болуы тән. Сондықтан олар жұмыс күшіне тікелей тәуелді өндірістерді өзіне тартады.

**Экологиялық фактор** FTR заманында айрықша маңызға ие болады. Экологиялық фактор өнеркәсіп кәсіпорындарын орналастыруды оңтайландыру, аз қалдықты немесе қалдықсыз технологиялар мен тазарту құрылғыларын енгізу арқылы ластануды азайтуға ықпал етеді.

Өнеркәсіпті және жоғары урбандалған аудандардағы қоршаған ортаның жағдайы өндіріс пен халықты одан әрі шоғырландыруға шектеу қоюға себеп болып отыр. Жекелеген жағдайларда лас өндірістер басқа аудандарға көшіріледі немесе мүлде қызметін тоқтатады. Шаруашылық құрылымын қайта құру байырғы өнеркәсіптік аудандардың мамандану бағыты мен жаңа аудандардың игерілу сипатын өзгертіп, еркін экономикалық аудандардың қалыптасуына, технополистер мен басқа да ғылыми-өндірістік бірлестіктердің пайда болуына әкеп соқты.

Шаруашылық құрылымының түбегейлі өзгеруі (шикізатты көп қажет ететін салалардың қысқаруы, өндірістің жаңа сипатқа көшуі) қызмет көрсету саласы үдерістерінің үлесінің күрт артуына жағдай жасады.

#### Глоссарий:

- **Кибернетика** — әртүрлі жүйелерде ақпаратты басқару мен беру үдерістерінің жалпы заңдылықтары туралы ғылым.
- **Экологиялық саясат** – мемлекеттегі табиғат қорғау заңнамасы мен оған негізделген мақсатты әрекеттер жиынтығы.



Қазақстанда қандай салаларда ресурс сақтаушы технологияларды енгізуге болады?

Дамыған елдерде экологиялық талаптардың күшеюі металлургиялық қуатты кәсіпорындардың дамуына кедергі болуда. Сондықтан олар дамушы елдерге қарай ығысуда. Бұл өзгерістер қара металлургияның таралу географиясына түбегейлі өзгерістер енгізді. Батыс Еуропалық елдердің кәсіпорындары сырттан әкелінетін шикізатқа ауыса бастады. Соның нәтижесінде қара металлургия кәсіпорындары шикізат пен отын көзіне, яғни теңіз жағалауларына қарай орын ауыстырды.



Өздерің таңдап алған шаруашылық саласына ғылымға негізделу факторының қалай ықпал ететініне талдау жаса.



Төмендегі тақырыптардың бірін таңдап ал. Белгілі бір елді мысалға алып, хабарлама дайында.

- Ауылшаруашылығының дамуына экологиялық фактордың ықпалын сипаттау.
- Машина жасау салаларының орналасуына ғылымға негізделу факторының әсерін талдау.
- Мұнай өңдеу өнеркәсібін орналастырудағы экологиялық және ғылымға негізделу факторларының маңызына баға беру.

## Дүниежүзілік шаруашылықтың құрылымы

### § 32. Дүниежүзінің елдерінің шаруашылық құрылымын бағалау

#### Бүгінгі сабақта:

— дүниежүзі елдерінің шаруашылық құрылымын бағалауды үйренесіңдер.

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ индустриялық ел
- ✓ жаңа экономика

Дүниежүзі елдерінің шаруашылық құрылымын жиынтық ішкі өнімнің құрылымындағы шаруашылық салаларының үлес салмағы бойынша анықтайды. Әдетте, ЖІӨ құрылымындағы ауылшаруашылығының, өнеркәсіптің (өндіруші және өңдеуші) және қызмет саласының үлестері ескеріледі. Осының негізінде шаруашылық құрылымы бойынша елдерді бірнеше топқа біріктіреді (11-кесте).

11-кесте

#### Шаруашылық құрылымы бойынша елдердің топтары

	Ел топтары	Елдерге тән ерекшеліктер
1	Аграрлы елдер	Ауылшаруашылығының үлесі басым
2	Аграрлы-шикізатты елдер	Ауылшаруашылығы мен өндіруші өнеркәсіп басым
3	Индустриялық елдер	Өңдеуші өнеркәсіп пен құрылыс басым
4	Постиндустриялық елдер	ЖІӨ-нің басым бөлігін қызмет саласы береді



**Аграрлы елдердің шаруашылық құрылымы.** Ауылшаруашылығы өндірісі мен отын, шикізат экспортына тәуелді болуы дамушы елдердегі мәселелердің бірі болып табылады.

Нашар дамыған елдерде халықтың 73%-ы ауылды жерде тұрады, ал дамыған елдерде бұл көрсеткіш 25% ғана болады. Осы жағдайда нашар дамыған елдердегі халықтың басым көпшілігі ауылшаруашылығымен айналысады, дамушы және дамыған елдердегі осы көрсеткіштер тиісінше 60% және 7%. Ауылшаруашылығы өнімдерінің ЖІӨ құрылымындағы үлесі дамушы елдерде 20% болса, дамыған елдерде 3%-ды құрайды. Соған қарамастан, дамушы елдерде ауылшаруашылығы өндірісінің өнімділігі төмен. Мұны артта қалған технологияларды пайдалану, қаржының жетіспеуі, жұмыс күші сапасының төмендігімен түсіндіруге болады.

Аграрлы елдердің нағыз үлгісі ретінде Сомали мен Сьерра-Леонені атауға болады. Мұнда ауылшаруашылығы ЖІӨ-нің 60%-дан астамын береді.

**Аграрлы-шикізатты елдердің шаруашылық құрылымы.** Шикізат пен отын ресурстарының экспорты дамушы елдердегі табыс көздерінің бірі болып отыр. Африканың Сахарадан оңтүстікке қарай орналасқан көптеген елдерінде негізгі валюта түсімін (92%-ға дейін) шикізат экспорты береді.

Аграрлы-шикізатты елдер қатарына Папуа-Жаңа Гвинея, Алжир, Гвинея, Қырғыз Республикасы мен Кот-д'Ивуарды жатқызуға болады. 2-қосымшаның көмегімен аграрлы-шикізатты елдерді өз беттерімен анықтау мүмкіндігі бар.

**Индустриялық елдердің шаруашылық құрылымы.** Бұл топшадағы елдерге шетел инвестициясы мен жоғары технологиялар, арзан жұмыс күші есебінен экономиканың, әсіресе өнеркәсіптің жоғары қарқынмен дамуы тән. Олардың арасында өндіруші және өңдеуші өнеркәсіп қатар дамыған елдер де бар. Индустриялық елдердің басым көпшілігін жаңа индустриялық елдер құрайды. Жаңа индустриялық елдердің екі негізгі даму үлгісі белгілі:

— *Азиялық үлгі* ұлттық экономиканы басым түрде сыртқы нарыққа бағыттау негізінде дамуымен ерекшеленеді;

— *Латынамерикалық үлгі* ұлттық экономиканы импорт алмастырушы бағытта дамытумен сипатталады.

Дамудың азиялық үлгісі тән болатын жаңа индустриялық елдер арасында Малайзия мен Таиланд айрықша көзге түседі. Бұл елдердің әлемдік ЖІӨ көлеміндегі үлесі 1%-ды құрайды, соған қарамастан олардың ұлттық экономикасының құрылымы дамыған елдерден айырмашылық жасайды. Мысалы, Таиландта ауылшаруашылығының үлесі дамыған елдермен салыстырғанда, әлі күнге

дейін жоғары (8,2%), ал қызмет көрсету саласының үлесі 55,6%-ды құрайды.

**Постиндустриялық елдердің шаруашылық құрылымы.** Постиндустриялық елдерде ғалымдар «жаңа экономика» деп атаған экономикалық феномен қалыптасуда. Оның құрылымына білім беру, ақпараттық-коммуникациялық нарықтар, инновациялар өндірісі, жоғары технологиялар саласы, ақыл-ой қызметтерін көрсету (кеңес беру, маркетинг, талдамалық қызметтер және т.б.) жатады. Жаңа тұрпаттағы экономиканы кейде «ақпараттық экономика» немесе

#### Глоссарий:

- **Индустриялық ел** — өнеркәсіп пен қызмет көрсету салаларының экономикадағы үлесі экономиканың бастапқы секторларынан әлдеқайда көп болатын ел.
- **Жаңа экономика** — материалдық-заттық ресурстардан гөрі, адам капиталының үлесі жоғары болатын салалардың жиынтығы.

«білім экономикасы» деп те атайды. Өйткені жаңа экономикада өнім өндіруде білім мен ақпарат жетекші орын алады. Аталған елдерде ауылшаруашылығының ЖІӨ-дегі үлес салмағы 2–5%-дан аспайды.

Дамыған елдердің көпшілігінде өнеркәсіп үлесі жылдан-жылға қысқарып келеді, қызмет көрсету саласының үлесі 70%-дан асады. Постиндустриялық елдердің экономикасының ашық сипатта болуына салықтық-заңнамалық жағдай мен инвестициялық саясат қана емес, көрінбейтін экспорт (көлік және қаржы қызметі, туризм, байланыс, ақпараттық қызмет көрсету) та әсерін тигізеді.



1. Нақты мысал негізінде индустриялық елдің болашақта постиндустриялық елге айналу мүмкіндіктерін талдаңдар. Мысалы: Малайзия, Аргентина.
2. Нақты мысал негізінде аграрлық-индустриялық елдің болашақта индустриялық елге айналу мүмкіндіктерін талдаңдар. Мысалы: Ангола, Мьянма.
3. Елдің шаруашылық құрылымында ауылшаруашылығының басым болуы елдің дамуына қалай ықпал етеді?



Аграрлы елдерде халықтың басым көпшілігі неге ауылда тұрады?



Индустриялық және аграрлы-шикізатты елдердің шаруашылық салаларында қандай айырмашылықтар болуы мүмкін?



Оқулықтағы мәтін мен төмендегі кестенің мәліметтерін пайдаланып, елдердің типтерін анықтаңдар:

№	ЖІӨ құрылымы, %			Ел типі
	Ауылшаруашылығы	Өнеркәсіп	Қызмет көрсету	
1	60,2	7,4	32,4	
2	21,6	32,8	38,9	
3	0,6	19,2	80,2	
4	2,4	40,2	64,2	

## 9-сарамандық жұмыс

### Дүниежүзі елдерін шаруашылық құрылымы бойынша жіктеуді үйренеміз

**Жұмыстың мақсаты** — сандық және сапалық деректерді өңдеу негізінде дүниежүзі елдерін шаруашылық құрылымы бойынша жіктеуді үйрену.

#### Әдістемелік нұсқау

Сарамандық жұмыс 2 сағатқа есептелген: 1-сабақта тапсырмалар сыныпта орындалады; 2-сабақта орындалған тапсырмалар нәтижесінде жұмыс жүргізіледі.

Ел типін анықтауда ЖІӨ құрылымындағы ауылшаруашылығының, өнеркәсіптің және қызмет көрсетудің үлестерінің арасалмағына талдау жасау қажет. Мысалы, Анголаның ЖІӨ құрылымында өнеркәсіптің үлесі басым (61,4%). Ауылшаруашылық саласы мен өнеркәсіп үлестерінің жиынтығы 71,6% -ды құрайды. Осының негізінде Анголаны аграрлы-шикізатты елдерге жатқызуға болады. Ал Чад нағыз аграрлық ел болып табылады.

#### Тапсырма

1. 2-қосымшадағы сандық деректерді пайдаланып, аграрлық елдерді анықтап, олардың бірінің көрсеткіштері негізінде дөңгелек диаграмма құрастыру.
2. 2-қосымшадағы сандық деректерді пайдаланып, ауылшаруашылығы мен өндіруші өнеркәсіп үлесі басым болатын елдерді анықтап, олардың бірінің көрсеткіштері негізінде дөңгелек диаграмма құрастыру.
3. 2-қосымшадағы сандық деректерді пайдаланып, қызмет көрсету үлесі басым болатын елдерді анықтап, олардың бірінің көрсеткіштері негізінде дөңгелек диаграмма құрастыру.
4. Орындалған диаграммаларды салыстыру, талдау негізінде дүниежүзі елдерін шаруашылық құрылымы бойынша аграрлы, аграрлы-шикізатты, индустриялық және постиндустриялық елдерге бөлу жіктемесін ұсыну.

## Дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық модельдері

### § 33. Дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық құрылымы және модельдері

#### Бүгінгі сабақта:

— дүниежүзі шаруашылығының аумақтық модельдерімен танысып, оларды талдауды үйренесіңдер.

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ аймақ
- ✓ өнеркәсіп торабы
- ✓ экономикалық аудан
- ✓ экономикалық зона

**Шаруашылықтың аумақтық құрылымы.** «Аумақтық құрылым» ұғымы мағынасы жағынан «орналасуға» қарағанда әлдеқайда кең болады. Орналасу аумақта белгілі бір шаруашылық нысандарының таралуын білдіреді. Ал *шаруашылықтың аумақтық құрылымы* оның аймақтар, экономикалық зоналар, аудандар, өнеркәсіп кешендері, орталықтары және торабына жіктелуімен анықталады. Қазіргі заманғы дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық құрылымында бірнеше аумақтық түзілім түрлері бар.

Дүниежүзілік шаруашылық құрамы негізгі жеті *аймаққа* жіктеледі: Солтүстік Америка, Латын Америкасы, Африка, Аустралия және Мұхиттық аралдар, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД), Шетелдік (ТМД елдері тұрғысында) Еуропа мен Азия. Аймақтар өз кезегінде аймақшалардан тұрады. Мысалы, Еуропа аумағы төрт аймақшаға жіктеледі (Шығыс Еуропа, Батыс Еуропада — Солтүстік, Орта және Оңтүстік Еуропа).

Ірі елдерде *экономикалық зоналар* ажыратылады. Олар өндіргіш күштер дамуының өзіндік табиғи және экономикалық жағдайлары тән аудандардан (немесе олардың тобынан) тұратын ірі аумақтық түзілімдер ретінде анықталады. Ел ішінде *экономикалық аудандар, өнеркәсіп тораптары* мен *өнеркәсіп орталықтары* жіктеледі.

Қазіргі жағдайда дүниежүзі бойынша шаруашылықтың аумақтық ұйымдасуының кең тараған формасы — *арнайы экономикалық зона-*



40-сурет. Дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық модельдері

лар. Олар шаруашылық әрекетінің бағытына қарай еркін сауда зоналары, өнеркәсіптік-өндірістік зоналар, сауда-өндірістік, қызмет көрсету, туризм зоналары, технополистер, транзиттік, экологиялық-экономикалық зоналар және т.б. түрінде болады.

**Дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық модельдері.** Ғаламдық экономиканы біркелкі кеңістік ретінде қарауға болмайды. Ғалымдар дүниежүзілік шаруашылықтың бірнеше кеңістік модельдерін ұсынған (40-сурет).

Дүниежүзілік шаруашылықты аумақтық тұрғыда ең қарапайым бөлу *екі бөлікті модельде* бейнеленген.

Мұнда әлем дамыған және дамушы елдер болып екі топқа бөлінген. Дамыған елдердің басым көпшілігі солтүстік жарты шарда орналасқандықтан, оларды *Солтүстік* дейді. Ал оңтүстік жарты шарда шоғырланған дамушы елдер тобын *Оңтүстік* деп атайды.

*Үш бөлікті модель* бойынша дүниежүзі елдерін үш топқа жіктейді, яғни дамыған, дамушы елдермен қатар өтпелі экономика елдері ажыратылады. Экономиканың өтпелі сипаты оларда орталықтан жоспарланатын экономикадан нарықтық экономикаға өтумен түсіндіріледі. Қазақстан басқа ТМД елдерімен қатар осы өтпелі экономика елдері қатарына жатады.

*Жаңа үш бөлікті модельде* дүниежүзі елдері даму сипатына қарай ғаламдық орталықтар, жапсарлас өтпелі аймақтар және шеткі (периферия) аймақтар деп аталатын үш топқа біріктірілген.

*Көп бөлікті модель* негізінде дүниежүзілік шаруашылық 10 орталыққа бөлінген (Еуропа, Солтүстік Америка, Жапония, Қытай, Үндістан, Оңтүстік-Батыс Азияның мұнай өндіретін елдері, Жаңа индустриялық елдер, ТМД елдері, Бразилия және Мексика).

Келесі тақырыптарда дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық құрылымын үш бөлікті моделі мысалында қарастыратын боламыз.

### Глоссарий:

- **Шаруашылықтың аумақтық құрылымы** — оның аумақтық түзілімдерге жіктелуі.
- **Аймақ (шаруашылық тұрғысында)** — бір аумақта орналасқан, ортақ белгілері бойынша біріктірілген елдер тобынан тұратын ірі аумақтық түзілім.
- **Аймақша** — тарихи, табиғи және экономикалық жағдайлары, шаруашылық мамандануы мен орналасу ерекшеліктері бар аймақтың ірі бөлігі.
- **Ел** — мемлекеттік егемендікке сәйкес шегаралары мен біртұтастығы бар, шаруашылығының өзіндік даму, мамандану жағдайлары және құрылымы бар аумақ.
- **Экономикалық аудан** — өзінің өндірістік мамандануы, тығыз ішкі экономикалық байланыстары бар және елдің басқа бөліктерімен өзара байланысқан ел шаруашылығының географиялық тұрғыда біртұтас аумағы.
- **Өнеркәсіп торабы** — шағын аумақта жинақы орналасқан, технологиялық және экономикалық тұрғыда байланысқан өндірістердің тобы.
- **Өнеркәсіп орталығы** — өзара байланыстары жоқ, бірақ бір қалада орналасқан әртекті кәсіпорындардың жиынтығы.

- «Орналасу» және «шаруашылықтың аумақтық құрылымы» түсініктері арасындағы басты айырмашылық қандай?
1. Дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық құрылымында қандай түзілімдер ажыратылады?
  2. Экономикалық зоналар неге тек ірі елдерде жіктеледі?
  3. Дүниежүзілік шаруашылықтың екі бөлікті аумақтық моделінің жетіспейтін жақтарын талдаңдар.
- Бұрынғы және қазіргі үш бөлікті модельдің айырмашылықтары қандай? Көп бөлікті модель неге негізделген? Оның үш бөлікті модельден айырмашылықтарын бағалауға тырысыңдар.
- Оқулық мәтінін пайдаланып, аумақтық модельдерді графикалық түрде бейнелеп көрсет.

### § 34. Дамыған елдердегі шаруашылықтың аумақтық құрылымы

#### Бүгінгі сабақта:

— дамыған елдердегі шаруашылықтың аумақтық құрылымымен танысып, оларды талдауды үйренесіңдер.

Бұл мәселені Батыс Еуропаның мысалында қарастырайық. Батыс Еуропаның экономикалық аудандарын, төрт топқа бөледі (41-сурет).

*Жоғары дамыған* урбандалған орталық аудандар экономикасының жоғары деңгейде дамуымен ерекшеленеді.



41-сурет. Жоғары дамыған елдердегі аумақтық құрылым

Мұнда өнеркәсіптің ең жаңа салалары, ғылым, мәдениет, қызмет көрсету саласы шоғырланады. Мысалы, Батыс Еуропадағы жоғары дамыған аудандар:

- Үлкен Лондон мен Үлкен Париждің астаналық аудандары;
- Германиядағы оңтүстік аудан;
- Италиядағы Милан-Турин-Генуя өнеркәсіп үшбұрышы;
- Нидерландтағы Рандстад агломерациясы.

Дамыған инфрақұрылым, кәсіби деңгейі жоғары еңбек ресурстары, ауқатты тұтынушы, сыртқы байланыстары мықты және көлік қатынасы қолжетімді болғандықтан бұл аудандар жылдам дамыды. Жоғары дамыған аудандарда тұрғын халықтың әл-ауқаты елдегі орташа деңгеймен салыстырғанда анағұрлым жоғары болады. Мысалы, ЕО бойынша табыстың орта деңгейінен Париж агломерациясының (Иль де Франс) тұрғындары 170%, Үлкен Лондон тұрғындары 144% жоғары болатын табысқа ие.

Қазіргі кезде жоғары дамыған елдердегі экономикалық саясат жоғары деңгейде урбандалған аумақтардың, әсіресе астаналық аудандардың шамадан тыс өсуін тежеуге бағытталған. Қалалық агломерациялардың ауыртпалығын азайту үшін серік қалалар, жаңа қалалар салынуда. Мысалы, Лондон маңында 8 серік қала салынған (42-сурет).

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ өнеркәсіп үшбұрышы
- ✓ дағдарысты аудандар
- ✓ серік қалалар



42-сурет. Лондон ауданының қазіргі дамуы

Сонымен қатар ірі қалаларда жаңа құрылысты салуға шектеу қойылған, мұндай қалалардан кәсіпорындарды сыртқа шығару жүріп жатыр.

*Ескі өнеркәсіпті аудандар* XVIII–XIX ғасырлардағы өнеркәсіп революциялары кезінде қалыптасты. Оларда басты дамыған сала-

лар көмір өнеркәсібі, қара металлургия, тоқыма өнеркәсібі мен кеме жасау болды. Ең ірі аудандар таскөмір алаптары базасында қалыптасты. Мұндай ауданның нақты мысалы — Төменгі Рейн-Рур агломерациясы. Мұнда 100 шақты қала шоғырланған, олардың 20-сы ірі қалалар болып табылады. Ескі өнеркәсіпті аудандар қатарына Батыс Мидленд, Ланкашир, Йоркшир, Оңтүстік Уэльс (Ұлыбритания), Солтүстік аудан, Эльзас пен Лотарингияны (Франция) жатқызуға болады.

ҒТР заманында энергетика көмірден гөрі мұнай мен газға, қара металлургия жергілікті шикізаттан шеттен әкелінетін анағұрлым бай темір кеніне, тоқыма өнеркәсібі табиғи талшықтан жасандыға көше бастады. Бұл кезінде гүлденген аудандардың экономикалық құлдырауына алып келді, соның арқасында олар енді «дағдарысты аудандар» деп аталатын болды. Бұл аудандарда тұрғын халықтың қартаюуы және басқа жаққа көшуі басталып, құрылымдық дағдарыс, жұмыссыздық белең алды. Құрылымдық дағдарыс Батыс Еуропаның көптеген таскөмір және темір кені алаптарында, байырғы тоқыма аудандарында жүрді. Дағдарысты аудандарға қатысты аймақтық саясат олардың экономикасына ҒТР-мен байланысты жаңа және ең жаңа өндіріс салаларын енгізу, кәсіпорындардың бағдарын өзгерту, еңбек ресурстарын қайта дайындықтан өткізу, аса ірі ұлтаралық бірлестіктер бөлімшелерін ашуды қамтиды.



Дағдарысты аудандардың пайда болуы тек өндіруші өнеркәсіппен ғана байланысты ма?

Артта қалған *аграрлық аудандарда* басқаша жағдай қалыптасты. Оларға инвестициялардың жетіспеуі, жұмыссыздықтың жоғары деңгейде болуы тән, осының нәтижесінде тұрғын халықтың қартаюуы және басқа жаққа көшуі байқалады. Артта қалған аграрлық ауданға Оңтүстік Италия мысал бола алады, ол дамуы жағынан өнеркәсіптік Солтүстіктен көп қалып қойған. Францияда мұндай аудандар қатарына Орталық массив, Аквитания, Солтүстік-Батыс, Корсика, Ұлыбританияда Солтүстік Шотландия жатады.

Қазіргі кезде оларға қатысты арнайы жасалған аумақтық саясат қолданылуда. Ол салықтық жеңілдіктер беруді, арнайы қорлар ұйымдастыруды, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдарды мемлекет тарапынан инвестициялауды қарастырады. Сонымен қатар *өсу полюстері* қызметін атқаратын ірі өнеркәсіп кәсіпорындары ашылуда. Мысалы, Италияның оңтүстігіндегі Таранто қаласында ірі металлургиялық комбинат салынған. Өсу полюстері Франция, Испания және басқа елдердегі аграрлық аудандарда жасала бастады. Мұнда индустрияландырумен қатар ауылшаруашылығын, туризм мен рекреацияны дамытуға көп көңіл бөлінуде.





Қазақстанның индустриялық дамуында өсу полюстерін қалыптастырудың қандай маңызы бар?

*Жаңадан игеріліп жатқан аудандар* табиғат жағдайлары қатал, ресурсқа бай аудандар болып табылады. Ежелден игеріліп келе жатқан Батыс Еуропаға мұндай аудандар онша тән емес. Әдетте, мұндай аудандар қатарына Скандинавияның солтүстік бөлігін ғана жатқызады. Басқа аймақтардағы жаңадан игеріліп жатқан аудандар қатарында Аляска (АҚШ), Канаданың Солтүстігі, Гренландия (Дания), Аустралияның шөлді аудандарын атауға болады.

Жалпы алғанда, аудандар арасындағы айырмашылықтар едәуір көп. Мұның барлығы жекелеген елдерде дамудың әркелкі болуына алып келеді.



Жоғары дамыған елдердегі аумақтық құрылымның ала-құлалығын немен түсіндіруге болады?



1. Аумағы үлкен елдерде экономикалық дамудың әркелкілігін болдырмаудың қандай жолдарын ұсынар едің?
2. Қазақстан Республикасында жоғарыда аталған экономикалық аудандардың баламалары бар ма?
3. Жоғары дамыған елдердегі бай аудандардың болуын немен түсіндіруге болады?



1. Дамыған елдердің бірінің мысалында «Аграрлық аудандардың даму үлгісі» тақырыбында шағын жоба әзірлеңдер.
2. Өз таңдауың бойынша Батыс Еуропадағы жоғары дамыған аудандардың бірі туралы хабарлама әзірле.

## § 35. Дамушы елдердегі шаруашылықтың аумақтық құрылымы

Дамушы елдерде шаруашылықтың аумақтық құрылымының негізгі ерекшеліктері отарлық кезеңде қалыптасты. Сондықтан *аумақтық құрылымның отарлық типі* деп аталатын құрылым көптеген дамушы елдерде сақталып қалған. Оның басты белгілері: 1) елдің жекелеген бөліктерінің күшті айырмашылық жасауы; 2) дамыған өнеркәсіп және ауылшаруашылықты аудандардың аздығы; 3) көлік жолдарымен қамтылудың төменгі деңгейі; 4) аумақты пайдаланудың ошақты сипаты.

Сонымен, көптеген дамушы елдердің аумақтық құрылымына диспропорциялар (үйлеспеушіліктер) тән болады. Әдетте, мұндай

### Бүгінгі сабақта:

— дамушы елдердегі шаруашылықтың аумақтық құрылымымен танысып, оларды талдауды үйренесіңдер.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ экономикалық астана
- ✓ индустриялық үшбұрыш
- ✓ қосалқы орталықтар

елдерде салыстырмалы түрде дамыған бір орталық болады, қалған бөлігін периферия құрайды. Бұл елдерге қатысты «бір ел ішіндегі екі ел» деген теңеу қолданылады, ол дамушы елдердің аумақтық құрылымының басты ерекшелігін сипаттайды. Оларда үлкен қалалардың (орталықтар) тыныс-тіршілігі қалған аумаққа (периферия) қарама-қайшы болады. Орталықтар жаңа инвестиция, жұмыс күшін тарта отырып, бұрынғы қорлардың артықшылықтарын пайдаланады, осылайша өздерін әлемдік капиталистік орталықтарға «байлап» береді.



Дамушы елдердің жеке бөліктері арасындағы дамудың қарама-қайшылықтарын азайтудың жолдары қандай?

Әсіресе Африка елдеріне экономиканың аумақтық құрылымының отарлық типін өзгерту қиынға соғуда. Соған қарамастан бұл елдердің экономикалық даму қарқыны аздап жеделдеді. Африканың көптеген елдерінде шаруашылықтың аумақтық құрылымы үйлесімсіз және әркелкі болады. Бұл өндіргіш күштердің орналасуынан және ауданаралық экономикалық байланыстардың жетіспеуінен көрінеді. Елдердің өндіргіш күштері шоғырланған аудандар, әдетте, шағын келеді. Олар көбінесе ауылшаруашылық әлеуетіне ие және минералдық ресурстарға бай болады. Көптеген елдерде дамыған көлік инфрақұрылымы жоқ.

**Басты орталықтың рөлі.** Дамушы елдерде *басты орталықтың* қызметін астана атқарады. Ол шамадан тыс өсіп, даму арқылы басқа қалалардың өсуін тежейді. Мысалы, Латын Америкасы елдеріндегі шаруашылықтың аумақтық құрылымына жалпы экономикалық әрекеттің мұхит жағалауына шоғырлануы және астаналық қалалардың шамадан тыс ұлғаюы тән болады. Буэнос-Айрес агломерациясында (Үлкен Буэнос-Айрес) Аргентина халқының 1/3 бөлігі және өнеркәсіп өндірісінің 1/2 бөлігі шоғырланған. Ал Уругвай астанасы Монтевидео үлесіне елдегі өнеркәсіп өнімінің 3/4 бөлігі сәйкес келеді. Мұның барлығы шаруашылықтың аумақтық құрылымының моноорталықтық сипатын көрсетеді.



Дамушы елдерде басты экономикалық орталықтың шамадан тыс өсуін немен түсіндіруге болады?

Теңіз жағалауындағы елдерде астана басты теңіз порты қызметін де атқарады. Кейде *экономикалық астана* қызметін астаналық емес қала да атқаруы мүмкін. Мысалы, Үндістандағы Мумбаи мен Калькутта, Бразилиядағы Сан-Паулу, Мароккодағы Касабланка қалалары осындай мәртебеге ие. Егер астана немесе экономикалық астана жағалауда орналаспаса, міндетті түрде олардың Дүниежүзілік мұхитқа шығуын қамтамасыз ететін теңіз порты болады. Мехико үшін мұндай порт қызметін — Веракрус, Сантьяго үшін — Вальпараисо, Кито

үшін Гуаякиль атқарады. Астаналар мен порттар арасын жалғастыратын магистральдар елдің басты экономикалық даму біліктерін құрайды. Мұндай өсу дәліздері Бразилияның оңтүстік-шығысында айқын көрінеді. Мұнда әйгілі индустриялық үшбұрыш (Рио-де-Жанейро, Сан-Паулу және Белу-Оризонти) қалыптасқан, ол елдің басты экономикалық ядросы болып табылады. Мұндай қалаларға жапсарлас жатқан аумақтар айтарлықтай өнеркәсібі бар, халықаралық саудаға белсенді қатысатын неғұрлым дамыған аудан болады.

*Қосалқы орталықтар* (фокустар) қызметін экспортқа маманданған аудандар да атқара алады. Ірі порттарды өндіруші өнеркәсіп пен плантациялық шаруашылық тән ішкергі аудандармен байланыстыратын магистральдар бар.

*Периферия* қызметін ірі ішкі аудандар атқарады, оларда ауылшаруашылығының дәстүрлі тұтынушы түрі басым болады. Бұл аудандар артық тұрғындарын астана мен ірі портты қалаларға, плантациялар мен кеніштерге жөнелтіп отырады. Сондықтан оларды ішкі отарлар деп атайды. Дамушы елдердің өнеркәсіп орталықтары перифериядан көшіп келгендердің барлығын бірдей өндіріс процесіне қамти алмайды.

**Тепе-теңдіктің сақталмауы мәселесін шешу.** Көптеген дамушы елдер соңғы онжылдықтарда шаруашылықтың аумақтық құрылымындағы отарлық жүйе зардаптарын жоюға бағытталған аймақтық саясат жүргізуде. Бұл саясат өндіргіш күштердің теңіз маңына шоғырлануын азайтуға, ішкергі аудандарды игеруге, орталықтардың экономикалық қызметін таратуға бағытталған. Бұл Мексикада шаруашылық құрылымдардың АҚШ-пен шегаралас солтүстік аудандарға және оңтүстікке ығысуынан көрінеді. Бразилияда өнеркәсіптік үшбұрыштың аумағынан шығу жүргізілуде. Аргентинада шаруашылық даму оңтүстіктегі аз игерілген, бірақ табиғат ресурстарына бай Патагонияға таратылуда.

Экономиканың аумақта таралып орналасуын жеделдету үшін әртүрлі шаралар қолданылады. Мысалы, 1960 жылы Бразилия астанасы теңіз жағалауындағы Рио-де-Жанейродан елдің орталық бөлігіндегі Бразилияға ауыстырылды. Мұндай шаралар қатарына «*өсу полюстерін*» қалыптастыру, өнеркәсіп парктерін құру (Мексикада, Бразилияда), шағын зауыттар салу жатады. Соңғы жылдары Латын Америкасындағы елдердің аумақтық құрылымын қалыптастыруға экономикалық интеграция да ықпал етуде.

Африканың бірқатар елдерінде соңғы онжылдықтарда шаруашылықтың аумақтық құрылымында аздаған өзгерістер болды. Мұнда жоғары тауарлы өсімдік шаруашылығы мен экстенсивті жайылымдық малшаруашылығы аудандары, бірқатар ірі тау-кен өнеркәсібі аудандары қалыптасты.



1. Дамушы елдердегі шаруашылықтың аумақтық құрылымының негізгі ерекшеліктерін атаңдар.
2. Дамушы елдердегі перифериялық аудандарды неге «ішкі отарлар» деп атайды?



1. Дамушы елдердегі аумақтық тепе-теңсіз дамумен байланысты негізгі экономикалық мәселелерді сипаттаңдар.
2. Сан-Паулу қаласының Бразилия үшін экономикалық орталыққа айналуын немен түсіндіруге болады?



Бразилия үшін «өсу полюстерін» қалыптастырудың маңызына баға беруге тырысып көр.



Оқулықтағы мәтінді пайдаланып, картаға Бразилия экономикасының аумақтық құрылымын сызба түрінде бейнелеп, оған талдау жасаңдар.

## Дүниежүзі елдерінің экономикалық даму көрсеткіштері

### § 36. Дүниежүзі елдерінің экономикалық даму көрсеткіштерін салыстыру

#### Бүгінгі сабақта:

— дүниежүзі елдерінің экономикалық даму көрсеткіштерін салыстыруды үйренесіңдер.

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ жиынтық ішкі өнім
- ✓ жиынтық ұлттық өнім
- ✓ сатып алу қабілетінің паритеті

#### Глоссарий:

- **Жиынтық ішкі өнім (ЖІӨ)** — жыл ішінде белгілі бір аумақта өндірілген тауарлар мен көрсетілген қызметтің жалпы құны.
- **Жиынтық ұлттық өнім (ЖҰӨ)** — жыл ішінде белгілі бір аумақта шетелдік кәсіпорындарды есептемегенде өндірілген тауарлар мен көрсетілген қызметтің жалпы құны.

Қазіргі кезде жекелеген елдер мен аймақтар әлемдік экономикада алатын орны жөнінен бір-бірінен үлкен айырмашылық жасайды. Сондықтан елдердің нақты әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлерін салыстырып, сипаттауда сандық көрсеткіштер жүйесі кеңінен пайдаланылады. Жеке елдің дүниежүзілік шаруашылықтағы орнын және экономикалық даму ерекшеліктерін сипаттауда маңызды көрсеткіштердің жиынтығы пайдаланылады:

- 1) ел экономикасының типі;
- 2) жалпы жиынтық өнімнің (ЖІӨ) көлемі мен құрылымы;
- 3) халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасы;
- 4) елдің ғаламдық бәсекеге қабілеттілігі.


Аталған көрсеткіштердің біріне қарап елдің экономикалық даму деңгейін анықтау жаңсақтық болады. Сондықтан еларалық салыстырулар жүргізуде өте көп мөлшерде сандық деректер ескеріледі.

Ел экономикасының ауқымы, ең алдымен, *жалпы жиынтық өнім* көлемімен анықталады. Жиынтық өнімнің екі түрі бар:

жиынтық ішкі өнім (ЖІӨ) және жиынтық ұлттық өнім (ЖҮӨ). Әдетте, географтар салыстырулар жүргізгенде ЖІӨ көлемін ғана есепке алады. Әртүрлі елдердегі ЖІӨ көлемінің көрсеткіштері алшақтық жасамас үшін бірыңғай бірлік АҚШ доллары пайдаланылады. Халықаралық салыстыруларды неғұрлым дәл жүргізу үшін ЖІӨ сатып алу қабілетінің паритеті (САҚП) есебімен беріледі. 2017 жылы дүниежүзі елдері арасында ЖІӨ көлемі (САҚП есебімен) жөнінен Қытай жетекші орынға ие болды (43-сурет).

**Глоссарий:**

- Сатып алу қабілетінің паритеті (САҚП) — бір елдің ақшалай бірліктерінің санын бірдей тауарлар мен қызметтер жиынтығын алуға болатын басқа елдердің ақшалай бірліктерінің санына қатысты есептеу әдісі.



43-сурет. Дүниежүзіндегі ЖІӨ көлемі ең жоғары елдер (САҚП), 2017 ж. (Халықаралық валюта қоры деректері бойынша құрастырылды)

Елдің экономикалық даму деңгейін анықтауда жиынтық ішкі өнімнің жан басына шаққандағы көрсеткіші де ескеріледі. Халықаралық валюта қоры деректері бойынша бұл көрсеткіш дүниежүзі елдері арасында үлкен алшақтық жасайды (12-кесте).

12-кесте

**Жиынтық ішкі өнімнің жан басына шаққандағы көрсеткіштері (САҚП), 2017 ж.**

(Халықаралық валюта қоры деректері бойынша құрастырылды)

р/с	ЖІӨ деңгейі жоғары елдер	ЖІӨ мөлшері, АҚШ долл.	р/с	ЖІӨ деңгейі төмен елдер	ЖІӨ мөлшері, АҚШ долл.
1	2	3	4	5	6
1	Катар	124 529	1	Мадагаскар	1 551

1	2	3	4	5	6
2	Люксембург	106 374	2	Оңтүстік Судан	1 489
3	Сингапур	93 905	3	Либерия	1 354
4	Бруней	78 196	4	Йемен	1 287
5	Ирландия	75 538	5	Мозамбик	1 244
6	Норвегия	71 831	6	Малави	1 167
7	БАӘ	67 741	7	Нигер	1 164
8	Кувейт	66 163	8	Конго ДР	790
9	Швейцария	61 422	9	Бурунди	735
10	АҚШ	59 501	10	Орт. Африка Респуб-ликасы	677

Қазақстанда 2017 жылы сатып алу қабілетін ескергенде ЖІӨ көлемі ресми бағам бойынша 478 млрд АҚШ долларын құрады, оның жан басына шаққандағы көрсеткіші 26 252 долларға тең болды.



1. Оқулықта берілген 3-қосымшадағы сандық деректерді пайдаланып, ЖІӨ көлемі ең төмен 10 елді анықтап, олардың көрсеткіштерін 43-суреттегі ЖІӨ көлемі ең жоғары елдермен салыстырыңдар.
2. Оқулықтағы 12-кесте мен 3-, 5-қосымшалардың сандық деректерін пайдаланып, Қазақстанның жан басына шаққандағы ЖІӨ мөлшерін дамыған елдердің және даму деңгейі төмен елдердің көрсеткіштерімен салыстырмалы талдау жасаңдар.



ЖІӨ жалпы көлемі мен жан басына шаққандағы мөлшерін ескеру негізінде әлемдегі экономикалық даму деңгейі ең жоғары 10 елді анықтандар.

## § 37-38. Дүниежүзі елдерін экономикалық даму деңгейі бойынша жіктеу. Дамыған елдер

### Бүгінгі сабақта:

— дүниежүзі елдерін экономикалық даму деңгейі бойынша жіктеуді оқып-үйренесіңдер.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ көрінбейтін экспорт
- ✓ хай-тек
- ✓ ақпараттық экономика
- ✓ маркетинг

Ресей географтары дүниежүзі елдерін экономикалық даму деңгейіне, әлемдік экономикадағы орнына қарай *экономикасы дамыған елдер, өтпелі экономика тән елдер және дамушы елдер* деп үлкен үш топқа бөледі.

**Дамыған елдердің жалпы сипаттамасы.** *Дамыған елдер* әлемдік нарық пен халықаралық еңбек бөлінісінде жетекші рөл атқарады. Барлық халықаралық ұйымдар нарықтық экономикасы дамыған елдер қатарына 40

шақты елді жатқызады. Олардың 35-і әлемдік тауар өндірісі мен қызметтің 60%-ы тиесілі болатын *Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына* мүше болып табылады (13-кесте).

**Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына  
мүше елдер, 2017 ж.**

№	Елдер	Ұйымға енген мерзімі	№	Елдер	Ұйымға енген мерзімі
1	Аустралия	1971	19	Жаңа Зеландия	1973
2	Аустрия	1961	20	Норвегия	1961
3	Бельгия	1961	21	Польша	1996
4	Ұлыбритания	1961	22	Португалия	1961
5	Венгрия	1996	23	Словакия	2000
6	Германия	1961	24	Словения	2010
7	Грекия	1961	25	АҚШ	1961
8	Дания	1961	26	Түркия	1961
9	Израиль	2010	27	Финляндия	1969
10	Ирландия	1961	28	Франция	1961
11	Исландия	1961	29	Чехия	1995
12	Испания	1961	30	Чили	2010
13	Италия	1961	31	Швейцария	1961
14	Канада	1961	32	Швеция	1961
15	Латвия	2016	33	Эстония	2010
16	Люксембург	1961	34	Корея Республикасы	1996
17	Мексика	1994	35	Жапония	1964
18	Нидерланд	1961			

Дамыған елдерде жиынтық ішкі өнім мен энергияны тұтынудың жан басына шаққандағы көрсеткіші жоғары. Сонымен қатар адамның өмір жасының ұзақтығы, қызмет көрсету саласының басымдылығы, экономикасының ашықтығы, ЖІӨ құрылымында ауылшаруашылығы үлесінің төмендігі тән. Сонымен, бұл елдерге тән даму алғышарттары ұқсас болады (44-сурет).

Қазіргі кезде дамыған елдер экономикасының басты қозғаушы күші — ғылыми-техникалық прогресс. Көптеген дамыған елдерде арнайы ғылым қалалары (технополистер) пайда болған. Ғылым мен техниканы дамытуда мемлекеттің қолдаушы рөлі жоғары болып отыр.

Дүниежүзі бойынша ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға бөлінетін қаржының 90%-дан астамы дамыған елдерге тиесілі.

Ғылыми-техникалық ілгерілеудің басты көрсеткішінің бірі — *ғылымға негізделген өндірістің дамуы*. Қазіргі дүниеде осындай өндіріс АҚШ, Жапония мен Германияда шоғырланған. Бұл елдерде ғылымға негізделген өндіріс өнімдерінің үлесі ЖІӨ құрылымында 30–40% -ға жетеді.



44-сурет. Дамыған елдер өркендеуінің алғышарттары

Экономикалық өрлеуге қазіргі заманғы білім беру жүйесі де ықпал етеді. Мысалы, Жапонияда алдыңғы қатарлы технологиялармен айналысатын 450 университет бар. Дамыған елдердің экономикасы кәсіби біліктілігі жоғары мамандар мен ғалымдарды ұдайы қажет етеді. Сол себепті бұл елдерге дамушы елдерден «ақылдың ағылуы» жүріп жатыр. Дамыған елдердің көпшілігінде ел азаматтығын бірінші кезекте алатындар арасында біліктілігі жоғары мамандар мен танымал ғалымдар көп.

**Дамыған елдер шаруашылығының ерекшеліктері.** Дамыған елдердің шаруашылығына тән өзіндік ерекшеліктері бар.

Бұл елдерде инфрақұрылым, әлеуметтік қызмет көрсету жоғары даму деңгейіне жеткен.

Дамыған елдерде шикізат пен еңбек ресурстарын аз қажет ететін және ғылыми-зерттеу мен тәжірибелік-конструкторлық шығындар көлемі көп болатын жоғары технологиялық салалар («хай-тек») мен технологиялық қызмет көрсететін софт-салалар күшті дамыған. Бұл елдер жаппай сұранысқа ие болатын тауарлар өндіру мен қызмет көрсетуден біртіндеп бас тартып, өндіріс пен тұтынудың жаңа технологиялары мен басқарудың сапалық өзгерістеріне негізделген, экологиялық талаптар қатаң сақталатын инновациялық салаларды дамытуда.

Дамыған елдердің бәсекеге қабілеттілігінің негізін ғылыми білім мен жоғары деңгейдегі мамандар құрайды. Бұл елдердің инновациялық дамуы сапалық тұрғыдан жаңа игіліктерді пайдаланып, өндірістің



жаңа әдістері мен тәсілдерін қолдану, жаңа тұтыну нарықтары мен шикізат көздерін игерумен анықталады. Білімге негізделген ақпараттық экономиканың қалыптасуы мен дамуы бұл елдердің халықаралық рентаны (үстеме құн) өз қолдарына шоғырландыруға алып келеді. Бұл жағдайда бұрыннан бай елдер одан сайын байып, ал кедей елдер кедейшілігінен арылмайтын болады.

*Дамыған елдер халықаралық саудада айқын басымдыққа ие болады.* Олар әлемдік нарыққа неғұрлым жоғары деңгейде өңделген, бағасы жоғары болатын өнімдер мен сапалы қызмет көрсету, ақыл-ой еңбегі нәтижелерін (патенттер, тауарлық белгілер, лицензиялар және т.б.) ұсынады.

*Дамыған елдерде қаржының галамдық ағындары тоғысады.* Осының нәтижесінде әлемдік экономикаға тікелей ықпал ететін ірі қаржы орталықтары (Лондон, Нью-Йорк, Чикаго, Токио) қалыптасқан. Бұл әлемдік қаржы орталықтары арқылы өтетін қаржы көлемі дүниежүзілік сауда төлемдерінен ондаған есе асып түседі. Қаржы нарығының негізгі қатысушылары — ірі қаржы-несие ұйымдары, ұлтаралық бірлестіктер мен ұлтаралық банктер. Әлемдегі ең ірі 20 ұлтаралық құрылымдар арасында 13-і дамыған елдердің компаниялары болып табылады. Халықаралық нарықтағы несиелік қаржының 90%-ы дамыған елдердің өз ішінде айналымға түседі. Бұл өмір сүрудің аса жоғары сапасы мен деңгейін қамтамасыз етеді. Сондықтан дамыған елдерге дүниежүзінің барлық түкпірінен жұмыс күші тартылады.



1. Қосымша материалдарды пайдаланып, таңдау бойынша алынған дамыған елдердің шаруашылық құрылымын дөңгелек диаграмма түрінде бейнеле.
2. Оқулықтағы 44-суретті пайдаланып, дамыған елдердің өркендеуіне ықпал еткен алғышарттарды талда.
3. ЖІӨ көлемі жоғары елдердің барлығын жоғары дамыған елдерге жатқызуға бола ма?



«Дамыған елдердің бәсекеге қабілеттілігінің негізін ғылыми білім мен жоғары деңгейдегі мамандар құрайды» деген пікірге талдау жасап көр.



Дамыған елдерге «ақылдың ағылуының» басты себептері неде? Сенің бұл мәселеге көзқарасың қандай?

## § 39. Дамыған елдердің топтары

Дамыған елдердің әлемдік экономикаға ықпалы өте үлкен. Олар әлемдік экономиканың жай-күйін, даму бағыттары мен өзгеру сипатын анықтап береді. Дамыған елдерде әлемдік жиынтық өнімнің 3/4 бөлігі өндіріледі, бұл елдер ресурстардың басым

### Бүгінгі сабақта:

- дүниежүзі елдерін экономикалық даму деңгейі бойынша жіктеуді үйренесіңдер;
- дамыған елдердің негізгі топтарымен танысасыңдар.

бөлігін пайдаланады. Мысалы, дамыған елдерде жылына 50 млн дана автокөлік шығарылады. Дүниежүзі бойынша дамыған елдерде жан басына шаққандағы табыс көлемі ең жоғары болып табылады.

Дамыған елдерді әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері негізінде мынадай топтарға жіктейді:

- Жоғары дамыған елдер;
- Батыс Еуропаның шағын капиталистік елдері;
- «Қоныс аударған капитализм» елдері;
- Азиядағы жаңа индустриялық елдер;

**Жоғары дамыған елдер.** «Үлкен Жетілік» деп аталатын жоғары деңгейде дамыған басты капиталистік елдерді «өркениет локомотивтері» деп те атайды. Бұл топқа АҚШ, Канада, Германия, Ұлыбритания, Франция, Италия, Жапония енеді. Әлемдегі «500-дің клубы» аталған аса ірі 500 ұлтаралық бірлестіктің 400-ден астамы осы елдерде орналасқан. Олардың үлесіне жалпы жылдық сату көлемінің 90%-ы тиесілі болады.

Соңғы 100 жыл бойы әлемдік экономикада жетекші орын алған АҚШ қазіргі кезде ЖІӨ көлемі жөнінен Қытайдан кейінгі екінші орынды алады. АҚШ-тың ЖІӨ көлемі (САҚП) 2017 жылы 19,48 трлн долларды құрады. Халықаралық валюта қорының деректері бойынша 2017 жылы елдің ЖІӨ мынадай құрылыммен сипатталды: қызмет көрсету саласы — 80,0%, өнеркәсіп — 19,1%, ауылшаруашылығы — 0,9%. Әлемдегі ең ірі Нью-Йорк қор биржасының 2017 жылғы айналымы 21 трлн долларды құрады. Бұл көрсеткіштер АҚШ-тың нағыз пост-индустриялық ел екендігін дәлелдейді.

Жоғары дамыған елдерде ірі қаржы орталықтары (Нью-Йорк, Токио, Лондон, Торонто, Франкфурт, Милан) орналасқан. Мысалы, алғашқы үш қор биржасы әлемдік экономиканың үш басты басқару орталықтары болып саналады. Бұл елдерде қызмет көрсету саласы басымдылыққа ие. 2017 жылы АҚШ пен Ұлыбританияда оның ЖІӨ-дегі үлесі 80%-ға жуықтады.

Жоғары дамыған елдер халықаралық туризм орталықтары болып есептеледі: шетелдік туристерді қабылдау жөнінен Франция (2017 жылы 86,9 млн адам), АҚШ (2017 жыл 76,9 млн адам) және Италия (2017 жылы 58,2 млн адам) әлемдегі жетекші елдер қатарына жатады.

**Батыс Еуропаның шағын капиталистік елдері.** Бұл топқа Бельгия, Дания, Норвегия, Нидерланд, Исландия, Испания, Португалия, Швеция, Аустрия, Швейцария, Грекия, Ирландия мен Финляндия, сонымен қатар шағын елдер (Монако, Люксембург, Лихтенштейн, Сан-Марино, Андорра, Мальта) жатады. Бұл елдердің экономикасы жетекші елдермен салыстырғанда онша ауқымды емес, соған қара-

мастан олар әлемдік экономикада елеулі орын алады. Бұл аталған елдердің айрықша маманданған салаларының болуымен түсіндіріледі. Халықаралық географиялық еңбек бөлінісінде Бельгия мен Нидерланд: порт шаруашылығымен (Роттердам, Антверпен порттары); электр техникасы өндірісімен; Норвегия халықаралық теңіз тасымалына мамандануымен; Швейцария қаржы орталықтарымен және станок, сағат өндірісімен; Финляндия целлюлоза-қағаз өндірісімен; Швеция машина жасау және металлургия өнеркәсібімен ерекшеленеді.

Бұл елдердің халықаралық деңгейде мамандануын мына мысалдардан көруге болады. Кішігірім Швейцарияда банк секторының ЖІӨ-дегі үлесі 9% -ды құрайды, Цюрихте аса ірі Халықаралық қаржы орталығы орналасқан. Әлемдегі алғашқы жекеменшік банктер пайда болған Швейцарияда 400-ден астам жекеменшік банк тіркелген. Жалпы алғанда, елде 4 мыңнан астам қаржы мекемелері жұмыс істейді.

Нидерланд елінің гүл өсірушілері әлемдік гүл нарығының жартысынан астамын жаулап алған. Мұндағы жылыжайлар ауданы (15 мың га) бойынша дүниежүзінде 1-орын алады.

Қазіргі кезде дүниежүзілік саясатта да шағын елдердің рөлі артып отыр. Бірқатар халықаралық ұйымдардың штаб-пәтерлері осы елдерде орналасуы осының дәлелі. Мысалы, Брюссель қаласында НАТО мен Еуропалық Одақтың, ал Венада АЭХА (Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік) және ОПЕК (мұнайды сыртқа шығарушы елдер ұйымы) сияқты ұйымдардың штаб-пәтерлері орналасқан. Бейтарап саясат ұстанатын Швейцарияда Біріккен Ұлттар Ұйымының құрамына енетін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының, Халықаралық еңбек ұйымының, Дүниежүзілік метеорологиялық ұйымның және Халықаралық пошта одағының штаб-пәтерлері шоғырланған.

**Қоныс аударған капитализм елдері.** Бұл елдер дамыған елдердің ерекше топшасын құрайды. Жалпы алғанда, «капитализмнің қоныс аударуы» деп дамыған капиталистік елдердегі капиталистік қатынастардың (өндірісті ұйымдастырудың технологиясы, нарықтық шаруашылық үлгісі, өмір салты және т.б.) дайын үлгісінің бұрын капиталистік жүйе тән болмаған елдерге енгізілуін атайды. Осыған сәйкес, әлемде *қоныс аударған капитализм елдері* деген айрықша елдер тобы ажыратылады. Мұндай елдер тобына бұрын Ұлыбританияның отары болған Аустралия Одағы, Израиль, Жаңа Зеландия және Оңтүстік Африка Республикасы жатады.

Аталған елдердің экономикасында әлемдік деңгейдегі экономика алпауыттары жетекші рөл атқарады. Басқа дамыған елдерге қарағанда бұл елдерде тау-кен өнеркәсібінің үлесі жоғары, экспортында шикізат пен ауылшаруашылық өнімдері басым болады.

**Азиядағы жаңа индустриялық елдер.** Аталған топқа Азиядағы жаңа индустриялық елдердің алғашқы легіндегі елдер енеді. *Азиядағы жаңа индустриялық елдердің алғашқы легіне* жататын Корея Республикасы, Сингапур және шартты түрде Қытайдың бөліктері деп есептелетін Сянган мен Тайвань өздерінің экономикалық көрсеткіштері бойынша және әлемдік экономикадағы орны жағынан дамыған елдер ұғымына сәйкес келеді. Халықаралық қаржы ұйымдары да ресми түрде Сингапур мен Корея Республикасын дамыған елдер қатарына жатқызады. Халықаралық валюта қоры оларды «экономикасы дамыған елдер», Әлемдік банк ресми түрде «табыс деңгейі жоғары елдер» деп атайды. Ал БҰҰ тарапынан аталған елдер адам дамуының индексі өте жоғары елдер ретінде сипатталады.

Корея мен Сингапурда дүниежүзі халқының бар болғаны 0,75%-ы ғана тұрғанымен, олар әлемдік ЖІӨ көлемінің 2%-дан астамын өндіреді. Сянган мен Сингапур халқы түгелімен қала тұрғындары болып табылады, бұл елдерде ауылшаруашылығы жоққа тән.

Корея Республикасында ЖІӨ құрылымында басқа салалармен салыстырғанда өнеркәсіп үлесі (39,3%) басым болады. Бұл ел әсіресе әлемдік кеме өндірісінде айрықша көзге түседі, оның үлесіне әлемдік кеме өндірісі нарығының 45%-ы тиесілі. Қытайдың қақпасы қызметін атқарып отырған Сянганда қызмет көрсету саласы айқын басымдылыққа (ЖІӨ-нің 92,3%-ы) ие. Сянганда 1891 жылы құрылып, қазіргі кезде қаржы айналымы жөнінен әлемде 6-орын алатын Гонконг қор биржасының дүниежүзілік деңгейде айрықша орны бар. Жалпы алғанда, аталған елдердің батыстық үлгідегі дамыған елдерден басты айырмашылығы барлық салада мемлекеттің жетекші рөл атқаруы.

Жалпы алғанда, дамыған елдерде Жер шары халқының 17%-ы ғана тұрады, соған қарамастан бұл елдердің тұрғындары қазіргі дүниенің экономикалық және ғылыми-техникалық әлеуетінің негізгі бөлігін қалыптастырады.



Дамыған елдердің қандай ерекшеліктері бар?



1. Жетекші дамыған елдер мен шағын капиталистік елдердің басты айырмашылықтарын атаңдар.
2. Жаңа индустриялық елдердің жоғары дамыған елдерден қандай айырмашылықтары бар?



Өзің таңдап алған дамыған елдің экономикалық өрлеуіне себеп болған факторларды талдап, қысқаша хабарлама дайында.

## § 40. Дамыған елдердің әлеуметтік-экономикалық даму модельдері

Дамыған елдерде мемлекеттік сектор мен нарықтық элементтердің арасалмағына байланысты әлеуметтік-экономикалық дамудың бірнеше модельдерін ажыратуға болады.

**Либералды (америкалық) модельге** мемлекеттік меншік үлесі төмен болуы және өндіріс саласында, сауда, инвестиция, жұмыс күшін пайдалануда нарықтық бәсекелестіктің үстемдігі, күрделі әлеуметтік жіктелу тән болады. Үкімет тарапынан заңдар салықтық және ақша-несие саясаты арқылы экономиканы реттеп отырады. Бұл әрекеттер нарықта бәсекелестікті дамыту және монополияларды шектеу, нарықтағы құлдырауларды болдырмау және жекелеген әлеуметтік топтардың мүдделерін қорғау мақсатында жүргізіледі. Мемлекеттің ЖІӨ-ге шаққандағы шығындарының үлесі АҚШ-та 30% шамасында ғана болады. Бұл модель ХХ ғасырдың бастапқы онжылдықтарында АҚШ-та қалыптасып, осы кезге дейін сақталған. Ұлыбритания, Канада, Италия, Бельгия және т.б. елдердің экономикасы аталған модельге жақын дамып келеді.

**Әлеуметтік бағдарланған (шведтік) модель** табыстарды кеңінен бөлісу және қоғамдағы топтардың өзара келісімдеріне қол жеткізу арқылы әлеуметтік кепілдіктердің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді. Бұл модель алғаш рет Швецияда пайда болды. Қазіргі кезде бұл модель басқа да скандинавиялық елдерге, Аустралия мен Жаңа Зеландияға тән. Аталған елдерде кәсіподақтар өте белсенді қызмет етеді, сонымен қатар қоғамдық және жеке мүдделерді үйлестіруге бағытталған көптеген ұйымдар жұмыс істейді.

**Әлеуметтік-нарықтық (германдық) модельде** нарық бәсекелестігі жағдайында дамитын қоғамды айрықша әлеуметтік инфрақұрылым толықтырып тұрады. Әлеуметтік құрылым нарық жағдайында белгілі бір қиындықтарға ұшырайтын әлеуметтік қорғансыз топтарға (табысы төмен жанұялар, жастар, жұмыссыздар, ұсақ кәсіпкерлер және т.б.) ұдайы қолдау көрсетуге негізделген. Мемлекет белсенді экономикалық әрекеттері арқылы өз бетімен жеткілікті табыс деңгейін қамтамасыз ете алмайтын осы топтардың басым бөлігіне қамқорлық жасайды. Жетілген нарықтық қатынастар мен мемлекет тарапынан әлеуметтік қолдаудың үйлесуімен сипатталатын бұл модель Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары Германия, Францияда қалыптасып, қазірге дейін осы елдерде үстем болып келеді.

### Бүгінгі сабақта:

— дамыған елдердің әлеуметтік-экономикалық даму модельдері туралы білетін боласыңдар.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ либералды модель
- ✓ швед моделі
- ✓ германдық модель
- ✓ жапондық модель



45-сурет. Иерархиялық-бірлестіктік модельдің ұстанымдары

**Иерархиялық-бірлестіктік (жапондық) модель** мемлекет бірлескен капитализмді белсенді түрде реттейтін және конфуцийлік менталитет негізінде басқарылатын экономика болып табылады. Бұл елдердің шаруашылық дамуы төрт негізгі ұстанымға негізделген (45-сурет).

Бұл модель бойынша іскер топтар холдингтерге бірігеді, ұсақ және орта кәсіпорындар ірі банктер, кәсіпорындар айналасында шоғырланып, олармен ұзақ мерзімдік шаруашылық келісімшарттар жасайды. Осылайша олар нарыққа ірі қаржы-өнеркәсіп топтарының құрамында шығады. Мемлекет меншігінің үлесі төмен. Соған қарамастан, мемлекет экономикалық даму бағдарламаларын жасау, құрылымдық, инвестициялық, сыртқы экономикалық және әлеуметтік саясатты жүргізу арқылы қоғам өміріне белсенді араласады. Мемлекет жұмыс күшінің кәсіби біліктілігін арттыру мен мамандар даярлауды ерекше назарында ұстайды.

Жапонияда тиімділігі өте жоғары, қазіргі заманғы менеджмент мектебі қалыптасқан. Әлеуметтік ортасы мүлде басқа болатын батыс елдерінде басқарудың жапондық жүйесін сол қалпында енгізу шығысәзиялық елдердегідей тиімді емес. Білім беру, мамандарды дайындау мен қайта даярлықтан өткізу жүйесі де әлеуметтік-мәдени дәстүрлерге негізделген. Шығыс Азия елдерінде ең сапалы жұмысшы күші шоғырланған, оған кәсіби деңгейінің жоғары болуы, ұдайы үйренуге ұмтылыс, салыстырмалы түрде арзандығы тән.

Бұл модельдің таза жапондық (шығысәзиялық) тетігі — жергілікті халықтың күрделі табиғи және тарихи жағдайларда, философиялық, діни және адамгершілік құндылықтар негізінде қалыптасқан

психологиялық (соның ішінде мінез-құлық) дәстүрлері. Мысалы, өндіріс пен еңбекті ұйымдастырудың алдыңғы қатарлы формаларын енгізумен әлемге танылып отырған Жапонияда адам факторына негізделетін ұлттық дәстүрлер сақталып қалған. Жапонияда негізі салынған бұл модельдің элементтері Азиядағы жаңа индустриялық елдерге де тән болады.



1. Әлеуметтік бағдарланған (шведтік) модельді талдап, оның күшті және әлсіз жақтарын атаңдар.
2. Әлеуметтік-нарықтық (германдық) модельді талдап, оның күшті және әлсіз жақтарын атаңдар.
3. Иерархиялық-бірлестіктік (жапондық) модельді талдап, оның күшті және әлсіз жақтарын атаңдар.



1. Әлеуметтік-экономикалық дамудың қай моделін Қазақстан жағдайында енгізуге болар еді? Нақты мысалдар келтіріңдер.
2. Қалай ойлайсыңдар, қай модельді ұстанғандар дамуға көбірек мүмкіндік алады? Жауаптарыңды нақты мысалдармен дәлелдеуге тырысыңдар.

## § 41. Өтпелі экономика елдері

**Жалпы сипаттама.** «Өтпелі экономика» елдерінің ерекшелігі — экономикалық жүйелерінің жоспарлы сипаты болмағанымен, әлі де болса нағыз нарықтық экономикаға тән барлық элементтерге (дамыған банк және қаржы жүйелері, жетілген заңнамалық база, еркін алмастырылатын тұрақты валюта және т.б.) ие болмауында.

XX ғасырдың 80-жылдары соңы мен 90-жылдары басында социалистік жүйенің ыдырауы нәтижесінде бұрынғы социалистік елдер жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшуді жүзеге асыра бастады. Өтпелі экономика елдеріне 28 ел жатады (46-сурет).

Әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлері бойынша өтпелі экономика елдерін орташа дамыған индустриялық және индустриялық-аграрлық елдер қатарына жатқызуға болады. Қазіргі кезде Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше елдерді (Венгрия, Чехия, Словакия, Словения, Латвия, Польша, Эстония) кейбір зерттеушілер дамыған елдер тобына қосады.



Болгария, Польша, Чехия, Словакия, Венгрия, Словения, Латвия, Литва мен Эстония 2004 және 2007 жылдары ЕО құрамына қабылданған болатын. Бұл олардың экономикалық дамуына қалай ықпал етті?

### Бүгінгі сабақта:

— өтпелі экономикалық елдердің ерекшеліктерімен және топтарымен танысысыңдар.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ өтпелі экономика
- ✓ экономикалық қайта құрулар
- ✓ ашық сипаттағы экономика
- ✓ бюджет дефициті

Орталық және Шығыс Еуропаның бұрынғы социалистік мемлекеттері	— Албания, Болгария, Венгрия, Польша, Румыния, Словакия, Чехия; — Югославия Федерациялық Республикасының ыдырауынан пайда болған Босния мен Герцеговина, Македония, Словения, Хорватия, Сербия, Черногория
Бұрынғы КСРО құрамында болған елдер	— Өзірбайжан, Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Молдова, Ресей Федерациясы, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан, Украина, Грузия
Балтық бойы республикалары	— Латвия, Литва, Эстония

46-сурет. Өтпелі экономика елдері

**Өтпелі экономика елдеріндегі жүйелік қайта құрулар.** Өтпелі кезең — ұзақ тарихи үдеріс. Бұл кезеңде қоғамдық қатынастардың бүкіл жүйесі, қоғам өмірінің барлық саласы түбегейлі өзгеріске түседі. Меншік қатынастарының алмасуымен қатар, шаруашылықты басқару, ресурстарды пайдалану, экономикалық әрекет түрлерінің сипаты өзгереді.

Өтпелі экономика елдеріндегі экономикалық қайта құрулар ортақ сипат алды (47-сурет).



47-сурет. Өтпелі экономика елдеріндегі қайта құрулар

*Мемлекеттің экономикаға тікелей араласуын шектеу* — нарықтық экономикаға өтудің басты шарттарының бірі. Бірақ шектеулерді қажет ететін салалар да бар. Оларға өнім түрлерін өндіруге мемлекеттік тапсырыс, инвестициялық жобалардың басым көпшілігін мемлекеттің қадағалауы, өнім түрлеріне бағаларды мемлекеттің тағайындауы, сыртқы саудадағы мемлекеттік монополия жатады.



*Макроэкономикалық тұрақтандыру* — аса қажетті қадамдардың бірі. Бұл ұғымға мемлекеттік бюджет дефицитін азайту, айналымға артық ақша массасын шығармау және т.б. жатады.



Айналымдағы артық ақша массасының көбеюі мемлекет экономикасына қалай ықпал етуі мүмкін? Оның салдарлары қандай болады?

*Бағаларды либералдандыру* дегеніміз — мемлекет тарапынан бағаларды реттеуден толығымен немесе ішінара бас тарту, бағалардың нарықтағы тауарларға сұраныс пен ұсыныс негізінде, тауар өндірушілер арасындағы еркін бәсекелестікке сәйкес қалыптасуына көшу.

Нарықтық экономикаға көшу жағдайында бұрынғы мемлекеттік меншікті жекешелендіру, мемлекеттік меншіктегі өндіріс құралдарын, мүлікті, тұрғын үйлерді, табиғат ресурстарын, жерді сату немесе ақысыз беру негізінде жүргізіледі. Осының нәтижесінде жеке, акционерлік немесе ұжымдық меншік түрлері қалыптасады.

*Ашық сипаттағы экономиканы қалыптастыру* шетелдермен еркін сауда қатынастарын орнатуға, ел экономикасына салынған шетелдік инвестициялардың қорғалуына, азаматтардың шетелдерде тапқан табыстарының ұлттық экономикаға қайтуына мүмкіндік жасалуы және т.б. байланыс жүзеге асырылады.




Нарықтық экономика неге ашық сипатта болуы қажет?

Осы аталған экономикалық қайта құруларды жүзеге асыру өтпелі экономика елдерінде шамамен 1989 жылы басталды. Қайта құрулардың алғашқы кезеңі (1989–1993 жылдар) өте ауыр жағдайда өтті. Бұл жалпы алғанда барлық елдерде экономиканың құлдырауына, жалпы қоғамның дағдарысына алып келді. 1994 жылдан бастап қайта құру белсенді түрде жүргізіле бастады. Қайта құрулар екі түрлі бағытта жүргізілді: *эволюциялық және радикалды*. Нарықтық экономикаға көшудің эволюциялық жолын таңдаған елдерде (ең алдымен, Венгрия, Словакия, Чехия) экономиканың өрлеуі жылдам сипат алды. Радикалды қайта құрулар жүрген *посткеңестік елдерде* ортақ ақшадан бас тартып, ұлттық валюталар айналымға енгізілді.

ТМД елдеріндегі экономикалық қайта құрулардың өзіндік *ерекшеліктері* болды (48-сурет).

Жалпы алғанда, КСРО ыдырауы елдер арасындағы шаруашылық байланыстардың бұзылуына, саяси және әлеуметтік оқшаулануға алып келді. Бірыңғай жоспарлау жүйесінің жойылуы, ортақ валютадан бас тарту, аса ірі өндірістік кешендерді стихиялы түрде меншіктену, сыртқы сауда әрекетін босаңсыту шаралары өндірістің күрт құлдырауына себепші болды.



48-сурет. ТМД елдеріндегі экономикалық қайта құрулар

Тәуелсіздік алып, қайта құрылған мемлекеттердің үкіметтері өз мемлекеттерінің мүдделері мен экономикалық басымдылықтарын қалыптастыра отырып, бұрынғы одақтас республикалар арасындағы тарихи қалыптасқан еңбек бөлінісін сақтау қажеттігін түсінді.



49-сурет. Посткеңестік елдердегі күйзеліс кезеңінің басты қорытындылары

ТМД елдері арасындағы өзара экономикалық ынтымақтастық 1992 жылдың күзінен басталды. 1993 жылдың қыркүйегінде Мәскеуде мемлекет пен үкімет басшыларының қол қоюымен ТМД елдерінің экономикалық одағын құру туралы келісімшарт жасалды. 2009 жылы 18 тамызда Грузия мемлекеті өз өтініші бойынша ТМД құрамынан ресми түрде шығарылды.

Шамадан тыс инфляция жүріп, ұлттық валюта бағамы күрт төмендеді, *мемлекеттік бюджет дефициті* орын алды. Осы кері өзгерістер нәтижесінде халықтың басым бөлігінің табысы азайып,

әлеуметтік теңсіздік айқын көріне бастады. Халықаралық ұйымдар мен Халықаралық валюта қоры берген несиелер бастапқы жылдары мемлекеттік бюджеттің кем-кетігін толтыруға жұмсалды.

Экономистер *күйзеліспен емдеу* деп атаған осы кезеңнің 1991–2000 жылдардың басты қорытындылары ретінде мына мәселелерді атап өтуге болады (49-сурет).

Экономикалық қайта құрулар кезеңінде жұмыссыздық деңгейі артқан болатын. Мысалы, Қазақстанда 1999 жылы бұл көрсеткіш 13,5%-ға жетті. Еліміздің экономикалық дамуы нәтижесінде 2017 жылдың соңына қарай жұмыссыздық деңгейі 4,9%-ды құрады.



Өтпелі экономика елдерінің ұқсас белгілері мен айырмашылықтары қандай?



1. 48-суретті пайдаланып, ТМД елдеріндегі экономикалық қайта құрулардың ерекшеліктерін талдаңдар.
2. Өтпелі экономика елдеріндегі мемлекеттің рөліне баға бер.
3. Ашық сипаттағы экономиканы құру ТМД елдеріне қандай қиыншылықтар туғызды?
4. Нарықтық экономика құруда мемлекеттің экономикаға тікелей араласуын шектеудің маңызы қандай?
5. ТМД елдерінің экономикасын қайта құру қандай жағдайда өтті?
6. «Күйзеліспен емдеу» дегенді қалай түсінесің?



ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректерін пайдаланып, Қазақстандағы экономикалық көрсеткіштердің бірін таңдап алып, 1991–2017 жылдар аралығындағы өзгерістерін талдаңдар. Мысал ретінде сүт өнімдерін өндіру көлемі немесе бидай өндіруді алуға болады. Бұл мәліметтерді Статистика комитетінің деректерін қарап, «Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің серпіні» бөлімін таңдау арқылы таба аласыңдар.

## § 42. Дамушы елдер

**Дамушы елдердің жалпы сипаттамасы.** *Дамушы елдер* қатарына Азия, Африка, Мұхиттық аралдар, Латын Америкасындағы елдер жатады. Дамушы елдердің ЖІӨ көлемі дамыған елдердің ЖІӨ көлемінің төрттен бірінен де аз. Дамушы елдерде, әдетте, экономикалық көрсеткіштер ғана емес, демократияның еркін нарықтық экономиканың, әлеуметтік бағдарламалардың, адам құқығының сақталу стандарттары да төмен болады. Дегенмен кейбір дамушы елдерде өмір сүру мен даму деңгейлері үлкен алшақтықтар жасайды. Дамушы елдер арасында халықтың өмір сүру сапасы орташа елдер де бар. Ал ұзақ жылдар бойы экономикалық құлдырауды бастан

### Бүгінгі сабақта:

— дамушы елдердің басты ерекшеліктері мен мәселелері туралы білетін боласыздар.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ отарлық
- ✓ көп укладтылық
- ✓ кедейшілік
- ✓ жұмыссыздық

кешірген және дамыған елдерге экономикалық тәуелділікте болған кедей елдерді *мешеу елдер* деп атайды. Дамушы елдерге мынадай белгілер тән (50-сурет).



50-сурет. Дамушы елдерге тән белгілер

Осы жалпы белгілеріне қарамастан, дамушы елдер даму деңгейіне, экономикасының құрылымы мен ұйымдастырылуына, әлемдегі орнына қарай әрқилы болады.

Дамушы елдердің көпшілігіне тән даму мәселелері бар. Олардың арасындағы ең бастысы — *кедейшіліктің жаппай таралуы*. Экономистер атап көрсеткендей, дамушы елдердің көпшілігінде орташа тап қалыптаспаған. Бұл елдердегі тұрғындарының басым көпшілігінің табыс деңгейі дамыған елдерді былай қойғанда, сол елдердің өзіндегі аздаған бай адамдар тобымен де салыстыруға келмейді.

Дамуға кедергі келтіретін тағы бір мәселе — *еңбек өнімділігінің төмендігі*. Бұған, ең алдымен, өндірістің қосымша факторларының (күрделі қаржы, технологиялық инновация, басқару тәжірибесі) болмауы немесе жетіспеуі жатады.

*Халық санының жылдам өсуі* де дамушы елдердің өркендеуіне кедергі болып отырған жағдайдың бірі болып табылады. Жалпы табыс деңгейінің төмендігі мен халықтың жастық құрамында толыққанды еңбек етуге қабілетсіз балалар үлесінің жоғары болуы елдердің дамуын тежейді. Мысалы, дамыған елдерде 15 жасқа дейінгі балалардың үлесі 16% болса, даму деңгейі өте төмен болатын мешеу елдерде 40%-ды құрайды. Сондықтан мешеу елдерде экономикалық белсенді халыққа (15 пен 64 жас аралығындағы тұрғындар) түсетін жүктеме дамыған елдердегіден әлдеқайда көп болады.

Дамушы елдердегі экономикалық өрлеуге кері ықпал етіп отырған тағы бір жағдай — *жұмыссыздық деңгейінің жоғары болуы*. Экономиканың даму қарқыны онсыз да төмен елдерде халық санының артуы жұмыссыздықтың да артуына алып келеді, өйткені жаңа жұмыс орындары пайда болмайды. Ресми емес жұмыссыздықты қоса есептегенде, шамамен экономикалық белсенді халықтың 35%-ы жұмыссыз.

1. Дамушы елдердің басты белгілерін атаңдар.
  2. Дамушы елдерге қандай басты даму мәселелері тән болады?
1. Мешеу елдерде неліктен халықтың басым бөлігі ауылды жерде тұрады?
  2. Елдің дамуына оның шаруашылық құрылымында ауылшаруашылығының басым болуы қалай ықпал етеді?
1. Дамыған елдер мен дамушы елдердің өнеркәсібінің салалық құрылымында қандай айырмашылықтар болуы мүмкін?
  2. 5-қосымшаны пайдаланып, балалар үлесі ең жоғары 5 елді анықтап, олардың көрсеткіштерін Қазақстанның аталған көрсеткішімен салыстырыңдар.

## § 43-44. Дамушы елдердің топтары

Дамушы елдерді жіктеуде халықаралық ұйымдар экономика дамуының негізгі көрсеткіштеріне сүйенеді.

**Дамушы елдердің топтары.** Халықаралық валюта қоры (ХВҚ) дамушы елдерді жіктеу барысында мынадай көрсеткіштерге назар аударады: жан басына шаққандағы табыс мөлшері, экспорттың жіктелген сипаты (жан басына шаққанда табыс мөлшері өте жоғары мұнай экспорттаушы елдердің экспортының 70%-ын мұнай құрайды), ғаламдық қаржы жүйесіне интеграциялану деңгейі. Дамушы елдерді ішкі айырмашылықтарына қарай мынадай негізгі топшаларға бөлуге болады (51-сурет).

### Бүгінгі сабақта:

— дамушы елдерге қандай елдер жататынын және оларды қалай топтастыратындығы туралы білесіңдер.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ оффшор
- ✓ мұнай экспорттаушылар
- ✓ плантациялық шаруашылық
- ✓ «жалға пәтер беруші» елдер



51-сурет. Дамушы елдердің негізгі топтары

**Жетекші дамушы елдер.** Бұл топшадағы елдерде (Қытай, Үндістан, Бразилия, Мексика) халық санының көптігі, осыған байланысты елдер арзан еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілген.

Дегенмен бұл жағдайда елдердің экономикасы өте ауқымды, экономикалық әлеуеті өте жоғары болғанына қарамастан, жан басына шаққандағы экономикалық көрсеткіштері төмен болады. Шаруашылық құрылымының күрделілігі және бай мәдени қордың болуы бұл елдердің әлем өркениетіндегі аса маңызды рөлін анықтайды.

Осы елдер арасында Қытай мен Үндістан әлемдік экономикадағы айрықша орнымен көзге түседі. Дүниежүзі бойынша халық

**Глоссарий:**

- **Оффшор** (ағыл. *offshore* — жағалаудан тыс) — шетелдік компаниялар үшін кәсіпкерлікті жүргізудің айрықша жағдайлары бар ел немесе аумақ.

саны (Қытай 1-орында, Үндістан 2-орында), жерінің ауданы (Қытай 3-орында, Үндістан 7-орында) жағынан алып елдер қатарына жатады. Бұл екі мемлекет ЖІӨ көлемі, экономикасының ауқымы мен құрылымы, қазіргі даму қарқыны жөнінен де көшбасшылар легінде келеді.

Аталған факторлармен қатар Қытай мен Үндістанның ядролық, ғарыштық державалар болуы олардың экономикалық қана емес, саяси әлеуеті мен халықаралық деңгейдегі рөлінің орасан зор екендігін көрсетеді. Осы аталғандар негізінде Азияның бұл екі алыбын нағыз жетекші дамушы елдер деуге болады. «Форбс» журналының деректері бойынша 2018 жылдың қорытындысы негізінде анықталған әлемдегі ең ірі 10 компания тізіміне Қытайдың 5 компаниясы еніп отыр.

Соған қарамастан, халық санының көп болуы, оның жеке аймақтарының дамуындағы ала-құлалық, тұрғындардың табыс мөлшеріндегі үлкен алшақтық салдарынан Қытай әлі де болса дамыған елдер қатарына қосыла алмай келеді. Мысалы, 2017 жылғы Әлемдік банк рейтингі бойынша Қытай жан басына шаққандағы жиынтық ұлттық табыс өнімі (САҚП) мөлшері жөнінен 2017 жылы әлемде 78-орында, Үндістан 123-орында тұр.

**Жаңа индустриялық елдер.** Ғалымдар экономикалық дамудың жоғары қарқынын жаңа индустриялық елдердің барлығына тән ортақ белгі ретінде атайды (52-сурет).

Бұл елдер өте қысқа мерзім ішінде әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері бойынша сапалық секіріске қол жеткізді.



52-сурет. Жаңа индустриялық елдерге тән белгілер

Жаңа индустриялық елдердің екі негізгі даму үлгісі белгілі:

— Азиялық үлгі ұлттық экономиканы басым түрде сыртқы нарыққа бағыттау негізінде дамумен ерекшеленеді;

— Латынамерикалық үлгі ұлттық экономиканы импорт алмастырушы бағытта дамытумен сипатталады.

Дамудың азиялық үлгісі тән болатын жаңа индустриялық елдер арасында Малайзия мен Таиланд айрықша көзге түседі. Бұл елдердің әлемдік ЖІӨ көлеміндегі үлесі 1,7%-ды құрайды, соған қарамастан олардың ұлттық экономикасының құрылымы дамыған елдерден айырмашылық жасайды. Мысалы, Таиландта ауылшаруашылығының үлесі дамыған елдермен салыстырғанда әлі күнге дейін жоғары (8,2%), қызмет көрсету саласының үлесі 55,6%-ды құрайды. Ал Малайзия — нағыз экспортқа бағдарланған ел. Бұл елдің экспорттық квотасы 40% шамасында болады. Жалпы осы екі елдің әлемдік экспорттағы үлесі 2,4%-ға жетіп отыр.

Негізгі белгілермен қатар Латын Америкасындағы жаңа индустриялық елдерге импорт алмастырушы, ал Азиядағы осы тектес елдерге экспортқа бағдарланған экономика тән.

**Мұнай экспорттаушы елдер.** Парсы шығанағы елдері, Ливия, Венесуэла және т.б. енетін бұл топшадағы елдерге көп мөлшердегі мұнай экспортынан басқа, жан басына шаққандағы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің жоғары болуы, қаржы экспортына бағдарлану, экономика салалары мен әлеуметтік өмірде, тұрмыста жаңа технологиялардың кеңінен енгізілуі тән болады.

Бұл топқа жататын елдер өз шаруашылығын мұнайды өндіру мен экспорттау немесе оның өнімдерін сыртқа сату негізінде қалыптастырады. Мұнай өндіру мен өңдеу саласында мемлекеттік компаниялар басымдылық көрсетеді. Даму барысында бірте-бірте барлық елдерде мұнайды неғұрлым толық өңдеу, химиялық және энергияны көп қажет ететін өнімдерді (қара және түсті металлургия) шығаруға маманданған өндіріс қуаттарын жасау нәтижесінде ұлттық шаруашылық кешені күрделене түседі.

Қазіргі уақытта өндірістік емес сала (қаржы, білім беру және т.б.) қалыптасуда. Сондықтан бұл елдерде экономиканың басты саласы қызмет көрсету болып табылады. Оның ЖІӨ-дегі үлесі Сауд Арабиясында 53,2%-ға, Катарда 49,5%-ға жетіп отыр. Мұнай экспорттаушы елдердің көпшілігінде (Кувейт, Сауд Арабиясы, БАӘ және т.б.) халықтың тұрмыс деңгейі өте жоғары.

**Плантациялық шаруашылық елдері.** Бұл топшадағы елдерге (Гватемала, Гондурас, Коста-Рика, Куба, Никарагуа, Сальвадор, Доминика Республикасы, Гаити, Гана, Кот-д'Ивуар, Шри-Ланка) агроклиматтық жағдайлардың қолайлылығы тән болады. Осының

нәтижесінде бұл топтағы елдердің басым көпшілігі плантациялық шаруашылықты қарқынды дамыту арқылы тропиктік дақылдарды дүниежүзілік нарыққа шығаруға маманданған. Елдердің экономикасында шетел қаржысының басымдылығы, елдің даму мүмкіншіліктерінің әлемдік нарықтағы бағаларға тікелей тәуелді болуы, бірқатар елдерде саяси жағдайдың тұрақсыздығы, халықтың әл-ауқатының төмендігі байқалады.

**«Жалға пәтер беруші» елдер.** Бұл топшаға енетін елдердің (Мальта, Кипр, Бахрейн, Либерия, Багам Аралдары, Барбадос, Панама) халықаралық маңызды көлік жолдары тоғысында орналасуы және бірқатарында рекреациялық ресурстардың болуы даму бағыттарын анықтап берген (53-сурет).



53-сурет. «Жалға пәтер беруші» елдердің ерекшеліктері

Аталған елдер шетелдік компанияларға салық жеңілдіктерін беру арқылы аса маңызды қаржы және қызмет көрсету орталықтарының қалыптасуына жағдай жасаған. Бұл елдердің көпшілігінде (Багам Аралдары, Барбадос, Бахрейн, Кипр, Мальта) жергілікті рекреациялық ресурстар мен салық жеңілдіктерін пайдалану негізінде халықаралық туризм орталықтары пайда болған. Бахрейн оффшорлық қаржы орталығын дамыту арқылы араб әлемі ақша айналымында маңызды рөл атқарады. Ал даму деңгейі төмен Либерияның ірі табыс көзінің бірі басқа елдердің ел жалауын пайдаланғаны үшін төлейтін салықтары болып табылады.



Неліктен бұл елдерді «жалға пәтер беруші» елдер деп атайды? Оларды басқаша атауға бола ма?

**Даму деңгейі төмен елдер.** Бұл топшадағы елдерге экономикалық даму деңгейінің және жан басына шаққандағы табыстың өте төмендігі, табиғи өсудің жоғарылығы, аграрлық сектордың басымдылығы, әлеуметтік жағдайдың нашарлығы тән болады. Аталған топшаға 2018 жылы Мұхит аралдары, Африка, Азияда орналасқан 47 ел енді. Соңғы деректер бойынша бұл елдерде тұратын халық саны 1 млрд шамасында болды. Бұл елдердегі халықтың жартысынан астамы



тәулігіне 2 доллардан төмен табысқа өмір сүреді. Жалпы алғанда, БҰҰ-ның бейбітшілікті сақтауға бағытталған 15 операциясының сегізі осы елдерде жүргізіледі. Соңғы онжылдықта бұл елдерден шыққан азаматтар жалпы әлемдегі босқындардың 60%-ын құрады. Бұл елдердің үлесіне әлемдік экспорттың бар болғаны 1%-ы, ал дүниежүзілік тікелей инвестициялардың 2%-дан азы сәйкес келеді.

Әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі төмен дамушы елдердің көпшілігінде демографиялық, экологиялық жағдайдың шиеленісуі байқалып, халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуге қатысты мәселелер туындауда.



1. Дамушы елдердің басты белгілері олардың топ атауларында көрініс таба ма? Олай болмаса, сен ол топтарға қандай атау қояр едің?
2. Қытай мен Үндістанның даму қарқындары әлемдік экономиканың жай-күйіне қалай ықпал етеді?



Мұнай экспорттаушы елдер мен плантациялық шаруашылық елдерінің қандай ұқсастықтары мен айырмашылықтары бар?



1. 52-сурет бойынша жаңа индустриялық елдердің басты белгілерін талда және біреуін таңдап ал. Қосымша материалдарды пайдаланып, осы белгі бойынша хабарлама дайында.
2. Даму деңгейі төмен елдердің бірін таңдап ал. Қосымша деректерді пайдаланып, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды талда. Осы елдің экономикалық даму моделін жасап көр.

## Экономикалық дамудағы әлемдік тәжірибе

### § 45-46. Дүниежүзі елдерінің экономикалық даму стратегиялары

Елдердің экономикалық даму стратегияларын жасаудың қажеттілігі. *Экономикалық даму стратегиясы* стратегиялық мақсаттарды анықтап, елдің дамуына қатысты ұзақ мерзімге арналған маңызды ұстанымдарды негіздеп береді. Елдің экономикалық даму стратегиясын жасауда ішкі экономикалық әлеует және қазіргі заманғы әлем дамуының тенденциялары мен сын-тегеуіріндері ескеріледі (54-сурет).

Стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін ұзақ мерзімдік стратегиялық бағдарламалар жасалады. Елдің экономикалық дамуының стратегиясын жасау бірнеше кезеңдерден тұрады (14-кесте).

Әдетте, елдердің даму стратегиясындағы *басты мақсат* экономикалық жүйені нығайту және жетілдіру болып табылады.

#### Бүгінгі сабақта:

— дүниежүзі елдерінің экономикалық даму стратегияларына баға беруді үйренесіңдер.

**Ғаламдық бәсекелестіктің күшеюі**

- ұлттық экономикалардың тұрақтылығына қойылатын талаптардың күшеюі
- ықпал ету аймақтарына қатысты геосаяси бәсекелестіктің артуы
- ұлттық экономикалық қауіпсіздікті нығайту қажеттілігі
- әлемдік қаржы және шикізат нарықтарын реттеуге қатысты жаңа ұстанымдар қажеттілігі

**Технологиялық өзгерістердің жаңа толқыны**

- әлеуметтік-экономикалық дамудағы инновациялар рөлінің артуы
- дамудың дәстүрлі факторларының «күнсыздануы»
- экономикалық жүйелердің жаңа технологиялық базасын қалыптастыру қажеттілігі
- бәсекеге қабілетті ұлттық инновациялық жүйені жасау

**Адами капитал рөлінің артуы**

- адами капитал — елдің экономикалық дамуының негізгі факторы
- кәсіби мамандардың сапасын көтеру қажеттілігі
- адами ресурстарды басқару жүйесін жетілдіру

**54-сурет.** Қазіргі әлем дамуының тенденциялары мен сын-тегеуіріндері

14-кесте


**Елдің экономикалық дамуының стратегиясын жасау кезеңдері**

Экономиканың жай-күйін талдау	Мақсаттарды анықтау және негіздеу	Мақсаттарды реттеу
Мәселелерді айқындау, оларды шешу мерзімдерін бағалау, кері құбылыстарды жоюдың балама жолдарын іздеу	Мақсаттарды топтастыру, оларға сипаттама беру; мақсаттарды экономикаға ықпал ету ауқымы және шығын көлемі бойынша жіктеу	Басты мақсат пен бірінші, екінші деңгейдегі мақсаттарды анықтау

Ал бірінші деңгейдегі мақсаттарға халықтың әл-ауқатын арттыру, болашақта ел экономикасының дамуын қамтамасыз ету жатады. Даму стратегиясындағы екінші деңгейдегі мақсаттар дамудың нақты көрсеткіштері мен параметрлерін қамтиды.

Постиндустриялық елдердің даму стратегияларының ерекшеліктері. Қазіргі дамыған елдерге инновацияларға негізделген өсу стратегиясы тән. Ол технологиялық даму деңгейіне мемлекеттің тікелей ықпал етуімен анықталады.

Бұл стратегия шеңберінде 3 тарап: жаңа технологиялардың қайнар көзі ретінде ғылым мен техника, ғылыми жаңалықтарды енгізу алаңы ретінде бизнес, ғылым мен бизнесті үйлестіруші мемлекет өзара байланыста әрекет етеді. Мысалы, АҚШ, ЕО елдері және Жапония. Бұл стратегия өзіндік ерекшеліктерге ие (55-сурет).



55-сурет. Дамыған елдердің даму стратегияларының ерекшеліктері

Постиндустриялық қоғамда ғылым мен техника жетістіктерінің өндіріске енгізілуі экономиканың негізгі қозғаушы күшіне айналады. Ғылымға негізделген, ресурстарды үнемдеуші өндірістер басым дамып, ақпараттық технологиялар қоғам өмірі мен тұрмыстың барлық саласына енеді. Әсіресе микроэлектроника, телекоммуникациялар, бағдарламалармен қамтамасыз ету, робот техникасын жасау, айрықша қасиеттері бар жаңа материалдарды өндіру, биотехнологиялар жетекші маңызға ие болады.

Постиндустриялық қоғам жағдайында білім қаржыдан артық бағаланады. Халықаралық деңгейде бәсекелестік күшейген сайын, жетістікке жету үшін қаржының көлемі ғана емес, инновациялық идея да қажет бола бастады.

Білім, оны сақтау, білім қорын жинақтау және алмасу, оны толықтыру постиндустриялық өркениет дамуының қажеттілігіне айналады. Сол себепті жаңа қоғам *ақпараттық өркениет* деп аталады. Жаңа ақпараттық қоғамға жаңаша ойлау, басқадай деңгейдегі білім қажет, яғни білім берудің ескірген жүйесін алмастыру жүреді, білімге негізделген экономика дамиды.



Қазақстанда жалпы білім беретін мектептерде жаңартылған білім мазмұнының енгізілуі болашақта экономикаға қалай ықпал етуі мүмкін?

Постиндустриялық экономикада жаңа типтегі *венчурлық* (ағылшынша *venture* — қауіп-қатерлі) инвестиция дамиды, яғни көптеген жобалар бірдей қаржыландырылады, олардың бірнешеуі ғана табысты болғанның өзінде, жұмсалған қаржы ақталады.

Ақпараттық қоғамда әлеуметтік жіктелу сақталады. Бұл қоғамды кәсіби мамандар қоғамы деуге де болады, мұндағы негізгі тап интеллектуалдар табы (ғалымдар, кеңесшілер, сарапшылар, технократтар және т.б.) болады. Қазірдің өзінде дамыған елдерде адамдардың білім деңгейіне байланысты мүлкітік теңсіздіктері байқалып отыр.

Постиндустриялық қоғамда интеграциялық және дезинтеграциялық үдерістер өте күрделі сипат алады. Ұлтаралық бірлестіктер (ҰБ) түрін өзгертіп, нығайып, ғаламдық ауқымдағы ықпал үшін өзара бәсекелестікке көшеді.

**Дамушы елдердің экономикалық даму стратегияларына баға беру.** Дамушы елдер алдында экономиканың нығаюы мен дамуы, артта қалушылықты жою, халықтың өмір деңгейін көтеру және дүниежүзілік шаруашылықтағы орнын өзгерту мәселелері тұр.

Ұлттық үкіметтер бұл мәселелердің шешімін индустрияландыруды жүзеге асырумен байланыстырады. Индустрияландыру — өнеркәсіпті басым түрде дамыту арқылы экономикада құрылымдық өзгерістерге алып келетін, өндірісті техникалық жағынан қайта жабдықтау және ел экспортын түбегейлі модернизациялауға мүмкіндік беретін кешенді үдеріс.

Дамушы елдерге тән экономикалық даму стратегияларын талдау негізінде 6 топты бөліп қарауға болады (56-сурет).



56-сурет. Дамушы елдердегі даму стратегияларының топтары

Дамушы елдердің басым көпшілігінде эволюциялық даму идеясына сәйкес, *ізінен еріп даму* стратегиясы кеңінен таралды. Мұның мәнісі — Азия, Африка мен Латын Америкасындағы жас мемлекеттер жалпы алғанда дамыған елдердің жолын қайталауы тиіс.



«Ізінен еріп даму» стратегиясын ұстанғанда дамушы елдер қандай қиыншылықтарға тап келуі мүмкін?

**Импорталмастырушы стратегия.** Ол дамушы елдерде индустрияландырудың бастапқы кезеңдерінде жүзеге асырылды. Жергілікті өңдеуші өнеркәсіпті қаржылық қолдау арқылы ішкі сұранысты

қамтамасыз ету, импортты, соның ішінде әсіресе тұтыну тауарларын қысқарту жүргізілді. Бұл ішкі нарықты игеру есебінен ұлттық кәсіпкерлікті нығайтып, жас өнеркәсіпті қорғауға мүмкіндік берді. Осының негізінде кейбір дамушы елдерде өнеркәсіптің орташа жылдық өсімі 6%-дан асып кетті. Бұл стратегия Латын Америкасындағы халық саны көп Бразилия, Мексикада қолданылды.

*Экспортқа бағдарлану стратегиясы.* Ол экономиканың ашықтығы, халықаралық еңбек бөлінісіне белсенді араласу арқылы әлемдік сауданы елдің қаржылық ресурстарын ұлғайту мен шаруашылық құрылымын жаңартуға пайдалану мақсатын көздейді.

Индустрияландырудың бұл бағыты көптеген дамушы елдердің даму стратегияларын жасауда басшылыққа алынды. Өйткені бұл тәжірибені азиялық жаңа индустриялық елдер (Сингапур, Корея Республикасы және т.б.) жинақтаған еді. Аталған елдердің экономикалық өрлеуіне Жапониямен тығыз қарым-қатынас орнатуы оң ықпал етті. Жапония өзінің инвестициялары, жаңа технологиялары, басқару және сату тәжірибесі арқылы жаңа индустриялық елдерді қазіргі заманғы өндіріске үйретті және экспорттық мүмкіндіктерді ашып берді.



Қазақстан осы стратегияны басшылыққа алып, экономикалық өрлеуге қол жеткізу үшін оған қандай жағдайлар қажет болар еді?

Азияның жаңа индустриялық елдерінің алғашқы легі дамыған елдер қатарына өтті, осы арқылы қысқа мерзім ішінде экономикалық өрлеуге жетуге болатынын дәлелдеп берді.

Азиядағы кейбір елдер өздерінің ғаламдық деңгейдегі бәсекелестік басымдылықтарын (адами капитал, бай табиғи ресурстар және т.б.) пайдалана отырып, экспортқа бағдарлана алды. Мысалы, Үндістан, Қытай, Азияның мұнай экспорттаушы елдері.

*Ішкі сұранысты ынталандыру стратегиясы.* Ол ішкі сұраныстың ұлғаюы негізінде өндірісті ынталандыруды көздейді. Бұл жерде мемлекеттің қатысуы қолайлы әлеуметтік климат орнату, өмір сапасын жақсарту, білімді, денсаулық сақтау саласын қаржыландыру, жаңа мөлшерін арттыру арқылы тұрақты ішкі сұранысты қамтамасыз етеді. Бұл стратегия алғаш рет АҚШ пен Еуропа елдері үшін жасалған болатын, кейіннен оны 1998 жылы әлемдік дағдарыстан соң көптеген азиялық елдер пайдалана бастады.

*Инвестиция есебінен өсу стратегиясы.* Ол өндірісті ұлғайтудың факторы ретінде қаржыны жылдам жинақтауға негізделеді. Шетелдік инвестицияларды тарту арқылы қаржының өсімі ғана емес, елдер арасындағы технология алмасу да жүзеге асырылады. Бұл стратегияға инвестициялауды ынталандыру, қолайлы бизнес ортасын қалыптас-

тыру (жемқорлыққа қарсы күрес, экономикалық тұрақтылық және т.б.), экономикадағы ұзақ мерзімдік мақсаттардың басымдылығы тән. Қытай өзінің дамуының жекелеген кезеңдерінде осындай стратегия ұстанған болатын.

*Еңбекпен қамтуды кеңейту арқылы даму стратегиясы.* Ол мемлекеттің жаңа жұмыс орындарын ашу арқылы жұмыспен қамтамасыз етуді арттыруға негізделеді. Мемлекеттің экономикаға араласуы еңбек нарығын нығайтуға және еңбек нарығына тұрғын халықтың жекелеген топтарын (әйелдер, жастар және т.б.) тарту үшін арнайы жағдайлар жасауға бағытталған. Осындай даму жолын халық саны көп Қытай мен Үндістан қолданып келеді.



1. Болашақта ғылымды қажет ететін және ресурсты үнемдейтін салалардың басым болатындығын немен түсіндіруге болады?
2. Ғалымдардың, кеңесшілер мен сарапшылардың, технократтардың қызметі қандай мақсаттар үшін қажет?
3. Бір ел бірнеше даму стратегияларының элементтерін үйлестіріп, өзіндік даму стратегиясын жасай ала ма?



1. «Постиндустриялық қоғамда білім қаржыдан артық бағаланады» деген сөйлемнің мағынасын қалай түсінесің? Нақты мысалдар келтіріп көр.
2. Қазақстанның даму стратегияларында «білімге негізделген экономика» қалыптастыру қамтылған ба?



Дамушы елдердің экономикалық даму стратегияларының бірін таңдап алып, бір елдің мысалында төмендегі үлгіге сәйкес талдау:



## Қазақстан Республикасы экономикалық дамуындағы мақсатты көрсеткіштер мен индикаторлар

### § 47. Қазақстан Республикасының экономикалық даму стратегиясының мақсатты көрсеткіштері

«Қазақстан-2050» стратегиясы. 2012 жылы желтоқсанда мемлекет басшысының ел халқына Жолдауында Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы таныстырылды. Оның басты мақсаты — мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру, Қазақстан әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болуы.

#### Бүгінгі сабақта:

— Қазақстан Республикасының экономикалық даму стратегияларын талдауды үйренесіңдер.

Қазақстанның 2050 жылға дейінгі ұзақ мерзімді даму стратегиясын іске асыру үшін «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары» қабылданған. Ол орта мерзімді кезеңге арналған мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаты болып табылады (57-сурет).

Бұл мақсаттарға қол жеткізу үшін «Қазақстан-2050» стратегиясы жеті ұзақ мерзімді басымдықтарды іске асыруды қарастырады:

1. Жаңа бағыттың экономикалық саясаты — пайда алу, инвестициялар мен бәсекеге қабілеттіліктен қайтарым алу принципіне негізделген түгел қамтитын экономикалық прагматизм.



57-сурет. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары

2. Кәсіпкерлікті — ұлттық экономиканың жетекші күшін жан-жақты қолдау.

3. Әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері — әлеуметтік кепілдіктер және жеке жауапкершілік.


4. Білім және кәсіби машық — заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары.

5. Мемлекеттілікті одан әрі нығайту және қазақстандық демократияны дамыту.

6. Дәйекті және болжамды сыртқы саясат — ұлттық мүдделерді ілгерілету, аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті нығайту.

7. Жаңа қазақстандық патриотизм — біздің көпұлтты және көп-конфессиялы қоғамымыздың табыс негізі.

**Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.** Бағдарламаның мақсаты — еңбек өнімділігін арттыруға және өңделген тауарлар экспортының көлемін ұлғайтуға бағытталған өңдеуші өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігін екпінді ынталандыру. Бағдарламаның осы мақсатына сәйкес бірнеше *міндеттер* анықталды (58-сурет).



58-сурет. ҚР индустриялық-инновациялық дамытудың 2015–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының міндеттері

*Нысаналы индикаторлар.* Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде Қазақстан 2019 жылға қарай төмендегідей экономикалық көрсеткіштерге қол жеткізуі тиіс:

1) өңдеуші өнеркәсіп өнімі экспортының құндық көлемінің 2015 жылғы деңгейге қарағанда 19%-ға өсуі;

2) өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігінің 2015 жылғы деңгейге қарағанда нақты мәнде 22%-ға өсуі;



3) өңдеуші өнеркәсіптің негізгі капиталына инвестициялар көлемі 4,5 трлн. теңге сомасында;

4) өңдеуші өнеркәсіптегі энергия сыйымдылығының 2014 жылғы деңгейге қарағанда кемінде 7%-ға төмендеуі.

Қойылған мақсаттарға және индикаторларға қол жеткізу үшін өңдеуші өнеркәсіптің негізгі капиталына инвестициялардың болжамды қажеттіліктері шамамен 4,5 трлн. теңгені құрайды.



«Қазақстан-2050» стратегиясының басты мақсаттары қандай?



1. Қазақстанда ақпараттық экономиканы дамыту үшін негіз бар ма? Бұл неден көрінеді?

2. «Экономикалық прагматизм» ұғымының мағынасын қалай түсінесің?



«Қазақстан-2050» стратегиясы мен дамушы елдердің даму стратегияларының арасында қандай негізгі айырмашылықтар бар?

## 10-сарамандық жұмыс

**Қазақстан Республикасы үшін тиімді шаруашылықтық құрылымын, шаруашылық салаларының арақатынасын, шаруашылығының аумақтық құрылымын, экономикалық дамуындағы тиімді көрсеткіштерді анықтау**

Сарамандық жұмыс 2 сағатқа есептелген: 1-сабақта тапсырмалар сыныпта орындалады; 2-сабақта орындалған тапсырмалар нәтижесінде жұмыс жүргізіледі. Сарамандық жұмыста Қазақстан Республикасының даму стратегияларын талдау, түсіну мақсатында *топтық шығармашылық жобалар* орындалады. Сынып оқушылары екі топқа бөлініп, әрқайсысына төмендегі жобалардың бірін таңдау ұсынылады. Кей жағдайда жобаны жасау сыныпта және сыныптан тыс орындалатын бөліктерге жіктелуі мүмкін. Ұсынылған әрбір жоба сынып оқушыларының жеке топтарына бөлініп беріледі. Әр топтың шығармашылық жобасы бүкіл сыныпқа таныстырылады.

### 1-шығармашылық жоба

**Қазақстан Республикасы үшін тиімді шаруашылық құрылымы**

**Мақсаты** — Қазақстан Республикасының даму стратегияларын талдау нәтижесінде ел үшін тиімді шаруашылық құрылымын және шаруашылық салаларының арақатынасын анықтау.

**Қажетті құралдар мен материалдар:** «Қазақстан-2050» стратегиясы, оқулықтағы қосымшалар, географиялық атлас.

1-кестеде талдамалық жұмысты орындау реті берілген.

1-кесте

**Қазақстан Республикасының даму стратегияларын талдау кезеңдері мен орындалатын жұмыстар реті**

	Орындау кезеңдері	Жұмыстар
1	Қазақстанның қазіргі шаруашылық құрылымына талдау жасау	Оқулықтағы 2-қосымшаны пайдаланып, Қазақстанның қазіргі шаруашылық құрылымындағы салалардың үлесін анықтау және жетекші дамыған елдермен салыстыру
2	«Қазақстан-2050» стратегиясының «Жаңа бағыттың экономикалық саясаты – пайда алу, инвестициялар мен бәсекеге қабілеттіліктен қайтарым алу принципіне негізделген түгел қамтитын экономикалық прагматизм» бөлімі бойынша талдау жасау	Қазақстан үшін дамыту қажет шаруашылық салаларын анықтап, оларды қандай сипатта дамыту қажеттігіне баға беру
3	Деректерді өңдеу мен талдау нәтижесінде қорытындылар жасау	Қазақстан Республикасы үшін тиімді шаруашылықтың құрылымы, шаруашылық салаларының арақатынасы туралы өзіндік ұсыныстарды негіздеу

**Жұмыстың нәтижесі.** Ел экономикасының салалық құрылымын салыстырмалы талдауды меңгереді. Қазақстан Республикасы үшін тиімді шаруашылық құрылымын, шаруашылық салаларының арақатынасын бағалауды үйренеді. «Қазақстан-2050» стратегиясының мысалы арқылы мемлекеттік бағдарламалық құжаттарды түсініп, талдауды меңгереді.

### **2-шығармашылық жоба**

#### **Қазақстан Республикасы шаруашылығының аумақтық құрылымы, экономикалық дамуындағы тиімді көрсеткіштер**

Қажетті құралдар мен материалдар: Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, оқулықтағы қосымшалар, географиялық атлас, кескін карта.

2-кестеде талдамалық жұмысты орындау реті берілген.

2-кесте

#### **Жұмыс кезеңдері мен орындалатын жұмыстар реті**

Модельдеу кезеңдері	Жұмыстар
Қазақстанның қазіргі аумақтық құрылымына талдау жасау	Атлас бойынша Қазақстанның шаруашылығының аумақтық құрылымына талдау жасап, ауылшаруашылықты, өнеркәсіпті аудандарды, қызмет көрсету шоғырланған орталықтарды анықтау. Қазақстандағы еркін экономикалық зоналарды анықтап, кескін картаға түсіру
ҚР индустриялық-инновациялық дамытудың 2015–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын талдау	ҚР индустриялық-инновациялық дамытудың 2015–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын талдау негізінде Қазақстанның дамуындағы тиімді көрсеткіштерді анықтау. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының «5.1. Экономика салаларын цифрландыру» бөлімшесіндегі материалдарды талдап, ел экономикасының даму бағыттарын анықтау
Деректерді өңдеу мен талдау нәтижесінде қорытындылар жасау	Қазақстан Республикасы үшін тиімді аумақтық құрылым, экономикалық дамуындағы тиімді көрсеткіштер туралы өзіндік ұсыныстарды негіздеу

**Жұмыстың нәтижесі.** Ел экономикасының аумақтық құрылымын картографиялық әдістің көмегімен талдауды меңгереді. Қазақстан Республикасы үшін тиімді шаруашылықтың құрылымын, тиімді аумақтық құрылымды, экономикалық дамуындағы тиімді көрсеткіштерді бағалауды үйренеді. ҚР индустриялық-инновациялық дамытудың 2015–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бойынша құжаттарды түсініп, талдауды меңгереді.

## Геосаясат негіздері Геосаясаттың өзектілігі

### § 48. Геосаясаттың мақсаты мен міндеттері. Зерттеу пәні, негізгі категориялары

#### Бүгінгі сабақта:

— геосаясаттың мақсаты және міндеттерімен, зерттеу пәнімен танысасыздар;  
— геосаясаттың негізгі категорияларын түсіндіруді үйренесіздер.

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ геокеңістік
- ✓ геосаясат
- ✓ геосаяси код
- ✓ экспансия

**Геосаясаттың мақсаты мен міндеттері.**  
*Геосаясат* терминінің авторы — швед ғалымы Рудольф Челлен. Ол мемлекетті «кеңістіктегі географиялық ағза» деп, ал геосаясатты «мемлекет туралы ілім» ретінде анықтаған. Челлен кез келген мемлекеттің нығайып, күшеюі үшін экономикалық, демографиялық, әлеуметтік, әскери саясатты жүргізіп, геосаясатқа үлкен көңіл бөлуі қажет деп есептеген. Қазіргі заманғы геосаясаттың басты *мақсаты* — мемлекеттің геостратегиясын анықтап, тұжырымдау.

Ресейлік географтардың анықтауынша, геосаясат — әлемді билеу ғылымы, ол ғаламдық мәселелерді шешуде қандай шешімдер қабылдау қажет екендігіне жауап береді. Тіпті ежелгі грек оқымыстысы Аристотельдің өзі осы бағытта біршама құнды пікірлер айтқан. Ол аралдардың геосаяси рөліне айрықша мән беріп, Крит аралы арқылы Грекияға ықпал етуге болатынын атап көрсеткен.

Қазіргі әлемдік саясатта мемлекеттің орны, ең алдымен, оның экономикалық қуатымен анықталады.

Осыған сәйкес геосаясаттың негізі де ауысты, яғни бұрын физикалық-географиялық факторларға басым көңіл бөлінсе, қазіргі кезде экономикалық факторға көп көңіл бөлінеді. Геосаясатшылардың айтуынша, дүниежүзінде жаңа әлемдік тәртіп орнықты. Бұл көпполюсті әлем экономикалық фактордың алғашқы орынға шығуы, интеграциялық және сауда одақтарының қалыптасуы, ғаламдық деңгейде қарама-қарсы жаңа топтардың (бай — солтүстік, кедей — оңтүстік, батыс — христиан, шығыс — мұсылман әлемі және т.б.) пайда болуымен сипатталады.

Геосаясат қолданбалы ғылым, оның бірнеше міндеттері бар (59-сурет).



59-сурет. Геосаясаттың негізгі міндеттері

Геокеңістікке бақылау жасаудың тетіктері мен формаларын зерттеу арқылы геосаясат ғаламдық, аймақтық және жергілікті деңгейде стратегиялық жоспарлар жасауға көмектеседі. Ал ғаламдық деңгейдегі әскери-экономикалық, саяси күштердің кеңістік шегараларын айқындау және болжам жасау негізінде *әлемдік тәртіптің* моделі құрастырылады.

Геосаясат әлемдегі жетекші геосаяси күштердің ықпалды аймақтарын жіктеу негізінде дүниежүзін геосаяси тұрғыда аудандастырады. Осының нәтижесінде *геосаяси аймақтар* ажыратылады. Геосаясат дүниежүзіндегі геосаяси субъектілер үшін *геосаяси кодтарды* жасаумен де айналысады. Осы арқылы әрбір мемлекет өзіне әсері болатын геосаяси субъектілер туралы стратегиялық болжамдар жасайды.

**Геосаясаттың зерттеу пәні.** Геосаясат мемлекеттердің сыртқы саясаты мен олардың бір-бірімен қарым-қатынастарын саяси, экономикалық және әскери-стратегиялық өзара байланыстар тұрғысынан зерттейді. Ал бұл байланыстардың сипаты елдің географиялық орнымен және басқа да географиялық факторлармен байланысты анықталады.

Геосаясаттың негізгі *зерттеу пәні* — алуан түрлі аумақтық модельдері бар, аса күрделі дүниежүзінің геосаяси құрылымы. Геосаясаттың ғылыми негізі — географияда. Сондықтан геосаясат үшін де кеңістік заңдылықтар маңызды, ол кеңістіктің сипаты мен ондағы әртүрлі күштердің арасалмағын зерттейді. Геосаясат геосаяси күштер мен үдерістерді әртүрлі деңгейде модельдеуді жүзеге асырады, осы арқылы әлемнің геосаяси құрылымын жасап береді.

**Геосаясаттың негізгі категориялары.** Геосаясаттың зерттеу пәніне байланысты өзіндік ұғымдары мен түсініктері қалыптасқан. Соның бірі — *әлемдік тәртіп* ұғымы. Бұл — белгілі бір уақыт кезеңінде әлемдегі геосаяси күштердің арасалмағын бейнелейтін геосаяси

**Глоссарий:**

- **Геосаясат** — мемлекеттің стратегиялық әлеуетіне ықпал ететін географиялық, саяси, тарихи және басқа факторларды тұтас бірлікте зерттейтін ғылым.
- **Геокеңістік** (географиялық кеңістік) — өзара байланысқан және даму үстіндегі географиялық нысандар орналасқан аумақ.
- **Әлемдік тәртіп** – белгілі бір уақыт кезеңіндегі геосаяси күштердің арасалмағы түріндегі әлемнің геосаяси құрылымы.
- **Геосаяси аймақтар** — экономикалық, саяси және мәдени тұрғыдан салыстырмалы түрде біртекті болатын ірі геосаяси бірліктер.
- **Геосаяси кодтар** — мемлекеттің сыртқы саясатын қалыптастырған кезде үкіметтің басқа мемлекеттер туралы жасайтын стратегиялық болжамдарының жиынтығы.
- **Экспансия** — басым топтардың, мемлекеттердің және т. б. күш көрсету, экономикалық немесе мәдени-ақпараттық ықпал ету аймақтарының кеңеюі.

құрылым. Жекелеген күштердің сандық және құрылымдық өзгерістері әлемдік тәртіпті өзгертеді. Мысалы, 1991 жылы Кеңес Одағының ыдырауы әлемдік тәртіпті түбегейлі өзгертті: екі полюсті әлем көпполюсті сипат алды. Сонымен, әлемді тәртіпті күштердің кеңістік арасалмағы деуге болады. Оны зерттеу үшін геосаясат көптеген басқа ғылым салаларымен бірігеді.

*Геокеңістік* — геосаясаттың аса маңызды ұғымы. Өйткені кез келген геосаяси күштің кеңістікте өз орны бар. Осы кеңістік орны арқылы мемлекеттің ғаламдық, аймақтық және жергілікті деңгейдегі геосаяси жағдайы, оған ықпал ететін факторлар анықталады. Геокеңістіктің аумақ ретіндегі табиғи-экологиялық, шаруашылық және т.б. ерекшеліктері мемлекеттің басымдылықтарын немесе осал тұстарын айқындайды.

Геосаясатта *геокеңістікке бақылау жасау* ұғымы бар. Ресей геосаясатшысы К.Э.Сорокин бұл ұғымды *экспансия* түсінігімен байланыстырады. Ол экспансияны әскери агрессия ретінде ғана емес, ақпараттық, мәдени, діни, саяси, экономикалық түрде болады деп есептейді. Қазіргі әлем — кикілжіңдер мен ынтымақтасудың күрделі жүйесі. Осының барлығының түпнегізінде геокеңістікке бақылау жасау мақсаты жатыр. Мысалы, әлемдегі аса ірі ұлтаралық бірлестіктер көптеген елдерде өздерінің бөлімшелерін ашу арқылы бір жағынан экономикалық дамуға қол жеткізеді, екінші жағынан сол елдердің экономикасына ықпал ету мақсатын көздейді.

Саяси географияның негізін қалаған неміс ғалымы Ф.Ратцель *экспансияның жеті заңын* ойлап тапты:

- 1) мемлекеттің көлемі оның мәдениетінің дамуына қарай ұлғая береді;
- 2) мемлекеттің кеңістік жағынан ұлғаюы оның дамуының басқа көріністерінен де байқалады: идеология, өндіріс, сауда қатынастары дамып, мемлекеттің «тартушы сәулесі» артады;
- 3) шағын деңгейдегі саяси бірліктерді жұту және өзіне тарту арқылы мемлекет ұлғаяды;

- 4) шегара — мемлекеттің шетіндегі бір орган, оның ажырамас бір бөлігі;
- 5) кеңістіктік экспансияны жүзеге асыру арқылы мемлекет өзінің дамуы үшін аса маңызды аймақтарды (жағалау бөліктері, өзен алаптары, аңғарлар және жалпы бай аумақтар) қамтып қалуға тырысады;
- 6) экспансияға түрткі болатын бастапқы импульс сырттан келеді, өйткені мемлекет өркениетінің дамуы өзінен төменірек сатыда тұрған мемлекеттің (немесе аумақтың) есебінен кеңейгісі келеді;
- 7) неғұрлым әлсіз ұлттардың араласуы немесе тұтасуы тәрізді тенденция қозғалыстағы аумақтардың одан әрі ұлғая беруіне түрткі болады.

Геосаясатта *мүдделер* ұғымы бар. Мүдделер мекемелік (ұлтаралық бірлестіктер), ұлттық, мемлекеттік, коалициялық (мемлекетаралық) болуы мүмкін. Олардың ішіндегі ең маңыздысы — мемлекет мүдделері. Оның негізін мемлекеттің саяси тәуелсіздігін қорғау, аумағы мен шегараларын сақтап қалу және халқының әл-ауқаты мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсаттары құрайды. Жалпы алғанда, мемлекет мүдделері өзінің геосаяси және геоэкономикалық қуатын мақсатты түрде нығайтуға бағытталады.



Геосаясаттың география ғылымымен қандай байланысы бар?



1. Әлем дамуының тарихында Ф.Ратцель ұсынған экспансияның 7 заңын дәлелдейтін қандай мысалдар бар?
2. «Геосаясат — әлемді билеудің ғылымы» дегенді қалай түсінесің?
3. Геокеңістік пен аумақ ұғымының бір-бірінен қандай айырмашылығы бар?



Геосаясаттың негізгі міндеттері бір-бірімен қалай байланысқан? Олардың байланыстарын логикалық сызба түрінде беруге тырысып көр.



«Қазақстанның геосаясаттағы мемлекеттік мүдделері» тақырыбында хабарлама дайында.

## § 49. Негізгі геосаяси объектілер мен субъектілер. Геосаяси ықпал көрсетудің негізгі құралдары

**Негізгі геосаяси объектілер мен субъектілер.** Геосаясаттың негізгі *объектісі* — ғаламшар кеңістігі, мұнда барлық геосаяси күштер орналасып, геосаяси үдерістер мен құбылыстар жүзеге асады. Геосаясаттың басты әрекет етуші тұлғалары — саяси белсенділікке ие субъектілер.

Геосаясат *субъектілері* — геосаяси кеңістікті бақылау, үстемдік ету, өзіндік мүдделерін жүзеге асыру мақсатында ғаламдық, аймақтық немесе жергілікті деңгейде әрекет ететін мемлекет, мемлекеттер одағы, халық, ұлт, әлеуметтік топ. Екінші жағынан, аталған субъектілер

### Бүгінгі сабақта:

- негізгі геосаяси объектілер мен субъектілердің анықтамасымен танысыңдар;
- геосаяси ықпал көрсетудің негізгі құралдарын зерттеуді үйренесіңдер.

**Жетекші ұғымдар:**

- ✓ субъект
- ✓ объект
- ✓ идеологиялық құралдар
- ✓ ақпараттық қақтығыстар
- ✓ ақпараттық қауіпсіздік

геосаясат ғылымы үшін зерттеу объектілері болып табылады.

*Геосаясат мемлекетті қай тұрғыдан зерттейді?*

Біріншіден, мемлекеттің кеңістікте алып жатқан аумағын зерттейді. Мемлекет аумағы оның экономикалық қуатын анықтап береді, халық санына ықпал етеді.

Екіншіден, ғаламдық деңгейдегі және аймақтық көшбасшылардың барлығы салыстырмалы түрде үлкен аумаққа ие. Мұның өзі табиғат жағдайларының әртүрлілігі мен табиғи ресурстармен қамтамасыз етілуімен, шаруашылықтың сан-салалы болуымен анықталады.

Үшіншіден, үлкен аумаққа ие болып отырған мемлекеттер, әдетте, көптеген мемлекеттермен шектеседі немесе жан-жақты сыртқы байланыстар орнатады.

**Геосаяси ықпалдың негізгі құралдары және оларды зерттеу.** Геосаяси ықпал жасау *саяси, идеологиялық, экономикалық, әскери, ақпараттық, мәдени* құралдар арқылы жүзеге асады (60-сурет).



**60-сурет.** Геосаясаттың негізгі құралдары

Саяси құралдар күш қолдану, саяси ұйымдар арқылы қысым көрсету немесе бейбіт ықпал ету, саяси келіссөздер арқылы әрекет етуді және т.б. қамтиды. Қазіргі кезде әлемдегі шиеленіс ошақтары болып отырған аумақтарда осы саяси құралдардың барлығы қолданылуда.

Қазіргі кезде белгілі бір топтардың өздерінің саяси мақсаттарына *лаңкестік әрекеттер* арқылы қол жеткізуге ұмтылуы орын алуда. Бұл бұрыннан бар құбылыс болғанымен, қазіргі ауқымы халықаралық деңгейге жетіп отыр. Ол қоғамның тіршілігін қамтамасыз ететін объектілерге қауіп төндіру, қоршаған орта мен адам өміріне жаппай қастандық жасау тәрізді әрекеттерге айналуға. Қазіргі технологиялық даму жағдайында және арнайы қаржыландыру көздерінің болуының арқасында халықаралық лаңкестік ұйымдар жекелеген аймақтарға ғана емес, қуатты мемлекеттердің қауіпсіздігіне де нұқсан келтіре алады. Лаңкестік кикілжің пайда болған аумақтан басқа жерлерде де жүзеге асырылу мүмкін. Сонымен, лаңкестіктің себептері мен оның алдын алуды зерттеу шиеленістер туралы ілімнің маңызды бағыттарының бірі болып табылады.



Геосаясатта «жұмсақ күш» (ағылш. *soft power*) деген ұғым пайда болды. Оның мәнісі — әскери күш қолданбай қарсылас мемлекеттің геосаяси жағдайы мен беделіне нұқсан келтіру.

*Идеологиялық құралдар* — геосаяси басымдылыққа қол жеткізудің жанама жолдарының бірі. Мысалы, саяси, діни және басқа көзқарастарды негізге алып, белгілі бір аумақтағы халықтың арасына іріткі салу арқылы мемлекеттің біртұтастығына қауіп төндіруге болады. Әлем тарихында көптеген елдердің ыдырауына идеологиялық құралдар ықпал еткен.





*Экономикалық әрекеттер* де геосаяси ықпал етудің аса маңызды құралы. Белгілі бір елге қатысты экономикалық санкциялар орнату, «сауда соғыстарын» ұйымдастыру, арзан бағалы тауарлар енгізу арқылы басқа елдің экономикасын тәуелділікте ұстау, белгілі бір шикізат түрін өндіруді қысқарту немесе ұлғайту арқылы әлемдік нарыққа ықпал жасау және т.б. экономикалық шаралар әлемдегі геосаяси жағдайға әсер етеді, аймақтық шиеленістерге негіз болады.

География ғылымдары тұрғысынан зерттеуге болатын тағы бір құбылыстың бірі — *ақпараттық қақтығыстар* (ақпараттық соғыстар). Қазіргі уақытта ақпарат құралдары мен телекоммуникацияның дамуы нәтижесінде жекелеген компаниялар ғана емес, бүкіл бір мемлекет осы құбылыстан зардап шегуде. Мемлекеттік деңгейде ақпараттық қауіпсіздік мәселесін шешуге үлкен мән берілуде. Мысалы, мемлекеттер мен ұйымдардың аса маңызды құпия ақпараттық жүйелеріне шабуыл жасау арқылы қол жеткізу және т.б. кең тараған құбылыстарға айналды. Ақпараттық соғыстың тағы бір түрі бір мемлекеттің басқа бәсекелес мемлекет жөнінде жалған ақпаратты кеңінен тарату арқылы әлем қауымдастығы мен жекелеген елдердің тұрғындарында шындыққа жанаспайтын теріс көзқарас қалыптастыру, адам санасына жанжалдарды тек әскери жолмен ғана шешу туралы жалған пікірді енгізу. Қазіргі заманғы қуатты елдердің кез келген әскери акциялары аса ірі ақпараттық дайындықтан соң басталады.

Геосаясатқа мәдениет (дін, тіл мен әдебиет, өнер және т.б.) те ықпал етеді. Бүгінде діни дәстүрлердің мемлекеттің ұстанған саясатына ықпал ету, мәдени құралдар арқылы ел халқының санасына жат ағымдарды, дәстүрлі емес өмір салтын тарату геосаяси басымдылыққа жетудің жолдары болып отыр. Батыстық кино, әдебиет пен музыкасының бүкіл әлемге таратылуы мәдениеттің ғаламдық саясатқа тигізген ықпалы деуге болады.

#### Глоссарий:

- **Субъект** — сана мен еркі бар, белсенді танымдық және басқа әрекет ететін жеке тұлға немесе әлеуметтік топ.
- **Объект** — субъектінің танымдық немесе басқа әрекеті бағытталған нысан.

-  1. Қандай саяси ұйымдар әлемдік деңгейде геосаясат субъектілері бола алады?  
2. Геосаяси ықпал етудің идеологиялық құралдарын неге «ықпал етудің жанама жолы» деп атайды?
-  Әлемдік геосаясатта соңғы жылдары қандай ақпараттық шиеленістер болды? Оларға талдау жасаңдар.
-  1. Белгілі бір мемлекет геосаяси кеңістікті бақылау, үстемдік ету, өзіндік мүдделерін жүзеге асыру мақсатында қандай әрекеттер жасауы мүмкін? Нақты мысалдар келтіруге тырыс.  
2. Геосаяси ықпал етудің экономикалық құралдары неге жиі қолданылады? Оларға нақты мысалдар келтіріңдер.
-  «Халықаралық лаңкестіктің геосаясатқа ықпалы» тақырыбында таныстырылым дайындаңдар.

## Дүниежүзінің геосаяси кеңістігі

### § 50. Қазіргі заманғы дүниежүзінің геосаяси кеңістігі

#### Бүгінгі сабақта:

— дүниежүзінің геосаяси кеңістігінің алуан-түрлілігімен танысып, оны талдауды үйренесіңдер.

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ геосаяси жағдай
- ✓ лаңкестік ұйым
- ✓ сепаратизм
- ✓ антиглобализм

Дүниежүзінің геосаяси кеңістігі ала-құлалығымен және өзгермелі сипатымен ерекшеленеді. Қазіргі кезде әскери қақтығыстар алаңы болып отырған аймақтарға, ең алдымен, Африка, Азия жатады. Солтүстік Африкада үкіметке қарсы әртүрлі қозғалыстардың әрекеттері саяси жағдайды тұрақсыз етіп отыр. Алжирде Ислам құтқару майданы, Сириядағы халықаралық күштер араласуға мәжбүр болған жанжал, Сомалиде мемлекеттің бірнеше бөліктерге бөліну қаупін туғызатын ұзаққа созылған азамат соғысы жүріп жатыр.

Геосаяси құбылыстар мен үдерістердің дамуы ХХ ғасырдың екінші жартысында өте қарқынды жүрді. 60-жылдарда отарлық жүйенің күйреуі, 90-жылдарда федерациялардың ыдырай бастауы саяси картада үлкен өзгерістерге алып келді. Бір-біріне қарсы тұрған екі полюсті әлемнің орнын жаңа геосаяси жағдай алмастырды. Халықаралық лаңкестікке қарсы бағытталған күрес арқылы АҚШ-тың стратегиялық мүдделері басым бола түсті. 2011 жылдың басында араб әлемін (Египет, Тунис, Ливия, Бахрейн және т.б.) қамтыған оппозициялық қозғалыс халықаралық деңгейде алаңдаушылық тудырды.

Сонымен, ХХІ ғасырдың басында халықаралық аренадағы саяси күштердің арасалмағы едәуір өзгеріске түсті. Бұл өзгерістерге төмендегі жағдайлар себепші болды (61-сурет).



61-сурет. ХХІ ғасырдағы әлем дамуына ықпал ететін саяси факторлар

Осы аталған факторлардың аса қауіптісі — халықаралық лаңкестік. Халықаралық лаңкестік — кең таралған құбылыс. Бұл әсіресе 2001 жылы 11 қыркүйектегі тарихта бұрын-соңды болмаған лаңкестік әрекеттен соң айқын байқалды. Сол кезде АҚШ-тың өзі осынау ғаламдық лаңкестіктің адам айтқысыз салдарынан зардап шеккен еді.

Лаңкестіктің ғаламдық ауқымда таралу себептеріне әлемнің көптеген елдеріндегі байлық пен кедейшіліктің арақатынасының алыстай түсуі, әлеуметтік теңсіздік пен ішкі саяси жағдайдың тұрақсыздығы жатады (62-сурет).



62-сурет. Қазіргі заманғы лаңкестікке тән белгілер

Халықаралық лаңкестік лаңкестіктің аса қауіпті түрі ретінде 1960 жылдардың соңында пайда болды. Қазіргі кезде оның ауқымы қауіпті деңгейге жетіп отыр. Халықаралық лаңкестіктің негізгі мақсаты — мемлекетті басқару ісіне кедергі келтіру, эконо-

микалық және саяси нұқсан келтіру, тұрақсыз жағдай қалыптастыру арқылы үкіметті өз саясатын өзгертуге итермелеу. Халықаралық лаңкестік қоғам тіршілігін қамтамасыз ететін нысандарға қауіп төндіру, қоршаған орта мен адам өміріне жаппай қастандық жасау тәрізді әрекеттерге айналу.

### Глоссарий:

- **Геосаяси жағдай** — елдің саяси картадағы орнын, оның әртүрлі мемлекеттерге немесе мемлекеттер тобына қатынасын бағалау.
- **Лаңкестік ұйым** — лаңкестік әрекетті жүзеге асыру мақсатында құрылған немесе өзінің қызметінде лаңкестікті пайдалану мүмкіндігін мойындаған топ.
- **Жікшілдік немесе сепаратизм** (лат. *separatus* — жеке) — жаңа тәуелсіз мемлекет құру мақсатында немесе өте кең құқықты автономия мәртебесін алу үшін мемлекет аумағының жеке бөлігін оқшаулап, бөліп алуға бағытталған саясат пен әрекеттер.

Дүниежүзінің геосаяси кеңістігіне қарама-қайшылықты үдерістер тән. Солардың бірі — геосаяси жаһандану және антиглобализм.

Қазіргі геосаяси жағдайды көпполюсті күрделі әлемнің тұрақсыз арасалмағы ретінде түсіндіруге болады. Осы жағдайда дүниежүзіндегі кез келген күшті мемлекеттің немесе геосаяси орталықтың басқа саяси күштерді ескермей, өз бетінше әрекет етуіне жол берілмейді. Мұның өзі *геосаяси жаһанданудың* белгісі деуге болады.

*Антиглобализмнің* алғашқы ресми ұйымы 1998 жылы Францияда пайда болған «АТТАК-Франция» (Қаржы операцияларына салық салуды жақтайтын азаматтар ассоциациясы) болды. Бұл ұйымның басты талабы — әлемдегі қаржы операцияларының 0,1%-ын салық ретінде кедейшілікпен күреске және артта қалған елдердің экономикасын дамытуға жұмсау. АТТАК өкілдері дамушы елдердің

қарыздарын кешіруді талап етті. Қазіргі кезде антиглобализм ұйымдары қатарына дүниежүзі бойынша әрекет ететін «Ғаламдық әрекет», «Блэк Блок», «Үшінші ұстаным», «Радикалды экологтар» атты ұйымдары бар.

Сонымен, геосаяси жаһандану әлемнің геосаяси тұтасуын көрсетсе, антиглобализм осы тұтасуға қарсы қозғалысты білдіреді.



1. 61-суреттің негізінде ХХІ ғасырдағы әлем дамуына ықпал ететін саяси факторларға талдау жаса. Қай факторлар қазіргі геосаяси жағдайға басым ықпал етеді деп ойлайсың?
2. Қазіргі заманғы лаңкестікке тән белгілерді талдап, оның халықаралық деңгейдегі көріністеріне мысалдар келтір.
3. Қалай ойлайсың, халықаралық лаңкестіктің дамуына қандай факторлар ықпал етеді?



1. Дүниежүзіндегі қазіргі басты геосаяси күштерді ата, олардың басымдылықтарын немен түсіндіруге болады?

2. Дүниежүзінің геосаяси кеңістігін неліктен ала-құла және өзгермелі деуге болады?
3. Қытайдың әлемдік көшбасшылар тобына енуі оның геосаяси жағдайына қалай әсер етті?
4. Қазақстанның Сирия дағдарысына қатысты ұстанымдары қандай? Біздің еліміздің бітімгершілік әрекеттері туралы не білесіңдер?

## § 51. Азиядағы геосаяси кеңістік

**Азиядағы геосаяси факторлар.** Азиядағы геосаяси кеңістік аса күрделі сипатымен ерекшеленеді. Оған бірнеше факторлар ықпал етеді (63-сурет).

*Азияда әлемдегі аумағы, халқының саны жағынан аса ірі елдер орналасқан. Жерінің аумағы жөнінен ірі елдер қатарында Қытай, Үндістан, Қазақстан, Сауд Арабиясы бар, әлемнің ең алып елі Ресейдің де басым бөлігі Азияда орналасқан. Халық санының көп болуы — елдің саяси ықпалын арттыратын фактордың бірі. АҚШ Халық санағы бюросының 2017 жылғы деректері бойынша әлемдегі халық саны 100 млн адамнан асатын 13 мемлекеттің жетеуі Азияда орналасқан.*

### Бүгінгі сабақта:

— Азиядағы геосаяси факторлар жағдайымен танысып, аймақтың геосаяси кеңістігін талдауды үйренесіңдер.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ геосаяси кеңістік
- ✓ геосаяси күштер
- ✓ кикілжіңдер

Азияда әлемдегі аумағы, халқының саны жағынан аса ірі елдердің орналасуы

Діни, мәдени ала-құлалықтар, әлемдік діндердің отаны болуы

Азияда әлемдік экономика алпауыттарының орналасуы

Ұзақ жылдар бойы шешілмей келе жатқан шиеленіс ошақтарының болуы (араб-израиль, Корея түбегі және т.б.)

Азияда саяси тұрғыдан «салмақты» саяси күштердің шоғырлануы

Аймақ елдерінің даму деңгейінің үлкен айырмашылық жасауы

63-сурет. Азиядағы геосаяси кеңістікке ықпал ететін факторлар



Мемлекеттің геосаяси жағдайына жерінің аумағы қалай ықпал етуі мүмкін?

*Азияда геосаяси тұрғыдан «салмақты» саяси күштер шоғырланған. Қазіргі кезде әлемде ресми түрде 8 мемлекет ядролық қаруға ие екендігін жариялаған. Олардың төртеуі (Қытай, Үндістан, Пәкістан, Корея Халық Демократиялық Республикасы) азиялық елдер, ядролық қуаты жоғары Ресей аумағының да басым көпшілігі осы аймақта жатыр. Бұл әлемдік деңгейде аталған елдердің саяси ықпалын арттырады.*

*Азияда әлемдік экономиканың алпауыттары орналасқан.* Қазіргі кезде елдің экономикалық қуаты оның геосаяси жағдайына ықпал ететін басты фактор болып отыр. Сол себепті әлемдегі ең қуатты ел Қытай аса маңызды геосаяси күш болып табылады. Экономикасының ауқымы жағынан алғашқы үштікке Үндістан да енеді.

Азия елдерінің даму деңгейлерінің үлкен айырмашылық жасауы, аймақтың әлемдік діндердің «бесігі» болуы, діни, мәдени ала-құлалықтардың орын алуы мұндағы геосаяси кеңістікті күрделендіре түседі.

**Азиядағы геосаяси жағдай.** Оңтүстік-Батыс Азиядағы араб-израиль жанжалы 50 жылдан астам уақыт жалғасып келеді. 1993 жылы Израиль мен Палестинаны азат ету ұйымы арасында басталған тікелей келіссөздер аймақта бейбітшілік орнатуға жол салған болатын. Дегенмен бұл жанжалды бейбіт жағдайда толық шешілді деуге әлі ертерек. Екі жақтан да қарулы қақтығыстарға себепші болатын оқиғалар болып тұрады.

2003 жылдан бастап АҚШ бастамасымен Иракта демократия орнату үдерісі жүргізіліп, С.Хусейн бастаған билік өкілдері халықаралық сот шешімімен жазаланды. АҚШ әскері елден шығарылған соң, Иракта азаматтық соғыс басталды. Қазіргі кезде елдегі жағдай әлі тұрақсыз.

Әлемнің алпауыт елдерінің бірі саналатын Үндістанда да ішкі саяси жағдай тұрақты емес. Джамму, Кашмир штаттары үшін Пәкістанмен шегаралық жағдай да тұрақсыз сипат алған.

Оңтүстік-Шығыс Азияда әскери қақтығыстар Индонезияда, Филиппинде, Мьянмада орын алған. Кей жағдайда бүлікшілдердің әрекетінен жергілікті тұрғын халық қана емес, осы аймаққа келетін туристер де зардап шегеді.

Орталық Азия — Азиядағы аса ірі, стратегиялық жағынан маңызды аймақ. Бұл аймақта біздің еліміз, яғни Қазақстан да орналасқан. Саясаттанушылар қауіпсіздік тұрғысында Орталық Азия алдында үш басты мәселе тұрғанын атап көрсетеді (64-сурет).

Орталық Азия аумағында қазіргі дүниенің аса ірі геосаяси күштері болып табылатын Ресей, Қытай, Ислам әлемі, сондай-ақ АҚШ-тың стратегиялық мүдделері тоғысқан.






Геосаясаткерлер бүкіл Еуразияның геосаяси картасы белгілі дәрежеде Орталық Азиядағы күштердің арасалмағына тәуелді болады деп есептейді. Неге?

Ресей мен Қытайдың мүдделері шегараларының ортақтығы көптеген салалардағы әріптестікке байланысты. Ал АҚШ үшін Орталық Азия өзінің басты бәсекелестерімен көршілес аймақ ретінде тартымды болады.



**64-сурет.** Орталық Азиядағы қауіпсіздік мәселелері

-  1. Азия елдерінің даму деңгейлерінің әркелкілігі аймақтағы геосаяси жағдайға қалай ықпал етеді?
- 2. Азия елдерінің діни, мәдени алуан түрлілігінің геосаяси маңызы қандай?
-  1. «Азия алыптары» атанған Қытай мен Үндістанның геосаяси жағдайына оң ықпал ететін факторлар қандай?
- 2. Орталық Азияны неге «стратегиялық маңызды аймақ» деп атайды?
-  1. Азиядағы геосаяси факторларды талдау негізінде олардың ықпалын анықтап, төмендегі кестені толтыр.

**Азиядағы геосаяси факторлардың ықпалы**

№	Факторлар	Салдары
1	Аумағы, халқының саны жағынан аса ірі елдердің орналасуы	
2	Азияда әлемдік экономика алпауыттарының орналасуы	
3	Діни, мәдени ала-құлалықтар, Азияның әлемдік діндер отаны болуы	
4	Ұзақ жылдар бойы шешілмей келе жатқан шиеленіс ошақтарының болуы	
5	Азияда геосаяси тұрғыдан салмақты саяси күштердің шоғырлануы	
6	Аймақ елдерінің даму деңгейлерінің үлкен айырмашылық жасауы	

- 2. Оқулықтағы мәтінді және кескін картаны пайдаланып, «Азияның геосаяси кеңістігі» туралы модель құрастыр. Мұнда басты саяси күштерді, саяси жағдай тұрақсыз аудандарды, басқа аймақтардағы қандай мемлекеттердің мүдделері бар екендігін көрсет.

## § 52. Еуропадағы геосаяси кеңістік

### Бүгінгі сабақта:

— Еуропадағы геосаяси жағдаймен танысып, аймақтың геосаяси кеңістігін талдауды үйренесіңдер.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ Европол
- ✓ демонстрациялар

*Еуропа* — алуан түрлі табиғат жағдайларымен сипатталатын, халқының құрамы мен діни, мәдени ерекшеліктері бар, ғасырлар бойы саяси оқиғалар аренасы болған аймақ. Еуропада тек ХХ ғасырдың өзінде көптеген мемлекеттердің саяси мәртебесімен қатар, мемлекеттік шегаралары да өзгеріске түсті. Адамзат тарихындағы ең жойқын Екінші дүниежүзілік соғыс та Еуропа жерінен басталып, осы аймақтың тұрғындарына ең үлкен қасірет алып келді.



Бұл аймақтың алып жатқан аумағы онша үлкен болмағанымен, адамзат тарихына, соның ішінде әлемдегі геосаяси жағдайға үлкен ықпалы бар.

Еуропаның геосаяси кеңістігіне интеграциялық үдерістер, жікшілдік пен лаңкестік көріністері, дезинтеграция тән. Сонымен қатар Еуропаның әлемдік саясаттағы ықпалды орны мен айрықша маңызының болуы оның геосаяси кеңістігін сипаттайды. Қазіргі кездегі Еуропаның геосаяси кеңістігін мынадай жағдайлар анықтайды (65-сурет).

*Интеграциялық үдерістер* Еуропаны салыстырмалы түрде «ашық» аймаққа айналдырды.

### Интеграциялық үдерістер

Еуропалық Одақ шеңберіндегі ынтымақтастық;  
Кедендік келісімдер, «мөлдір» шегаралар;  
НАТО шеңберіндегі ынтымақтастық

### Жікшілдік көріністері

Батысеуропалық типтегі жікшілдік (Солтүстік Ирландия, Испаниядағы Баск елі, Корсика) Шығысеуропалық типтегі жікшілдік (Босния мен Герцеговина, Польша, Украина, Молдова)

### Лаңкестік көріністері

Батыс Еуропа елдеріндегі халықаралық лаңкестік әрекеттер;  
Батыс Еуропа елдеріндегі ішкі қайшылықтардан туындайтын лаңкестік әрекеттер

### Еуропалық елдердегі дезинтеграция

Елдердің Еуропалық Одақтан шығу бастамалары;  
Еуропалық елдердің арасындағы саяси, экономикалық қайшылықтардың артуы

### Еуропаның әлемдік саясаттағы орны мен маңызы

Еуропалық елдердегі саяси басқару тәжірибесі;  
Еуропа елдерінде халықаралық ұйымдардың штаб-пәтерлерінің орналасуы

65-сурет. Еуропадағы геосаяси кеңістік



Мысалы, Шенген зонасындағы кез келген елге келген шетелдік азаматтардың аймақта еркін жүру мүмкіндігінің болуы кей жағдайда лаңкестік оқиғаларының жиілеуіне алып келді.

### Глоссарий

- **Европол** — Гаага қаласында орналасқан Еуропалық полиция қызметі.

Еуропалық Одақ құрамында болуы кейбір елдерде (Грекия, Португалия, Италия және т.б.) әлемдік экономикалық дағдарыстың кері ықпалын азайтуға мүмкіндік берді. Еуропалық Одаққа мүше елдердің ортақ экономикалық саясатты ұстануы кейбір елдердің жекелеген шаруашылық салаларының дамуына нұқсан келтірді. Бұл аталған мәселелер Еуропадағы интеграция үдерістерінің өзінде қарама-қайшылықтар бар екенін көрсетеді. Бұл өз кезегінде Еуропадағы геосаяси жағдайға ықпалын тигізді.

Еуропа аймағында *жікшілдік көріністері* орын алған. Ғалымдар сипатына байланысты жікшілдікті батысеуропалық және шығысеуропалық деп екіге бөледі. Батысеуропалық жікшілдіктің басты себебі — ұлттық негіздегі шиеленістер. Жалпы алғанда, Батыс Еуропа елдеріндегі жікшілдік көріністері бейбіт демонстрациялар, күш көрсетпей әділдік іздеуге бағытталған. Ұзақ жылдар бойы экстремистік әрекет жүргізген Испаниядағы Баск елінің «ЭТА» ұйымы 2011 жылдан бері бейбіт әрекетке көшетінін жариялады. Дегенмен Солтүстік Ирландияда «Ирланд республикалық армиясы» («ИРА»), Францияда «Корсика ұлт-азаттық майданы» атты радикалды ұйымдар әлі әрекет етуде.

Шығысеуропалық жікшілдік саяси сипат алған, салыстырмалы түрде қатігездігімен ерекшеленеді. Соның салдарынан бірқатар елдерде адам шығынына алып келген қақтығыстар болып, танылмаған мемлекеттер жарияланды.

Еуропаның геосаяси кеңістігінде *лаңкестік көріністер* де байқалады. *Европол* деректері бойынша 2006–2016 жылдар аралығында Еуропада 3232 лаңкестік оқиғасы тіркелген. Олардың басым көпшілігін (2342) жікшілдік негізіндегі оқиғалар құрайды.

*Еуропалық елдердегі дезинтеграция* елдердің Еуропалық Одақтан шығу бастамалары және Еуропалық елдер арасындағы саяси, экономикалық қайшылықтардың артуы түрінде байқалады. *Еуропаның әлемдік саясаттағы орны мен маңызы* ерекше. Бұл еуропалық елдердегі демократиялық негізде саяси басқару тәжірибесімен түсіндіріледі. Еуропа елдерінде көптеген халықаралық ұйымдардың штаб-пәтерлерінің орналасуы бұл аймақтың маңызын арттыра түседі.



1. Адамзат тарихындағы Еуропаның айрықша рөлі қандай?
2. Еуропалық интеграцияның басты ерекшеліктері қандай?



1. Еуропадағы жікшілдіктің қандай түрлері бар? Олардың ерекшеліктері қандай?
2. Жікшілдік пен лаңкестік өзара байланысты болуы мүмкін бе?



1. Еуропаның геосаяси кеңістігін сипаттайтын бір үдерісті (интеграция, жікшілдік немесе т.б.) таңдап алып, кескін картаға осы үдерістің таралу сипатын көрсет.
2. Еуропа елдерінде орналасқан халықаралық және аймақтық ұйымдардың штаб-пәтерлері туралы ақпарат жинақтап, үлгі бойынша кестені толтыр:

№	Халықаралық және аймақтық ұйымдар	Штаб-пәтері орналасқан қала және ел
1	ЮНЕСКО	Париж, Франция
2	***	

### § 53. Америкадағы геосаяси кеңістік

#### Бүгінгі сабақта:

— Америкадағы геосаяси кеңістіктің ерекшеліктерімен танысып, талдауды үйренесіңдер.

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ қырғиқабақ соғыс
- ✓ әскери-стратегиялық жағдай
- ✓ еркін сауда аймағы

Америкадағы геосаяси кеңістік АҚШ-тың әлемдік саясаттағы ерекше рөлімен, Канада мен АҚШ-тың саяси, экономикалық әріптестігімен, Латын Америкасы мемлекеттерінің ала-құлалығымен сипатталады.

**АҚШ-тың әлемдік және Америкадағы геосаяси кеңістіктегі орны.** Қазіргі кезде мемлекеттің экономикалық қуаты оның әлемдік саясаттағы орнын белгілейтін аса маңызды көрсеткішке айналған. Сондықтан АҚШ-тың геосаяси жағдайы, ұстанған саяси бағыты,

ең алдымен, оның дүниежүзіндегі айрықша орнымен анықталады. АҚШ-тың ғаламдық геосаясатқа ықпалын бірнеше кезеңдерге бөлуге болады (66-сурет).



66-сурет. АҚШ-тың ғаламдық геосаясатқа ықпал ету кезеңдері

АҚШ ХХ ғасырдың басында бейтарап саясат ұстанатынын жариялады. Бірақ дүниежүзінің саяси картасын түбегейлі өзгерткен аса маңызды саяси оқиғалар бұл мәлімдемені іс жүзіне асыруға мүмкіндік бермеді. Нәтижесінде АҚШ екі дүниежүзілік соғысқа араласып, әлемдегі басқа ірі мемлекеттермен бірге өзінің ықпал ету аймақтарын бөлісті.

ХХ ғасырда халықаралық аренада пайда болған орасан зор жаңа ел Кеңес Одағы ендігі жерде АҚШ-тың барлық саладағы, ең бастысы қарулану ісіндегі негізгі бәсекелесіне айналды.

Әлемдік саясаттанушылар «қырғиқабақ соғыс» деп атаған текетірес кезең 1991 жылы Кеңес Одағының ыдырауына байланысты аяқталды. Кеңес Одағының ыдырауы, Еуропа мен Азиядағы социалистік елдердің даму бағыттарының қайта құрылуы бұл елдерге қатысты АҚШ-тың сыртқы саясатының да өзгеруіне алып келді. Жаңадан пайда болған орасан зор ықпал аймағына қатысты АҚШ үкіметі өзіндік жаңа геосаяси бағдар алды. Демократия шарттары мен адам құқығы туралы қағидаларды алға ұстанған АҚШ ХХ ғасырдың соңына қарай Таяу Шығыс пен Югославия жеріндегі соғыс оқиғаларына белсене кірісті. Нью-Йорк қаласында 2001 жылдың 11 қыркүйегінде болған аса ірі лаңкестік әрекеттерге байланысты АҚШ мемлекетінің Азия аймағына қатысты ұстанған саясаты дүниежүзіндегі саяси күштердің арасалмағын елеулі түрде өзгертті.

АҚШ пен Канада арасындағы саяси, әскери ынтымақтастық НАТО аясында жүзеге асуда. АҚШ, Канада және Мексика арасындағы экономикалық қарым-қатынастар 1994 жылы құрылған НАФТА ұйымы шеңберінде дамуда.



АҚШ пен Мексика арасындағы экономикалық байланыстардың геосаяси тұрғыдан маңызы бар ма?

**Латын Америкасындағы геосаяси жағдай.** Жалпы алғанда, Латын Америкасының геосаяси жағдайына мынадай факторлар ықпал етеді (67-сурет).

Аймақ елдерінің басқа дүние бөліктерінен шалғайда орналасуына байланысты мұндағы жеке елдің дамуына халықаралық жағдайға қарағанда аймақшілік саяси-экономикалық ахуалдың әсері мол болады.

Дүниежүзілік экономика мен саясатта жетекші орын алатын АҚШ пен көршілестігі белгілі бір дәрежеде Латын Америкасы елдерінің экономикалық және саяси-әлеуметтік даму бағытын анықтайды. Латын Америкасы тарихи-географиялық себептерге байланысты халықаралық деңгейдегі геосаяси орталығы АҚШ-тың басты ықпал ету аймағына айналған.

Аймақтың шалғайда орналасуы

- Халықаралық факторларға қарағанда аймақшілік факторлар басым ықпал етеді

АҚШ-пен көршілес орны

- АҚШ-тың өте күшті ықпалы
- Аймақта АҚШ ықпалына қарсы күштердің пайда болуы

Жоғары дамыған елдердің иеліктерінің сақталып қалуы

- Дамыған елдердің әскери-стратегиялық, экономикалық мүдделері

Көпшілік елдердің Дүниежүзілік мұхитқа шыға алуы

- Елдердің экономикалық-географиялық және геосаяси жағдайын қолайлы етеді

Кариб алабының халықаралық деңгейдегі аралық рөлі

- Орталық Американың халықаралық маңызын арттырып, геосаяси тұрғыда қолайлы етеді

Елдердің өзара ынтымақтастығының дамуы

- Аймақ елдерінің геосаяси жағдайын нығайтады

**67-сурет.** Латын Америкасындағы геосаяси жағдайға ықпал ететін факторлар

Бұл аймақта АҚШ-тың ондаған әскери базалары орналасқан. Аймақ елдерінде соңғы жылдары тәуелсіз сыртқы саясат ұстану үдерісі байқалуда.

Латын Америкасында жоғары дамыған елдердің иеліктерінің сақталып қалуы дамыған елдердің әскери-стратегиялық жағдайын нығайтады. Мысалы, Француз Одағына енетін Гвианада ғарыш айлағы орналасқан.

Аймақ елдерінің барлығы дерлік (Парагвай мен Боливиядан басқа) Дүниежүзілік мұхитқа тікелей шыға алады. Бұл — елдердің халықаралық қарым-қатынастарын жақсартуға қолайлы алғышарт.



Геосаясаткерлер Панама каналы маңы мен Орталық Америка елдерінің географиялық орнының экономикалық және стратегиялық маңызы аса зор деп есептейді. Мұны немен түсіндіруге болады?

Кариб алабы елдері географиялық орнының ерекшеліктеріне байланысты халықаралық деңгейде аса маңызды рөлге ие болады. Аралдық мемлекеттерде салық жеңілдіктеріне байланысты халықаралық аса ірі қаржы мекемелері мен *оффшорлық* зоналар орналасқан. Мысалы, Кайман аралдарында (Ұлыбритания иелігі) 100 мың компания тіркеліп, 500-ге жуық банк орна-

#### Глоссарий:

- **Қырғиқабақ соғыс** — Батыс (АҚШ және оның одақтастары) пен Шығыс (Кеңестер Одағы және оның одақтастары) арасындағы 1945–1991 жж. орын алған ғаламдық геосаяси, әскери, экономикалық және идеологиялық текетірес.
- **НАФТА** — Солтүстік Америкалық еркін сауда аймағы.

ласқан, әлемдегі аса ірі 50 банктің 40-қа жуығының осы аралдарда бөлімшесі бар.

Латын Америкасы елдерінің өзара ынтымақтастығы жедел түрде дамуда. Оңтүстік Америкалық жалпы нарық (МЕРКОСУР) — аймақтағы ең беделді ұйым. Бұл ұйымға мүше елдерде аймақ халқының жартысынан астамы тұрады. Іс жүзінде мұндай ұйымның құрылуы Латын Америкасы елдерінің геосаяси жағдайын нығайта түседі.



Латын Америкасында қандай жоғары дамыған елдердің иеліктері бар?



1. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында АҚШ геосаясатына қандай факторлар ықпал етті?
2. АҚШ пен Канаданың экономикалық ынтымақтастығына әскери одақтас болуы әсер ете ме?



1. Оқулық мәтіні мен қосымша материалдарды пайдаланып, мынадай тақырыптарға (өз таңдауларың бойынша) таныстырылым дайындаңдар:
  - АҚШ-тың әлемдегі геосаяси рөлі
  - АҚШ және Латын Америкасы елдері
  - Латын Америкасы елдеріндегі қазіргі саяси жағдай
2. Қосымша материалдарды пайдаланып, МЕРКОСУР ұйымының құрамын анықтап, кескін картаға түсті бояумен белгіле.

## 11-сарамандық жұмыс

### Аймақтың геосаяси кеңістігінің картасызбасын жасау (Шығармашылық жоба)

**Жұмыстың мақсаты** — ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың графикалық редакторларын қолданып, тақырыптық картасызбалар жасауды, картографиялық зерттеулер әдістерін қолдануды үйрену.

**Құрал-жабдықтар:** дүниежүзінің саяси картасы, оқулық, Paint бағдарламасы орнатылған компьютер.

#### Әдістемелік нұсқаулық

Сарамандық жұмыс 2 сағатқа есептелген: 1-сабақта тапсырмалар сыныпта орындалады; 2-сабақта орындалған тапсырмалар нәтижесінде жұмыс жүргізіледі.

Сарамандық жұмысты орындау үшін сынып оқушылары топтарға бөлініп, әр топ белгілі бір аймақты (Азия, Еуропа, Солтүстік Америка, Латын Америкасы, Африка, Аустралия және Мұхиттық аралдар) таңдап алады. Тапсырма шығармашылық бағытта болғандықтан мәтінмен жұмыс, деректерді талдау мен өңдеу, картасызбаны құрастыру, жобаны көпшілікке ұсыну жүзеге асырылады. Сарамандық жұмысты қағаз түріндегі кескін картаға түрлі түсті бояулар көмегімен де орындауға болады.

#### Тапсырмалар

1. Таңдап алынған аймақтың саяси картасымен танысып, ондағы тәуелсіз мемлекеттерді, олардың басқару формаларын, иеліктерді, жікшілдік пен саяси жағдай тұрақсыз аудандарды анықтау.
2. Кескін картаға бағдарламадағы көркемдеу элементтерін пайдаланып, мемлекеттердің басқару формаларын әртүрлі геометриялық пішіндер (ромб, алтыбұрыш және т.б.) көмегімен белгілеу.
3. Кескін картаға осы аймақтағы басты геосаяси орталық қызметін атқаратын мемлекеттердің аумағын ерекшелеп көрсету.
4. Кескін картаға иеліктерді, түрлі түсті нүктелер арқылы жікшілдікті (сары түс), саяси жағдай тұрақсыз аудандарды (қызыл түс), бейтарап саясат ұстанатын елдерді (жасыл түс) белгілеп көрсету.
5. Дайын картасызбаға жазбаша талдау жасау және электрондық нұсқамен сыныпты таныстыру.

## Геосаясаттағы географиялық факторлар

### § 54. Геосаясаттағы физикалық-географиялық және экономикалық факторлардың маңызы

Геосаясаттағы физикалық-географиялық факторларға баға беру. Геосаясат атауының өзінде мемлекет саясатына географиялық факторлардың ықпалы айрықша екендігі көрініс тапқан. Ертеректе ғалымдар мемлекеттің қуатына оның аумағының табиғи ерекшеліктері әсер ететіндігін байқаған. Сол кездің билеушілері шет аймақтарға әскери жорықтарды жоспарлауда жер бедері, өзен-көлдері және т.б. ақпаратты алдын ала жинауға тырысқан.

XX ғасырда геосаясаткерлер мемлекеттің сыртқы саясатын қалыптастыруда оның географиялық орны, теңіздер мен мұхиттарға алыс-жақындығы, табиғи-климаттық жағдайлары, табиғи ресурстары жетекші орын алатынын анықтады. Мысалы, құрлықтық шегаралары жоқ Аустралия Одағының геосаяси жағдайы нағыз «құрлықтық» ел Моңғолиядан айырмашылық жасайды. Қазіргі кездің өзінде ел аумағының теңізбен шектесуі, жағалауларының қолайлы сипаты экономикалық дамуға ықпал етіп, геосаяси басымдылықтар береді.

Геосаясатқа ықпал ететін басты физикалық-географиялық факторлар 68-суретте көрсетілген.

#### Бүгінгі сабақта:

— геосаясаттағы физикалық-географиялық және экономикалық факторларға баға беруді үйренесіңдер.

#### Глоссарий:

- **Талассократия** (гр. *таласса* — теңіз, *кратос* — билік) — мемлекеттің теңіз арқылы басымдылыққа ие болуы.
- **Теллуократия** (Теллус — ежелгі римдіктердің Жер-Ана құдайы) — мемлекеттің құрлық арқылы басымдылыққа ие болуы.



68-сурет. Геосаясатқа ықпал ететін табиғи факторлар

Мысал ретінде Қазақстанның географиялық орнының геосаясатқа ықпалын талдап көрейік. Еліміздің географиялық орны — аса маңызды саяси ресурс. Қазақстан Еуразия материгінің орталық бөлігінде орналасқан. Бұл еліміздің транзиттік (жалғастырушы) маңызын арттырады, осылайша геосаяси жағдайына оң ықпал етеді. Еліміздің солтүстік, солтүстік-батыс шегаралары жазық аймақтар арқылы өтеді, бұл жол қатынасына өте қолайлы. Қазақстанның батысындағы шегаралары Каспий теңізі арқылы өтеді. Каспий теңізі — маңызды геостратегиялық аймақ. Мұнда Қазақстан, Ресей, Түрікменстан, Иран, Әзірбайжан елдерінің саяси, экономикалық мүдделері тоғысады. Бұл өз кезегінде Қазақстанның геосаяси маңызын арттыра түседі. Еліміздің шығыс, оңтүстік-шығыс шегаралары таулы аймақтар арқылы өтеді.

Таулардың табиғи шеп қызметін атқаруы көршілес елдермен шегараларды айқындауда маңызды болды. Қазақстан Дүниежүзілік мұхитқа тікелей шыға алмайтын ел болса да, құрлықтағы басымдылықтары арқылы толыққанды дамуға мүмкіндік алады.

Алуан түрлі табиғат ресурстарының болуы, экономикалық дамуда маңызды рөл атқаратын стратегиялық ресурстардың (мұнай, табиғи газ және т.б.) мол қоры елдердің геосаяси жағдайына оң ықпал етеді. Мысалы, Қазақстан аумағында аса маңызды минералды ресурстардың мол болуы еліміздің даму мүмкіншіліктерін арттырып, геосаяси «салмағын» жақсартады. Бұл фактор алдыңғы қатарлы елдердің Қазақстанмен экономикалық байланыс орнатуға мүдделі болуына себепші болады.

Жалпы мұнай мен табиғи газ қорлары мол елдер аймақтық, халықаралық деңгейде өзінің ұлттық мүдделерін жүзеге асыруға қосымша мүмкіндіктер алады. Энергетикалық ресурстарға бай аудандарда қуатты саяси күштердің мүдделері тоғысады. Ресурсты аймақтарға бақылау жасау мақсатын көздеген бұл күштердің өзара тайталасы геосаяси жағдайды ушықтыруы мүмкін.



Азиядағы мұнайға бай аймақтарда қандай мемлекеттердің мүдделері тоғысады? Оның себептері қандай?

**Геосаясаттағы экономикалық факторларға баға беру.** Әлемдік саясаттың аса маңызды факторларының бірі — мемлекеттің экономикалық қуаты. Геосаясаттағы экономикалық факторлардың маңызын британдық географ *Питер Тейлор* зерттеген. Оның пікірінше, бірнеше салада жетістікке жеткен елдер ғана геосаяси басымдылыққа ие болады. Бұл, ең алдымен, экономикалық басымдылықпен анықталады (69-сурет).





69-сурет. Мемлекеттің геосаяси басымдылығының негіздері

Сонымен, экономикалық басымдылық елдің әлемдік саясаттағы орнына, сонымен қатар идеологиялық тұрғыдағы басымдылығына алып келеді. Геосаясатқа ықпал ететін экономикалық факторлар алуан түрлілігімен ерекшеленеді (70-сурет).



70-сурет. Геосаясатқа ықпал ететін экономикалық факторлар

Қазіргі кезде геосаясаттың дәстүрлі негізі болған физикалық географияны біртіндеп геоэкономика алмастыруда. Мемлекеттердің әлемдік саясаттағы орнын анықтауда, геосаяси ықпалды қалыптастыруда экономикалық факторлар басымдылыққа ие болуда. Әлемдік саясаттағы көшбасшылар — экономикасы дамыған, жаңа технологияларға негізделген өндірісі бар елдер.

Кез келген мемлекеттің экономикалық қуатын, әдетте, жиынтық ішкі өнім көлемімен анықтайды. Халықаралық валюта қорының тізімі бойынша соңғы жылдары әлемдегі ең қуатты ел Қытай деп есептеледі. Бұл оның геосаяси ықпалын арттыра түсуде. Қазіргі геосаясатта ел экономикасының ауқымы ғана емес, оның әлемдік экономикаға ықпалы да ескеріледі. Бұл жаңа технологиялар негізінде инновациялық салаларды дамыту арқылы ғана мүмкін болады.

Ғаламдық геосаяси жүйенің дамуы геоэкономикамен тығыз байланысты. Әлемдік экономикалық көшбасшылар ірі ұлтаралық бірлестіктері арқылы, әлемдік экономиканың дамуына ықпал ету арқылы геосаяси басымдылыққа да ие болады.

1. Питер Тейлордың көзқарасы негізінде кез келген әлемдік көшбасшы елдің басымдылықтарына талдау жасап көр.
  2. Қандай табиғи физикалық-географиялық факторлар әлі күнге дейін геосаясатқа ықпал етеді?
  3. Экономикалық басымдылық неліктен геосаясатта көшбасшы болуға алып келеді?
- Қазақстан аумағында аса маңызды минералды ресурстардың мол болуы қалайша елдің геосаяси салмағын арттырады?
- Қытайдың геэкономикалық жағдайын геосаяси тұрғыда қалай бағалауға болады? Нақты мысалдар келтіріңдер.
1. Оқулық мәтінін пайдалана отырып, Қазақстанның геосаяси басымдылықтарына талдау жасаңдар. Нәтижелерін төмендегі үлгі бойынша кестеге толтырыңдар.

№	Елдің географиялық орнының ерекшеліктері	Геосаяси басымдылықтары
1	Еуразияның орталығында орналасуы	Транзиттік маңызының артуы
2	***	***

2. Елдің табиғат жағдайларының қаталдығы геосаясатқа қалай ықпал етуі мүмкін? Өзің таңдаған екі елді осы тұрғыдан салыстырып көр.

## § 55. Геосаясаттағы әлеуметтік және демографиялық факторлардың маңызы

### Бүгінгі сабақта:

— геосаясаттағы әлеуметтік және демографиялық факторларға баға беруді үйренесіңдер.

**Геосаясаттағы әлеуметтік факторларға баға беру.** Геосаяси ортаға әлеуметтік факторлар түрліше ықпал етеді. Ең алдымен, саясатқа, қоғамдағы құбылыстар мен үдерістерге адамдар арасындағы қарым-қатынастардың ықпалын атауға болады (71-сурет).



71-сурет. Әлеуметтік факторлардың геосаяси ортаға ықпалы

Саясаттың халықтың қоныстану сипатымен, ұлттық менталитетпен де байланысы бар. Мемлекеттің ұстанған сыртқы саясатына идеология да ықпал етеді. Қоғамның әлеуметтік жіктелуі, халықтың өмір салты мен өмір сүру деңгейінің әркелкілігі, саяси, мәдениет деңгейінің ала-құлалығы уақыт өткен сайын тереңдеп, шиеленіскен сипат алуы мүмкін.

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ Қазақстан халқы Ассамблеясы
- ✓ демографиялық жағдай

Әлеуметтік жағдайдан туындайтын қақтығыстар негізінен әртүрлі діндер тоғысқан аумақтарда орын алады. Мысалы, Таяу Шығыстағы араб-израиль жанжалы, Үндістан мен Пәкістанның шегаралық даулары және т.б. қақтығыстар.

*Әлеуметтік факторлар* ықпалынан жікшілдік немесе сепаратизм пайда болуы мүмкін. Жікшілдік мемлекеттің егемендігінің, бірлігінің және аумақтық біртұтастығының бұзылуына алып келеді. Жікшілдікке белгілі бір халықтардың, діни топтар мен шағын ұлт өкілдері құқықтарының бұзылуы себеп болады. Жікшілдік пайда болған аудандарда этностық қана емес, діни фактордың да маңызы артып отыр. Бұл католиктер мен протестанттар (Квебек, Солтүстік Ирландия), ислам мен православие (Косово, Солтүстік Кипр), ислам мен индуизм (Кашмир) арасындағы жікшілдік түрінде көрініс берген.

Көпұлтты және тарихы тереңге кеткен Қытай мемлекетінде де жікшілдік орын алған. Мұнда Тибет, Маньчжурия, Шығыс Түркістан, Ішкі Моңғолия тәрізді тарихи құрылымдар бар. Жалпы алғанда, дүниежүзі бойынша жікшілдіктің 50 шақты негізгі ошағы бар, олардың 20-ға жуығында қарулы қақтығыстар болып тұрады. Жікшілдік ошақтары жалпы 12,7 млн км<sup>2</sup> аумақты алып жатыр, мұнда 220 млн халық тұрады.

Қазақстан — толерантты мемлекет. Елімізде әртүрлі ұлт пен дін өкілдері бейбіт келісім жағдайында өмір сүруде. Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің Қазақстандық моделіне бүкіл әлем қызығушылық танытуда. Қазақстан Республикасы сол кездегі Президенттің 1995 ж. 1 наурыздағы Жарлығына сәйкес Қазақстан халқы Ассамблеясы (ҚХА) құрылған болатын. Ол біздің еліміздегі барлық ұлттық-мәдени орталықтар мен аз ұлттардың өкілдерін біріктіреді.

Кейбір елдер халықаралық беделін арттыру мақсатында өзіндегі әлеуметтік-мәдени әлеуетті пайдаланады. Мысалы, ағылшын тілінің халықаралық қарым-қатынас тіліне айналуы миллиондаған адамдардың осы тілді үйренуіне алып келді. Ағылшын тілін меңгерген шетелдіктер аталған елдердің бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланады. Бұл өз кезегінде ағылшын тілді елдердегі рухани құндылықтардың әлем бойынша кеңінен таралуына ықпал етті.

**Геосаясаттағы демографиялық факторларға баға беру.** Демографиялық жағдай — геосаясаттың ажырамас бөлігі. Елдегі халық саны, оның сапалық және сандық құрамы — аса маңызды геосаяси ресурс (72-сурет).



72-сурет. Демографиялық факторлардың геосаясатқа ықпалын бағалау

Халық саны көп елдердің геосаясаттағы басымдылықтары адам ресурстарының жеткілікті болуымен түсіндіріледі. Бұл, ең алдымен, экономиканы дамытуға аса қажет. Сонымен қатар бұл елдерде қарулы күштерді жинақтау мүмкіндігі өте жоғары. Елдің халықаралық ұйымдардағы өкілдер саны да халық санымен анықталады.

Елдің геосаяси басымдылығына халықтың білім деңгейі мен кәсіби біліктіліктері де ықпал етеді. Өйткені халықтың сапалық көрсеткішінің жоғары болуы дамуға ықпал ететін басты ресурс болып табылады. Ал елдегі халық тығыздығының геосаяси жағдайға қолайлы немесе қолайсыз ықпал етуі мүмкін.



Елде халық тығыздығының өте жоғары немесе өте төмен болуы геосаяси жағдайға қалай ықпал етуі мүмкін?

Араб елдерінде, әсіресе Солтүстік Африкада халық санының қарқынды өсуі көршілес орналасқан Батыс Еуропаға қоныс аударушылар санын ұлғайтуда. Бұл өз кезегінде аталған елдердің жергілікті тұрғындарында қарсылықтарды тудырады және ішкі қауіпсіздікке нұқсан келтіреді. Мысалы, 2005 жылы Париж маңындағы аудандарда тұратын иммигранттар ұйымдастырған жаппай қирату әрекеттерінен соң, Франция парламенті «Таңдамалы иммиграция туралы» заң қабылдап, елге қоныс аударатындар үшін талаптарды күшейтті.



1. Өзің тандап алған ел мысалында қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік топтар геосаяси жағдайға қалай ықпал ететінін талдап көр.
2. Оқулықтағы сурет пен мәтінді пайдаланып, бір елдің мысалында демографиялық факторлардың геосаясатқа ықпалын түсіндіріп көр.
3. Демократияның даму деңгейі елдің геосаяси беделіне қалай ықпал етеді?
4. Азиядағы дамушы елдерде халық санының қарқынды өсуі олардың әлемдік саясаттағы орнына қалай әсер етуі мүмкін?



1. Мемлекет басшысының беделі мен біліктілігі елдің геосаяси кеңістіктегі орнына ықпал ете ала ма? Нақты мысалдар келтіріп көр.
2. «Халықтың білімі мен кәсіби деңгейінің жоғарылығы — маңызды геосаяси ресурс» дегенді қалай түсінесің?



Оқулық мәтіні негізінде және қосымша материалдарды пайдаланып, «Қоғамдағы құбылыстар мен үдерістер, адамдар арасындағы қарым-қатынастардың геосаясатқа ықпалы» тақырыбында эссе дайында. Эсседе мынадай мәселелер қамтылуы тиіс:

- қоғамда қандай әлеуметтік құбылыстар мен үдерістер болады?
- олардың қайсылары елдегі саяси жағдайға және елдің ғаламдық геосаясаттағы орнына ықпал етуі мүмкін?
- адамдар арасындағы ұлттық, мәдени, әлеуметтік теңсіздік олардың қарым-қатынасына қалай әсер етеді?
- жалпы алғанда, әлеуметтік жағдай мен геосаясат арасында байланыс бар ма?

## § 56. Геосаясаттағы саяси, әскери және технологиялық факторлардың маңызы

**Геосаясаттағы саяси, әскери факторларға баға беру.** Геосаясатқа ықпал ететін факторлар арасында әсіресе саяси, әскери факторлардың орны ерекше. Қазіргі заманғы саяси факторлар әртүрлі аумақтық деңгейлерде (жергілікті сипаттан халықаралық деңгейге дейін) түрліше географиялық, экономикалық, әлеуметтік, тарихи факторлардың кешенді ықпал етуінен қалыптасады.

Қазіргі уақытта елдегі биліктің сипаты маңызды саяси ресурс болып есептеледі. Елдің бейтарап бейбіт саясат ұстануы, әлемдегі және аймақтағы беделі мен көшбасшылыққа ұмтылысы оның геосаяси жағдайын нығайтады. Елдің саяси ресурстары қатарына бірнеше факторларды жатқызуға болады (73-сурет).

Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдардағы маңызы артып, белсенді қызмет атқаруда. Еліміздің саяси беделінің артуына БҰҰ шеңберінде көптеген маңызды саяси бастамалар көтеруі, халықаралық деңгейде бітімгершілік қызметті белсенді атқаруы ық-

### Бүгінгі сабақта:

— геосаясаттағы саяси, әскери және технологиялық факторлардың маңызымен танысып, оларға баға беруді үйренесіңдер.

### Жетекші ұғым:

✓ кибершабуыл

### Глоссарий:

• **Кибершабуыл** — ақпараттық қауіпсіздік жүйесіне қастандық.



73-сурет. Мемлекеттің басты саяси ресурстарын бағалау

пал етуде. Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2014–2020 жылдарға арналған тұжырымдамасында елдің сыртқы саясатының мақсаттары, басымдылықтары мен міндеттері айқындалған.

Мемлекеттің өз аумағындағы ғана емес, көршілес аймақтардағы саяси факторлар да оның геосаяси жағдайына ықпал етеді. Мысалы, көршілес аймақтардағы саяси тұрақсыздық елдің шегаралары арқылы бүлікшілердің еніп кетуіне, босқындардың ағылуына алып келуі мүмкін. Керісінше, көршілес аймақтардағы саяси жағдайдың тұрақтылығы елдің геосаяси жағдайын нығайта түседі.

Қазіргі кезде мемлекеттің әскери қуаттылығы теңіз, әуе, ядролық, ғарыштық және ақпараттық әлеуетімен анықталады. Ядролық мемлекеттер бұл алапат қару түрін саяси мақсатта, яғни қарсыласын тежеу үшін ғана пайдаланады. Ядролық қаруды іс жүзінде қолданудың ауыр зардаптарын түйсінген мемлекет басшылары оны қолданудан гөрі келіссөздерге келуге дайын. Ядролық қару — мемлекеттің қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз ететін геосаяси ресурс.

Саяси және әскери факторлар өзара байланысты. Әскери әрекеттердің болу мүмкіндігі әсіресе ұлы державалар ыдыраған кезеңге сәйкес келеді. XX ғасырдың 90-жылдарында көпұлтты мемлекеттер болып саналатын КСРО мен Югославия ыдырады, әсіресе соңғысында қарулы қақтығыстар орын алды. 1992 жылдан бері дүниежүзі елдерінің 1/3-інде этностық негіздегі шиеленістер болды. Мұның өзі көптеген елдердің геосаяси жағдайына кері ықпал етті.

**Геосаясаттағы технологиялық факторларға баға беру.** Технологиялардың дамуы геосаясатқа да ықпалын тигізуде. Ғалымдар географиялық орта мен саяси үдерістер арасын технологиялық факторлар жалғастырып тұратынын атап көрсетеді. Технологиялардың әркелкі дамуы геосаяси кеңістікті одан әрі алуан түрлі етеді. Ғылыми-техникалық жетістіктер ғаламдық байланыстарды жаңа деңгейге көтерді. Технологиялық фактордың геосаясатқа ықпалы 74-суретте көрсетілген.

Интернетті пайдалану арқасында қаржы, ақпарат ағындарына шегаралық бөгеттер жойылды. Адамдардың санасына кері ықпал етіп, қашықтан арбау технологиялары да Интернет арқылы таралуда.



74-сурет. Технологиялардың геосаясатқа ықпал ету жолдары

Сонымен қатар түрлі саяси, діни ағымдардың да таралуына кедергі азайды. Сол себепті ХХІ ғасырда дамыған мемлекеттер өз аумағын *кибершабуылдан* қорғайтын құралдарға жүгінуге мәжбүр.



1. Саяси және әскери факторлардың байланысы қандай?
2. Интернеттің дамуы геосаясатқа қалай әсер етеді?



Елдің ғылыми-технологиялық әлеуеті жоғары, бірақ аумағы мен халық саны шағын болса, геосаяси басымдылыққа ие бола ала ма?



1. Өзің таңдап алған ел мысалында оның халықаралық ұйымдардағы рөлі мен қызметі туралы материалдар жинақтап, баға бер.
2. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда елдің геосаяси жағдайын жақсарту үшін қандай шешімдер қабылдады?
3. «Технологиялардың әркелкі дамуы геосаяси кеңістікті одан әрі алуан түрлі етеді» деген сөйлемді қалай түсінесің? Нақты мысалдар келтіріп көр.

## Мемлекеттік аумақтың морфологиясы

### § 57. Мемлекеттік аумақтың морфологиялық ерекшеліктері

**Мемлекеттік аумақтың морфологиясы.** Мемлекет аумағына оның шегаралары аралығында орналасқан құрлықтың бөлігі мен жер қойнауы, ішкі және аумақтық сулары, олардың үстіндегі әуе кеңістігі енеді. Мемлекет өзінің халықаралық деңгейде танылған аумағында егемендігін жүзеге асырады, яғни сыртқы күштердің ықпалынсыз билік жүр-

#### Бүгінгі сабақта:

— мемлекеттік аумақтың морфологиялық ерекшеліктерін талдауды үйренесіңдер.

**Жетекші ұғымдар:**

- ✓ перифериялық елдер
- ✓ транзиттік елдер
- ✓ мемлекет аумағы
- ✓ тиімді аумақтар

гізу мүмкіндігіне ие. Дегенмен іс жүзінде халықаралық ұйымдарға мүше мемлекет олардың тарапынан өз егемендігіне қатысты шектеулерге тап болуы мүмкін.

*Мемлекет аумағының морфологиялық ерекшеліктері* ел аумағын игеруде, эконо-

калық дамуына, мемлекеттік шегаралардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Мемлекет аумағы — аса маңызды геосаяси ресурс. Ол бірқатар белгілерімен сипатталады (75-сурет).



**75-сурет.** Мемлекет аумағының басты белгілері

**Глоссарий:**

- **Перифериялық елдер** — әлемдік экономика орталықтары мен маңызды халықаралық қатынас жолдарынан шалғайда орналасқан елдер.
- **Транзиттік елдер** — аумағы арқылы маңызды халықаралық қатынас жолдары өтетін елдер.
- **Мемлекет аумағы** — белгілі бір мемлекеттің егемендігіндегі географиялық кеңістіктің бөлігі.
- **Тиімді аумақтар** — ел аумағындағы игерілген аудандар үлесі.

Мемлекеттің жерінің ауданы — оның халықаралық деңгейдегі орнын анықтайтын маңызды көрсеткіштердің бірі. Бұл көрсеткіш мемлекеттің сыртқы саясатының сипатына, ұлттық геосаяси мүдделеріне ықпал етеді. Дегенмен мемлекет жерінің ауданы оның халықаралық мәртебесі мен егемендігін бағалауда кедергі бола алмайды.

**Мемлекеттердің жерінің ауданы бойынша ерекшеліктері.** Дүниежүзі бойынша жерінің ауданы ірі тоғыз елді (Ресей Федерациясы, Канада, Қытай, АҚШ, Бразилия, Аустралия Одағы, Үндістан, Аргентина, Қазақстан) атауға болады, олардың жерінің ауданы бірігіп, адам қоныстанған құрлықтың 55,8% -ын құрайды (15-кесте).



**Мемлекеттерді жерінің ауданы бойынша топтастыру**  
(И.И.Пирожник бойынша)

	Мемлекеттер типі	Аумағы	Ел саны	Жалпы ауданы	
				млн км <sup>2</sup>	%
1	Алып мемлекеттер	2,5 млн км <sup>2</sup> -ден астам	9	75,8	55,8
2	Ірі мемлекеттер	350 мың – 2,5 млн км <sup>2</sup>	49	45,2	33,3
3	Орташа мемлекеттер	150–350 мың км <sup>2</sup>	28	7,1	5,2
4	Шағын мемлекеттер	30–150 мың км <sup>2</sup>	43	3,5	2,6
5	Ұсақ мемлекеттер	30 мың км <sup>2</sup> -ден аз	66	1,8	1,3
6	Тәуелді аумақтар			2,3	1,7
	Барлығы		195	135,8	100,0

Жерінің ауданы 30 мың км<sup>2</sup>-ден аспайтын микромемлекеттерге Еуропадағы «ергежейлі» мемлекетін және Мұхит аралдары мемлекеттерін жатқызуға болады: Ватикан, Монако, Лихтенштейн, Мальта, Андорра, Мальдив Республикасы, Науру, Тувалу және т.б. Ұсақ мемлекеттердің алып жатқан аумағы адам қоныстанған құрлықтың бар болғаны 1,3%-ын құрайды.

Мемлекетке аумағы бойынша баға беруде оның игерілу деңгейі де ескеріледі. Мысалы, Аустралия Одағының 1/3 бөлігін шөлдер алып жатыр, ал Ресей Федерациясының 3/5 бөлігі табиғаты қатал аудандар болып табылады. Сондықтан аумаққа баға беруде, ең алдымен, *тиімді аумақтар* ескеріледі.

Аса ірі мемлекеттердің жекелеген бөліктерін игеруде қатал табиғат жағдайлары, көлік қатынасы және әлеуметтік-экономикалық құрылымдарды салуға көбірек шығын жұмсалады. Мысалы, Ресей Федерациясының еуропалық бөлігі азиялық бөлігіне қарағанда, күшті дамыған. Азиялық бөлікте жол қатынасы, табиғат ресурстарын игеру және т.б. жағынан үлкен қиындықтар бар. Қазақстан Республикасының да бүкіл аумағы бойынша көлік жолдарының жиілігі, экономикалық дамуы біркелкі емес. Керісінше, аумағы кіші мемлекеттерде ресурстар тапшылығы, халық тығыздығының артуы, әлеуметтік мәселелері туындауы мүмкін.

**Мемлекеттердің географиялық орнының ерекшеліктері.** Мемлекет аумағының географиялық орнын бірнеше тұрғыда бағалап, ерекшеліктерін анықтауға болады. Мемлекеттің географиялық орны оның сыртқы ортамен қарым-қатынасын сипаттайды. *Физикалық-географиялық* тұрғыдан алғанда мемлекет аумағының координаталар торындағы және нақты физикалық-географиялық кеңістіктегі орны анықталады. Мысалы, экватор сызығы 13 елдің аумағын кесіп өтеді. Физикалық-географиялық орны бойынша елдер батыс немесе шығыс, солтүстік немесе оңтүстік жартышарда орналасуы мүмкін.

*Экономикалық-географиялық орны* экономикалық кеңістіктегі жағдайы мен маңызды нысандарға қатысты анықталады. Аумағының экономикалық-географиялық орны бойынша елдерді бірнеше топқа бөледі (76-сурет).



**76-сурет.** Елдерді экономикалық-географиялық орны бойынша жіктеу

*Саяси-географиялық орны* мемлекет аумағының саяси тұрғыда маңызды нысандарға қатысты анықталады. Мемлекеттің бейтарап елдермен көршілестігі оның геосаяси жағдайын нығайтады. Саяси тұрақсыздық тән аумақтармен көршілес орналасуы мемлекеттің геосаяси жағдайына кері ықпал етеді.

-  1. Мемлекет аумағының үлкен болуы қандай геосаяси артықшылықтар беруі мүмкін?
- 2. Мемлекет аумағының біркелкі игерілмеуінің қандай экономикалық, саяси салдарлары болады?
- 3. Мемлекет аумағының теңіз маңында орналасуы қандай басымдылықтар береді?
-  1. Мемлекет аумағының морфологиялық ерекшеліктері олардың қауіпсіздігіне қалай әсер етеді? Жауаптарыңды нақты дәлелдермен толықтырыңдар.
- 2. Қалай ойлайсың, экономикалық-географиялық орны ұтымды елдің аумағы қайда және қалай орналасуы тиіс?
-  1. Қосымша материалдарды пайдаланып және төмендегі кестенің үлгісі негізінде Азия елдерін аумақтары бойынша топтарға жіктеңдер. Жіктеме нәтижелерін кестеге толтырыңдар.

**Азия мемлекеттерін аумағы бойынша жіктеу**

Алып мемлекеттер	Ірі мемлекеттер	Орташа мемлекеттер	Шағын мемлекеттер	Ұсақ мемлекеттер

- 2. Саяси картаны және кестені пайдаланып, Африканың елдерін экономикалық-географиялық орны бойынша топтарға жіктеңдер. Жіктеме нәтижелерін кестеге толтырыңдар.

**Африка мемлекеттерін ЭГО бойынша топтастыру**

Орталық елдер	Перифериялық елдер	Транзиттік елдер	Теңіз маңы елдері	Ішкері елдер

## § 58. Мемлекеттерді аумағының морфологиялық ерекшеліктері бойынша жіктеу

Мемлекет аумағының морфологиялық ерекшеліктері бойынша елдерді бірнеше типтерге бөліп қарастыруға болады (77-сурет).

*Созылыңқы пішіндегі мемлекеттер* (Чили, Норвегия, Швеция, Вьетнам, Италия, Панама, Того, Гамбия).

Олардың аумағы теңіз жағалауы бойымен немесе ірі өзендер бойымен жүздеген километрге созылып жатыр. Бұл көптеген аудандардың елдің әкімшілік орталығынан шалғай жатуына әсер етіп, аумақты басқаруға кедергі келтіреді. Мысалы, Чилидің орта бөлігінде орналасқан астанасы Сантьяго қаласы солтүстігіндегі шөлді аудандармен және оңтүстігіндегі Отты Жердегі теңіз маңы аудандарымен экономикалық жағынан әлсіз байланысқан. Италияның солтүстіктен оңтүстікке созылып жатуы елдің оңтүстігі мен солтүстік аудандарының экономикалық тұрғыда біркелкі дамуына кедергі келтіруде.

*Біртұтас аумақты алып жатқан мемлекеттер* (Франция, Испания, Польша, Венгрия және т.б.). Олардың аумағы квадрат немесе дөңгелек пішінді болып келеді. Бұл шеткі аудандардың ел орталығына шамамен бірдей қашықтықта орналасуына, мемлекеттік

### Бүгінгі сабақта:

— мемлекеттік аумақтың морфологиялық ерекшеліктерін талдауды үйренесіңдер.

### Жетекші ұғымдар:

✓ Анклав

### Глоссарий:

- **Анклав** (франц. *enclave* — жабық, қамалған) — ел аумағының басқа мемлекет аумағымен толығымен қоршалып жатқан бөлігі.



Созылыңқы пішіндегі мемлекеттер



Біртұтас аумақты алып жатқан мемлекеттер



Шашыраңқы мемлекеттер



Құрамында анклавтар бар мемлекеттер

77-сурет. Аумағының морфологиялық ерекшеліктері бойынша елдердің типтері

шегараларының салыстырмалы түрде қысқа болуына, қатынас жолдарының неғұрлым жақсы тарамдалуына, аумақтың экономикалық дамуына және басқарылуына қолайлы жағдай жасайды. Дегенмен сыртқы пішіні қолайлы елдің аумағында да оның игерілуі мен басқарылуына кедергі келтіретін табиғи факторлар (биік таулар, батпақтар және т.б.) болуы мүмкін. Мысалы, Перу биік Анд тауларымен екі бөлікке бөлініп жатыр.

*Шашыраңқы мемлекеттер* (Индонезия, Филиппин сияқты аралдық мемлекеттер, екі бөліктен тұратын Малайзия және т.б.). Аумағы біртұтас емес, бірнеше бөліктерден тұратын мұндай мемлекеттерде басқару және қорғаныс, қатынас жолдары, экономикалық байланыстар бойынша қиындықтар туындайды. Оқшауланған аумақтарда мемлекеттің ішкі бірлігін бұзуға әрекеттену қимылдары, әртүрлі ішкі кикілжіңдер, ел астанасының орнына қатысты таластар туындауы мүмкін. Мұндай мемлекет типіне АҚШ-ты да жатқызуға болады. Оның құрамына кіретін Аляска мен Гавай аралдары негізгі аумақтан шалғайда орналасқан, бұл қосымша экономикалық шығындарға себепші болады.

*Құрамында анклавтар бар мемлекеттер.* Анклав жағдайындағы аудандар қатарына Ресей Федерациясының құрамына енетін Калининград облысы, Испания құрамына енетін, бірақ Мароккода жатқан Сеута мен Мелилья және т.б. анклавтар жатады. Анклавтар жалпы алғанда мемлекеттің стратегиялық жағдайына қолайлы әсер еткенімен, елдің әскери жағынан осал, экономикалық байланыстарға қолайсыз аудандар болып табылады.



1. Италия аумағының созылық болуы оның игерілуі мен дамуына қалай әсер етті?
2. Францияның мемлекет аумағының қандай ерекшеліктері бар?
3. Қазақстан аумағы морфологиялық ерекшеліктеріне қарай қай топқа жатады?



Шығыс Тимор мемлекетінің пайда болуын Индонезия аумағының шашыраңқы болуымен түсіндіруге бола ма?



1. Саяси картаны пайдаланып, Еуразияда орналасқан мемлекеттерді аумағының пішіні бойынша жіктеп, нәтижесін кесте түрінде толтыр.

#### Еуразия мемлекеттерін аумағының пішіні бойынша жіктеу

Созылық пішіндегі мемлекеттер	Біртұтас аумақты алып жатқан мемлекеттер	Шашыраңқы мемлекеттер	Құрамында анклавтар бар мемлекеттер

2. Қосымша материалдарды пайдаланып, «АҚШ аумағы қалай қалыптасты?» деген тақырыпта хабарлама дайында.

## **12-сарамандық жұмыс**

**Салыстыру және сандық әдістерді пайдаланып,  
Қазақстан Республикасы мемлекеттік аумағының  
морфологиялық ерекшеліктеріне кешенді баға беру**

**Жұмыстың мақсаты** — салыстыру және сандық әдістерді пайдаланып, Қазақстан Республикасы мемлекеттік аумағының морфологиялық ерекшеліктеріне кешенді баға беруді үйрену.

### **Әдістемелік нұсқау**

Сарамандық жұмыс 2 сағатқа есептелген: 1-сабақта тапсырмалар сыныпта орындалады; 2-сабақта орындалған тапсырмалар нәтижесінде жұмыс жүргізіледі.

Сарамандық жұмысты орындау барысында карталар талданып, салыстыру әдісімен Қазақстанның мемлекеттік аумағының ерекшеліктері қарастырылады.

### **Тапсырмалар**

1. Карталар мен қосымша дереккөздерді пайдаланып, Қазақстан аумағының басты морфологиялық ерекшеліктерін анықтаңдар.
2. Салыстыру әдісін пайдаланып, Қазақстан аумағының әлемдік деңгейде және көршілес елдермен ұқсастықтарын және айырмашылықтарын сипаттаңдар.
3. Сандық деректерді пайдаланып, талдау жасау негізінде Қазақстанның мемлекет аумағының негізгі өлшемдерінің (ауданы, ұзындығы, ені) аумақтың игерілуіне, елдің дамуына, геосаяси жағдайына ықпал етуіне қатысты өз ойларыңды жинақтап, кешенді баға беріңдер.

## Мемлекеттік шегара

### § 59. Мемлекеттік шегаралардың функциясы, түрлері, анықтау және белгілеу шаралары, динамикасы

#### Бүгінгі сабақта:

— мемлекеттік шегаралардың функциясын, түрлерін анықтау және белгілеу шаралары мен динамикасын талдауды үйренесіңдер.

**Мемлекеттік шегаралардың функциясы, түрлері.** Мемлекеттер арасындағы кеңістік қатынастар шегаралар арқылы реттеледі. Осы тұрғыда мемлекеттің саяси-географиялық орны анықталады.

Мемлекеттік шегаралар — мемлекеттің қауіпсіздігі мен егемендігін сақтап қалудың аса маңызды шарты. Өз шегараларының тұтастығын қамтамасыз етуге қабілеттілігі мемлекеттің қуаты мен халықаралық беделін көрсетеді. Мемлекеттік шегаралар *бөлуші, жалғастырушы және сүзгілік* функциялар атқарады (78-сурет).



78-сурет. Мемлекеттік шегаралардың функциялары

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ мемлекеттік шегаралар
- ✓ географиялық лимология
- ✓ шегаралар делимитациясы
- ✓ шегаралар демаркациясы
- ✓ цессия
- ✓ адъюдикция
- ✓ аккреция

Мемлекеттік шегаралардың бөлуші функциясы елдер арасындағы адам, тауар және басқа қозғалыстарын шектеумен анықталады. Мысалы, адамдардың қозғалысын шектеу және тоқтату үшін шегара бойында арнайы жабдықталған тосқауылдар қою, ақылы визалық режим орнату, маятникті миграцияға жол бермеу шаралары жүргізіледі.

Шегаралардың жалғастырушы функциясы көршілес мемлекеттердің шаруашылық байланыстарын нығайту, шегаралық аудандарда бірлескен жобалар жасау, табиғат ресурстарын бірлесіп пайдаланудан көрінеді. Мысалы, Қазақстанның Қытаймен шегаралас бөлігінде ауданы 560 га болатын «Қорғас» шегара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы құрылған. Оның қазақстандық жағының жалпы көлемі 217 га, қытайлық жағы 343 га құрайды (79-сурет).

Орталықты құру Алматы облысында экономиканың қарқынды дамуына, инженерлік, көлік және туристік инфрақұрылымдарды



79-сурет. «Қорғас» халықаралық орталығының сызбасы

жетілдіруге, жүк айналымын арттыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға, тұрғындардың әл-ауқатын көтеруге мүмкіндік ашуда.

Шегаралардың жалғастырушы функциясы дүниежүзінің көптеген аймағында елдер арасындағы ынтымақтастықты дамытуға мүмкіндік беруде.

*Шегаралардың сүзгілік функциясы* елдің аумағына келетін қауіп-қатерді, теріс ағымдар мен тиым салынған тауарларды, адамдар легін өткізбеу мақсатын көздейді. Осылайша елдер өз аумағын есірткі, контрабандалық тауарлар мен лаңкестік ұйымдардың әрекетінен, босқындар легінен қорғайды.

**Мемлекеттік шегаралардың түрлері.** Көп жағдайда мемлекет аумағының негізін этностың қоныстану ауданы құрайды. Мемлекеттік шегаралардың қалыптасуына әртүрлі факторлар әсер етеді. Осы тұрғыда, мемлекеттік шегараларды табиғи және жасанды деп бөледі.

*Табиғи шегаралар* елдердің аумақтарын бөліп жатқан табиғи шептер (теңіз, өзен, көл, тау жоталары және т.б.) арқылы өтеді. Геосаяси тұрғыдан алғанда, табиғи шегаралар неғұрлым сенімді болады.

*Жасанды шегаралар* адам қолымен жасалған арнайы инженерлік құрылғылар көмегімен белгіленеді. Кей жағдайларда діни, саяси жағдайларға байланысты тұрғын халықтың пікірі ескерілмей жүргізілген жасанды шегаралар да бар. Мысалы, Африканың мемлекеттері арасында отарлау кезінде метрополиялар түзу сызғышпен бөлген шегаралар бар.



Дүниежүзінің саяси картасынан түзу сызықпен берілген мемлекеттік шегараларды анықта.

**Глоссарий:**

- **Мемлекеттік шегаралар** — мемлекет егемендігінің кеңістік шегі, яғни мемлекет аумағының құрлықтағы, судағы, жер қойнауы мен әуедегі шептерін айқындайтын сызық.
- **Географиялық лимнология** — шегараларды зерттейтін ғылым саласы.
- **Шегаралар делимитациясы** — көршілес мемлекеттердің арасында келіссөздер арқылы мемлекеттік шегаралардың жалпы ережесі мен бағыттарын анықтау.
- **Шегаралар демаркациясы** — шегараларды делимитациялау жөнінде келіссөздерге сәйкес, жергілікті жерде шегаралық белгілер қою арқылы мемлекеттік шегараны анықтау мен белгілеу.
- **Цессия** — мемлекеттердің өзара келісімі негізінде белгілі бір аумаққа иелік ету құқығының бір мемлекеттен екінші бір мемлекетке берілуі.
2. Салыстыру әдісін пайдаланып, Қазақстан аумағының әлемдік деңгейде және көршілес елдермен ұқсастықтарын және айырмашылықтарын сипаттаңдар.
3. Сандық деректерді пайдаланып, талдау жасау негізінде Қазақстанның мемлекет аумағының негізгі өлшемдерінің (ауданы, ұзындығы, ені) аумақтың игерілуіне, елдің дамуына, геосаяси жағдайына ықпал етуіне қатысты өз ойларыңды жинақтап, кешенді баға беріңдер.



## Мемлекеттік шегара

### § 59. Мемлекеттік шегаралардың функциясы, түрлері, анықтау және белгілеу шаралары, динамикасы

#### Бүгінгі сабақта:

— мемлекеттік шегаралардың функциясын, түрлерін анықтау және белгілеу шаралары мен динамикасын талдауды үйренесіңдер.

**Мемлекеттік шегаралардың функциясы, түрлері.** Мемлекеттер арасындағы кеңістік қатынастар шегаралар арқылы реттеледі. Осы тұрғыда мемлекеттің саяси-географиялық орны анықталады.

Мемлекеттік шегаралар — мемлекеттің қауіпсіздігі мен егемендігін сақтап қалудың аса маңызды шарты. Өз шегараларының тұтастығын қамтамасыз етуге қабілеттілігі мемлекеттің қуаты мен халықаралық беделін көрсетеді. Мемлекеттік шегаралар *бөлуші, жалғастырушы және сүзгілік* функциялар атқарады (78-сурет).



78-сурет. Мемлекеттік шегаралардың функциялары

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ мемлекеттік шегаралар
- ✓ географиялық лимнология
- ✓ шегаралар делимитациясы
- ✓ шегаралар демаркациясы
- ✓ цессия
- ✓ адъюдикция
- ✓ аккреция

Мемлекеттік шегаралардың бөлуші функциясы елдер арасындағы адам, тауар және басқа қозғалыстарын шектеумен анықталады. Мысалы, адамдардың қозғалысын шектеу және тоқтату үшін шегара бойында арнайы жабдықталған тосқауылдар қою, ақылы визалық режим орнату, маятникті миграцияға жол бермеу шаралары жүргізіледі.

Шегаралардың жалғастырушы функциясы көршілес мемлекеттердің шаруашылық байланыстарын нығайту, шегаралық аудандарда бірлескен жобалар жасау, табиғат ресурстарын бірлесіп пайдаланудан көрінеді. Мысалы, Қазақстанның Қытаймен шегаралас бөлігінде ауданы 560 га болатын «Қорғас» шегара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы құрылған. Оның қазақстандық жағының жалпы көлемі 217 га, қытайлық жағы 343 га құрайды (79-сурет).

Орталықты құру Алматы облысында экономиканың қарқынды дамуына, инженерлік, көлік және туристік инфрақұрылымдарды



79-сурет. «Қорғас» халықаралық орталығының сызбасы

жетілдіруге, жүк айналымын арттыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға, тұрғындардың әл-ауқатын көтеруге мүмкіндік ашуда.

Шегаралардың жалғастырушы функциясы дүниежүзінің көптеген аймағында елдер арасындағы ынтымақтастықты дамытуға мүмкіндік беруде.

*Шегаралардың сүзгілік функциясы* елдің аумағына келетін қауіп-қатерді, теріс ағымдар мен тиым салынған тауарларды, адамдар легін өткізбеу мақсатын көздейді. Осылайша елдер өз аумағын есірткі, контрабандалық тауарлар мен лаңкестік ұйымдардың әрекетінен, босқындар легінен қорғайды.

**Мемлекеттік шегаралардың түрлері.** Көп жағдайда мемлекет аумағының негізін этностың қоныстану ауданы құрайды. Мемлекеттік шегаралардың қалыптасуына әртүрлі факторлар әсер етеді. Осы тұрғыда, мемлекеттік шегараларды табиғи және жасанды деп бөледі.

*Табиғи шегаралар* елдердің аумақтарын бөліп жатқан табиғи шептер (теңіз, өзен, көл, тау жоталары және т.б.) арқылы өтеді. Геосаяси тұрғыдан алғанда, табиғи шегаралар неғұрлым сенімді болады.

*Жасанды шегаралар* адам қолымен жасалған арнайы инженерлік құрылғылар көмегімен белгіленеді. Кей жағдайларда діни, саяси жағдайларға байланысты тұрғын халықтың пікірі ескерілмей жүргізілген жасанды шегаралар да бар. Мысалы, Африканың мемлекеттері арасында отарлау кезінде метрополиялар түзу сызғышпен бөлген шегаралар бар.



Дүниежүзінің саяси картасынан түзу сызықпен берілген мемлекеттік шегараларды анықта.

**Глоссарий:**

- **Мемлекеттік шегаралар** — мемлекет егемендігінің кеңістік шегі, яғни мемлекет аумағының құрлықтағы, судағы, жер қойнауы мен әуедегі шептерін айқындайтын сызық.
- **Географиялық лимнология** — шегараларды зерттейтін ғылым саласы.
- **Шегаралар делимитациясы** — көршілес мемлекеттердің арасында келіссөздер арқылы мемлекеттік шегаралардың жалпы ережесі мен бағыттарын анықтау.
- **Шегаралар демаркациясы** — шегараларды делимитациялау жөнінде келіссөздерге сәйкес, жергілікті жерде шегаралық белгілер қою арқылы мемлекеттік шегараны анықтау мен белгілеу.
- **Цессия** — мемлекеттердің өзара келісімі негізінде белгілі бір аумаққа иелік ету құқығының бір мемлекеттен екінші бір мемлекетке берілуі.
- **Адьюдикция** — халықаралық сот немесе арбитраж шешімі бойынша бір мемлекет құрамында болған аумақты басқа мемлекетке беру.
- **Аккреция** — мемлекет аумағының құрлық бөлігінің табиғи немесе техногендік жолмен ұлғаюы.

Сипатына байланысты мемлекеттік шегаралар құрлықтық және теңіздік болып бөлінеді. Теңізбен шектесуі мемлекеттің геосаяси және стратегиялық орнын анықтайды. Сол себепті елдерді теңізге шығу мүмкіндігіне қарай да бағалайды. Дүниежүзі бойынша 44 ел теңізбен шектеспейді, ал 36 мемлекеттің мүлде құрлықтық шегаралары жоқ. Теңізге тікелей шыға алмайтын мемлекеттерге басқа елдердің аумағы арқылы еркін өту құқығы берілген. Құрлықтағы шегаралары ұзын болатын мемлекеттер арасында Қазақстан 5-орын алады.

Мемлекет аумағының құрамына құрлық пен ішкі сулар ғана емес, оның жағалауындағы Дүниежүзілік мұхиттың аумақтық бөлігі де енеді. Теңіз жағалауында орналасқан мемлекеттердің басым көпшілігінде (олардың саны 130) аумақтық сулар 3–12 мильдік жолақты құрайды.

**Мемлекеттік шегараларды анықтау және белгілеу шаралары.** Мемлекеттік шегаралар делимитация және демаркация арқылы анықталып, белгіленеді. Делимитация жөнінде қаулы мемлекеттік шегараларды анықтау мен белгілеу жөніндегі бейбіт келіссөздер нәтижесінде қабылданады. Делимитация барысында мемлекеттер картада шегаралардың өту сызығын сипаттайды. Ал демаркациялау делимитация жөніндегі келісімге сәйкес, оның қосымшасында берілген карталар мен сипаттамалар негізінде орындалады. Демаркация барысында жергілікті жерде топографиялық түсірілімдер немесе әуетүсірілім жүргізіледі. Сонымен қатар топографиялық координаталар анықталып, ірі масштабтағы карта жасалады. Демаркацияның соңғы кезеңінде шегаралық белгілер (бағаналар, сым қоршаулар) орнатылады. Демаркациялау барысы бойынша арнайы құжаттар толтырылып, шегаралардың сипаттамалары құрастырылады.

**Мемлекеттік шегаралардың динамикасы.** Мемлекеттік шегаралар соғыстар нәтижесінде және бейбіт жолмен өзгеріске түсуі мүмкін. Мемлекеттік шегаралардың әскери емес жолмен өзгеріске түсуі халықаралық практикада мына жағдайларда болады.

*Цессия* бірдей көлемдегі аумақтарды өзара айырбастап алу, сыйға беру, сатып алу арқылы жүзеге асуы мүмкін. Мысалы, 1867 жылы АҚШ Алясканы Ресейден сатып алған.

*Адъюдикция* негізінде аумақтық-шегаралық өзгерістер болады. Мысалы, 1968 жылы Качское Ранно даулы ауданының 90%-ы Үндістанға, 10%-ы Пәкістанға өтті.

*Аккреция* нәтижесінде Нидерланд, Сингапур, Парсы шығанағы мемлекеттерінде жағалық бөлік кеңейтіліп келеді. Ал табиғи жолмен бұл әрекет ірі өзен атырауларының ұзақ жылғы аккумуляция нәтижесінде ұлғаюы түрінде көрініс табады.

*Өз еркімен қосылу* — шағын мемлекеттің ірі мемлекет құрамына қосылуы. Мысалы, 1944 жылы Тува (қазіргі Тыва Республикасы) өз еркімен көршілес жатқан КСРО құрамына қосылды.

*Өз еркімен бөліну* — белгілі бір аумақтың әскери күштерді қолданбай, өзара келісім негізінде мемлекет құрамынан бейбіт жолмен бөлініп шығуы. Мысалы, 1917 жылы Финляндия Ұлы Князьдігі Ресей құрамынан бөлініп шығып, дербес мемлекет құру мүмкіндігін алды.

*Өз еркімен бірігу* — екі немесе бірнеше мемлекеттің, кей жағдайда аумақтардың өз еркімен бірігуі негізінде бір жаңа мемлекеттің қалыптасуы. Мысалы, 1964 жылы Танганьика және Занзибар бірігіп, Танзания мемлекеті қалыптасты, оның атауының өзі осы біріккен аумақтардың атауларынан құралды. Ал 1971 жылы бұрынғы Келісімдік Омандағы бытыраңқы араб әмірліктерінің өзара бірігуінен Біріккен Араб Әмірліктері деп аталатын жаңа мемлекет пайда болды.



1. Қазақстанның физикалық картасын пайдаланып, еліміздегі шегаралардың табиғи шептермен өтетін бөліктерін анықтаңдар.
2. Мемлекеттік шегаралардың қалыптасуына қандай факторлар ықпал етеді?
3. Шегараларының тек құрлықтық болуы мемлекеттің дамуы мен геосаяси жағдайына қалай әсер етуі мүмкін?
4. Мемлекеттік шегаралардың динамикасына қандай факторлар әсер етеді?



1. Қалай ойлайсың, мемлекеттік шегаралардың сүзгілік функциясының Орталық Азия елдері үшін қандай маңызы бар? Жауабыңды нақты мысалдармен толықтыр.
2. Теңіздік шегаралары бар, құрлықтық шегаралары жоқ елдердің геосаяси, экономикалық жағдайына қандай баға беруге болады?




Өзің таңдап алған елдің мемлекеттік шегараларының қалыптасуына қатысты зерттеу жүргіз, нәтижесін таныстырылым түрінде баяндап бер.

## § 60. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шегараларының қалыптасу үдерісі, басты көрсеткіштері мен динамикасы

### Бүгінгі сабақта:

— Қазақстан Республикасының мемлекеттік шегараларының қалыптасу үдерісін, басты көрсеткіштері мен динамикасын зерттеуді үйренесіңдер.

**Қазақстанның мемлекеттік шегараларының басты көрсеткіштері.** ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша еліміздің құрлықтағы мемлекеттік шегарасының ұзындығы **13394 км.** Оның ішінде Ресей Федерациясымен шегара **7591 км (80-сурет).**



80-сурет. Қазақстанның көршілес елдермен шегараларының ұзындықтары, км

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ құрылықтық шегара
- ✓ теңіздік шегара
- ✓ декларация

Каспий теңізі арқылы өтетін теңіздік шегаралардың ұзындығы 2000 км.

**ҚР мемлекеттік шегараларының қалыптасу үдерісі, динамикасы.** Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан кейін мемлекеттік шегараларды нақтылау міндеті

тұрды. Бұрынғы одақтас республикалардың арасындағы әкімшілік шегаралардың кейбір жер үлескілерінде іс жүзінде орныққан шегара құқықтық ережелерге сәйкес келмейтіндігі анықталды. Мұндай жағдайда тараптар ұлттық және экономикалық мүдделерді ескере отырып, өзара тиімді шешімдер қабылдады, аумақтарды теңдей бөлісті және алмасты.

Бұрынғы КСРО-ның әкімшілік-аумақтық шегараларын межелеуді тану бірқатар құқықтық құжаттар негізінде жүргізілді (81-сурет).

Осы құжаттарға сәйкес, одақтас республикалардың арасындағы әкімшілік-аумақтық межелеуді шегаралық келіссөздерде негізге алды. Қазақстан да шегараларды ресімдеу бойынша келіссөздерге белсене араласып, тиісті заңнамалар қабылдады.



81-сурет. Бұрын КСРО құрамында болған мемлекеттердің шегараларын анықтайтын құжаттар

1993 жылдың 13 қаңтарындағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік шегарасы туралы» заңда мемлекеттік шегара тек қана ҚР халықаралық келісімшарттарымен анықталатыны жарияланды. ҚР Сыртқы істер министрлігі тиісті Үкіметтік делегацияларды жасақтап, сарапшы ретінде геодезия, картография, жерге орналастыру мен гидрология саласындағы мамандардан жұмыс топтары құрылды.

*Қытай Халықтық Республикасымен шегара.* Екі ел арасындағы шегараларды делимитациялау туралы келіссөздер 1992–1998 жылдары өтіп, демаркация толығымен 2002 жылы аяқталды. 2002 жылғы 10 мамырда Пекин қаласында ҚР Сыртқы істер министрі Қасым-Жомарт Тоқаев пен ҚХР Сыртқы істер министрі Тан Цзясюань Қазақстан-Қытай мемлекеттік шегарасының сызығын демаркациялау туралы Хаттамаға қол қойды. Осы хаттама негізінде Қазақстан-Қытай мемлекеттік шегарасының жалпы ұзақтығы 1782 км деп анықталды (82-сурет). Қазақстанмен шегаралас мемлекеттер көрсетілген.

*Қазақстан-Ресей мемлекеттік шегарасы.* Қазақстан-Ресей мемлекеттік шегарасын делимитациялау туралы келіссөздер 1999 жылдың қыркүйегінен 2005 жылдың қаңтарына дейін жалғасты.


ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың Ресей Федерациясына ресми сапары барысында 2005 жылдың 18 қаңтарда мемлекет басшылары Мәскеу қаласында Қазақстан мен Ресей арасындағы мемлекеттік шегара туралы шартқа қол қойды. Шарт 2006 жылғы 12 қаңтарда күшіне енді. 2009 жылдың мамырда тараптар Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы шегара белгілерін орнатуды бастады.

*Қазақстан-Өзбекстан мемлекеттік шегарасы.* Қазақстан-Өзбекстан мемлекеттік шегарасын делимитациялау 2000–2002 жылдар аралығында өтті.

Анықталған күрделі учаскелер мен тараптардың ұсыныстары тең құқылық қағидаттар

#### Глоссарий:

- **Декларация** — халықаралық құқықта келісуші жақтардың ортақ принциптері мен мақсаттарын негіздейтін құжат.



82-сурет. Қазақстан және онымен шегаралас мемлекеттер

негізінде, жергілікті халықтың мүдделері ескеріле отырып шешілді. Қазақстан-Өзбекстан мемлекеттік шегарасын демаркациялау 2003 жылы, ал далалық жұмыстар 2004 жылдың сәуірінде басталды.

*Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шегарасы.* 2001 жылғы 5 шілдеде Астана қаласында мемлекет басшылары Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шегарасын делимитациялау және оны демаркациялау туралы шартқа қол қойды. Тараптар екі ел арасында 1972 жылы келісілген шегара сызығын өзгертусіз қалдырды. Бірлескен шегараны демаркациялауға бағытталған іс-шаралар 2003 жылы басталды. 2017 жылғы 18 сәуірде екі мемлекеттің басшылары Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы Мемлекеттік шегараны шегендеу туралы келісімге қол қойды.

*Қазақстан мен Қырғыз Республикасының мемлекеттік шегарасы.* Қазақстан мен Қырғыз Республикасы мемлекеттік шегарасын делимитациялау жөніндегі келіссөздер 1999 жылдың қарашасынан 2001 жылдың желтоқсанына дейін өтті. Осы келіссөздер нәтижесі бойынша Мемлекет басшылары 2001 жылғы 15 желтоқсанда Астана қаласында Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы мемлекеттік шегаралар туралы шартқа қол қойды. Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы шегарада шегара белгілерін орнатуға 2008 жылы күзде кірісті. Ал 2017 жылғы 25 желтоқсанда екі мемлекеттің басшылары Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы Мемлекеттік шегараны шегендеу туралы шартқа қол қойды.

Қазақстанның 2030 жылға дейін даму стратегиясында Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саяси міндеті қойылған болатын. Бұл міндеттің орындалуы мемлекеттік егемендікті сақтаудың, аумақтық тұтастықты және шегараның мызғымастығын қамтамасыз етудің кепілі ретінде түсіндіріледі.

Қазіргі кезде мемлекеттік шегараны бекіту жұмыстарымен бірге еліміздің аумақтық тұтастығының мызғымастығын қамтамасыз етудің аса жауапты міндеті орындалды деуге болады.



1. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан соң мемлекеттік шегараларды анықтаудың қандай маңызы болды?

2. Қазақстан-Ресей мемлекеттік шегарасын демаркациялау неге ұзаққа созылды?



1. Қазақстанмен шектесетін белгілі бір мемлекетпен (өз таңдауың бойынша) мемлекеттік шегараларды физикалық карта бойынша сипаттап бер. Аталған елмен шегараның Қазақстан дамуына қандай маңызы бар деп ойлайсың? Жауабыңды нақты мысалдармен толықтыр.

2. Көршілес елдер үшін мемлекеттік шегараны шегендеу туралы шартқа қол қоюдың маңызы неде?



81-суретте берілген ресми құжаттар арасынан өз таңдауың бойынша бір құжатқа шолу дайында. Қазақстан Республикасы шегараларын қалыптастыруда оның қандай маңызы болғандығын түсіндіруге тырыс.



### 13-сарамандық жұмыс

#### Қазақстан Республикасының шегараларын күшейту жөнінде ұсыныстар әзірлеу

**Жұмыстың мақсаты** — оқулық мәтіні мен ресми ақпараттарды пайдалану негізінде Қазақстан Республикасының шегараларын нығайту жөнінде ұсыныстар негіздеуді үйрену.

Сарамандық жұмыс 2 сағатқа есептелген: 1-сабақта тапсырмалар сыныпта орындалады; 2-сабақта орындалған тапсырмалар нәтижесінде жұмыс жүргізіледі.

#### Әдістемелік нұсқаулық

Сарамандық жұмысты орындау үшін кескін карта, түрлі түсті қарындаштар қажет болады. Жұмыс барысында ұсыныстар әзірлеу үшін ресми құжаттар пайдаланылады. Жұмыстың нәтижелері: кескін картаға орындалған сызба, жазбаша түрдегі ұсыныстар.

#### Тапсырмалар

##### 1. Кескін картамен жұмыс:

- Қазақстанның мемлекеттік шегараларымен шектесетін мемлекеттердің атауларын жазып, белгілеп шығу;
- мемлекеттік шегаралардың аса маңызды транзиттік магистральдар өтетін бөліктерін жасыл түсті жұлдызшамен белгілеу;
- мемлекеттік шегаралардың биік таулы аудандар арқылы өтетін бөліктерін қызыл түсті жұлдызшалармен белгілеу.

##### 2. Саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдай тұрақсыз аудандардан көршілес мемлекеттер арқылы Қазақстанға қандай қауіп-қатерлер (діни экстремизм, ретсіз көші-қон, есірткі тасымалы және т.б.) таралуы мүмкін екендігін талдаңдар.

##### 3. Дайындалған сызба мен талдау негізінде ҚР мемлекеттік шегараларының айрықша қорғалуы тиіс үлескілерін анықтап, дәптерлеріңе жазыңдар.

##### 4. Мемлекеттік шегараларды нығайту жөніндегі ресми құжаттармен танысу негізінде Қазақстан Республикасының шегараларын нығайту жөнінде өз ұсыныстарыңды негіздеңдер.

**Жұмыс нәтижелері:** тақырыпқа сәйкес салыстыру, картографиялық зерттеу әдістерін қолдану; Қазақстан Республикасының шегараларын күшейту жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

# VI бөлім

## ЕЛТАНУ

### Дүниежүзі аймақтары. Кешенді географиялық аудандастыру

#### § 61. Дүниежүзін физикалық-географиялық аудандастыру

**Аймақтар және олардың типтері.** Ғылыми әдебиетте «аймақ» ұғымы көбінесе қоғамдық құбылыстарға (экономикалық және әкімшілік тұрғыда жіктеу және т.б.) қатысты қолданылады. Аймақ аймақтану ғылымының зерттеу нысаны болып табылады. XIX ғасырда Ф.Ратцель мен неміс географы К.Риттердің ғылыми еңбектері негізінде *аймақтану* ілімі дами бастады. Олар қоғам мен халықтар мәдениетін, шаруашылығы мен тұрмысын олар өмір сүретін табиғат жағдайларымен байланыста қарастыруды ұсынды.

Аймақтарды жіктеуде алуан түрлі ұстанымдар мен белгілер жүйесі қолданылады. *Жүйелік* ұстаным тұрғысынан алып қарасақ, аймақ деп табиғи, әлеуметтік-экономикалық кешенді атауға болады. *Әкімшілік-аумақтық* тұрғыдан аймақ белгілі бір әкімшілік шегаралар негізінде анықталады. *Экономикалық* тұрғыдан ажыратылатын аймақ, ең алдымен, аумақтың шаруашылық мамандануы, әкімшілік, әлеуметтік және экономикалық біртұтастығына негізделеді.

Ғылыми әдебиеттерде аймақтардың ондаған санаттары ажыратылады. Жалпы осы жіктеулерді топтастыру негізінде ресейлік географ Ю.Н.Гладкий мынадай үш сатылы жіктемені ажыратқан:

1. *Жекелеген белгілері бойынша ажыратылатын аймақтарда* аумақтың әрі қарай жіктеуді қажет етпейтін бір басты белгісі алынады. Мысалы, мақта егілетін аймақ.

#### Бүгінгі сабақта:

- дүниежүзінің түрлі белгілер бойынша физикалық географиялық аудандарға бөлінуін оқып-үйренесіңдер;
- «аймақ» және «аймақтану» ұғымдарымен, аймақтардың типтерімен танысасыңдар.

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ аймақтану
- ✓ аймақ
- ✓ физикалық-географиялық аймақтар
- ✓ физикалық-географиялық облыс
- ✓ физикалық-географиялық аудан
- ✓ географиялық ландшафт

**Глоссарий:**

- **Физикалық-географиялық аудандастыру** — жер бетінің беткі бөліктерін табиғатының ортақ белгілері мен ерекшеліктеріне негізделі отырып, түрлі деңгейлердегі аумақтарға бөлу жүйесі.
- **Физикалық-географиялық аймақ** — ірі геологиялық құрылымға сәйкес келетін, орографиялық жағынан салыстырмалы түрде біртұтас, өзіндік географиялық зоналар құрылымы бар ірі аумақ.
- **Физикалық-географиялық аудан** — геоморфологиялық және геологиялық тұрғыдан жер бедері біртектес болып келетін провинцияның ең ірі айқындалған бөлігі.
- **Географиялық ландшафт** — жер бедері, климат, су, топырақ-өсімдік жамылғысы мен жануарлар дүниесі өзара күрделі байланыста болатын, біртұтас үздіксіз жүйе құрайтын табиғи географиялық кешен.

2. Бірнеше белгілері бойынша ажыратылатын аймақтарды қалыптастыруда бірнеше басты фактордың ұштасуы байқалады. Мысал ретінде әртүрлі табиғи факторлар әсерінен қалыптасатын физикалық-географиялық аймақтарды алуға болады;

3. Адам әрекеті мен табиғи факторлардың барлығы дерлік қамтылатын аймақтардың қатарына аумақтағы қоғам мен табиғат көрсеткіштері тығыз байланысқан мәдени-тарихи аймақтар жатады.

**Дүниежүзін физикалық-географиялық аудандастыру.** Кез келген аймақтың қалыптасуына табиғи факторлар, табиғат ресурстары ықпал еткен. Осы тұрғыдан алғанда аймақтануды физикалық географиядағы физикалық-географиялық аудандастырумен де байланыстыруға болады.

Жер бетін физикалық-географиялық аймақтарға бөлу — географиядағы күрделі мәселенің бірі. Өйткені мұндай жіктеуде зоналық және бейзоналық факторлар қоса ескерілуі тиіс. Физикалық-географиялық аудандастыру географиялық қабықты құрайтын құрамбөліктердің біртектес болмауына негізделеді. Ол құрамбөліктерге кез келген жердегі геологиялық құрылым, жер бедері, климаттық ерекшеліктері, топырақ жамылғысы, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі жатады.

Жалпы түрде физикалық-географиялық аудандастыру жіктемесі мынадай негізгі бірліктерден тұрады (83-сурет).



83-суреттің мәліметтеріне сүйене отырып, өзің тұратын аймақтың қандай аймақтық сипаттағы физикалық-географиялық аудандастыру бірліктеріне сәйкес келетінін анықта. Ондағы табиғат компоненттерінің негізгі құрамдас бөліктерін атап көрсет.

Бұл сатылы жіктеудің жоғарғы деңгейлері кең мағынасында материктер мен мұхиттардағы табиғат зонасына барып тіркеледі. Ал аудандастырудың төменгі деңгейлерінде жергілікті жердегі ландшафт жіктелуінің бірліктері орналасады.

Физикалық-географиялық аудандастыру жер бетін белдеулерге, зоналарға, табиғат аймақтары мен облыстарына, провинциялар мен түрлі деңгейдегі ландшафт бірліктеріне бөліп қарастырады.



83-сурет. Физикалық-географиялық аудандастыру бірліктері



Өзің тұратын аймақтың табиғат ерекшеліктерін кесте немесе хабарлама түрінде сипатта.

Әрбір табиғат аймағы аудандастыруға негіз болған критерийлерге сүйеніп айқындалған. Олардың геологиялық және тектоникалық құрылымы, жер бедері біртектес, өзіне тән топырақ-өсімдік жамылғысы мен жануарлар дүниесінің ортақтығымен сипатталады. *Қазақтың ұсақ шоқысы* немесе *Сарыарқа* физикалық-географиялық аймағы палеозойлық кристалды фундаменттегі орнымен, жер бедерінің ұсақ шоқылардан тұратын аласа, ескі тау жоталары жүйесімен және табиғат зоналарының өзіндік жиынтығымен басқа аймақтардан ерекшеленеді.



Қазақстан жері физикалық-географиялық тұрғыдан қандай аймақтарға жіктелген?



1. Физикалық-географиялық аудандастыру қандай ұғымдардан тұрады?
2. Физикалық-географиялық аудандастыру жіктемесі қандай бірліктерден тұрады?
3. Жергілікті жердегі физикалық-географиялық аудандастырудың бірліктеріне мысал келтіріңдер.



Оқулық мәтіні мен қосымша материалдарды пайдалана отырып, Қазақстан аумағындағы кез келген физикалық-географиялық аймақтың біріне төмендегі жоспар бойынша қысқаша сипаттама дайындау:

1. Географиялық орны;
2. Аймаққа сәйкес келетін геологиялық және тектоникалық құрылымы;
3. Жер бедерінің сипаты, орташа биіктік көрсеткіштері;

4. Климаттық жағдайы және оның басты ерекшеліктері;
5. Топырақ-өсімдік жамылғысы және жануарлар дүниесі;
6. Аймақтың шаруашылыққа қолданылу жолдары.

## § 62. Дүниежүзін тарихи-мәдени аудандастыру

### Бүгінгі сабақта:

— дүниежүзінің тарихи-мәдени аудандарға бөлінуі туралы оқып-үйренесіңдер.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ өркениет
- ✓ тарихи-мәдени аймақтар
- ✓ мәдениет географиясы

XX ғасырда ағылшын ғалымы А.Тойнби адамзат тарихын жекелеген өркениеттерге жіктеп, олардың қалыптасуына табиғи және әлеуметтік факторлар ықпал ететінін талдаған. Осылайша Жер шарында табиғат жағдайлары әртүрлі аймақтардың өзіндік тарихи-мәдени бейнесі қалыптасатыны туралы идеялар пайда болды. Қазіргі кезде *мәдениет географиясы* осының негізінде дамуда.

Қазіргі заманғы географияда дүниежүзін *өркениеттік негізде*, яғни тарихи-мәдени тұрғыда жіктеу басым. Тарихи-мәдени аймақтардың шегаралары ежелгі өркениеттердің қалыптасу барысында анықталған.

Ежелгі дүние географтары өздеріне белгілі жерлерді тарихи-мәдени ерекшеліктеріне байланысты жіктеген. Мысалы, ежелгі грек ғалымдарының еңбектерінде Скифия, Месопотамия, Эфиопия, Иллирия, Фессалия және т.б. аймақтар кездеседі. Ұлы географиялық ашылулардан кейін еуропалықтар әлемді Ескі дүние (Еуропа, Азия, Африка) және Жаңа дүние (Америка) деп екіге бөлетін болды.

Алғашқы өркениеттер мыңдаған жылдар бұрын Жерорта теңізі алабында, Таяу, Орта және Қиыр Шығыста қалыптасқан. Ғалымдар жалпыәлемдік өркениет дамуында үш негізгі кезеңді бөліп көрсетеді: *индустриялануға дейінгі, индустриялық және постиндустриялық*. Бұл кезеңдерді жеке өркениеттер деп те атайды.

Өркениеттік негізде тарихи-мәдени аудандастыруда әртүрлі ұстанымдар бар. БҰҰ ресми түрде 7 тарихи-мәдени аймақты жіктейді, ал белгілі ресейлік ғалым В.В.Вольский 12 өркениеттік макроаймақты бөліп көрсеткен (16-кесте).

В.В.Вольскийдің тарихи-мәдени аудандастыруы географиялық негізге де сүйенеді. Өйткені аймақтардың тарихи даму кезеңінде өзіндік мәдени ерекшеліктерінің қалыптасуына географиялық орны да ықпал еткен.

Тарихи-мәдени аймақтардың алып жатқан аумақтары физикалық-географиялық аймақтар шегараларына сәйкес келеді. Тарихи тұрғыдан алғанда, шағын аймақтар (Трансильвания, Ломбардия, Вестфалия, Жетісу және т.б.) аумақтың тарихи кезеңдердегі табиғи, әлеуметтік-экономикалық біртұтастығы негізінде ажыратылады.

## Дүниежүзін тарихи-мәдени аудандастыру

	Тарихи-мәдени аудандастыру	Тарихи-мәдени аймақтар
1	ЮНЕСКО жіктемесі	Еуропа, Араб-мұсылман, Үнді, Қиыр Шығыс, Тропикалық Африка, Солтүстік Америка, Латын Америкасы
2	С.Хантингтон жіктемесі (діни және географиялық негізде)	Батыс, славян-православиелік, исламдық, конфуциялық, индуистік, жапондық, латынамерикалық, африкалық
3	В.Вольский жіктемесі	Батыс Еуропа, Орталық-Шығыс Еуропа, Ресей-Еуразиялық аймақ, Солтүстік Африка мен Орта Шығыс, Оңтүстік Азия, Шығыс Азия, Сахарадан оңтүстікке қарайғы Африка, Солтүстік Америка, Латын Америкасы, Аустралия, Мұхиттық аралдар

Аймақтардың ұқсас белгілерімен қатар, айырмашылықтары да бар (84-сурет).

Солтүстік Америка мен Аустралия — еуропалық қоныс аударушылар мекені	Латын Америкасы — үндіс, еуропалық, африкалық және қазіргі заманғы америкалық мәдениеттің үйлескен аймағы	Батыс Еуропа — ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі еуропалық мәдениеттің отаны
Орталық Шығыс Еуропа — ХХ ғасырда өзіндік мәдени ерекшеліктері қалыптасқан жас аймақ	Ресей-Еуразиялық аймақ — тарихи тағдыры ортақ мәдени ерекшеліктері әртүрлі халықтар қоныстанған аумақ	Шығыс Азия — айрықша ұлттық діни-мәдени көзқарастар мен оқшау дамудың аймағы
Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азия — ежелгі өркениеттерден бастау алған өзіндік мәдени бейнесі бар аймақтар	Солтүстік Африка мен Орта Шығыс — ислам құндылықтары мен мәдениеттің отаны	Сахарадан оңтүстікке қарайғы Африка, Мұхиттық аралдар — өзіндік дәстүрлі мәдениеті сақталған аймақтар

84-сурет. Дүниежүзіндегі тарихи-мәдени аймақтардың сипаты

Табиғат жағдайлары салыстырмалы түрде біртекті болатын осы аймақтарда халықтың материалдық және рухани мәдениеті, рухани құндылықтары, ұлттық сипаты қалыптасқан. Халықтардың көші-қонына, діндер мен философиялық ілімдердің таралуына, аумақтың шаруашылық игерілуіне немесе отарлануына қарамастан, мәдени аймақтардың бастапқы шегаралары онша өзгермеген күйінде сақталған.

ХХ ғасырдың соңына қарай барлық халықтар бірыңғай жалпы адамзат өркениетіне қамтылды. Дегенмен әлем халықтарының

**Глоссарий:**

- **Дүниежүзілік өркениет** — адамзаттың үдемелі дамуының бірыңғай үдерісі.
- **Мәдениет географиясы** — мәдениеттің және оның құрамбөліктерінің аумақтық жіктелуін зерттейтін ғылым.
- **Тарихи-мәдени аймақтар** — өзіндік даму тарихы мен мәдени ерекшеліктері бар аймақтар (Ф.Ратцель, А. Тойнби).

негізгі өркениеттік айырмашылықтары қазірге дейін сақталып отыр. Сондықтан ғалымдар қазіргі заманғы негізгі төрт өркениетті бөліп көрсетеді.

1. *Батыс өркениеті*. Оның түпқазығы — Солтүстік Америка мен Еуропа. Бұл өркениет қазіргі заманғы ғылымды және оның негізінде жоғары дамыған техниканы жасады, нәтижесінде алғашқы ғылыми-техникалық өркениет аталып отыр.

2. *Қытай өркениеті*. Қытайда дәстүрлі конфуцийлік құндылықтар жүйесі коммунистік идеологиямен үйлесе отырып, қытай халқының рухани бейнесін анықтап берді.

3. *Мұсылман өркениеті*. Ислам елдерінде діни сана қоғамдық сананың басты формасы болып табылады, ол адам өмірінің барлық қырларын реттейді.

4. *Үнділік өркениет*. Бұл өркениеттің бейбіт, рухани сипаты басым, екінші бір ерекшелігі қоғамда касталық құрылымның сақталуы.

Қазір осы өркениеттердің барлығы да жаһандануды бастан кешіріп жатыр. Бұл тұрғыда батыс өркениетінің жағдайы ең ұтымды болып отыр, ол шаруашылық жүргізудің өзіндік жүйесін бүкіл әлемге таратып үлгерді. Өзіндік мәдени және өркениеттік ерекшеліктеріне қарамастан, бүкіл адамзат ақпараттық қоғам дәуіріне қадам басты.



1. Мәдениет географиясының мәдениеттанудан қандай айырмашылығы бар?
2. Тарихи кезеңдерде неліктен өркениеттердің дамуында өзгерістер болады?



1. Дүниежүзін өркениеттік негізде аудандастырудың физикалық-географиялық аудандастырудан қандай айырмашылықтары бар?
2. Қазақстанда қандай өркениеттердің үйлесуін байқауға болады?



1. Оқулық мәтіні мен тарих пәнінен алған білімдеріңді пайдаланып, адамзат дамуындағы индустриялануға дейінгі кезеңде қалыптасып, дамыған өркениеттердің басты ерекшеліктері туралы эссе дайында. Бұл тапсырманы орындау үшін мына тізімнен біреуін таңдап алуыңа болады:
  - Азияның көшпенді өркениеті;
  - Ежелгі Рим өркениеті;
  - Месопотамиялық өркениет;
  - Ежелгі Грекия өркениеті;
  - Ежелгі Үнді өркениеті;
  - Майя өркениеті.
2. Оқулық мәтінін пайдаланып, В.Вольскийдің тарихи-мәдени аудандастыруы негізінде белгілі бір аймақты таңдап алып, өз бетіңше оның қысқаша сипаттамасын құрастыр.

## § 63. Дүниежүзін саяси-географиялық аудандастыру. Геосаяси аудандар

**Х.Маккиндердің аудандастыру үлгісі.** Британдық ғалым, саясаткер *Хэлфорд Джон Маккиндер* (1861–1947) дүниежүзін саяси-географиялық тұрғыда аудандастырудың алғашқы үлгісін жасады. Маккиндер саяси тұрғыда дүниежүзін *орталық, ішкі жарты ай және сыртқы жарты ай* деп үш аймаққа жіктеді (85-сурет). Ол «мемлекет үшін ең ұтымды географиялық орын орталық болып табылады. Орталық аймақта басымдылыққа ие болған кез келген құрлықтық мемлекет (Ресей, Германия, Қытай және т.б.) теңіздік әлемді ту сыртынан келіп басып алуға қабілетті» деген пікір айтты.

### Бүгінгі сабақта:

— дүниежүзінің саяси-географиялық, геосаяси аудандарға бөлінуі туралы білетін боласындар.

«Орталық» деген ұғымның өзі салыстырмалы түрде және нақты географиялық кеңістікке қатысты әрқилы болуы мүмкін. Әлемдік тұрғыдан алғанда дүниенің ортасы Еуразия материгі болса, оның ортасы *хартленд* болып табылады. Географиялық тұрғыдан алғанда, Хартлендке Ресей, Шығыс Еуропа, Қазақстан мен Орталық Азия жатады. Еуразия құрлығының орталығы — бүкіл әлемді бақылау жасауға қолайлы географиялық плацдарм.

Маккиндердің «*әлемдік арал*» деген ұғымына Азия, Африка, Еуропа жатады. Оның ең ортасында «тарихтың географиялық білігі» жатыр, ол геосаяси тұрғыдан Ресейге сәйкес келеді. Қазақстанның географиялық орны да осы «хартленд» ұғымына жақын келеді.



85-сурет. Әлемнің геосаяси үлгісі (Х.Маккиндер бойынша)



**Жетекші ұғымдар:**

- ✓ хартленд
- ✓ ішкі жарты ай
- ✓ сыртқы жарты ай
- ✓ геостратегиялық облыс

**Глоссарий:**

- **Хартленд** (ағылшынша «әлемнің жүрегі») — Еуразия құрлығының солтүстік-шығысын қамтитын, әлемнің орталығы болып саналатын аймақ (Х.Маккиндер);
- **Геостратегиялық облыс** — геосаяси тұрғыдан басымдылық беретін маңызды аумақ.
- **Ішкі жарты ай** — хартлендті қоршап жатқан Еуразияның жағалық бөліктері.
- **Сыртқы жарты ай** — ішкі жарты айдан тысқары жатқан аймақтар.

Бұдан кейінгі белдеуді Маккиндер «*ішкі жарты ай*» деп атаған. Бұл белдеуге Еуразияның жағалық бөліктері сәйкес келеді. Маккиндер бойынша, ішкі жарты ай өркениеттің ең қарқынды дамитын зонасы болып табылады.

Сулы және құрлықтық кеңістіктердің ұштасуы халықтар мен мемлекеттердің тарихындағы жетекші фактор деп есептеледі. Бұдан соң «*сыртқы немесе аралдық жарты ай*» деп аталған белдеу өтеді. Бұл зона толығымен сыртқы (географиялық жағынан да, мәдени жағынан да) зона болып табылады. Х.Маккиндер хартленд күшін азайту үшін оның шеткі бөліктерін «тартып алу» саясатын жүргізу қажет деді.


**С.Коэннің геосаяси аудандастыруы.** ХХ ғасырдың екінші жартысында америкалық геосаясатшы С.Коэн әлемнің «көпплюстілігі» туралы тұжырым жасап, әлемнің анағұрлым күрделі геосаяси үлгісін ұсынды. Мұнда бүкіл әлем екі геостратегиялық облыс (сауда дамыған теңіз маңы және Еуропалық құрлық әлемі) пен шеткі геосаяси аймаққа бөлінген.

С.Коэннің пікірінше, геостратегиялық облыстардың шегарасында жатқан аудандарға (Африканың Сахарадан оңтүстікке қарай жатқан бөлігі, Таяу Шығыс, Оңтүстік-Шығыс Азия) саяси тұрақсыздық тән болады. Мұнда мемлекетаралық және ұлттаралық жанжалдардың жиі болуының өзі бұл аймақтардың шегаралық орнымен түсіндіріледі (86-сурет).


Аймақ ұғымын *геосаяси* тұрғыдан түсіну саяси күштердің, қуаты орталықтар мен әлсіз перифериялардың арасалмақтары арқылы кеңістіктің жіктелуіне негізделеді. Геосаяси аймақ, әдетте, ел ішінде емес, елдер тобының негізінде ажыратылады. Қазіргі кезде әлемдік саясатта мемлекеттің орны, ең алдымен, оның экономикалық қуаты арқылы анықталады. Осыған сәйкес геосаясаттың негізі де ауысты, яғни бұрын физикалық-географиялық факторларға басым көңіл бөлінсе, қазіргі кезде экономикалық факторға көп көңіл бөлінеді.



1. Х. Маккиндердің саяси-географиялық аудандастыруының қазіргі кезде қандай маңызы бар?
2. Сыртқы жарты айдың осалдығын немен түсіндіруге болады?



86-сурет. С.Козеннің геосаяси аудандастыруы

3. «Әлемнің көшпөлюстілігі» дегенді қалай түсінесің?
  4. С.Козен сауда дамыған шеткі аймақтарды неге геостратегиялық маңызды аумаққа жатқызған?
-  1. Дүниежүзін геосаяси тұрғыдан аудандастырудың маңызы туралы өз ойыңды қысқаша түйіндеп, сыныптастарыңмен пікір алмастыр.
2. Х.Маккиндердің геосаяси аудандастыруы негізінде Орталық жердің, соның ішінде Қазақстанның қазіргі геосаяси басымдылықтары қандай екенін талдаңдар.
  3. Х.Маккиндер мен С. Козеннің саяси-географиялық аудандастырулары негізінде басымдылыққа не геосаяси аудандарды салыстырыңдар.

## 14-сарамандық жұмыс

### Кешенді географиялық және тарихи-географиялық аудандастырудың өз үлгісін ұсыну

**Жұмыстың мақсаты** — сандық және сапалық деректерді өңдеу арқылы дүниежүзі мен оның аймақтарын географиялық және тарихи-географиялық аудандастырудың өзіндік үлгісін ұсынуды үйрену.

#### Әдістемелік нұсқаулық

Сарамандық жұмыс 2 сағатқа есептелген: 1-сабақта тапсырмалар сыныпта орындалады; 2-сабақта орындалған тапсырмалар нәтижесінде жұмыс жүргізіледі.

Тарихи-географиялық аудандастыруда физикалық-географиялық және әлеуметтік-географиялық жіктелуін қоса қамту керек.

Аудандастыру барысында аумақтың тарихи кезеңдегі құрылымдық өзгерістерін ескеру қажет.

#### Тапсырмалар

1. Өздері таңдап алған (шағын топ) тарихи-географиялық аймақтың бірі бойынша (Азия, Еуропа, Америка, Африка, Аустралия мен Мұхиттық аралдар) тарихи (мәдени, тілдік тарихы), географиялық деректер жинақтау.
2. Таңдалған аймақтың кескін картасына тарихи дамуы мен мәдениеті үлкен айырмашылық жасайтын аумақтардың шегараларын қоңыр түстің әртүрлі реңктерімен бөліп көрсету.
3. Кескін картаға ірі табиғи аймақшалардың шегараларын жасыл түстің әртүрлі реңктерімен белгілеп көрсету.
4. Әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері бойынша (күшті дамыған, орташа дамыған, нашар дамыған аудандар) жіктелген аймақшаларды қызыл түстің әртүрлі реңктерімен белгілеп көрсету.
5. Аталған үш көрсеткіштері ұқсас аумақтардың шегараларын біріктіру — біртұтас аудандар; екі көрсеткіші ғана ортақ аумақтардың шегараларын біріктіру — аралас аудандар; көрсеткіштерінің жиынтығы бір-біріне сәйкес келмейтін аумақтарды сол қалпында қалдыру — дербес ерекшеліктері бар аудандар.
6. Жұмыс нәтижелерін ұсыну және қорғау.

## § 64. Дүниежүзін тарихи-географиялық аудандастыру

Дүниежүзін кешенді және тарихи-географиялық аудандастыру табиғи, тарихи, саяси, мәдени, экономикалық ерекшеліктері негізінде жүргізіледі. Кешенді тұрғыдан дүниежүзін бірнеше сатылы аймақтарға жіктеуге болады (87-сурет).

Макроаймақтар өз кезегінде мезоаймақтарға, ал олар аймақшаларға жіктеледі.

**Макроаймақтар.** Олардың қатарына дүние бөліктерін жатқызуға болады. Әрбір макроаймақта жиынтығы, көлемі, аумақтық үйлесуі әркелкі болатын өзіндік табиғат жағдайлары мен ресурстары бар. Аймақтардың шаруашылықты дамыту мүмкіндіктері мен адамның тіршілік жағдайлары да әркелкі болады.

Азияның әлемдегі орны айрықша екендігіне ешкім де күмән келтіре алмайды. XX ғасырдың 80-жылдар басында үнді тарихшыларының бірі: «Адамдардан Азияны тартып алсаңдар, олар өзінің өткенінен, бүгінгісінен және болашағынан айрылады» деп мәлімдеген болатын. Өйткені табиғат жағдайлары алуан түрлі Азияның кең-байтақ кеңістігінде ежелгі және қазіргі заманғы өркениеттер қалыптасқан. Олардың ерекшеліктері осы кезге дейін белгілі дәрежеде шаруашылық сипаты мен халықтың өзіндік бейнесін анықтайды. Азияның географиялық ерекшелігінің басты белгілеріне аумағының орасан үлкендігі мен алуан түрлілігін, аса бай табиғи-ресурстық әлеуетін жатқызуға болады. Азияда әлем халқының басым бөлігі (60% немесе 4 млрд 437 млн адам) шоғырланған. Азияда діни және адамгершілік-этикалық ілімдер негізінде әлемдік діндер, рухани мәдениет ошақтары қалыптасты.

### Бүгінгі сабақта:

— дүниежүзінің тарихи-географиялық аймақтарын, олардың құрамы мен ерекшеліктерін, географиялық сипаттамасын шығармашылық түрде ұсыну.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ өмір сүру деңгейі
- ✓ сандық және сапалық көрсеткіштер
- ✓ өмір сүру сапасы



87-сурет. Дүниежүзін кешенді аудандастыру сатылары

Қазіргі кезде Азия қарыштап дамудың үлгісі болып отыр. Ресейлік географ А.П.Кузнецов Азияның экономикасын алып адамға теңеген. Оның «аяқтары» қызметін табиғи-ресурстық әлеуеті аса ірі Қытай, Үндістан және Ресей атқарады. Нағыз ми орталығы, көптеген ғылыми-техникалық идеялар өңдеуден өтетін зертхана болып табылатын Жапонияны «Азияның басы» деуге болады. Қазіргі заманғы өнімдерді молынан өндіріп жатқан жаңа индустриялық елдер «қолдарына» айналған. Азияның ағзасының «тіршілігі» едәуір дәрежеде мұнай экспорттаушы елдер мен әлемнің жаңа қаржы орталықтарына (Сянган, Сингапур, Бахрейн және т.б.) да тәуелді.

**Мезоаймақтар.** Олардың қатарына дүние бөліктеріндегі табиғаты, тарихи-мәдени даму сипаты және тағы басқа ішкі ерекшеліктері негізінде ажыратылатын аймақтар жатады. Сонымен, бұл мәселені Азияның мезоаймақтары мысалында қарастырайық.

Азияның табиғат жағдайларының, экономикалық және саяси дамуының ерекшеліктері «бытыраңқы», «ала-құлалы» экономикалық кеңістіктің қалыптасуына себеп болды. Дүниенің үш бөлігінің тоғысында жатқан *Оңтүстік-Батыс Азияның* экономикалық және саяси-географиялық жағдайы айрықша. Оңтүстік-Батыс Азияның жер қойнауында әлемдегі мұнай қорының  $\frac{2}{3}$ -і шоғырланған. ХХ ғасырдың екінші жартысынан бері бұл аймақ ғаламшардағы ең кикілжіңі көп аумақтардың бірі болып отыр.

*Шығыс Азия* орасан зор, табиғаты алуан түрлі аумақты алып жатыр, Қытайдың арқасында халық саны да мол. Мұнда діндердің көптігі және даосизм мен конфуцийлік, буддизм мен ламаизм, синтоизм, католиктік діндердің тығыз ұштасуы тән. Аймақта экономикалық жағынан бір-біріне жақындасып келе жатқан елдер жүйесі қалыптасуда. Ғылыми-техникалық шешімдер мен ең жаңа өнімдер өндірудің көшбасшылары болып табылатын Жапония мен Қытай бұл жүйенің орталықтарына айналған. Аталған шеңберге жаңа индустриялық елдер де енеді.

Биік таулар, таулы үстірттер мен шөлдер тән болатын *Оңтүстік Азияны* кейде субконтинент деп те атайды. Мұнда буддизм мен индуизм сияқты ежелгі діндер пайда болды. Аймақша халқы санының көптігі жөнінен ғана емес, салыстырмалы түрде жас болуымен және ауылдық өмір салтының (тіпті қаланың өзінде) кең таралуымен ерекшеленеді. Экономикалық орталығы алып Үндістан болып табылады.

*Оңтүстік-Шығыс Азия* екі ежелгі, қуатты өркениет орталықтарының (Үндістан мен Қытай) аралығында орналасқан. Мұндағы елдер өзінің экономикалық-географиялық орнының артықшылықтарын белсенді пайдалануда. Мәселен, Сингапур жолаушы тасымалының көлемі жағынан ғана емес, оларға аса жайлы жағдайлар жасалуымен

ерекшеленетін ірі порт пен әуежайға ие болып отыр. Оңтүстік-Шығыс Азияда халықтың тұрмыс деңгейі күрт айырмашылық жасайды. Мьянмада бұл көрсеткіш ең төмен болса, Сингапурда ең жоғары болып табылады.

**Аймақшалар.** Табиғат жағдайларындағы айырмашылықтар, экономикалық және мәдени келбетінің ерекшеліктері аймақтар ішінде дербес, салыстырмалы түрде біртұтас, неғұрлым төменірек сатыдағы *аймақшаларды* қалыптастырады. Аймақшалардың өзара үлкен айырмашылықтары мен айқын ажыратылатын өзіндік белгілері мынадай факторларға байланысты болды: 1) географиялық орны, яғни ежелден бері аумақтарды бір-бірінен бөліп тұрған табиғи шептердің болуы; 2) табиғат жағдайлары мен ресурстарының әртүрлілігі; 3) тарихи тағдырларының өзіндік ерекшеліктері; 4) айрықша әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерінің болуы; 5) экономикалық даму стратегиясының әркелкілігі.

Әрбір аймақтың сипаттамасы оның өзіндік географиялық сипатына ие, бұл табиғат жағдайларының алуан түрлілігімен ғана емес, тарихи даму кезеңдерінде халық пен шаруашылықтың орналасу ерекшеліктерімен де түсіндіріледі. Дүниежүзі аймақтарына сипаттама беруде олардың экономикалық кеңістігін, яғни шаруашылық байланыстарының аумақтық жиынтығын талдаудың маңызы зор. Әрбір аймақтың қазіргі әлемдегі орнын оның табиғи-ресурстық және еңбек әлеуеті, шаруашылығының ауқымы, мамандануы мен даму деңгейі анықтап береді.



1. Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына баға беруде қандай көрсеткіштер пайдаланылады?
2. Аймақшалар қандай белгілері бойынша ажыратылады?



1. Географиялық тұрғыда дүниежүзін қандай сатылы аймақтарға жіктеуге болады?
2. Дүние бөліктерін неліктен макроаймақтар ретінде қарастыруға болады?
3. Дүниежүзіндегі мезоаймақтардың географиялық сипаттамасының құрылымы қандай болуы тиіс?



1. Дүниежүзін аймақтарға жіктеу үлгілерін салыстыру негізінде қандай қорытындылар жасауға болады?

## Дүниежүзі елдерін салыстыру әдістері. Салыстырмалы елтану

### § 65. Дүниежүзі елдерін салыстыруда қолданылатын көрсеткіштер

#### Бүгінгі сабақта:

— дүниежүзі елдерін салыстыруда қолданылатын көрсеткіштермен танысыңыздар.

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ ел
- ✓ елтану
- ✓ өмір сүру деңгейі
- ✓ тұрғын үймен қамтамасыз етілу

**Елтану.** Географияда және күнделікті өмірде «ел» ұғымы көбінесе «мемлекет» ұғымымен мазмұндас болады. Бірақ бұл ұғымдардың мағынасы жағынан айырмашылығы бар. Ғалымдар ел — мемлекеттің кеңістіктік үлгісі, ал мемлекет елдің құқықтық негіздегі үлгісі деп түсіндіреді.

Елтануда географияның біртұтастығы жүзеге асады. Оның зерттеу нысанына алуан түрлі үдерістер тән, құрылымы күрделі аумақ. Басқаша айтқанда, аумақтың біртұтастығын зерттеу үшін география ғылымдары

жүйесінің біртұтастығы қажет болады. Кешенді елтанудың басты мақсаты — әртүрлі аумақтардың (елдер мен аудандар) біртұтас және кешенді сипаттамаларын беру.

Кешенді елтануда жекелеген аймақтар, елдер және олардың бөліктері, табиғаты, халқы және шаруашылығы жағынан ішкі айырмашылықтар жасайтын біртұтас аумақтық күрделі жүйе ретінде қарастырылады. Бұл жағдайда аумақтарды кешенді зерттеу үшін географияның басты салалары (физикалық, әлеуметтік-экономикалық, саяси география) түгел жұмылдырылады.

Елтану бағытының негізін салған ресейлік ғалым Н.Н.Баранскийдің анықтауынша, бұл сипаттамаларда геологиядан бастап идеологияға дейінгі мәселелер қамтылады. Жалпы алғанда, кез келген ғылым саласының маңызды міндеті — әлемді танып-білу. Кешенді елтанудың ұдайы өзгеріп жатқан әлемнің географиялық келбетін танып-білуі, ең алдымен, ел аумағы деңгейінде жүзеге асады.

Елдерге кешенді сипаттама берудің өзіндік ерекшеліктері болады.

1. Кешенді елтану сипаттамаларында сипаттау, түсіндіру және болжау қамтылады. Сипаттау география ғылым ретінде қалыптаса бастаған кезден бері пайдаланылып келеді, ал түсіндіру XVIII ғасырдан бастап қолға алынды. Географиялық болжам мәселесі XX ғасырдың екінші жартысынан бастап аса маңызды мәселеге айналды.

2. Елдерге кешенді сипаттама неғұрлым нақты болуы керек: сипаттамаларда жалпыламадан гөрі аумақтағы нақты деректер келтіріледі.

3. Сипаттау барысында уақыт байланысы үзіліп қалмауы керек. Мысалы, белгілі бір елдің қазіргі жағдайын сипаттау барысында ол аумақтағы бұрынғы халық қоныстануы мен табиғат

ерекшеліктері, шаруашылық сипаты туралы қарастырмау мүмкін емес. Сондай-ақ елдің қазіргісін оның болашағына қатысты мәселелерден бөліп қарауға болмайды.

4. Елдерге кешенді сипаттама синергетикалық әдіс (грек. *synergos* — ынтымақтас-тық) арқылы жүзеге асырылуы қажет. Сипаттама беруде география ғылымдарының ғана емес, тарих, статистика, әлеуметтану, саясаттану және т.б. деректері кеңінен қолданылады.

5. Кешенді елтанудың географияның басқа салаларынан басты айырмашылығының бірі — алуан түрлі, нақты ақпарат қорының молдығы. Ақпарат қорының күрт артуы кешенді елтануда ақпаратты өңдеу мен сақтаудың, түрлендірудің ең жаңа технологияларын қолдануды қажет етеді.

Дүниежүзі елдерін салыстыруда қолданылатын көрсеткіштер. Елдерді салыстыруда әртүрлі белгілер басшылыққа алынады: аумағының көлемі, халық саны, табиғи ресурстармен қамтамасыз етілуі, әлеуметтік және демографиялық көрсеткіштер, урбандалу деңгейі және экономикалық даму деңгейі және т.б. Елдерді салыстыруда қолданылатын көрсеткіштерді бірнеше топқа біріктіруге болады (88-сурет).

Елдерді әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі бойынша салыстыруда сандық қана емес, сапалық көрсеткіштер де қолданылады. БҰҰ елдерді топтастыруда елдегі жалпы өнеркәсіп өніміндегі өңдеуші саланың үлесі, халықтың білім деңгейі мен өмір жасының ұзақтығын

### Глоссарий:

- **Елтану** — елдерді кешенді түрде зерттейтін, олардың табиғаты, халқы, шаруашылығы, мәдениеті мен әлеуметтік ұйымдасуы туралы пән.
- **Өмір сүру деңгейі** — халықтың жайлы өмір сүру және игіліктер мен қызметтерді тұтыну деңгейі, өміріне керекті негізгі қажеттіліктермен қамтамасыз етілу көрсеткіші.
- **Тұрғын үймен қамтамасыз етілу** — елдегі бір тұрғынға шаққандағы тұрғын үй ауданы.



88-сурет. Елдерді салыстырудағы негізгі көрсеткіштер



да ескереді. Сондықтан бұл ұйым салыстыруды белгілі бір қолданбалы мақсатты орындау үшін (мысалы, мешеу елдерге БҰҰ көрсететін арнайы көмек бағдарламалары) жүргізеді.

**Халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасы.** Халықтың өмір сүру деңгейі экономикалық және әлеуметтік көрсеткіш болып табылады. Жалпы алғанда, мұны халықтың өзіне қажетті материалдық игіліктермен және қызмет түрлерімен қамтамасыз етілуінің деңгейі деп атауға болады.

Белгілі бір елдегі халықтың өмір сүру деңгейін анықтау *табыс бойынша кедейлік* деп аталатын ұғыммен тығыз байланысты. Табыс мөлшері елде белгіленген минимумнан төмен болатын адамды кедей деуге негіз бар. Әлемдік банкінің анықтауы бойынша тәуліктік күнкөрісі 1,9 АҚШ долларынан төмен адамдар кедей болып саналады. АҚШ-тың Халық санағы жөніндегі бюросының анықтауы бойынша 4 адамнан тұратын отбасының жылдық табысы 24 563 АҚШ долларынан төмен болса, кедейлер қатарына қосылады. Осының негізінде 2017 жылы АҚШ халқының 12,7%-ы кедейлер тобын құраған.



1. Елтану бағытының негізін қалаған кім?
2. «Мемлекет» және «ел» ұғымдарының айырмашылығы неде?



1. Өзің таңдап алған бір елге кешенді сипаттама беріңдер.
2. Елдердің кешенді сипаттамасы не үшін қажет?
3. Елдерді салыстыруда қолданылатын негізгі көрсеткіштер өзара қалай байланысқан?



Оқулықтағы қосымшалар мен қосымша материалдарды пайдаланып, жоспар бойынша екі елге (таңдау бойынша) қысқаша салыстырмалы сипаттама құрастырыңдар:

#### Елдерді салыстырмалы сипаттау жоспары

	1-ел	2-ел
Елдің қай дүние бөлігінде және тарихи-географиялық аймақта орналасқандығы		
Экономикалық-географиялық жағдайының ерекшеліктері		
Аумағының көлемі		
Өкімшілік бөлінісі		
Халық саны		
Ірі қалалары		
Негізгі шаруашылық салалары		
Сыртқы экономикалық байланыстары		

## § 66. Жиынтық ішкі өнім көрсеткішін есептеу

ЖІӨ құны тек ресми нарықтық мәмілелерді ғана қамтиды. Себебі кез келген мемлекеттің экономикасы инфляциялық үдерістерге ұшырауы мүмкін. Номиналды (ағымдағы бағамен) және (салыстырмалы бағамен) ЖІӨ есептеледі. Ағымдағы және өткен кезеңдегі ЖІӨ-ні салыстыру ел экономикасының нақты өсуін бағалауға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда базалық (бұрынғы) кезең 100% деп алынып, оған қатысты есептік кезеңдегі ЖІӨ құны анықталады.

### Бүгінгі сабақта:

— дүниежүзі елдерін салыстыруда қолданылатын жиынтық ішкі өнім (ЖІӨ) көрсеткіштерін есептеу әдісін түсіндіруді үйренесіңдер.

Әртүрлі елдердегі ЖІӨ-ні салыстыру үшін оның көрсеткішін айырбас бағамы бойынша есептейді. Алайда кейбір жағдайларда айырбасталмайтын валюталары бар елдердегі ЖІӨ-ні бағалауда елеулі бұрмаланулардың алдын алу үшін *сатып алу қабілетінің паритеті* қолданылады. ЖІӨ-ні есептеу үшін үш негізгі әдіс пайдаланылады:

- а) құнды қосу әдісі;
- ә) шығын бойынша есептеу әдісі (өндіріс әдісі);
- б) кіріс бойынша есептеу әдісі (тарату әдісі).

Осы әдістердің әрқайсысының артықшылықтары мен кемшіліктері бар.

*Құнды қосу әдісі* ЖІӨ есептеуде тұтынуға арналған тауарлардың және қызметтердің құнын пайдаланады. Яғни түпкілікті тұтынылатын және қайта өңдеу, жинау және т.б. үшін қайта қолданылмайтын тауарлар мен қызметтер есептеледі. Бұл жағдайда қосылған құн — шаруашылық жүргізуші субъектілер өнімдерінің нарықтық бағасының жалпы сомасы. Олардан жеткізушілер әкелген шикізат пен материалдардың құнын алып тастау қажет. Осындай құндылықтардың жалпы сомасы ЖІӨ-ні құрайды. Бұл көрсеткіш белгілі бір кезең ішінде мемлекет экономикасының барлық тауарлар мен қызметтердің жалпы құнының нарықтық құнын білдіреді.

*Шығыс бойынша ЖІӨ есептеу әдісі* түпкілікті өнім мен қызметтерді алу үшін шаруашылық жүргізуші субъектілердің барлық шығыстарының сомасын есептеу арқылы анықтайды. Осы әдіспен ЖІӨ есептеу үшін мыналарды қосу қажет:

$$\text{ЖІӨ} = C + I_g + G + NX$$

Мұндағы:

C — халықтың тұтыну шығыстары;

$I_g$  — ұлттық экономикаға жалпы жеке инвестициялар;

G — тауарлар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу;

NX — таза экспорт.

*Кіріс бойынша есептеу әдісі* шаруашылық жүргізуші субъекті иелерінің кіріс мөлшерін есептеу негізінде жүргізіледі. ЖІӨ есептеу үшін мемлекеттің аумағында жұмыс істейтін барлық шаруашылық субъектілерінің кірістері жинақталады.

Экономиканың тиімділігін бағалау, еңбек өнімділігі мен өмір сүру деңгейін салыстыру үшін макроэкономикалық көрсеткіштер жан басына шаққандағы көрсеткішке алып келеді. Жан басына шаққандағы ЖІӨ мөлшерін есептеу үшін ЖІӨ-нің жалпы көлемін аумақтағы адамдар санына бөледі. Алайда нақты деректер тек белгілі бір елдің азаматтары үшін ғана болғандықтан, әдетте, жан басына шаққандағы жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ) қолданылады. Бұл белгілі бір елде өмір сүру деңгейін бағалауға мүмкіндік береді.



3-, 5-қосымшалардағы деректерді пайдаланып, өздерің таңдап алған 5 елдегі жан басына шаққандағы ЖІӨ мөлшерін есептеңдер.



1. ҚР Статистика комитетінің сайтындағы деректер негізінде Қазақстанның 2017 және 2016 жылғы нақты ЖІӨ көлемін салыстырыңдар.
2. Неліктен елдердің ЖІӨ көрсеткіштерін салыстыру үшін САҚП негізінде есептеу әдістемесін қолданады?

## 15-сарамандық жұмыс

### Экономикалық көрсеткіштер бойынша графикалық түрде дүниежүзі елдерінің рейтингін көрсету (таңдау бойынша)

**Жұмыстың мақсаты** — сандық деректерді өңдеу арқылы дүниежүзі елдерінің экономикалық көрсеткіштерінің рейтингін графикалық түрде көрсетуді үйрену.

**Негізгі жұмыс түрлері:** сынып оқушылары шағын топшаларға (2-3 оқушыдан) бөлініп, әрқайсысына жеке экономикалық көрсеткіш беріледі. Жұмыс деректерді жинақтаудан және компьютерде Microsoft Excel немесе Microsoft Word бағдарламаларында диаграммалар орындаудан тұрады.

### Әдістемелік нұсқау

Сарамандық жұмыс 2 сағатқа есептелген: 1-сабақта тапсырмалар сыныпта орындалады; 2-сабақта орындалған тапсырмалар нәтижесінде жұмыс жүргізіледі.

Дүниежүзі елдерінің экономикалық дамуын сипаттайтын экономикалық көрсеткіштердің тізбесін алдын ала құрып алу маңызды, бұл топшалардың әртүрлі экономикалық көрсеткіштер бойынша рейтинг құрастыруына мүмкіндік береді.

Рейтинг құрастыруда көрсеткіші ең жоғары алдыңғы 10 елді қамту жеткілікті. Әлемдік банкінің электрондық базасын дереккөз ретінде пайдалануға болады. Бұл базада әртүрлі минералдық ресурстарды өндіру көлемін, электр энергиясын, өңдеуші өнеркәсіптің көрсеткіштерін, ЖІӨ және т.б. экономикалық көрсеткіштерді табуға болады.

Графикалық модельдің қандай түрде болатынын топ өздері анықтауы тиіс. Тек графикалық модельдің жеңіл қабылдануы, түсінікті, тартымды болуын ескеру қажет.

### Тапсырмалар

Дереккөзден өздерің таңдап алған экономикалық көрсеткішті тауып, ең алдыңғы орын алатын 10 елдің көрсеткіштерін реті бойынша дәптерге жазып алыңдар.

1. Компьютерде Microsoft Excel немесе Microsoft Word негізінде жаңа парақша ашып, оны сақтаңдар.
2. Менюден «Вставка» терезесін басып, диаграмманы, оның ішінен гистограмманы таңдаңдар.
3. Ашылған кестеге елдердің деректерін реті бойынша (үлкен шамадан бастап) орналастырыңдар.
4. Дайын гистограмманы әрі қарай өңдеу (түсін өзгерту, сандық деректерді орналастыру, жазбалар қосу және т.б.) арқылы ұсынуға дайындау.
5. Графикалық модельге талдау жасап, ұсыну.

## § 67. Дүниежүзі елдерін салыстыруда қолданылатын демографиялық көрсеткіштер

### Бүгінгі сабақта:

— демографиялық көрсеткіштер бойынша графикалық түрде дүниежүзі елдерінің рейтингін көрсетуді үйренесіңдер.

Елдер, ең алдымен, халық саны бойынша айырмашылық жасайды. Жалпы халық санының өсуі өзіндік қоғамдық-тарихи және аумақтық ерекшеліктер тән күрделі құбылыстар мен үдерістердің әрекетіне байланысты болады. Ғалымдар дүниежүзіндегі халық

санының өсуіне тән маңызды факторлар ретінде *табиғи* (биологиялық), *әлеуметтік-экономикалық* (қоғамның шаруашылық дамуы, халықтың әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері), *саяси* (мемлекеттің демографиялық саясаты), *діни* (діннің демографиялық жағдайға әсері), *медициналық* (денсаулық сақтаудың даму деңгейі), *экологиялық* (адамды қоршаған ортаның жай-күйі), *гуманитарлық* (халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасы) факторларды атайды.

Қазіргі кезде халық саны 100 млн адамнан асатын 13 мемлекет бар, халық саны ең аз мемлекеттерге Ватикан, Монако, Сан-Марино т.б жатады (17-кесте).

17-кесте

Халық саны жөнінен экстремум-мемлекеттер, 2018 ж.  
(Population Reference Bureau деректері бойынша)

№	Халық саны ең көп мемлекеттер	Халық саны, млн адам	Халық саны ең аз мемлекеттер	Халық саны, мың адам
1	Қытай	1393,8	Ватикан	1,0
2	Үндістан	1371,8	Науру	9,7
3	АҚШ	328,0	Тувалу	11,1
4	Индонезия	265,2	Палау	21,5
5	Бразилия	209,4	Монако	30,7
6	Пәкістан	200,6	Сан-Марино	33,7
7	Нигерия	195,9	Лихтенштейн	38,5
8	Бангладеш	166,4	Сент-Китс және Невис	53,0
9	Ресей	147,3	Доминика	74,0
10	Мексика	130,8	Маршалл Аралдары	75,7
11	Жапония	125,5	Андорра	85,7
12	Эфиопия	107,5	Сейшель Аралдары	94,6
13	Филиппин	107,0	Антигуа мен Барбуда	95,9

Population Reference Bureau деректері бойынша 2018 жылдың ортасында дүниежүзі халқының саны 7 млрд 621 млн адам болды,

халықтың орташа тығыздығы 1 шаршы километрге 51 адамнан келді. Дәл осы жылы *туудың* дүниежүзі бойынша орташа көрсеткіші 19‰ болды. Туудың ең төмен көрсеткіші Еуропа елдерінде (10‰-ден аз), ал ең жоғары көрсеткіші Африкадағы бірқатар елдерде (45‰) байқалды. Қазақстанда бұл көрсеткіш 23‰-ге жетті.

Дүниежүзі бойынша өлім деңгейі 7‰-ні құрайды және елдердің топтары бойынша туу көрсеткіші сияқты үлкен айырма жасамайды (дамыған елдерде 10‰, дамушы елдерде 7‰). Жекелеген елдерде үлкен алшақтықтар байқалады: 2–5‰-ден 15‰-ге дейін.

Қазақстанда өлім көрсеткіші 7‰-ні құрайды.

*Халықтың өмір жасының ұзақтығы* әлем бойынша 2017 жылы 72 жасқа жетті. Елдер бойынша айырмашылықтар 18-кестеде көрсетілген.

18-кесте

#### Адамның өмір жасының ұзақтығы

№	Адамның өмір жасы ең ұзақ елдер	Орташа өмір жасының ұзақтығы	№	Адамның өмір жасы ең қысқа елдер	Орташа өмір жасының ұзақтығы
1	Монако	89,4	1	Ауғанстан	52,1
2	Жапония, Сингапур	85,5	2	Замбия, Лесото, Сомали	53,0
3	Сан-Марино	83,4	3	Орт. Африка Республикасы, Мозамбик	54,0
4	Андорра	83,1	4	Нигер, Уганда	56,3
5	Израиль, Мальта, Швейцария	82,9	5	Свазиленд, Чад	57,2
6	Ұлыбритания, Бельгия	82,7	6	Конго ДР	58,1
7	Корея Республикасы	82,5	7	Сьерра-Леоне	59,0
8	Австралия, Италия, Люксембург	82,4	8	Нигерия, Камерун	59,3

Өмір жасы ұзақтығының артуы дүниежүзі халқының құрылымында егде жастағы адамдар үлесінің ұдайы өсуіне алып келеді. Дүниежүзі бойынша қарт адамдар үлесі 2018 жылдың орта шенінде 9%-ды құрады.

Дамыған елдерде жасы 65 жастан асқандар, яғни егде адамдар үлесі артуда (18%). Халықтың жастық құрылымындағы егде адамдар үлесінің елдер бойынша алшақтықтарын *5-қосымшадан* көре аласыңдар.



1. 5-қосымшаны пайдаланып, туу көрсеткіштері бойынша графикалық түрде дүниежүзі елдерінің рейтингін құрастырыңдар (көшбасшы 10 ел).
2. 5-қосымшаны пайдаланып, 15 жасқа дейінгі балалар үлесі бойынша графикалық түрде дүниежүзі елдерінің рейтингін құрастырыңдар (көшбасшы 10 ел).

## § 68. Дүниежүзі елдерін салыстыруда қолданылатын әлеуметтік көрсеткіштер

### Бүгінгі сабақта:

— дүниежүзі елдерін салыстыруда қолданылатын әлеуметтік көрсеткіштерді білесіңдер.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ жұмыссыздық деңгейі
- ✓ әлеуметтік прогресс индексі
- ✓ өмір сүру деңгейі

**Елдердің әлеуметтік прогресс индексі.** Кез келген елдегі халықтың өмір сүру деңгейіне қатысты көрсеткіштер экономикалық қана емес, әлеуметтік көрсеткіштер қатарына да жатады.

*Әлеуметтік прогресс индексі* әлеуметтік дамудың үш маңызды жағын (адамның негізгі қажеттіліктері, әл-ауқат негіздері және мүмкіндіктері) қамтитын көрсеткіштердің жиынтығымен анықталады. 2018 жылғы дүниежүзі елдерінің рейтингін құрастыруда 12 топшаға біріктірілген 57 көрсеткіш есепке алынған (89-сурет).

Адамның негізгі қажеттіліктері	<ul style="list-style-type: none"> <li>— тамақтану және медициналық қызмет</li> <li>— су сапасы және санитария</li> <li>— тұрғын үй</li> <li>— жеке қауіпсіздік</li> </ul>
Адамның әл-ауқат негіздері	<ul style="list-style-type: none"> <li>— негізгі білімнің қолжетімділігі</li> <li>— ақпарат пен байланыстың қолжетімділігі</li> <li>— денсаулық пен жақсы көңіл күй</li> <li>— қоршаған орта сапасы</li> </ul>
Адамның мүмкіндіктері	<ul style="list-style-type: none"> <li>— жеке құқықтар</li> <li>— жеке еркіндік пен таңдау</li> <li>— толеранттылық</li> <li>— кеңейтілген білімге қол жеткізу</li> </ul>

89-сурет. Әлеуметтік прогресс индексінің құрылымдық топтары



Әлеуметтік прогресс индексіндегі көрсеткіштердің үш негізгі тобының өзара байланысы бар ма?

Бұл рейтингте Қазақстан 71-орын алды, көшбасшылар қатарында Норвегия, Исландия, Швейцария тұр. Дегенмен Қазақстан осы индекстің 5 көрсеткіші бойынша дүниежүзінде 1-орын алады: ересек тұрғындардың сауаттылық деңгейі, орта мектепке қабылданатын балалар үлесі, аштық деңгейінің төмендігі, мобильді желіге қосылу,

электр энергиясының тұрғындар үшін қолжетімдігі. Қазақстанның білім саласындағы көрсеткіштері дамыған елдердің кейбіреуінен озып кеткен (19-кесте).

19-кесте

Білім саласының көрсеткіштері, 2018

	Елдер	Негізгі білімнің қолжетімділігі, %		Сауатты ересек тұрғындар үлесі, %		Бастауыш мектепке қабылданғандар, %		Орта мектепке қабылданғандар, %	
		көрсеткіш	орны	көрсеткіш	орны	көрсеткіш	орны	көрсеткіш	орны
1	Қазақстан	94,65	31	99,78	1	99,18	34	100	1
2	АҚШ	91,87	50	–	–	97,20	63	97,18	61
3	Корея Республикасы	98,17	6	97,97	–	97,37	62	100	1
4	Бразилия	83,79	77	91,73	52	96,64	69	99,67	50

**Ұлттық білім беру жүйелерінің рейтингтері.** Жекелеген елдердегі ұлттық білім беру жүйелерінің даму деңгейлеріне баға беру мақсатында бірқатар сандық және сапалық көрсеткіштер қолданылады.

*Білім беру қызметінің экспорты.* Бұл көрсеткіш ұлттық білім беру жүйесінің халықаралық қауымдастықтағы беделін көрсетеді.

*Әлем университеттерінің халықаралық рейтингілеріндегі орны.* Бұл елдегі жоғары оқу орындарының көрсеткіштері арқылы ұлттық білім беру жүйесін бағалауға мүмкіндік береді.

*Білім сапасын зерттеудің халықаралық PISA (Programme for International Student Assessment) жүйесі* — орта мектеп деңгейінде елдегі білім берудің жағдайына талдау жасау.

*Жоғары білімнің қолжетімділігі және оны алудың қаржылық мүмкіндіктері.* Ел азаматтарының жоғары білім алу мүмкіндігін жан-жақты талдайтын көрсеткіштер.

*Қашықтан білім берудің ауқымы.* Белгілі бір елдегі азаматтардың білім алу құқығын қамтамасыз ету бағытында қашықтан оқитудың қандай деңгейде дамығандығына баға беру.

Осы көрсеткіштер негізінде алдыңғы қатарлы ұлттық білім беру жүйелері рейтингісін құрастыруға болады (20-кесте).

#### Глоссарий:

- **Өмір сүру деңгейі** — халықтың жайлы өмір сүруінің, игіліктер мен қызметтерді тұтынуының деңгейі.
- **Жұмыссыздық** — еңбекке қабілетті және жұмыс істегісі келетін экономикалық белсенді халықтың бір бөлігінің жұмыс таба алмай жүруі.
- **Жұмыссыздық деңгейі** — экономикалық белсенді халықтың жалпы санындағы жұмыссыздар үлесі (% есебімен).



## Алдыңғы қатарлы ұлттық білім беру жүйелері

р/с	Рейтингтер көрсеткіші	Елдер
1	Білім беру қызметінің экспорты	АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Франция, Аустралия,
2	Әлем университеттерінің халықаралық рейтингілеріндегі орны	АҚШ, Ұлыбритания
3	Білім сапасын зерттеудің халықаралық PISA жүйесі	Финляндия, Корея Республикасы, Жапония
4	Жоғары білімнің қолжетімдігі және оны алудың қаржылық мүмкіндіктері	Нидерланд, Финляндия, Ұлыбритания
5	Қашықтан білім берудің ауқымы	Қытай, Үндістан, АҚШ

Мектептегі математика және жаратылыстану пәндерінің сапасы, халықаралық мониторинг зерттеуінің нәтижелері *TIMSS* (Trends in Mathematics and Science Study) рейтингінде жарияланады. 2015 жылдың нәтижелері бойынша Қазақстан әлемдегі алдыңғы қатарлы елдер арасында орын алған (21-кесте).

## TIMSS-2015 нәтижелері бойынша көшбасшы елдер

р/с	Елдер	Орташа балл	р/с	Елдер	Орташа балл
математикалық			жаратылыстану пәндері		
1	Сингапур	621	1	Сингапур	597
2	Корея Республикасы	606	2	Жапония	571
3	Тайвань	599	3	Тайвань	556
4	Сянган	594	4	Корея Республикасы	556
5	Жапония	586	5	Словения	551
6	Ресей	538	6	Сянган	546
7	Қазақстан	544	7	Ресей	544
8	Канада	527	8	Ұлыбритания	537
9	Ирландия	523	9	Қазақстан	533
10	АҚШ	518	10	Ирландия	530

Ұлттық білім беру жүйелерін бағалауда бұл көрсеткіштерден басқа, ел тұрғындарының жоғары білімге қамтылу деңгейі, білім индексі және жоғары оқу орындарындағы білім алушылар саны тәрізді жалпылама көрсеткіштер де қолданылады.

**Жұмыссыздық.** Көпшілік жағдайда түрліше себептерге байланысты экономикалық белсенді халық (ЭБХ) толығымен еңбекпен қамтамасыз етілмейді. Жұмыссыздық деңгейі елдегі нақты экономика-

лық жағдайға байланысты болады. Халықаралық еңбек ұйымының мәліметтері бойынша 2018 жылы дүниежүзінде жұмыссыздар саны 172,5 млн адамға жеткен.

Ресми тіркелген жұмыссыздық деңгейі 2018 жылы АҚШ-та 3,9%, Германияда 3,4%, Францияда 9,2%-ды құрады. Ресми мәліметтер бойынша 2018 жылы Қазақстанда жұмыссыздық деңгейі 4,9%-ға тең болды. Жұмыссыздық деңгейі экономикалық дағдарыс байқалатын елдерде (Грекияда 19,2%, Испанияда 15,5%) және нашар дамыған елдерде жоғары.

Әдетте, нақты жұмыссыздық деңгейі ресми мәліметтердегіден әлдеқайда жоғары болады. Жұмыссыздық дамыған елдерде еңбек нарығының қалыптасуына оң әсерін тигізеді. Яғни жұмыс орны үшін болатын бәсеке мамандарды кәсіби шеберлігі мен білім деңгейіне орай тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.



1. Адамның әл-ауқат негіздерін құрайтын көрсеткіштер топшаларының әрқайсысына түсінік беріп көр. Бұл топшалар неліктен әл-ауқат негіздерін құрайды?
2. Халықаралық деңгейде елдердің білім жүйелерінің рейтингтерін құрастырып, жариялау қандай мақсатта жүргізіледі?



1. Адам мүмкіндіктеріне қатысты көрсеткіштер қатарына неге жеке құқықтар көрсеткіші енгізілген? Жауабыңды нақты мысалдармен дәлелдеп көр.
2. 19-кестенің мәліметтерін талдап, Қазақстандағы білім саласының көрсеткіштеріне түсінік бер.
3. 21-кестенің мәліметтерін талдап, Қазақстанның TIMSS-2015 нәтижелеріне баға бер. Елдің дамуы үшін математикалық және жаратылыстану білімінің қандай маңызы бар?

## 16-сарамандық жұмыс

### Microsoft Excel бағдарламасын қолданып, географиялық деректер базасын құрастыру

**Жұмыстың мақсаты** — Microsoft Excel бағдарламасын қолданып, «Дүниежүзі елдерінің әлеуметтік даму көрсеткіштері» тақырыбында кесте түрінде географиялық деректер базасын құрастыруды үйрену.

**Негізгі жұмыс түрлері:** компьютерде Microsoft Excel бағдарламасы негізінде кесте құрастыру, деректерді енгізу және түзету, оларды жинақтау.

### Әдістемелік нұсқау

Сарамандық жұмыс 2 сағатқа есептелген: 1-сабақта тапсырмалар сыныпта орындалады; 2-сабақта орындалған тапсырмалар нәтижесінде жұмыс жүргізіледі.

Деректер базасын құрастыру деректерді реттеуге, ақпаратты қолдануға оңай жүйеге келтіруге көмектеседі. Деректер базасы электрондық кесте түрінде орындалады. Кестеде әрбір көрсеткіш жеке ұяшықта жазылуы тиіс. Кестеде бос жолақтар қалдырып кетуге болмайды.

Microsoft Excel бағдарламасында кесте ұяшықтарындағы сандық деректерді өңдеу мүмкіндігі бар.

### Тапсырмалар


1. Дүниежүзі елдерінің әлеуметтік даму көрсеткіштерін іріктеп ал. Көрсеткіштер санын, қанша елдер қамтылатынын анықтап, деректерді құрылымда.
2. Microsoft Excel бағдарламасында жаңа файл ашып, оны сақта. Менюден кесте құрастыру операциясын таңда.
3. Көрсеткіштердің сипатына байланысты электрондық кестенің қанша жолақтан, бағанадан тұратынын, олардың өлшемдері қандай болатынын анықтап ал.
4. Бірінші бағанаға — елдердің рет санын, екінші бағанаға — елдер атауын, келесі бағанаға көрсеткіштерді жаз.
5. Деректерді енгізіп болған соң, оны сақтау қажет. Бұл деректер базасын кейін формулалар арқылы өңдеуге, өзгертуге, басқа файлдарға экспорттауға болады.

## § 69. Дүниежүзі елдерінде ақпараттық технологиялардың даму көрсеткіштері

**Ақпараттық қоғам ұғымы.** Қазіргі кезеңде бүкіл әлем ғаламдық ақпарат кеңістігіне айналған. Ал адамзаттың қазіргі даму кезеңін көптеген зерттеушілер *ақпараттық қоғам* деп атайды. Ғаламдық ақпараттандыру арқылы адамзат өркениеті бұрын-соңды болып көрмеген мүмкіндіктерге ие болды (90-сурет).

### Бүгінгі сабақта:

— дүниежүзі елдеріндегі ақпараттық технологиялардың даму көрсеткіштерін білесіңдер.



90-сурет. Ғаламдық ақпараттану мүмкіндіктері

Ғаламдық-ақпараттық кеңістікті қалыптастыруда әлемдік-компьютерлік телекоммуникациялық жүйе болып табылатын Интернеттің рөлі артып отыр.

Ақпараттық индустрия қазіргі дүниедегі жаңа шаруашылық саласы болып табылады. Ақпарат экономика саласындағы дәстүрлі ресурстармен (еңбек, материалдық және қаржылық) қатар, жаңа ресурс түріне айналды. Ақпараттың ресурс ретінде өзіндік *айырмашылықтары* мен *артықшылықтары* бар:

- ақпарат — сарқылмайтын ресурс, уақыт өткен сайын оның көлемі артып отырады;
- ақпарат азайып немесе таусылып қалмайды;
- ақпаратты бір мезгілде көптеген тұтынушы пайдалана алады;
- ақпаратты жасау оны көшіріп немесе таратуға қарағанда анағұрлым қымбат болады. Сол себепті дайын ақпаратты заңды жолмен емес, аз шығын жұмсап, заңсыз түрде қолданғысы келетіндер саны да күрт артады;

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
- ✓ ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму индексі

**Глоссарий:**

- **Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ)** — есептеу техникасы және телекоммуникация құралдары арқылы ақпаратпен әрекет ету әдістері мен үдерістері.
- **Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму индексі** — дүниежүзі елдерінде АКТ дамуын сипаттайтын кешенді көрсеткіш.

— ақпаратқа ұдайы сұраныс болады, ол басқа ресурстар тәрізді құлдырауға ұшырмайды;

— ақпарат ресурс болғанымен, технология немесе құрал-жабдық тәрізді ескіруге ұшырайды, бұл бірнеше сағат немесе тәулік ішінде жаңа ақпараттың пайда болуына байланысты болады.

**Дүниежүзі елдерін ақпараттық технологиялардың даму көрсеткіштері бойынша салыстыру.** Дүниежүзі елдері бойынша ақпараттық технологиялардың даму көрсеткіштері үлкен айырмашылық жасайды.

Дүниежүзі елдері мен аймақтарындағы ақпараттық технологиялардың даму деңгейін

тұрақты телефондар санының азаюы, мобильді телефондар санының көбеюі, кеңжолақты Интернетке қосылу мүмкіндігінің қолжетімділігі, Интернет пайдаланушылар саны мен олардың жалпы халықтағы үлесіне қатысты анықтайды. Дүниежүзінде және аймақтарда ақпараттық технологиялардың дамуы 7-қосымшада берілген.

Дүниежүзі бойынша *Интернет пайдаланушылар саны* соңғы 12 жылда 3,5 есеге артқан. Жекелеген аймақтарда бұл көрсеткіш одан да жоғары (22-кесте).

22-кесте

**Дүниежүзі аймақтарында Интернетті пайдаланушылар**  
(Халықаралық электр байланысы одағының деректері бойынша)

	2005		2014		2017	
	саны, млн	үлесі, %	саны, млн	үлесі, %	саны, млн	үлесі, %
Африка	15	2,1	132	14,5	213	21,8
Араб елдері	26	8,3	135	36,3	173	43,7
Азия-Тынық мұхит аймағы	345	9,3	1 397	34,8	1 813	43,9
ТМД елдері	27	10,2	163	58,2	191	67,7
Еуропа	279	46,3	461	73,8	501	79,6
Америка	318	35,9	567	58,1	662	65,9
Дүниежүзі	1 024	15,8	2 880	39,9	3 578	48,0

Қазақстанда Интернет пайдаланушылар саны жыл сайын артып келеді, 2018 жылдың қорытындысы бойынша елімізде олардың саны 14 млн адамға жуықтады. Елдер бойынша Интернет пайдаланушылар үлесі жөнінен Норвегия 1-орын алады, мұнда халықтың 96,8% -ы

Интернетті пайдаланады. Жекелеген елдер бойынша Интернет статистикасы 7-, 8-қосымшада берілді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму индексі 2007 жылдан бері 11 көрсеткіш негізінде есептеліп келеді. Аталған индекс — елдердің әлеуметтік және экономикалық дамуын, технологиялар деңгейін және ел азаматтарының әл-ауқатын көрсететін кешенді шама. Ол БҰҰ жанындағы ақпараттық технологияларды дамыту жөніндегі арнайы Халықаралық электр байланысы одағының әдістемесі бойынша саналады. 2017 жылы бұл рейтингте Исландия, Корея Республикасы және Швейцария көш бастады. Қазақстан бұл тізімде 52-орынды иеленді (9-қосымша). Индекс елдердің осы бағыттағы даму көрсеткіштерін жинақтап, салыстыруға мүмкіндік береді. Мұнда ақпараттық технологиялардың қолжетімділігі, олардың әр түрін қолдану көрсеткіштері ескеріледі.



1. «Ақпарат — таусылмайтын, өзіндік ерекшеліктері бар ресурс» дегенді қалай түсінесің?



1. 90-суретпен танысып, ғаламдық ақпараттану мүмкіндіктерінің біріне қатысты эссе дайында.

2. Оқулықтағы 7-қосымшаның деректерін пайдаланып, елдердің топтары бойынша мобильді телефондар саны, Интернет пайдаланушылар саны бойынша графиктер құрастыр.

3. 8-қосымшаның Интернет пайдаланушылар үлесі бойынша сандық деректерін өңдеу негізінде дүниежүзі елдерін 3 рангке (Интернет пайдалану үлесі жоғары, орташа және төмен елдер) жікте.

4. «Болашақта ақпараттық технологиялардың дамуы» тақырыбында хабарлама дайында.

## § 70-71. Жиынтық көрсеткіштер бойынша есептелінетін дүниежүзі елдерінің индекстері мен рейтингі

**Адам дамуының индексі.** Әлеуметтік-экономикалық даму қоғамда болып жатқан барлық өзгерістерді қамтиды. Әлем елдері экономикалық және әлеуметтік дамудың әртүрлі сатысында тұр. Ұзақ жылдар бойы материалдық байлық қоғамдағы басты құндылық ретінде саналды. Ал экономикалық өсу қоғам дамуының негізгі көрсеткішінің бірі деп есептелетін. Экономикалық өсуге қол жеткізу қоғам дамуына ықпал етіп, жан басына шаққандағы ЖІӨ көлемінің артуы халықтың әл-ауқатын арттырады деген сенім болды. Сол себепті экономикалық өрлеу дамуды қамтамасыз ету құралы ғана емес, дамудың мақсатына айналды.

### Бүгінгі сабақта:

— жиынтық көрсеткіштер бойынша есептелінетін дүниежүзі елдерінің ғаламдық бәсекеге қабілеттілік индексімен танысыңдар.

**Жетекші ұғымдар:**

- ✓ жиынтық көрсеткіштер
- ✓ адам дамуының индексі
- ✓ ересек тұрғындардың сауаттылық деңгейі
- ✓ ел тұрғындарының сауаттылық индексі

Уақыт өте келе, экономикалық өрлеу адам дамуының көрсеткіші бола алмайтыны айқын бола бастады. Кейбір дамушы елдердің мәселелерін зерттеу барысында адамдардың қоғамдағы орны елдің экономикалық дамуына байланысты емес екендігі анықталды. Осылайша, XX ғасырдың 80-жылдарында қоғамдық дамудың аса маңызды мақсаты

тұрғын халық пен оның дамуы екендігі туралы идеялар пайда болды. Мұның өзі әлемнің алдыңғы қатарлы экономистерін адам дамуы сапасының басқа көрсеткіштерін іздеуге жол ашты. Олар «Халықтың басты байлығы — адамдар» деген ұранды басшылыққа алды.

АДИ көрсеткішін 1990 жылы белгілі пәкістандық экономист Махбуб уль-Хак жетекшілік еткен экономистер тобы ұсынған болатын. Аталған ғалым 1990 ж. БҰҰ ДБ жариялаған адам дамуына қатысты алғашқы баяндаманың бастаушысы және авторларының бірі болды. Бұл баяндамада Махбуб уль-Хак: «Қоғам дамуының басты мақсаты — адамның денсаулығына, ұзақ өмір сүруіне жақсы күй кешетіндей қолайлы ортаны қалыптастыру» деген еді. Бұл тұжырымдаманың жасалуына үнді экономисі, Нобель сыйлығының лауреаты Амартия Кумар Сеннің ғылыми еңбектері мен ол жасаған индекстің тұжырымдамалық құрылымы зор үлес қосты. Тұжырымдама авторлары экономикалық тұрақтылық пен ЖІӨ өсімінің де маңызды екендігін ескерді: олар адамзаттың тұрақты дамуында аса маңызды болып табылады. Сондықтан АДИ көрсеткіштерінің бірі ретінде халықтың табыс мөлшері алынды. Дегенмен адамдардың өмір сапасы дамудың басты сенімді көрсеткіші ретінде саналады.

Қазіргі кезеңде дүниежүзі бойынша бұл көрсеткіштер зерттелетін аумақтағы адам әлеуетінің негізгі сипаттамалары болып есептеледі. Бұл көрсеткіштер БҰҰ ДБ ұсынған арнайы әдістеме бойынша есептеледі. АДИ есептеу барысында 3 түрлі көрсеткіш ескеріледі, ол осы үш индекстің орташа арифметикалық мәні болып табылады:

— *елдегі күтілетін өмір жасы ұзақтығының индексі* (өмір жасын бағалау);

— *ел халқының сауаттылық деңгейінің индексі* (білім берудің орташа ұзақтығы мен күтілетін ұзақтығы индекстері ескеріледі);

— *табыс индексі* (тұтыну қабілетінің паритеті бойынша АҚШ долларымен берілген жан басына шаққандағы жиынтық ұлттық өнім арқылы бағаланатын өмір деңгейі);

— *күтілетін өмір жасының ұзақтығы* (келешектегі өмір жасының орташа ұзақтығының көрсеткіші) — маңызды интегралды демографиялық көрсеткіш. Ол белгілі бір жастағы адамның келешектегі орташа өмір сүру жасын білдіреді және өлім-жітім кестесінің қорытынды көрсеткіші болып табылады. Әдетте, күтілетін өмір жасының ұзақтығы ретінде туылған кездегі, яғни 0 жастағы күтілетін өмір жасының ұзақтығы түсіндіріледі.

Ғалымдар *сауаттылықты* адамның одан әрі дамуының іргетасы ретінде қарастырады. Сол себепті ол АДИ есептеудегі басты көрсеткіштердің бірі болып табылады. *Статистикада сауаттылық* деп адамның күнделікті өміріне қатысты қысқа, қарапайым мәтінді оқи білу, түсіну және жаза білу қабілетін атайды. Арақатынас, әдетте, пайыз арқылы көрсетіледі. Сауаттылық индексі көбінесе бастауыш білім берудің даму деңгейін сипаттайды.

*Табыс деңгейі* жан басына шаққандағы нақты табыс көлемі мен тұтыну көлеміне негізделеді. Бұл көрсеткіш бір ел ішіндегі тұрғындар топтарының өмір деңгейін, сондай-ақ елдерді өзара салыстыруға мүмкіндік береді. Ол тұтыну қабілетінің паритеті бойынша АҚШ долларымен берілген жан басына шаққандағы жиынтық ұлттық өнім (ЖҮӨ) арқылы бағаланатын өмір деңгейімен өлшенеді. Бұл көрсеткіш арқылы шартты түрде адамдардың белгілі бір уақыт бірлігінде тауарлар мен қызметтерге сұранысының қанағаттандырылу деңгейі өлшенеді. Кейбір зерттеушілер «әл-ауқат деңгейі» ұғымының «өмір деңгейі» ұғымына сәйкес келмейтіндігін айтады. Өмір деңгейі неғұрлым кең ұғым болып табылады. Ол жан басына шаққандағы нақты табыс көлемімен ғана емес, адамдардың материалдық және рухани игіліктермен қамтамасыз етілу деңгейімен де сипатталады.


**Елдердің АДИ көрсеткіштерін салыстыру.** Адам дамуының индексі негізінен дамыған, дамушы және нашар дамыған елдер арасындағы айырмашылықтарды анықтау үшін, сонымен қатар экономикалық саясаттың өмір сапасына әсерін бағалау үшін қолданылады.

АДИ көрсеткіші бойынша елдер төрт үлкен топқа жіктеледі: адам дамуының өте жоғары, жоғары, орташа және төмен деңгейі. 2017 жылы жарияланған БҰҰ ДБ Адам дамуы жөніндегі баяндамасында елдердің 2015 жылы деректері негізінде құрастырылған рейтингі берілген. Рейтинг БҰҰ-ға мүше 186 елді, сондай-ақ Сянган (Гонконг) мен Палестина аумақтарын қамтыған. Жалпы алғанда, орташа әлемдік АДИ көрсеткіші 0,694 болған. БҰҰ-на мүше 7 ел деректер жетпегендіктен, бұл рейтингке енгізілмеген (91-сурет, 6-қосымша).

#### Глоссарий:

- **Жиынтық көрсеткіштер** — зерттелетін нысандардың айырмашылықтарын жан-жақты анықтау үшін бірнеше көрсеткіштерді бір шкалада қамтуға мүмкіндік беретін көрсеткіш.
- **Адам дамуының индексі** — елдерді салыстыру және өмір сүру, сауаттылық, білімділік деңгейін және өмір сүру ұзақтығын өлшеу мақсатында есептелетін интегралды көрсеткіш.
- **Ересек тұрғындардың сауаттылық деңгейі** — елдегі 15 жастан асқан сауатты адамдардың үлесі.
- **Ел тұрғындарының сауаттылық индексі** — елдегі сауаттылар мен бүкіл халық санының арақатынасы.





91-сурет. БҰҰ-ға мүше елдердегі АДИ, 2017 жыл

Әртүрлі елдердегі АДИ көрсеткіштерін талдау экономикалық өрлеу мен адам дамуы арасында айқын байланыстың жоқ екендігін көрсетеді. Жан басына шаққандағы табыс деңгейі бірдей екі елде АДИ көрсеткіші сәйкес келмеуі мүмкін. Керісінше, АДИ көрсеткіші бірдей елдерде табыс деңгейлері айырмашылық жасайды.

Егер АДИ бойынша елдің рейтингісі ЖІӨ рейтингісімен салыстырғанда жоғары болса, бұл ел экономикалық өрлеуді адамдардың мүмкіншіліктерін дамыту үшін толығымен пайдалана алды деуге болады.

АДИ рейтингінде көшбасшылар болып тұрған елдер (Норвегия, Аустралия, Швейцария) жан басына шаққандағы табыс деңгейі бойынша алғашқы үштікке енбейді. Керісінше, егер АДИ өсу қарқыны жан басына шаққандағы ЖІӨ өсімінен төмен болса, бұл елдегі экономикалық гүлдену халықтың өмір сапасының артуына алып келмеді деп есептеледі. Мысалы, жан басына шаққандағы ЖІӨ мөлшері жөнінен соңғы жылдары бірінші орын алатын Катар АДИ рейтингінде тек 33-орын алады.

БҰҰ ДБ 2017 жылы жариялаған АДИ рейтингінде Қазақстан 0,800 көрсеткішімен 52-орынды иеленді.

*Көпшамалы кедейшілік индексі (ККИ)* факторларды шаруашылықтар деңгейінде қарастырады, бұл табысты өлшеумен салыстырғанда кедейшілікті неғұрлым толық бейнелей алады. Бұл факторлар қатарына ересек тұрғындардың сауаттылығын, балалардың мектепте білім алуға қамтылуын, сәбилер өлімінің деңгейін жатқызуға болады, сондай-ақ таза суға, электр желісіне, канализацияға, негізгі тауарлар мен тұрғын үй құрылысына қолжетімділікті де атауға болады.

ККИ бойынша баға берілген 104 елде 1,56 млрд адам немесе тұрғын халықтың 30%-дан астамы көпшамалы кедейшілікке душар болғаны анықталды. ККИ бойынша кедей адамдардың үлесі ең жоғары елдердің барлығы да Африкада орналасқан: Эфиопия (87%), Либерия (84%), Мозамбик (79%) және Сьерра Леоне (77%). Абсолютті көрсеткіштер бойынша ең көп кедейлер Оңтүстік Азияда тұрады, оның ішінде тек Үндістанда ғана олардың 612 млн-нан астамы тұрады.

*Гендерлік теңсіздік индексі (ГТИ)* ерлер мен әйелдер арасындағы жетістікке жетудің мүмкіндіктерін үш өлшем бойынша бағалайды: репродуктивті денсаулық, құқықтары мен мүмкіндіктерінің артуы, еңбек нарығындағы мүмкіндіктері. 2016 жылы ГТИ рейтингі бойынша тізімнің басында Швейцария, Дания, Нидерланд тұр, бұл елдерде гендерлік теңсіздіктің ең төмен деңгейі байқалады. Гендерлік теңсіздіктің ең жоғары деңгейі тән елдерге Сахарадан оңтүстікке қарай жатқан Африка елдері, Оңтүстік Азия мен араб мемлекеттері жатады.

*Жыныстардың теңсіздігін ескеретін даму индексі* арқылы АДИ тәрізді көрсеткіштер бойынша адам дамуы бағаланады. Айырмашылығы — үш көрсеткіштің ерлер мен әйелдерде қаншалықты айырмасы үлкен болса, соғұрлым көрсеткіш төмен болады. БҰҰ-ның Адам дамуы жөніндегі баяндамасында есептеледі.



1. Мәтінде берілген АДИ анықтау үшін ескерілетін негізгі көрсеткіштерді пайдалана отырып, осы көрсеткіштердің өзара байланысын түсіндіріңдер.
2. «Экономикалық өрлеу адам дамуының көрсеткіші бола алмайды» деген пікірдің мағынасын қалай түсінесіңдер?
3. Адам дамуының мәселелерімен неліктен БҰҰ ДБ айналысады?
4. Неліктен АДИ интегралды көрсеткіш деп есептеледі?
5. Гендерлік теңсіздік индексін анықтау не үшін керек?
6. АДИ көрсеткіші неліктен табыс көрсеткіштеріне ұдайы сәйкес келе бермейді?



1. 6-қосымша деректерін, қосымша материалдарды пайдалана отырып, өздерің таңдаған Еуропаның бес елі мен Азияның бес елінің АДИ және жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткіштерін салыстырыңдар.
2. Сендердің пікірлеріңше, АДИ есептеуде тағы қандай көрсеткіштерді ескеруге болады? Өз жауаптарыңды негіздеңдер.
3. АДИ рейтингісінде Қазақстанның келешектегі орны қандай болмақ? Өз көзқарастарыңды білдіріңдер.
4. АДИ рейтингісін талдау негізінде қандай қорытындылар жасауға болады?

## 17-сарамандық жұмыс

### Жиынтық көрсеткіштер бойынша есептелінетін дүниежүзі елдерінің рейтингісін графикалық түрде көрсету

**Жұмыстың мақсаты** — жиынтық көрсеткіштер бойынша есептелінетін дүниежүзі елдерінің индекстер мен рейтингтерін графикалық түрде көрсету.

Сарамандық жұмыс 2 сағатқа есептелген: 1-сабақта тапсырмалар сыныпта орындалады; 2-сабақта орындалған тапсырмалар нәтижесінде жұмыс жүргізіледі.

**Негізгі жұмыс түрлері:** сынып оқушылары 5 топқа бөлініп, әрқайсысына жеке индекс немесе рейтинг беріледі. Рейтингтер Әлемдік банкінің деректер базасынан алынады. Топтар талқылау және талдау негізінде нәтижелерін таныстырылым түрінде ұсынады.

#### Тапсырмалар

1. Өздерің таңдап алған рейтингті немесе индекстің қандай көрсеткіштер негізінде есептелетінін немесе бағаланатынын анықтаңдар.
2. Рейтинг немесе индекстік бағалау субъектісі қандай ұйымдар екені, қай кезден бастап бағалау жүргізілетіні туралы деректер жинаңдар.
3. Рейтинг немесе индексті талдау негізінде гистограммалар түріндегі графикалық үлгілер (көшбасшы елдер, аутсайдер елдер және т.б.) құрастырыңдар.
4. Рейтинг немесе индексті қандай салаларда қолдануға болатыны туралы ақпарат дайындаңдар.
5. Жұмыс нәтижелерін электрондық таныстырылым түрінде рәсімдеп, ұсыныңдар.

## § 72. Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік индексі

Елдердің бәсекеге қабілеттілігі. Ресей ғалымы Н.С.Мироненконың анықтауынша, экономикалық өрлеудің қарқынын, халықтың еңбекпен қамтылуы мен нақты табыс мөлшерін арттыруға қабілетті елді *бәсекеге қабілетті ел* деп атауға болады. Америкалық ғалым М.Портер жеке елдің бәсекеге қабілеттілігін сипаттайтын 5 негізгі белгілерін ажыратқан.

1. Тұрақты бюджет дефицитінің болмауы, төменгі пайыздық мөлшерлемелер, валюта бағамының артуына жол бермеу тәрізді макроэкономикалық көрсеткіштері қалыпты елдер.

2. Арзан жұмыс күшімен артығымен қамтамасыз етілген елдер. Жаңа индустриялық елдердің әлемдік нарыққа нық қадам басуына әсер еткен фактордың бірі осы болып табылады.

3. Табиғат ресурстарымен қамтамасыз етілген елдер бәсекеге қабілетті болады. Дегенмен бұл да қатып қалған ереже емес. Экономикалық дамуға алғышарт бола алатын алуан түрлі ресурсқа бай Африка елдері, Ресей және т.б. елдер өз тауарларымен әлемдік нарыққа енуде қиындықтарға кездесіп отыр. Табиғат ресурстарды игеру арқылы ғана экономикалық өрлеуге жетуге болмайтынын экономистер «голланд ауруы» деп атаған құбылыстан көруге болады. ХХ ғасырдың 60–70-жылдарында Нидерланд табиғи газдың мол қорын ашып, экспорттай бастады. Бұл өз кезегінде елдің бәсекеге қабілеттілігін төмендетіп жіберді. Өйткені табиғи газды экспорттау ұлттық валюта бағамының төмендеп, басқа салалардың, соның ішінде өңдеуші өнеркәсіп дамуының тежеліп, қаржының өнеркәсіптен қызмет көрсету саласына бағытталуына себепші болды. Соның нәтижесінде, өнеркәсіптің сан алуан саласы дамып отырған Нидерландта деиндустриялану (өнеркәсіп үлесінің қысқаруы) жүрді.

4. Үкіметі жекелеген салаларды субсидияландыратын, импортты жеңілдететін және жергілікті кәсіпорындарға қолдау көрсететін елдер. Дегенмен бұл пікір де күмән туғызады: Жапония мен Корея Республикасының экспортқа бағдарланған салаларын қолдау мақсатында бұл елдердің үкіметтері олардың ішкі істеріне қол сұққандары белгілі болып отыр.

5. Елдің бәсекеге қабілеттілігі басқару мен жұмыс күшінің өзара қарым-қатынасына байланысты болады. Бұл анықтама да нақты

### Бүгінгі сабақта:

— жиынтық көрсеткіштер бойынша есептелінетін дүниежүзі елдерінің ғаламдық бәсекеге қабілеттілік индекстерімен таныса-сыңдар.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ бәсекеге қабілетті ел
- ✓ инновациялық әлеует
- ✓ ғаламдық бәсекеге қабілеттілік индексі
- ✓ инфрақұрылым

емес, өйткені кез келген елде жергілікті ерекшеліктерге байланысты өзіндік қарым-қатынастар қалыптасады, оларды әлемдік деңгейде бірыңғай жүйеге келтіру мүмкін емес.

**Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік индексі.** Елдердің бәсекеге қабілеттілігіне қатысты зерттеулерді Халықаралық менеджмент пен даму институты (Лозанна, Швейцария), Дүниежүзілік банк пен әлемдік экономикалық форум жүргізеді. Жалпы алғанда, елдің бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын басты көрсеткіштер *23-кестеде* берілді.

23-кесте

**Бәсекеге қабілеттіліктің негізгі көрсеткіштері**

	Көрсеткіштер	Сипаттамасы
1	Елдің экономикалық әлеуеті және оның пайдаланылуы	Халқы, табиғат ресурстары, ЖІӨ құрылымындағы өңдеуші өнеркәсіп пен ғылымға негізделген өнім өндірудің үлесі, инвестициялар және т.б.
2	Экономиканың интеграциялануы	Халықаралық еңбек бөлінісі мен инвестиция ағындарына қатысу дәрежесі, ЖІӨ құрылымындағы сыртқы сауда айналымының үлесі, экспорт пен импорт сальдосы, экспорттағы жоғары технологиялы салалардың үлесі және т.б.
3	Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық процестерді реттеу сапасы	Заңнамалық база, құқықтық тәртіп, саяси тұрақтылық, басқару аппаратындағы жемқорлық деңгейі, биліктің іскерлікті бағалау күзіреті және т.б.
4	Қаржылық тұрақтылық	Бюджет дефициті, инфляция, ұлттық валюта бағамы, алтын-валюта қоры, қаржы қызметтерінің түрлері мен сапасы, қор нарығының дамуы, сыртқы және ішкі қарыздар көлемі және т.б.
5	Инфрақұрылымның дамуы	Энергетика, көлік, жол шаруашылығы, байланыс пен телекоммуникациялардың, әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымның, бизнес инфрақұрылымының дамуы.
6	Менеджмент сапасы	Кәсіби менеджерлердің болуы, олардың дайындық деңгейі, қазіргі заманғы оқу базасының болуы, басқару құрылымының икемділігі, басқаруды компьютерлендіру.
7	Өндірістің тиімділігі	Өндірістің тиімділігі, ЖІӨ-дегі салықтар үлесі, инвестициялар тәуекелін бағалау, сақтандыру жүйесі, еңбек өнімділігі және оның динамикасы.
8	Ғылыми-техникалық деңгей	ЖІӨ мен мемлекет бюджетіндегі ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жұмсалатын шығындар үлесі, ғылыми қызметкерлердің саны мен кәсіби деңгейі, патенттелген жұмыстар саны, лицензиялар, экспорты мен импортының сальдосы, өндірістің ғылыми-техникалық деңгейі және т.б.
9	Еңбек ресурстарының саны мен мамандануы	Экономикалық белсенді халық пен жұмыссыздар үлесі, білім және кәсіби дайындық деңгейлері, нақты табыстары мен олардың жіктелуі, орташалар табының үлесі, тұрғын үй жағдайы, экология және еңбек жағдайлары, тұрғындардың денсаулығы, қылмыс деңгейі және т.б.

Индексті қалыптастыру әдістемесі мен оның бастапқы дереккөздері жыл сайынғы Әлемдік экономикалық форумның баяндамасында келтіріледі. Осы форум деректері негізінде елдердің рейтингі құрастырылады. 2017–2018 жылдарға ғаламдық бәсекеге қабілеттілік индексі бойынша рейтингке барлығы 144 ел мен аумақтар енгізілген. Бұл тізімде алғашқы үштікті Швейцария, АҚШ, Сингапур құраса, Қазақстан Республикасы 57-орынды алды. Сонымен, қазіргі дүниедегі елдердің даму деңгейіне, әлемдегі орнына баға беруде қазіргі заманғы бағалау көрсеткіштері болып табылатын адам әлеуеті дамуының индексі мен ғаламдық бәсекеге қабілеттілік индексін ескерудің маңызы зор.



1. Елдің экономикалық әлеуеті және оның пайдаланылуы бәсекеге қабілеттікке қалай әсер етуі мүмкін?
2. Елдегі ғылым мен техниканың дамуы бәсекеге қабілеттілікті қалай арттырады?



1. Оқулық мәтінін пайдаланып, М.Портер анықтаған елдің бәсекеге қабілеттілігін сипаттайтын белгілердің бірін таңдап алып, талдау жаса. Нақты мысалдармен өз ойыңды дәлелдеуге тырыс.
2. Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік индексін сипаттайтын көрсеткіштердің бірін таңдап алып, оның ел дамуына ықпалын талда.

## 18-сарамандық жұмыс

**Елдің рейтингте орналасқан орнына әсер ететін географиялық, әлеуметтік, экономикалық және саяси факторларды анықтау**

**Жұмыстың мақсаты** — таңдау бойынша алынған үш елдің мысалында елдің рейтингте орналасқан орнына әсер ететін географиялық, әлеуметтік, экономикалық және саяси факторларды анықтауды үйрену.

Сарамандық жұмыс 2 сағатқа есептелген: 1-сабақта тапсырмалар сыныпта орындалады; 2-сабақта орындалған тапсырмалар нәтижесінде жұмыс жүргізіледі.

Тапсырмалар таңдау бойынша рейтингтің басында, ортасында және соңында орналасқан үш елдің мысалында 3 топқа бөлініп орындалады. Тапсырмаларды орындау үшін 10-қосымша қолданылады.

### 1-тапсырма

1-топ. Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік индексінің 2017-2018 жылдарға арналған рейтингінде 1-орында тұрған Швейцарияның әлемдік көшбасшы болуына қандай географиялық, әлеуметтік, экономикалық және саяси факторлар ықпал еткендігін талдаңдар.

2-топ. Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік индексінің 2017-2018 жылдарға арналған рейтингінде 69-орында тұрған Иранның осы орын алуына қандай географиялық, әлеуметтік, экономикалық және саяси факторлар ықпал еткендігін талдаңдар.

3-топ. Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік индексінің 2017-2018 жылдарға арналған рейтингінде 137-орында тұрған Йеменнің соңғы орын алуына қандай географиялық, әлеуметтік, экономикалық және саяси факторлар ықпал еткендігін талдаңдар.

### 2-тапсырма

Елдің қазіргі экономикалық дамуы мен болашағына қатысты қорытынды жасаңдар, жұмыс нәтижелерін ұсыныңдар.

# VII бөлім

# АДАМЗАТТЫҢ ҒАЛАМДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

## Ғаламдық мәселелерді шешу

### § 73. Адамзаттың дамуындағы мәселелер және оларды анықтау критерийлері

Адамзат қоғамы дамуында айрықша оқиғаларға толы болған XX ғасыр шиеленіскен, шешімі кезек күттірмейтін ғаламдық мәселелерімен де әйгілі болды.

Ресейлік географ В.П.Максаковскийдің анықтамасы бойынша ғаламдық мәселелер деп бүкіл әлемді, барлық адамзатты қамтитын, адамзаттың бүгінгі мен ертеңіне қауіп төндіретін және шешілуі үшін барлық елдер мен халықтардың бірлескен әрекеттерін талап ететін мәселелерді атайды.

**Ғаламдық мәселелерді анықтау критерийлері.** Ғаламдық мәселелер аймақтық және жергілікті мәселелерден бірнеше критерийлер бойынша айырмашылық жасайды.

**Ауқымы:** ғаламдық мәселелер бүкіл дүниежүзін, бүкіл адамзатты қамтиды.

**Маңыздылығы:** адамзаттың қазіргісі мен болашағына қауіп төндіруіне байланысты дүниежүзі елдерінің барлығы үшін өзекті болады.

**Шешімінің күрделі болуы:** шешімі бірігіп күш жұмсауды барлық мемлекеттер мен халықтардың біріккен әрекетін қажет етеді.

Сипаты жағынан ғаламдық мәселелер әртүрлі болады, олардың маңыздылары қатарында бейбітшілік пен қарусыздану мәселесін, экологиялық мәселені, энергетика және шикізат мәселелерін, демографиялық мәселелерді және азық-түлік мәселесін атауға болады (92-сурет).

#### Бүгінгі сабақта:

- адамзаттың дамуындағы мәселелерді топтастыруды үйренесіңдер;
- ғаламдық мәселелердің критерийлерін анықтауды үйренесіңдер.



92-сурет. Адамзаттың негізгі ғаламдық мәселелері



Ғаламдық мәселелер бұл аталғандармен шектелмейді, іс жүзінде олардың саны әлдеқайда көп. Мәселен, қазіргі кезде ғарышты бейбіт мақсатта игеру мәселесін, дамушы елдердің артта қалушылығын жою, қатерлі аурулардың таралу мәселесі маңыздылығы жағынан жоғарыда аталғандардан ешбір кем түспейді.

Ғаламдық мәселелердің пайда болуына және одан әрі шиеленісуіне көптеген факторлар әсер етеді (93-сурет).



93-сурет. Ғаламдық мәселелерді күшейтетін факторлар

Жалпы алғанда, ғаламдық мәселелердің шиеленісуі өз кезегінде адамзаттың тіршілік ортасының экологиялық шамаларының қайтымсыз өзгеру қаупін, қалыптасып келе жатқан халықаралық қоғамдстықтың біртұтастығының бұзылу қаупін, адамзат өркениетінің өзі-өзі жою қаупін төндіреді.

**Ғаламдық мәселелердің өзара байланысы.** Ғаламдық мәселелер өзара тығыз байланысты. Осы мәселелер ішінен бейбітшілікті сақтау мәселесін бірінші кезекке қоюға болады, себебі Жер бетінде тіршіліктің сақталуының өзі тікелей бейбітшілікке тәуелді екендігі сендерге айдан анық түсінікті.

Ғаламдық мәселелер өзара тығыз байланысты. Мәселен, энергетикалық және шикізат мәселелері экологиялық мәселемен, ал экологиялық мәселе демографиялық мәселемен, демографиялық мәселе өз кезегінде азық-түлік мәселелерімен және т.б. өзара байланысты. Осы мәселемен ішінен *бейбітшілікті сақтау мәселесін* бірінші кезекке қоюға болады, себебі Жер бетінде тіршіліктің сақталуының өзі тікелей бейбітшілікке тәуелді екендігі баршаға түсінікті. Бейбіт өмір жағдайында қарулануға жұмсалып жатқан қыруар қаржыны шешімін таппаған басқа мәселелердің қажеті үшін емін-еркін пайдалануға мүмкіндік туған болар еді.

*Экологиялық мәселелерді* ғаламдық әсер ету дәрежесі мен сипатына қарай екінші кезекке қоюға болады. Өйткені адамзат тіршілігінің болу-болмауының өзі экологиялық мәселелерді шешу мен оның алдын алуға тікелей қатысты болып отыр.

*Демографиялық және азық-түлік мәселесі* өзара бір-бірімен және экологиялық мәселемен, сондай-ақ шикізат мәселесімен де тығыз байланысты. Азық-түлік және шикізат мәселесі дамушы елдердің артта қалушылығын жою мәселесімен астасады. *Дүниежүзілік мұхит мәселесі* басқа ғаламдық мәселелермен тығыз байланысқан мұхит ресурстарын пайдалануға, шикізат, энергетикалық және азық-түлік мәселелерін шешуге көмектеседі. Түптеп келгенде, бұл мәселелердің барлығын бүкіл адамзат баласы бірлесе отырып, түбегейлі түрде шешуі қажет.



Ғаламдық мәселелерді бірігіп шешу қажеттілігін немен түсіндіруге болады?



Ғаламдық мәселелердің шиеленісуіне қандай факторлар ықпал етеді? Нақты мысалдар келтіріңдер.



Бейбітшілікті сақтау мәселесі мысалында оларды ғаламдық мәселелерді анықтау критерийлері бойынша талдаңдар. Талдау нәтижелерін сызба түрінде көрсетіңдер.

## § 74. Бейбітшілікті сақтау мәселелері

**Жаңа дүниежүзілік соғысты болдырмау мәселесі.** Адамзаттың ғаламдық мәселелері арасында Жер шарында бейбітшілікті сақтау және жаңа дүниежүзілік соғысқа жол бермеу мәселесі аса маңызды орын алады. Өйткені бүгінгі таңда Жер шарында жинақталған қару-жарақтың ең соңғы үлгілері санаулы сағаттарда-ақ миллиондаған адамдардың мерт болуына жеткілікті. Адамзат тарихында соғыс әрқашан орасан мол адам шығынын әкелген. Шамамен алғанда, осы кезге дейін әлемде 14 мыңдай соғыс болып, соның нәтижесінде 3 млрд-тан астам адам опат болған.

Адам қоғамы дамыған сайын соғыстар әкелген зардап пен қайғы-қасірет те молая түскен. Мәселен, дүниежүзі бойынша XVII ғасырда шамамен 3,3 млн адам, XVIII ғасырда 5,4 млн адам, XIX ғасырда 5,7 млн адам соғыс құрбаны болса, XX ғасырдағы Бірінші дүниежүзілік соғыс 20 млн адамның,

### Бүгінгі сабақта:

- бейбітшілікті сақтау мәселелерінің себептерін және салдарларын анықтауды, топтастыруды үйренесіңдер;
- осы мәселенің аумақтық көріністерімен танысысыңдар.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ ядролық қару
- ✓ әскери шығындар
- ✓ милитаризм
- ✓ әскери-өнеркәсіптік кешендер
- ✓ конверсия
- ✓ лаңкестік

ал Екінші дүниежүзілік соғыс 50 млн адамның өмірін алды. Бұдан басқа ХХ ғасырда аймақтық жанжалдар, жеке елдердегі азамат соғыстары, ұлт араздығы да орасан мол адам шығынына (100 млн адам) алып келді.

Қазіргі кездегі құрлықаралық зымырандар бірнеше минутта белгіленген нысанына келіп-жетіп, жоя алатын мүмкіндікке ие. Қару-жарақ өндірісінде ғылым мен техниканың ең соңғы жетістіктері пайдаланылып, жаппай қырып жоятын қарулардың жаңа түрлері ойлап-табылуда. Бұл адамзат өркениетінің дамуы барысында бұрын-соңды болып көрмеген қауіпке себепші болуда. Адамзат тарихындағы ең сұрапыл қару түрі болып есептелетін ядролық қаруды иемденген елдер саны да артып келеді. Қазіргі кезде Жер шарында жинақталған ядролық қарудың қуаты тіршілік атаулыны түгел жоюға қажет мөлшерден асып түседі. Ғалымдар ядролық қаруды пайдалану Жер шарындағы климаттық жағдайдың түбегейлі өзгерісіне (ядролық қыс) әкелетінін анықтап отыр.

1986 жылғы Чернобыль атом электр стансысындағы жарылыс ядролық апат зардаптарының бір елдің деңгейінде қалып қоймайтындығын тағы да бір рет дәлелдеді. Сондықтан бейбітшілікті сақтау мен жаңа дүниежүзілік соғысты болдырмауда ядролық қаруға ие мемлекеттердің бұл қарудан бас тартуы аса маңызды. Әзірше Қазақстан Республикасы — ядролық қарудан өз еркімен бас тартқан дүниежүзіндегі бірден-бір ел.

**Жаппай қарулану және әскери шығындар.** Қазіргі кезде әскери шығындар көлемі адамзаттың ең кедей бөлігінің табысынан бірнеше есе асып түседі.

Стокгольм бейбітшілік мәселелерін зерттеу институтының (SIPRI) деректері бойынша 2017 жылы әскери шығындардың жылдық мөлшері 1 трлн 238 млрд АҚШ долларынан асып түсті. Бұл 2003 жылмен салыстырғанда 26% жоғары. Мұның өзі әлемде қарулану үшін минутына 3,3 млн доллар қаржы жұмсалады деген сөз. 2013 жылы әлемдегі ең әскери шығыны көп ел АҚШ болды. Оның үлесіне дүниежүзіндегі әскери шығындардың 35 пайызы тиесілі (24-кесте).

Дамушы елдерде әскери шығын мөлшері жоғары, бұл олардың әлеуметтік-экономикалық артта қалушылығын жоюға кедергі келтіруде. Мәселен, мешеу елдердегі әскери техника мен қару-жарақты сатып алуға жұмсалатын қаржы азық-түлікпен қоса есептегендегі барлық тауарлардың құнынан әлдеқайда жоғары. Қазіргі кезде әлемдік қару-жарақ саудасының көлемі жылына шамамен 70 млрд. АҚШ долларын құрайды. Соған қарамастан, соңғы жылдары аймақтық жанжалдардың ушығуы қару-жарақ саудасының көлемін ұлғайтуы мүмкін.

## Дүниежүзіндегі әскери бюджеті үлкен елдер, 2017 ж.

(Стокгольм бейбітшілік мәселелерін зерттеу институты деректері бойынша)

р/с	Елдер	Әскери шығын, млрд. долл.	Мемлекет бюджетіндегі үлесі, %	Әлемдік әскери бюджеттегі үлесі, %
–	Дүниежүзі	1 739	–	100
1	АҚШ	610,0	3,1	35
2	Қытай	228,0	1,9	13,0
3	Ресей	66,3	4,3	3,8
4	Сауд Арабиясы	69,4	10,0	4,0
5	Франция	57,8	2,3	3,3
6	Жапония	45,4	0,9	2,6
7	Ұлыбритания	47,2	1,8	2,7
8	Германия	44,3	1,2	2,5
9	Үндістан	63,9	2,5	3,7
10	Бразилия	39,2	2,6	2,3

Елдің әскери қуатын арттыруға бағытталған *милитаризм* (лат. *militaris* — әскери) экономика, саяси және идеологияның басын қосатын біртұтас жүйе болып табылады. Милитаризмнің қазіргі көрінісі — дүниежүзіндегі ірі елдердің барлығында дерлік қалыптасқан аса қуатты *әскери-өнеркәсіптік кешендер (ӘӨК)*. Оның негізінде қорғаныс мекемелерінің тапсырыстарын орындайтын әскери экономика дамиды. Әскери өндірістің дамуы жөнінен дүниежүзінде айтарлықтай орын алатын Ресейдің ғылыми-өндірістік әлеуеті өте жоғары, мұнда 2 мыңнан астам әскери кәсіпорын бар.

Қазіргі кезде әскери экономиканы демилитаризация жасау, яғни бейбіт мақсаттағы өнім шығаруға көшіру аса маңызды, әрі өте күрделі мәселенің біріне айналып отыр. Әскери өндірісті күнделікті адам тұрмысына қажетті өнімдер жасауға көшіруді *конверсия* деп атайды. Конверсия жартылай (жаңа өнімдерді өндірісті кеңейту есебінен жасау) және толық (тек қана күнделікті сұранысқа ие өнімдерді шығару) жолымен жүргізілуі мүмкін.

**Халықаралық лаңкестікпен күрес шаралары.** Әлем қауымдастығы халықаралық лаңкестік төндіретін қауіп-қатерді айқын сезінуде. Осы себепті 1970 жылдан бастап әлемдік деңгейде халықаралық лаңкестік әрекеттерінің заңсыздығы жөніндегі бірқатар келісімшарттар қабылданған. Олардың арасында 1970 жылы Гаагада қабылданған «Әуе кемелерін заңсыз басып алумен күрес туралы келісімшарт»; «Кепілгерлерді ұстаумен күрес туралы келісімшарт (Нью-Йорк, 1979 ж.); «Лаңкестікті қаржыландырумен күрес жөніндегі келісімшарт» (1999 ж.) бар.

Мемлекеттердің лаңкестік әрекеттерге қарсы қызметін үйлестірумен халықаралық және аймақтық ұйымдар айналысады. Мысалы, 2001 жылы 11 қыркүйектегі оқиғалардан соң БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі *Лаңкестікке қарсы комитет* құрды, ол мемлекетаралық үйлестіруді жүзеге асырып, мүше елдерге лаңкестікпен күресте техникалық көмек көрсетеді. 2006 жылы 8 қыркүйекте БҰҰ Бас Ассамблеясы қарар және оған қосымша әрекет ету жоспары түріндегі Ғаламдық лаңкестікке қарсы стратегияны қабылдады. Қазіргі кезде лаңкестік ғаламдық құбылыс болып табылады, ал оған қарсы күреске мемлекеттер мен тұтас аймақтар бірігуде.



1. Дамушы елдерде әскери шығындарға неліктен көп қаржы бөлінеді?
2. АҚШ-тың әскери бюджетінің ең көп болуын немен түсіндіруге болады?



1. Өлемде бейбітшілікті сақтау мәселесін шешуде Қазақстан қандай қадамдар жасады? Жауаптарыңды нақты мысалдармен дәлелдеңдер.
2. Қазіргі заманғы лаңкестікке қандай белгілер тән? Өлемдік қауымдастық өмірінен нақты мысалдар келтіріңдер.
3. Халықаралық лаңкестікпен күрес шараларының өзіндік жолдарын ұсынып көріңдер, оларды негіздеуге тырысыңдар.

## § 75. Энергетика және шикізат мәселелері

### Бүгінгі сабақта:

— энергетика және шикізат мәселелерінің себептері мен салдарларын анықтауды, топтастыруды үйренесіңдер;  
— осы мәселелердің аумақтық көріністерімен танысасыңдар.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ энергетикалық мәселе
- ✓ шикізат қоры
- ✓ атом электр стансысы

1. Табиғат ресурстарының қандай топтары бар?
2. Елдің табиғат ресурстарымен қамтамасыз етілуі шаруашылық мамандануы мен даму деңгейіне қалай әсер етеді?
3. Сарқылатын және сарқылмайтын ресурс түрлерін естеріңе түсіріңдер.
4. Энергетикалық ресурстарға не жатады?

**Шикізат қорының шектеулілігі.** Адамзат қоғамының даму тарихы — ең алдымен алуан түрлі ресурстарды пайдалану тарихы. Табиғат қоғам дамуының барлық кезеңдерінде адамның мекен ету ортасы, сонымен қатар оны тіршілігі мен шаруашылық әрекетіне қажетті ресурстармен қамтамасыз ететін шикізат көзі болып келеді. Адамзаттың шикізатты пайдалану ауқымы мен деңгейі

қоғамның әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерімен анықталды. Яғни шикізат түрлеріне сұраныс жылдан-жылға Жер шарында халық санының өсуіне, өндірістің қарқынды дамуына байланысты арта түсті. Мәселен, соңғы 20 ғасыр ішінде жер қойнауынан адамзаттың бүкіл тарихында өндіргенінен әлдеқайда көп пайдалы қазбалар алынған. Тек соңғы жүз жылдың өзінде ғана қазба отын түрлерін тұтыну мөлшері 30 есеге жуық артқан. Қазіргі кезде адамзаттың жыл өткен сайын артып келе жатқан сұранысын өтеу үшін

бұрынғыға қарағанда әлдеқайда көп шикізат қажет болуда. Мұның өзі шикізат пен энергетика мәселесін ауқымы жағынан ғаламдық мәселелер қатарына жатқызуға себепші болады.

Қазіргі кезде аса маңызды энергетикалық және минералдық шикізат түрлерінің қоры шектеулі екендігі белгілі болып отыр (25-кесте).

25-кесте

**Жер шарындағы энергетикалық және минералдық шикізат қоры  
(Н.Ф.Реймерс пен В.В.Вольский бойынша)**

	Шикізат түрі	Қоры	Пайдалану болашағы
1	Мұнай	270–300 млрд т	Жылына 3 млрд т жұмсалады. Қоры 30–50 жылға жетеді
2	Табиғи газ	145 трлн м	Жылына 2300 млрд м <sup>3</sup> жұмсалады. Қоры 30–60 жылға жетеді
3	Көмір	1,5 трлн т	Жылына 5 млрд т жұмсалады. Қоры 200 жылдан астам мерзімге жетеді
4	Торф	150 млрд т	Күлі көп және өндіру үдерісінің зиянды болуына байланысты мардымсыз пайдаланылады
5	Атом ыдырауы мен ядро синтезі кезінде бөлінетін энергия	қоры іс жүзінде сарқылмайды	Өндіру мен қалдықтарды залалсыздандырудың сенімді жолы табылғанша қауіпті
6	Су энергиясы	қоры шектеулі	Қарқынды пайдаланылуда. Пайдаланылу мүмкіндігі дамушы елдерде жоғары
7	Күн радиациясы	қоры іс жүзінде сарқылмайды	Болашақта пайдаланылу мүмкіндігі жоғары
8	Мыс, қорғасын, күміс, алтын	қоры таусылуға жақын	15–20 жылға жетеді. Өндіруді реттеу қажет

**Энергетикалық мәселе.** Энергетикалық ресурстар өндірісінің монополиялануы, тұтыну салаларының қарқынды дамуы энергетикалық шикізаттың тапшылығына және олардың бағасының күрт артуына себепші болды. Шикізат түрлерін өндіру және тасымалдау барысында экологиялық талаптарды орындау қажеттілігі энергетикалық мәселені ушықтыра түсті. Бастапқы энергетикалық ресурстар қатарына жататын мұнай, табиғи газ, көмір, жанғыш тақтатастар, торф, ағаш отын, су ресурстары қорының шектеулі болуы қалпына келетін немесе сарқылмайтын балама ресурс түрлерін пайдалануды жеделдетті.

Қазіргі кезде дүниежүзінің 32 елінде АЭС бар немесе салынып жатыр, олардағы блоктардың жалпы саны 449-ға жетіп отыр. Олардың үлесіне дүниежүзінде өндірілетін электр энергиясының 11% тиесілі.

Кейбір елдерде АЭС-тердің электр энергиясы өндірісіндегі үлесі басқа энергия көздерімен салыстырғанда басым бола бастады. Мәселен, Францияда бұл көрсеткіш 72% тең. Осыған қарамастан, көптеген елдерде АЭС салуға қарсы қоғамдық қозғалыстар жұмыс істейді. Олар атом электр станцияларындағы ақаулардың жойқын экологиялық апатқа соқтыру мүмкіндігін және радиоактивті қалдықтарды қоршаған ортаға зиян келмейтіндей жағдайда жүздеген жылдар бойы сақтауға мүмкіндік беретін қоймалардың жоқтығын алға тартуда.

Балама энергетикалық ресурстардың, яғни күн сәулесінің, Жердің ішкі энергиясының, толысу толқындарының, желдің күшін пайдаланып жұмыс істейтін стансылардың (аттарын атаңдар) болашағы зор деп есептеледі. Бұл олардың қорының қалпына келу мүмкіндігімен немесе мүлде сарқылмауымен, қоршаған ортаға зиянды әсерінің аздығымен түсіндіріледі. Дегенмен мұндай құрылыстарды салу салыстырмалы түрде қымбатқа түсетіндіктен, онша кең таралмаған.

**Шикізат тапшылығын жою жолдары.** Өнеркәсібі жоғары деңгейде дамыған елдердің шикізат түрлеріне сұранысы негізінен дамушы елдер есебінен қамтамасыз етіледі. Маңызды шикізат түрлерінің барлығын дерлік сырттан әкелетін Жапонияны былай қойғанда, салыстырмалы түрде энергетикалық және минералдық шикізат түрлеріне бай АҚШ-тың өзі темір кенінің 1/3 бөлігін, бокситтің 90%-ға жуығын сырттан сатып алады.

Шикізат қорының азаюы геологиялық барлау жұмыстарының кең ауқымда жүргізіле бастауына себепші болды. Соның нәтижесінде, Дүниежүзілік мұхит түбінен темірдің, марганец пен мыстың, кобальттың ірі кен орындары табылған. Ал көптеген елдер мұнай мен газды теңіз қайраңдарының 5-6 км-ге дейінгі тереңдіктерінен өндіруді игерді. Соған қарамастан, дамушы елдердің жер қойнауында әлі қоры анықталмаған шикізат түрлері болуы мүмкін.

Шикізат тапшылығы мәселесін шешу үшін қазіргі кезде жаңа кен орындарын игерумен қатар, шикізат түрлерін жасанды жаңа материалдармен алмастыру, металл сынықтарын қайта қорытып, пайдалану, қағаз қиқымдарын екінші рет өңдеу тәрізді шаралар пайдаланылуда. Мәселен, қазіргі кезде өндірісте пайдаланылатын металдардың 30%-дан астамы қайта қорытылған металл сынықтары болып табылады.

Сонымен, шикізат қорының шектеулілігіне, неғұрлым арзан пайдалы қазбалардың болашақта сарқылатындығына байланысты шикізат пен энергияны үнемдеу, ресурс сақтаушы технологияларды кеңінен пайдалану қажеттілігі туындайды. Бұл маңызды мәселені шешуде елдер халықаралық деңгейде ынтымақтасуы қажет.



1. Шикізат мәселесінің пайда болуына қандай факторлар әсер етті?
2. Кейбір елдерде энергетикалық және шикізат мәселесі болмағанмен, неліктен бұл мәселе ғаламдық сипат алып отыр?
3. Қазақстанда шикізат тапшылығы бар ма? Себебін түсіндіріңдер.
4. Біздің елімізде балама энергетика қорларын игеру жүзеге асырылды ма?
5. Қосымша материалдарды пайдаланып, Қазақстанның энергетикалық және шикізат мәселесін шешу жолдарын талдаңдар.

## § 76. Дамушы елдердегі ғаламдық мәселелер

Адамзаттың ғаламдық мәселелері әсіресе әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі төмен елдерде айқын көрінеді. Сондықтан демографиялық және азық-түлік мәселелерін дамушы елдер мысалында қарастырамыз.

**Демографиялық мәселе.** Жер шарында адам санының өсуі шикізатты пайдалану мөлшерінің артуына, қоршаған табиғи ортаның жай-күйіне елеулі түрде ықпал етеді. Демографиялық даму ұғымына халық санының артуы ғана емес, урбандалу, босқындар мәселесі және ұлттар арасындағы қарым-қатынастар тәрізді сан-салалы мәселелер енеді. Сондықтан ғаламдық демографиялық мәселені демография, экономика және саясаттың өзара күрделі байланыстары тұрғысынан талдап, қарастыру қажет.

Қазіргі кезде Жер шарында 7,6 миллиардтан астам халық тұрады. Халық саны өсуінің қазіргі қарқыны сақталса, дүниежүзі халқының саны 49 жылдан соң екі есеге ұлғаяды. Жалпы алғанда, тарихи кезеңдерде дүниежүзі халқының екі еселенуі үшін қажет уақыт барған сайын қысқарып келеді. Бұл құбылыс алғаш рет 1500 жылы байқалса, екінші рет 300 жылдан соң (1800 ж), үшінші рет 100 жылдан соң (1900 ж), ал төртінші рет 85 жылдан соң (1985) қайталанып отырған. Дамушы елдерде халық санының екі есеге артуы үшін тіптен аз уақыт керек. Мәселен, Африка халқы 29 жылдан соң, Латын Америкасы халқы 39 жылдан соң, Оман халқы 18, Чад халқы 20 жылдан соң екі еселенсе, жалпы Еуропа үшін бұл үдеріске 500 жыл, Испанияға 6931 жыл қажет болған болар еді. Дамушы елдер мен дамыған елдер халқының арасалмағы ХХ ғасырдың 50-жылдарында 1:2 болса, 1985 жылы 1:3, ал 2018 жылдың ортасында 1:5 құрады.

Халық санының әсіресе дамушы елдерде өте жоғары қарқынмен өсуі жан басына шаққандағы өңделетін жер көлемінің азаюына және азық-түлік тапшылығына әкеп соғады. Мешеу елдердің даму мүм-

### Бүгінгі сабақта:

- дамушы елдердегі ғаламдық мәселелердің себептері мен салдарларын анықтап, топтастырумен танысасыңдар;
- осы мәселелердің аумақтық көріністерін анықтауды үйренесіңдер.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ демографиялық мәселе
- ✓ жасыл революция
- ✓ азық-түлік мәселесі



кіндіктері шектеліп, халықтың тұрмыс деңгейі төмендейді. Сонымен қатар халық тығыз орналасқан елдерде қоршаған ортаның жай-күйі нашарлайды; саяси тұрақсыздық байқалады. Дамушы елдерде демографиялық мәселенің шиеленісуі қайыршылыққа апаратын төте жол деуге болады.

XVIII ғасырда ағылшын ғалымы Т.Мальтус азық-түлікпен қамтамасыз ету мүмкіндігінің халық санының артуына сәйкес келмейтіндігі туралы әйгілі болжамын жариялады. Ғалымдар тарапынан қызу талас тудырған Мальтус болжамында Жер шары халқының өсуі геометриялық прогрессия бойынша, ал азық-түлік өндірісінің артуы арифметикалық прогрессия бойынша жүреді. Сол себепті ерте ме, кеш пе, халық санының артуы аштық пен жоқшылықты тудырады. Мальтус ілімін жалғастырушылар дамушы елдердегі қайыршылықты өндіргіш күштердің нашар дамуымен емес, адам санының шамадан тыс өсуімен түсіндіреді.

БҰҰ деректеріне қарағанда, дүниежүзіндегі дамыған 20 елде халықтың табиғи өсуін арттыруды қолдайтын саясат жүргізілсе, 85 дамушы елде халық санының өсуін тежеуге бағытталған демографиялық саясат жүзеге асырылуда. Халықтың табиғи өсу көрсеткіштері әсіресе Африка мен Азияның дамушы елдерінде өте жоғары.

**Азық-түлік мәселесі.** Адамзат қоғамының бүкіл тарихында азық-түліктің жетіспеушілігі әрқашан байқалып отырған, оған әртүрлі себептер әсер еткен. Уақыт өте келе елдер арасындағы сауда және көлік қатынастарының дамуы, ауылшаруашылығында алдыңғы қатарлы технологияларды пайдалану, жалпы азық-түлік өндіру көлемінің артуы нәтижесінде азық-түлік нарығында оң өзгерістер жүрді. Соған қарамастан, халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі әлі шешімін таппаған маңызды ғаламдық мәселелер қатарына жатады.

Ғалымдар дүниежүзі елдерін азық-түлікпен қамтамасыз етілу деңгейі бойынша бірнеше топқа бөледі:

1) азық-түлік өнімдерін экспортқа шығаратын елдер (АҚШ, Канада, Аустралия, ЕО құрамындағы кейбір елдер, Финляндия, Венгрия);

2) азық-түлік жетіспейтін, бірақ оны сырттан сатып алу мүмкіндігі бар елдер (Жапония);

3) азық-түлік өндірісі жергілікті сұранысты әрең қамтамасыз ететін елдер (Қытай, Үндістан, Оңтүстік Америка елдері);

4) азық-түлік жетіспейтін, бірақ өзін-өзі қамтамасыз ету үшін су және жер ресурстарын қарқынды игеріп жатқан елдер (Египет, Индонезия, Пәкістан, Филиппин);

5) жан басына шаққанда азық-түлікпен қамтамасыз етілу жағдайы төмен елдер (Африканың Сахарадан оңтүстікке қарай орналасқан дамушы елдері);

6) халық санының артуы аумақтың ресурстық мүмкіндігінен жоғары болуы себепті азық-түлік дағдарысы басталған елдер (Гаити, Непал, Сальвадор).

Ғаламдық азық-түлік мәселесінің ауқымы мен өзектілік дәрежесін айқындауда негізге алынатын көрсеткіштің бірі — адамның қалыпты тіршілік етуі үшін қажет энергия мөлшері. Оның көрсеткіші Жер шарының әртүрлі зоналарындағы табиғат ерекшеліктеріне, адамдардың еңбек дағдысы мен өмір салтына байланысты әркелкі болады. ФАО мәліметтері бойынша бұл көрсеткіш тәулігіне шамамен 2400 ккал мөлшерінде болуы қажет, ал тәулігіне 1000 ккал-дан төмен энергия алу адам денсаулығына зиян келтіреді деп есептеледі. Шамамен алғанда, Жер шарында 1 миллиардтан астам адам азық-түліктің жетіспеуінен зардап шегуде. Аштықтан жыл сайын 13–18 млн. адам көз жұмса, оның 3/4-ін балалар құрайды. Елдердің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне байланысты әр елде азық-түлік мәселесі түрліше сипат алуда. Мәселен, азық-түлікпен артығымен қамтамасыз етілген елдерде тағам түрлерін шамадан тыс пайдалану мен одан пайда болатын ауру түрлерімен күресу мәселесі туындайды. Ал орташа дамыған елдерде тағамның неғұрлым денсаулыққа пайдалы түрлеріне көшу арқылы сапалық құрамын жақсартуға басты назар аударылады.

Дамушы елдердің басым көпшілігіне азық-түліктің сапасының төмендігі, оның ұдайы жетіспеуі тән болса, мешеу елдерде аштық жиі байқалады. ФАО деректері бойынша дамушы елдер халқының 20%-дан астамы жартылай аштық жағдайында өмір сүруде. Бұл дамушы елдердің азық-түлікпен қамтамасыз ету жүйесіндегі құрылымдық сәйкессіздіктермен түсіндіріледі. Бұл елдерде негізгі азық-түлік түрлері бойынша нарықтық ұсыныс жыл сайын өсіп келе жатқан сұранысты қамтамасыз ете алмайды. Азық-түлік түрлеріне деген сұраныстың артуына урбандалу да өзіндік ықпал етеді.

Дамыған елдер тұрғыны тәулігіне энергетикалық құндылығы орташа есеппен 3500 ккал мөлшеріндегі азық-түлікті пайдаланады, ал дамушы елдердің көпшілігінде бұл көрсеткіш 2200 ккал шамасында ғана. Азық-түлікпен қамтамасыз етілу дәрежесін анықтауда тағамның сапалық құрамы да ескеріледі. Мәселен, дамыған елдерде жануар тектес азық-түлік түрлері көбірек пайдаланылса, дамушы елдерде өсімдік тектес тағамдар басым. Сол себепті мешеу елдерде жергілікті халықтың азық-түлікпен қамтамасыз етілуі климат жағдайларына тікелей тәуелді болады. Соңғы жылдары Сомали аумағында аштықтың белең алуына елдегі саяси тұрақсыздық қана емес, жиі қайталанып жатқан құрғақшылықтың да ықпалы зор болып отыр.

Дамушы елдерде жергілікті халықтың азық-түлігінің басым бөлігін энергетикалық құндылығы төмен дақылдар құрайды. Үндістан, Бангладеш тәрізді елдерде тағам құрамындағы белоктың тек 2%-ы ғана ет есебінен толықтырылады. Сонымен қатар дамушы

елдер халқына, әдетте, белгілі бір тағам түрін көбірек пайдалану тән болады. Гватемала тұрғындары тіршілікке қажетті энергияның 70% -ын жүгері өнімдерінен алса, Батыс Явада күріштің үлесі тіпті 90% шамасында болады. Тропиктік Африка халқы тамаққа ямс, маниок, батат тәрізді тамыржемістілерді көбірек пайдаланады. Ямсты пайдалану Того, Кот-д'Ивуар елдерінің әр тұрғынына шаққанда тәулігіне 0,5–1 кг-ға дейін жетеді.

Жалпы алғанда, ғаламдық азық-түлік мәселесіне бірнеше факторлар тобы: а) физикалық-географиялық жағдай және халықтың орналасуы; ә) көлік және байланыс құралдарының дамуы; б) әлемдегі саяси жағдай; в) дүниежүзілік экономика мен сауда қатынастары әсер етеді.

Азық-түлік мәселесін шешу мақсатында жан-жақты зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Соның бірі — жалпы жер қорындағы ауылшаруашылығына жарамды жерлер үлесін анықтау. Голландтық ғалымдар жүргізген есептеулер бойынша құрлықтың (Антарктидадан басқа) 27,4% -ы яғни 3714 млн га аумақ егістік жер болып табылады. Бұл жан басына шаққанда 0,25 га деген сөз. Халық саны көп елдерде өңделетін жер тапшылығы байқалса, Батыс Еуропа елдері мен АҚШ-та ауылшаруашылық өнімдерін шамадан тыс өндіруден сақтану мақсатында өңделетін жер көлемін қысқарту шаралары жүргізіледі.

Қазіргі кезде азық-түлік мәселесін шешуде ауылшаруашылығының өнімділігін арттыруға басты назар аударуда. Бұл ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерін пайдалануды, яғни орасан мол қаржыны қажет ететіндіктен дамушы елдердің мүмкіндігі шектеулі.

Төменгі ендіктердің агроклиматтық жағдайлары жылына бірнеше өнім жинауға мүмкіндік беретіндіктен, тропиктік елдер үшін тез пісіп-жетілетін дақылдар түрлерін өсірудің және құрғақ кезеңде суару жүйесін жақсартудың маңызы зор. Бұл бағытта генетика мен селекцияның жаңалықтары кеңінен қолданыс табуы қажет. Дамушы елдерде енді қарқын ала бастаған *жасыл революция* тиімді дақыл түрлерін өсіруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ әлемдік экономиканың ғаламдануы, елдер арасындағы экономикалық кедергілердің азаюы, ұлтаралық бірлестіктердің қарқынды дамуы да азық-түлік мәселесін шешуге оң ықпал етеді.



1. Демографиялық мәселенің ғаламдық сипаты неден көрінеді?
2. Дамушы елдерге тән азық-түлік мәселелерін атаңдар. Олардың себептерін түсіндіріңдер.



1. Т.Мальтус болжамы шындыққа жанаса ма? Жауаптарыңды нақты мысалдармен дәлелдендер.

2. Азық-түлікпен қамтамасыз етілуі жөнінен Қазақстанды қандай елдер тобына жатқызуға болады? Елімізде халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуде қандай мәселелер бар деп ойлайсыңдар?



Қосымша материалдарды пайдаланып, өз қалауларың бойынша төменде келтірілген елдердің біріндегі демографиялық және азық-түлік мәселелерін шешу жобасын жасап, жобаларыңды қорғап шығыңдар: 1) Үндістан; 2) Сомали; 3) Гаити.

## § 77. Дүниежүзілік мұхит мәселелері

Жер шарындағы тіршілік үшін Дүниежүзілік мұхиттың алатын орны ерекше. Мұхит сулары атмосфераны оттегімен байытады, адамдарды құнарлы да пайдалы азық-түлікпен қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Дүниежүзілік мұхиттың арзан да тиімді көлік жолы дүниежүзі елдері арасындағы халықаралық қарым-қатынасында да маңызды орын алып келді. Құрлықтағы кейбір минералдық ресурстардың азаюы өндіріс ауқымы тез ұлғайып жатқан жағдайда мұхит суларынан кен өндіру, әсіресе мұнай мен газ өндірудің жедел дамуына себепші болып отыр. Дүниежүзілік азық-түлік мәселесінің туындауы мұхит суларының биологиялық ресурс ретіндегі қолданылу аясын да күннен-күнге кеңейтуде. Ғылым мен техника жетістіктері мұхит суынан тек мұнай мен газ ғана емес, темір-марганец конкрецияларын, сутегі изотобы дейтерийді айырып алу, орасан зор толысу энергиясын алатын электр стансыларын салу, теңіз суын тұщыландыру істерінде жаңа болашақ ашуда.

### Бүгінгі сабақта:

— Дүниежүзілік мұхит мәселелерінің себептері мен салдарларын анықтап, топтастыруды үйренесіңдер;  
— осы мәселелердің аумақтық көріністерін анықтайсыңдар.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ Дүниежүзілік мұхит
- ✓ каботаждық кеме
- ✓ теңіз шаруашылығы

Ресейде Ақ теңіздегі Мезень кірмесінде қуаты 10–15 млн кВт-тық, Ақ теңіздің өзінде қуаты 14 млн кВт-тық, Охот теңізінде өте ірі қуаты 30–100 млн кВт-тық Пенжин, Франциядағы Котантен түбегінің Ла-Манш жағалауында қуаты 50 млн кВт-тық, Ұлыбританияда Бристоль шығанағындағы Северн өзенінің сағасында, сондай-ақ Үндістанда Араб теңізінің Кач шығанағында өте қуатты толысу электр стансыларын салу мүмкіндіктері қарастырылуда. АҚШ-та Гольфстримнің орасан зор энергиясын пайдалану жобасы жасалған. Ол үшін судың терең қабатында диаметрі 80 метрлік турбиналар орнату көзделген. Мұндай қатарластыра салынған турбиналар тізбегі арқылы 100 млн кВт электр қуатын алуға мүмкіндік бар.

Ғаламдық азық-түлік мәселесінің шиеленісуі Дүниежүзілік мұхиттың биологиялық қорларына деген сұранысты күшейтті. Мұхит өнімдері қазірше адамзаттың азық-түлік қоржынының 2%-ын ғана (жануар текті белоктың 15%-ын) толтырады. Әрине, күннен-күнге

балық пен теңіз өнімдерін өндіру артып келеді, бірақ мұхиттардың биологиялық байлығы сарқылатын ресурстар қатарына жататындығы сендерге аян. Ғалымдардың пайымдауынша қалыптасқан тепе-теңдіктің бұзылуына қауіп төндірмей-ақ жылына 150–200 млн тоннаға дейінгі мөлшерде бұл қорларды алудың мүмкіншілігі бар. Теңіз марикультурасын дамыту да кеңінен жолға қойылуда.

Жапонияда теңіз фермалары мен плантацияларын ұлғайту бағдарламасы жаппай жүзеге асырылуда (Себебі неде деп ойлайсыңдар?). Бұл бағдарлама бойынша жағалық суларда өсірілген балық пен теңіз өнімдерін жылына 8-9 млн тоннаға дейін аулап, халық сұранысының тең жартысына жуығын өтеуде. АҚШ пен Үндістанда және Филиппин жағалауларындағы теңіз фермаларында креветкалар мен таңқышаяндарды, қос жақтаулы бақалшақтылар-мидияларды; ал Францияда қос жақтаулы бақалшақтылар-устрицаларды көптеп өсіреді. Тропиктік белдеулерде орналасқан елдерде кит және дельфин фермаларын құру үшін маржан аралдарын пайдалану жоспарланып отыр.

Халықаралық географиялық еңбек бөлінісінің өркендеуіне байланысты дүниежүзілік сауданың қарқын алуы, теңіз жолы тасымалының ұлғаюына күшті әсерін тигізуде. Бұл өз кезегінде өндіріс пен халықтың теңізге қарай бетбұрыс жасауына және теңіз жағалауындағы көптеген аудандардың қарыштап дамуына себепші болуда. Мәселен, көптеген ірі теңіз порттары өнеркәсіптік портты кешендерге айналды (оларға мысал келтіріңдер). Мұндай кешендерде кеме жасау, мұнай өңдеу, мұнай-химия, металлургия сияқты өнеркәсіп салалары өркендеуде. Ал соңғы уақыттарда кейбір ең жаңа салалар да дами бастады (оларды анықтаңдар). Теңіз маңындағы урбандалу да ерекше қарқын алуда.

XX ғасырдың орта шеніне дейін Дүниежүзілік мұхитқа тигізген адамзаттың шаруашылық әсері шектеулі болып келді.


Мұхит халқының өзі де (кемелердің экипаж мүшелері, бұрғылау платформаларының қызметкерлері, жолаушылар мен туристер және т.б.) көбейіп, бүгінгі таңда 3 млн адамға жетіп отыр. Жапонияда 500 мыңнан 1 млн адамға дейін тұра алатын, ауданы 25 км<sup>2</sup>, толығымен дербес жүзбе қаланың жобасы жасалған. Қала орналасатын жасанды арал 10 мың болат тіреулер мен өте үлкен қалқыма платформа үстіне тұрғызылуы тиіс. Жоба бойынша қала бірнеше қабатты палубалардан тұратын болады. Дүниежүзілік мұхит түбі телеграф пен телефон байланысы үшін де кеңінен пайдаланылады. Атлантикалық кабельдің тұңғыш жобасын 1843 жылы телеграфты ойлап тапқан Самуил Морзе ұсынған болатын. Бірақ кабель 1858 жылы ғана төселді. Тұңғыш телефон кабелі Еуропа мен Солтүстік Американы 1955-1956 жылдары байланыстырды. Ал 90-жылдардың басында АҚШ — Гавай аралдары — Жапония (11,5 мың км.) және АҚШ — Батыс Еуропа арасындағы (6,5 мың км) су астында алғашқы екі оптикалық желі төселді.

Ал бүгінгі таңда, ғылым мен техниканың қарқынды дамуы жағдайында, Дүниежүзілік мұхитты жан-жақты зерттеу мен жаппай игеру мүлдем басқаша сипат алуда. Теңіз қайраңдарынан өндірілетін

мұнай дүниежүзіндегі мұнай өнімінің 1/3-ін құрайды. Дүниежүзілік мұхит пен оған жалғас құрлық жағалауында дүниежүзілік шаруашылықтың айрықша бір құрамдас бөлігі болып табылатын *теңіз шаруашылығы* пайда болды. Оның құрамына өндіруші және өңдеуші өнеркәсіп, энергетика, балық аулау, көлік, сауда, тынығу мен туризм енеді. Бүгінгі таңда теңіз шаруашылығында 100 млн-нан астам адам жұмыс жасайды.

Адамзаттың мұндай қарқынды әрекеті өз тарапынан Дүниежүзілік мұхиттың ғаламдық мәселелерінің туындауына себепші болып отыр, оған дәлел мұхит суының ластануы мен оның биологиялық өнімділігінің төмендеуі.

Дүниежүзілік мұхит суларын ластаушы заттарды эколог-ғалымдар мынадай 4 топқа жіктейді (94-сурет).



94-сурет. Дүниежүзілік мұхит суларын ластаушы заттар

Әсіресе мұхит суларының ластануына материктік қайраңдардан мұнай өндіру мен оны тасымалдау себепші болуда.

ҒТР нәтижелері мұнай тасымалдаушы танкерлер сыйымдылығын 300 мың, тіпті 500 мың тоннаға дейін көтергенімен, ешкім мұхитта болып тұратын табиғат апаттарының алдын ала алмайды. Сондықтан жылма-жыл Дүниежүзілік мұхит суларына 1 млн тоннадан артық мұнай өнімдері құйылуда (мұнай өнімдерінің қандай зияны бар екенін естеріңе түсіріңдер). Сол себепті Дүниежүзілік мұхит айдынының беткі бөлігі түгелге жуық дерлік жұқа мұнай қабықшасымен жабылған деуге болады. Бүгінгі таңда мұнай өнімдерімен аса қатты ластанған аудандарға Солтүстік, Балтық, Кариб, Жерорта теңіздері мен Парсы шығанағы жағалауы жатады.

Жылына миллиондаған текше метр салыстырмалы түрдегі лас сулар мұхит суымен араласады. 1 м<sup>3</sup> лас су 10 м<sup>3</sup> мұхит суын ластайды, егер де 1 млрд су бөлігі құрамында 2,1 бөлік пестицид болатын болса, ол сол су айдынындағы барлық балықты қырып жіберуге жеткілікті. Ғалымдардың есептеуі бойынша жылына Дүниежүзілік мұхит суларына 1 мың км<sup>3</sup>-ден артық әртүрлі дәрежеде ластанған сарқынды сулар құйылады. Осындай лас суларды көп әкелетін өзендер қатарына Рейн, Дунай, Сена, Тибр, Миссисипи, Огайо, Еділ, Днепр, Днестр, Дон, Ніл және Ганг өзендері жатады.

Дүниежүзілік мұхиттағы туристік-рекреациялық маңызы жоғары жағажайлардың да жағдайы онша емес. Тек қана Жерорта теңізі жағалауы бойында 20-ға жуық ел орналасқан, онда 130 млн-нан аса халық тұрады. 260 порты бар, онда бір мезгілде 2,5 мың *алысқа жүзетін* және 5 мың *каботаждық* (бір елдің кемелері) кеме тоқтай алады. Оның теңіз жолдары арқылы жылына 400 млн тоннадан астам мұнай тасымалданады. Сондай-ақ оның жағалауында жылына 90 млн-ға дейін адамдар демалады.

Бүгінгі таңда адамзат алдында тұрған аса маңызды мәселенің бірі — Дүниежүзілік мұхит суларын қорғау және оның табиғат байлықтарын мейлінше тиімді пайдалану. Өйткені мұхит табиғат байлықтары әр елде түрліше игеріледі, мұхит сулары ластанып барады және мұхит айдынының әскери әрекет майданы ретінде қолданылуы күшеюде. Сондықтан БҰҰ-ның теңіз құқы жөніндегі 1982 жылы қабылдаған «Теңіздер хартиясы» деп атаған Конвенциясының маңызы өте зор. Ол жағалаудан 200 теңіз милі *экономикалық аймағын* белгілеп, ондағы жағалық мемлекеттердің де мұхиттың биологиялық және минералдық қорларын пайдалануға құқы бар екенін айқындап берді. Бұл еркіндіктің берілуі балық аулаумен қатысты кейбір мәселелерді күрделендірді. Ол жерлердің жалпы ауданы 140–150 млн км<sup>2</sup>, Дүниежүзілік мұхит айдынының 40%-ға жуығын алып жатыр. Сондықтан, *Дүниежүзілік мұхит мәселелері экологиялық, экономикалық және әлеуметтік мәселелердің күрделі жиынтығынан тұрады. Оны қаншалықты салауатты түрде шеше алсақ, соншалықты болашаққа сеніммен қарай аламыз!*



1. Дүниежүзілік мұхит суларын ластаушы көздерге не жатады?
2. Теңіз шаруашылығы дегеніміз не? Оның құрамына не жатады?



1. Дүниежүзілік мұхитпен байланысты қандай экологиялық мәселелер жиынтығы айқындалып отыр? Оларды шешудің қандай жолдары бар?
2. Дүниежүзілік мұхит суларының ластануы қандай ғаламдық мәселелерді туғызуы мүмкін?



1. Дүниежүзілік мұхиттың биологиялық қорларының азық-түлік мәселесін шешуде қандай маңызы бар? Жауаптарыңды нақты мысалдармен дәлелдеңдер.
2. Дүниежүзілік мұхиттағы мұнай өнімдерімен қатты ластанған аудандарды қосар беттегі картадан тауып, олардың қандай елдерге қатысты екенін анықтаңдар.

3. Дүниежүзілік мұхит жағалауына тікелей шықпайтын елдер мұхит суларын ластауға қатысуы мүмкін бе? Жауаптарыңды нақты мысалдармен дәлелдендер.



Қосымша материалдарды пайдаланып, төмендегі тақырыштарға рефераттар дайындаңдар:

1. Дүниежүзілік мұхиттың минералдық ресурстары, оларды пайдалану жолдары және пайдаға асыру барысында туындайтын экологиялық мәселелер.
2. Дүниежүзілік мұхиттағы тіршілік, оның биологиялық өнімділігі.
3. Жерорта теңізі және оның қазіргі экологиялық жағдайы.

## § 78. Геоглобалистика

Адамзаттың ғаламдық мәселелерінің кешенді сипатына байланысты оларды жаратылыстану, қоғамдық және техникалық ғылымдарының жекелеген салалары зерттейді. ХХ ғасырдың екінші жартысында ғаламдық мәселелерді зерттеумен айналысатын ғылым саласын *глобалистика* деп атай бастады. Глобалистикалық зерттеулер «ғаламдық тұрғыда ойлау — жергілікті жерде әрекет ету» дегенді ұстанады. Оның құрамында ХХ ғасырдың 80-жылдарында *ғаламдық география* немесе *геоглобалистика* саласы қалыптасты. Ғалымдар геоглобалистиканың қалыптасуына мынадай *факторлар* ықпал еткен деп есептейді (95-сурет).

### Бүгінгі сабақта:

— ғаламдық мәселелерді шешудегі геоглобалистика ұғымының рөлімен танысып, оның географиямен байланысын оқып-үйренесіңдер.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ геоглобалистика
- ✓ глобалистика



95-сурет. Геоглобалистиканың пайда болу факторлары

Геоглобалистикалық зерттеулердің қазіргі дүниенің ғаламдық өзгерістері мен мәселелерін зерттеуіндегі бірнеше бағытын ажыратуға болады (96-сурет).

Географияның негізінде дамитын геоглобалистика оның бұрынғы салаларын *мазмұндық тұрғыдан байытуда*. Бұл ең алдымен ғаламдық мәселелерді зерттеудің кешенді сипат алуымен түсіндіріледі. Ұзақ жылдар бойы физикалық-географиялық сипаттағы сала болып келген жертану өзінің жаңа үлгісінде тек табиғат заңдылықтарын ғана қарастырмайды, географиялық қабыққа елеулі ықпал етіп отырған қоғамдық-географиялық заңдылықтарды қоса қамтиды.





96-сурет. Геоглобалистиканың зерттеу бағыттары

Өйткені географиялық қабықтың дамуына қоғамның ықпалы күшті болып отыр.

Геоглобалистикада ғаламдық өзгерістер мен мәселелерді *салалар бойынша зерттеу* де орын алған. Қазіргі кезде геоглобалистикада географияның жекелеген салалары (дүниежүзілік шаруашылық географиясы, геоэкология, геоақпараттану, саяси география және т.б.) негізінде дамыған жаңа бағыттар пайда болды. Олардың әрқайсысының зерттеу нысандары мен мәселелері айқындалып келеді.

Қазіргі заманғы геоглобалистикалық зерттеулер бірнеше деңгейде (ғаламдық, аймақтық және мемлекеттік) жүргізіледі. *Ғаламдық деңгейдегі зерттеулер* географиялық қабықтың біртұтастығы туралы заңдылыққа сүйенеді. Қазіргі кезде ғаламдық тұрғыда адамзаттың мекен ортасын анықтайтын «Жер — ортақ үй», яғни біртұтас экологиялық кеңістік ұғымы пайда болды. *Аймақтық деңгейдегі зерттеулер* география ғылымындағы «Аймақтықтағы ғаламдық» ұстанымына негізделеді. Бұл ұстанымның екі түрлі мағынасы бар: біріншіден, ғаламдық сипат алған көптеген мәселелер аймақтық деңгейде пайда болады; екіншіден, ғаламдық мәселенің аймақтық ерекшеліктері болады. Мысалы, Арал апатына байланысты туындаған аймақтық-экологиялық мәселе ғаламдық-экологиялық мәселенің қатарынан орын алады, ал оны шешу жергілікті аймақтық ерекшеліктер (табиғи, экономикалық, әлеуметтік) тұрғысында жүргізіледі.

*Мемлекеттік деңгей* ғаламдық мәселелердің шешілуі мемлекет аумағындағы қабылданған шешімдерге тікелей байланысты болады. Жергілікті жерде мемлекеттің қаржы-экономикалық мүмкін-

шіліктеріне, тұрғын халықтың құрылымы мен қоныстану сипатына және т.б. қарай ғаламдық мәселелердің басым бағыттары айқында-  
лады.

Геоглобалистиканың зерттеу мақсаттарына сәйкес, *кешенді аумақтық зерттеулер* басым орын алуда. Жалпы алғанда, қазіргі дүниедегі ғаламдық өзгерістер мен мәселелерді зерттеу аумақтағы табиғи және қоғамдық факторларды бірге қарастырған жағдайда нәтижелі болатыны анықталып отыр.

Геоглобалистика *ғылымдар тоғысында зерттеулер* жүргізеді. Бұл ірі халықаралық ғылыми бағдарламалар бойынша зерттеулер жүргізу барысында одан әрі дамыды (97-сурет).



97-сурет. Халықаралық ғылыми бағдарламалар

Сонымен, ғаламдық география ғаламдық мәселелерді кеңістік тұрғысында зерттейді. Оның географияның басқа салаларынан басты айырмашылығы — географиялық танудың ең үлкен объектісі географиялық қабықты кешенді зерттеуі. Геоглобалистика жалпы ғаламшарда болып жатқан құбылыстар мен үдерістерді кешенді, интегралды тұрғыда зерттейді.

Қазақстан Республикасында география саласындағы халықаралық зерттеу бағдарламалары География институтының қатысуымен жүргізілуде. Институт ғалымдары Халықаралық Каспий экологиялық бағдарламасын, БҰҰ жанындағы Даму бағдарламасы ұйымдастырған «Ғаламдық маңызы бар су-батпақты аумақтарды кешенді сақтау» бағдарламасы аясында Жайық атырауы мен Каспий теңізінің жапсарлас айдынын зерттеуді, «Климаттың ғаламдық өзгерістері жағдайында

Қазақстандағы қар көшкіндерінен қорғанудың жаңа стратегиясы» және т.б. зерттеулерді орындады.



1. Ғаламдану сипаттары күнделікті өмірден қалай көрінеді?
2. Геоглобалистика қашан қалыптасқан және ол нені зерттейді?



1. Қазақстан жағдайында ғаламданудың қай түрлері айқын көрінеді?
2. Мәтінді пайдаланып, ғаламдық мәселелерді зерттеудегі географияның маңызын әңгімелеп беруге тырыс.



1. Ғаламданудың оң және кері салдарларының Қазақстанға ықпалын көрсететін сызба жасап, түсіндіруге тырыс.
2. «Ғаламдық мәселелердің шешілуі мемлекет аумағындағы қабылданған шешімдерге тікелей байланысты» дегенді қалай түсіндіруге болады?

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі  
Статистика комитетінің «Талдау» ақпараттық-талдамалық  
жүйесінде жұмыс істеу әдістемесі**

1. Ең алдымен қандай көрсеткіштер негізінде, қандай ақпараттық модель (кесте немесе диаграмма) құрастырғың келетінін анықтайсың.
2. Статистика комитетінің мәліметтерінен табасың.
3. Статистика комитетінің мәліметтерінің жоғары жағындағы менюден «Конструктор» бөлімін ашып, кесте немесе диаграмма конструкторын таңдайсың.
4. Келесі кезекте өзің таңдаған модель конструкторынан өзіңе қажетті әрекет түрін таңдайсың. Мысалы, кесте құрастыруда қанша көрсеткішті таңдайтының, кестені экспорттау және т.б.
5. Таңдаған модель түрін басу арқылы жаңа парақ ашылады. Мысалы, диаграмма конструкторын таңдаған болсаң, осы парақшада диаграмма түрін таңдап және көрсеткішті қосу командасын орындайсың.
6. «Көрсеткіш» парақшасы ашылып, ондағы өзіңе қажет көрсеткіштер тобын екі рет бассаң, парақшаның оң жағынан көрсеткіштер атаулары шығады. Осы тізімнің соңындағы көрсеткішті қосу командасы арқылы олардың біреуін немесе бірнешеуін таңдауға болады.
7. Парақшаның оң жақ шетіндегі диаграммаға өту қадамын жасау арқылы дайын диаграмма парақшасына өте аласың.
8. Келесі кезеңде дайын диаграмманы өзгертуге, оған деректер қосуға және сақтап қоюға қатысты әрекеттерді жасауға болады.

**Дүниежүзі елдерінің шаруашылық құрылымы, 2017 ж.**  
(The World Factbook бойынша құрастырылды)

№	Елдер	ЖІӨ құрылымы, %		
		Ауылшаруашылығы	Өнеркәсіп	Қызмет көрсету
1	2	3	4	5
	Дүниежүзі	6,4	29,9	63,7
1	Ауғанстан	22	22	56
2	Албания	21,7	24,2	54,1
3	Алжир	13,3	39,3	47,4
4	Андорра	11,9	33,6	54,5
5	Ангола	10,2	61,4	28,4
6	Аргентина	10,8	28,1	61,1
7	Армения	16,7	28,2	54,8
8	Аустралия	3,6	25,3	71,2
9	Аустрия	1,3	28,4	70,3
10	Өзірбайжан	6,1	53,5	40,4
11	Багам Аралдары	2,3	7,7	90,0
12	Бахрейн	0,3	39,3	60,4
13	Бангладеш	14,2	29,3	56,5
14	Беларусь	8,1	40,8	51,1
15	Бельгия	0,7	22,1	77,2
16	Белиз	10,4	21,6	68
17	Бенин	26,1	22,8	51,1
18	Бутан	16,2	41,8	42
19	Боливия	13,8	37,8	48,4
20	Босния және Герцеговина	6,8	28,9	64,3
21	Ботсвана	1,8	27,5	70,6
22	Бразилия	6,6	20,7	72,7
23	Бруней	1,2	56,6	42,3
24	Болгария	4,3	28	67,7
25	Буркина-Фасо	31	23,9	44,9
26	Бурунди	39,5	16,4	44,1
27	Вануату	27,3	11,8	60,8
28	Ұлыбритания	0,7	20,2	79,1
29	Венесуэла	4,7	40,4	54,9
30	Венгрия	3,9	31,3	64,8
31	Шығыс Тимор	9,1	56,7	34,4

1	2	3	4	5
32	Вьетнам	15,3	33,3	51,3
33	Габон	5	44,7	50,4
34	Гаити	22,1	20,3	57,6
35	Гайана	15,4	15,3	69,3
36	Гамбия	20,4	14,2	65,4
37	Гана	18,3	24,5	57,2
38	Гватемала	13,3	23,4	63,2
39	Гвинея-Бисау	50	13,1	36,9
40	Гвинея	19,8	32,1	48,
41	Германия	0,7	30,7	68,6
42	Грузия	8,3	23,8	67,9
43	Грекия	4,1	16,9	79,1
44	Гондурас	14,2	28,8	57
45	Дания	1,3	22,9	75,8
46	Джибути	2,4	17,3	80,2
47	Доминика	22,3	12,6	65,1
48	Доминикан Республикасы	5,6	33	61,4
49	Египет	11,7	34,3	54
50	Замбия	7,5	35,3	57
51	Зимбабве	12	22,2	65,8
52	Израиль	2,4	26,5	69,5
53	Үндістан	15,4	23	61,5
54	Индонезия	13,7	41	45,3
55	Ирак	3,3	51	45,8
56	Иран	9,7	35,3	55
57	Иордания	4,3	28,9	66,8
58	Испания	2,6	23,4	74
59	Ирландия	1,2	38,6	60,2
60	Италия	2,1	23,9	73,9
61	Йемен	20,3	11,8	67,9
62	Кабо-Верде	8,9	17,5	73,6
63	Қазақстан	4,7	34,1	61,2
64	Камбоджа	26,7	31,7	41,6
65	Камерун	16,7	26,5	56,8
66	Канада	1,6	28,2	70,2
67	Катар	0,2	50,3	49,5
68	Кения	34,5	17,8	47,5

## Жалғасы

1	2	3	4	5
69	Кипр	2	12,5	85,5
70	Қытай	7,9	40,5	51,6
71	КХДР	22,5	47,6	29,9
72	Конго Демократиялық Республикасы	19,7	43,6	36,7
73	Колумбия	7,2	30,8	62,1
74	Комор Аралдары	47,7	11,8	40,5
75	Конго	9,3	51	39,7
76	Коста-Рика	5,5	20,6	73,9
77	Кот-д'Ивуар	20,1	26,6	53,3
78	Куба	4	22,7	73,4
79	Кувейт	0,4	58,7	40,9
80	Қырғыз Республикасы	14,6	31,2	54,2
81	Лаос	20,9	33,2	45,9
82	Латвия	3,9	22,4	73,7
83	Ливан	3,9	13,1	83
84	Лесото	5,8	39,2	54,9
85	Либерия	34	13,8	52,2
86	Ливия	1,3	52,3	46,4
87	Лихтенштейн	7	41	52
88	Литва	3,5	29,4	67,2
89	Люксембург	0,3	12,8	86,9
90	Маврикий	4	21,8	74,1
91	Мавритания	27,8	29,3	42,9
92	Мадагаскар	24	19,5	56,4
93	Македония	10,9	26,6	62,5
94	Малави	28,6	15,4	56
95	Малайзия	8,8	37,6	53,6
96	Мальдив	3	16	81
97	Мальта	1,1	10,2	88,7
98	Мали	41,8	18,1	40,5
99	Марокко	14	29,5	56,5
100	Мексика	3,6	31,9	64,5
101	Микронезия, Федеративтік Штаттар	26,3	18,9	54,8
102	Молдова	17,7	20,3	62
103	Монако	0	14	86
104	Моңғолия	12,1	38,2	49,7

## Жалғасы

1	2	3	4	5
105	Мозамбик	23,9	19,3	56,8
106	Намибия	6,7	26,3	67
107	Науру	6,1	33	60,8
108	Непал	27	13,5	59,5
109	Нидерланд	1,6	17,9	70,2
110	Жаңа Зеландия	5,7	21,5	72,8
111	Никарагуа	15,5	24,4	60
112	Нигер	41,6	19,5	38,7
113	Нигерия	21,1	22,5	56,4
114	Норвегия	2,3	33,7	64
115	Оман	1,8	46,4	51,8
116	БАӘ	0,9	49,8	49,3
117	Өзбекстан	17,9	33,7	48,5
118	Пәкістан	24,4	19,1	56,5
119	Палау	3	19	78
120	Панама	2,4	15,7	82
121	Папуа-Жаңа Гвинея	22,1	42,9	35
122	Парагвай	17,9	27,7	54,5
123	Перу	7,6	32,7	59,9
124	Польша	2,4	40,2	57,4
125	Португалия	2,2	22,1	75,7
126	Румыния	4,2	33,2	62,6
127	Корея Республикасы	2,2	39,3	58,3
128	Ресей	4,7	32,4	62,3
129	Руанда	30,9	17,6	51,5
130	Самоа	10,4	23,6	66
131	Сан-Марино	0,1	39,2	60,7
132	Сан-Томе және Принсипи	11,8	14,8	73,4
133	Сауд Арабиясы	2,6	44,2	53,2
134	Сенегал	16,9	24,3	58,8
135	Сейшель Аралдары	2,5	13,8	83,7
136	Сент-Китс және Невис	1,1	30	68,9
137	Сент-Люсия	2,9	14,2	82,8
138	Сент-Винсент және Гренадин	7,1	17,4	75,5
139	Сербия	9,8	41,1	49,1
140	Сингапур	0	24,8	75,2

Жалғасы

1	2	3	4	5
141	Сирия	20	19,5	60,8
142	Словакия	3,8	35	61,2
143	Словения	1,8	32,2	65,9
144	Сүлеймен Аралдары	34,3	7,6	58,1
145	Сомали	60,2	7,4	32,5
146	Судан	39,6	2,6	57,8
147	Суринам	11,6	31,1	57,4
148	АҚШ	0,9	19,1	80,0
149	Сьерра-Леоне	60,7	6,5	32,9
150	Тәжікстан	28,6	25,5	45,9
151	Танзания	23,4	28,6	47,6
152	Таиланд	8,2	36,2	55,6
153	Тонга	19,9	20,3	59,8
154	Тринидад және Тобаго	0,4	47,8	51,7
155	Тунис	10,1	26,2	63,8
156	Түркия	6,8	32,3	60,7
157	Түрікменстан	7,5	44,9	47,7
158	Тувалу	24,5	5,6	70
159	Уганда	28,2	21,1	50,7
160	Украина	12,2	28,6	60
161	Уругвай	6,2	24,1	69,7
162	Фиджи	13,5	17,4	69,1
163	Филиппин	9,6	30,6	59,8
164	Финляндия	2,7	28,2	69,1
165	Франция	1,7	19,5	78,8
166	Хорватия	3,7	26,2	70,1
167	Орт. Африка Респуб- ликасы	43,2	16	40,8
168	Черногория	7,5	15,9	76,6
169	Чехия	2,3	36,9	60,8
170	Швейцария	0,7	25,6	73,7
171	Швеция	1,6	33	65,4
172	Шри-Ланка	7,8	30,5	61,7
173	Эритрея	11,7	29,6	58,7
174	Эстония	2,8	29,2	68,1
175	Эфиопия	34,8	21,6	43,6
176	Онт. Африка Респуб- ликасы	2,8	29,7	67,5
177	Жапония	1,1	30,1	68,7



**Дүниежүзі елдерінің жиынтық ішкі өнім көрсеткіштері, 2017 ж.**  
(Халықаралық валюта қоры деректері бойынша)

№	Ел	ЖІӨ (сатып алу қабілетіне сәйкес) жалпы көлемі, млрд долл	№	Ел	ЖІӨ (сатып алу қабілетіне сәйкес) жалпы көлемі, млрд долл
1	2	3	1	2	3
1	Қытай	23208	30	Оңт. Африка Республикасы	767
2	АҚШ	19485	31	Колумбия	712
3	Үндістан	9474	32	БАӘ	696
4	Жапония	5443	33	Бангладеш	690
5	Германия	4199	34	Ирак	649
6	Ресей	4016	35	Вьетнам	649
7	Индонезия	3250	36	Алжир	630
8	Бразилия	3247	37	Бельгия	529
9	Ұлыбритания	2925	38	Сингапур	528
10	Франция	2856	39	Швейцария	523
11	Мексика	2463	40	Швеция	518
12	Италия	2317	41	Румыния	483
13	Түркия	2186	42	Қазақстан	479
14	Корея Республикасы	2035	43	Сянган (Қытай)	456
15	Сауд Арабиясы	1778	44	Чили	452
16	Испания	1775	45	Аустрия	441
17	Канада	1774	46	Перу	430
18	Иран	1640	47	Венесуэла	382
19	Аустралия	1248	48	Норвегия	381
20	Таиланд	1236	49	Чехия	376
21	Египет	1204	50	Украина	370
22	Тайвань	1189	51	Ирландия	353
23	Польша	1126	52	Катар	340
24	Нигерия	1121	53	Мьянма	330
25	Пәкістан	1061	54	Израиль	317
26	Малайзия	933	55	Португалия	314
27	Нидерланд	924	56	Грекия	299
28	Аргентина	922	57	Марокко	299
29	Филиппин	877	58	Кувейт	290

## Жалғасы

1	2	3	1	2	3
59	Венгрия	290	93	Словения	71,1
60	Дания	288	94	Бахрейн	70,4
61	Шри-Ланка	275	95	Ауғанстан	69,6
62	Финляндия	244	96	Замбия	68,9
63	Өзбекстан	223	97	Конго ДР	68,5
64	Эфиопия	200	98	Парагвай	68,3
65	Эквадор	193	99	Ливия	64,4
66	Ангола	190	100	Камбоджа	64,3
67	Жаңа Зеландия	189	101	Люксембург	62,7
68	Судан	187	102	Сальвадор	57,0
69	Оман	187	103	Латвия	53,9
70	Словакия	179	104	Лаос	49,2
71	Беларусь	179	105	Гондурас	46,2
72	Доминикан Республикасы	172	106	Босния және Герцеговина	44,6
73	Өзiрбайжан	172	107	Сенегал	43,2
74	Кения	163	108	Тринидад және Тобаго	43,0
75	Танзания	162	109	Эстония	41,6
76	Болгария	153	110	Мали	41,0
77	Гватемала	138	111	Мадагаскар	39,7
78	Тунис	135	112	Моңғолия	39,7
79	Гана	134	113	Грузия	39,7
80	Сербия	105	114	Ботсвана	38,9
81	Панама	104	115	Йемен	38,6
82	Хорватия	101	116	Мозамбик	36,7
82	Кот-д'Ивуар	96,9	117	Габон	36,7
83	Литва	91,2	118	Никарагуа	36,4
84	Иордания	89,1	119	Албания	36,0
85	Камерун	88,9	120	Буркина-Фасо	35,8
86	Уганда	88,7	121	Зимбабве	34,0
87	Ливан	87,7	122	Бруней	33,5
88	Коста-Рика	83,9	123	Кипр	31,6
89	Боливия	83,6	124	Македония	31,0
90	Непал	78,6	125	Экваторлық Гвинея	30,4
91	Уругвай	78,1	126	Чад	29,0
92	Аомынь (Қытай)	71,8	127	Папуа-Жаңа Гвинея	28,9

## Жалғасы

1	2	3	1	2	3
128	Конго Республикасы	28,6	161	Бутан	6,51
129	Тәжікстан	28,4	162	Мальдив	6,48
130	Армения	28,3	163	Гайана	6,05
131	Маврикий	27,5	164	Барбадос	4,79
132	Намибия	26,5	165	Либерия	3,74
133	Гвинея	26,5	166	Кабо-Верде	3,53
134	Ямайка	26,1	167	Гамбия	3,42
135	Бенин	25,3	168	Джибути	3,34
136	Руанда	24,6	169	Орт. Африка Республикасы	3,19
137	Қырғыз Республикасы	23,0	170	Белиз	3,10
138	Малави	22,4	171	Гвинея-Бисау	2,88
139	Нигер	21,8	172	Сейшель Аралдары	2,56
140	Молдова	20,1	173	Сент-Люсия	
141	Гаити	19,9	174	Антигуа және Барбуда	2,31
142	Мальта	19,3	175	Сан-Марино	2,29
143	Оңтүстік Судан	18,7	176	Гренада	1,52
144	Сомали	18,7	177	Сент-Китс және Невис	1,46
145	Косово	18,4	178	Комор Аралдары	1,26
146	Мальта	17,3	179	Сүлеймен Аралдары	1,26
147	Сомали	16,8	180	Сент-Винсент және Гренадин	1,23
148	Исландия	16,5	181	Самоа	1,09
149	Мавритания	16,4	182	Доминика	0,81
150	Того	11,6	183	Вануату	0,74
151	Свазиленд	11,1	184	Сан-Томе және Принсипи	0,64
152	Сьерра-Леоне	10,9	185	Тонга	0,56
153	Черногория	10,4	186	Микронезия	0,33
154	Эритрея	9,17	187	Палау	0,29
155	Багам Аралдары	9,02	188	Кирибати	0,22
156	Фиджи	8,19	189	Маршалл Аралдары	0,18
157	Суринам	7,89	190	Науру	0,15
158	Бурунди	7,85	191	Тувалу	0,04
159	Лесото	7,00		Дүниежүзі	119884
160	Шығыс Тимор	6,60			

## Дүниежүзіндегі тәуелсіз мемлекеттер, 2018 ж.

№	Елдер	Астанасы	Басқару формасы
<b>АЗИЯ</b>			
1	2	3	4
1	Армения	Ереван	республика
2	Ауғанстан	Кабул	республика
3	Әзірбайжан	Баку	республика
4	Бангладеш	Дакка	республика
5	Бахрейн	Манама	монархия
6	Бруней	Бандар-Сери-Бегаван	монархия
7	Бутан	Тхимпху	монархия
8	Шығыс Тимор	Дили	республика
9	Вьетнам	Ханой	республика
10	Грузия	Тбилиси	республика
11	Израиль	Иерусалим	республика
12	Үндістан	Нью-Дели	республика
13	Индонезия	Джакарта	республика
14	Иордания	Амман	монархия
15	Ирак	Багдад	республика
